



SAKARYA
UNIVERSITESI
YAYINLARI

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30
ЖЫЛ

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ
ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ



Редактор
Экрем Аян

Қазақ Тілінің Өзекті Мәселелері және Тәуелсіздік Тағылымы

РЕДАКТОР

Доц. Др. Экрем Аян

БӨЛІМ АВТОРЛАРЫ

Гүлбану Қосымова
Жанар Абитжанова
Ұлжан Үсенқызы Анарбекова
Жанат Дәулетбекова
Рауан Орикбаевна Досымбекова
Балжан Қамызанова
Бақытгүл Құлжанова
Берікбай Сағындықұлы
Кәрімбек Құрманәлиев
Ғазиза Шойбекова
Раушангүл Авакова
Орынай Жұбай



SAKARYA
UNIVERSITESI
YAYINLARI



SAKARYA
ÜNİVERSİTESİ
YAYINLARI

САКАРИЯ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМДАРЫ

© Сакария университетінің басылымдары

САУ басылымдары саны: 213

Тіл және әдебиет

Қазақ Тілінің Өзекті Мәселелері және
Тәуелсіздік Тағылымы

Редактор

Доц. Др. Экрем Аян

Басылым редакторы

Доц. Др. Мұстафа ГҮНЕРІГӨК

Мұқаба Дизайны

Мұрат САКАЛ

Шығарылған күні: 20 желтоқсан 2021

Е-ISBN: 978-605-2238-34-9

Сертификат нөмірі: 50135

Мекенжай және байланыс:

Сакария университетінің ғылыми басылымдар координаторлығы

Есентепе/ Сердиван / Сакария

Телефон: +90 264 295 7465

Факс: +90 264 295 5352

yayin@sakarya.edu.tr

www.sauyayinlari.sakarya.edu.tr



SAKARYA
ÜNİVERSİTESİ
YAYINLARI

SAKARYA ÜNİVERSİTESİ YAYINLARI

© Sakarya Üniversitesi Yayınları

SAÜ Yayınları No: 213

Dil ve Edebiyat

Kazak Dilinin Güncel Sorunları ve Bağımsızlık Doktrini

Editör

Doç. Dr. Ekrem AYAN

Yayın Editörü

Doç. Dr. Mustafa GÜNERİGÖK

Kapak Tasarım

Murat SAKAL

Yayın Tarihi: 20 Aralık 2021

E-ISBN: 978-605-2238-34-9

Sertifika No: 50135

Adres ve İletişim:

Sakarya Üniversitesi Bilimsel Yayınlar Koordinatörlüğü

Esentepe/Serdivan/Sakarya

Tel: +90 264 295 7465

Fax: +90 264 295 5352

yayin@sakarya.edu.tr

www.sauyayinlari.sakarya.edu.tr

МАЗМҰНЫ

Алғы Сөз iv

Бөлім:1

Педагогикалық Риторика- Шешендіктану Ғылымының Бір Саласы

Гүлбану Қосымова 1

Бөлім:2

Ж. Баласағұнның «Құтадғу Билик» Шығармасы Тіліндегі Көріктеу Құралдары

Жанар Абитжанова 11

Бөлім:3

Ақымет Ілімі Және Қазақ Грамматологиясы

Ұлжан Үсенқызы Анарбекова 29

Бөлім:4

Ұлт Ғылымының Көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлының Қазақша Әдеби Айтылым Мәдениеті Туралы Ұжырымдарының Маңызы

Жанат Дәулетбекова 51

Бөлім:5

Қазақ Және Қытай Тілдерінің Нумерологиясындағы Ұғымдық Таным

Рауан Орикбаевна Досымбекова 69

Бөлім:6

**Сөз Тудырушы Тұлғалардың Ортақ Мән Туғызу
Ерекшеліктері**

Балжан Қамызанова 95

Бөлім:7

**Профессор Б. Сағындықұлының Түркологияда Ашқан
Ғылыми Жаңалықтары**

Бақытгүл Құлжанова 107

Бөлім:8

Түбіртек Теориясының Негіздері

Берікбай Сағындықұлы 115

Бөлім:9

Сөзжасамның Жалпы Мәселесі Және Сөзжасамдық Ұя

Кәрімбек Құрманәлиев 149

Бөлім: 10

**Ақпараттық Технология Терминдерінің Қазақ Тілінің (Әдеби
Тілінің) Өміршеңдігіне Ықпалы**

Ғазиза Шойбекова 177

Бөлім:11

Қазақ Фразеологизмдерінің Семантикасы

Раушангүл Авакова 199

Бөлім: 12

Қазақ Тілі – Тамыры Тереңге Тартқан Этномәдени Код

Жұбай Орынай..... 255

АЛҒЫ СӨЗ

Тамырлас қазақ халқы, тарихтар бойы қиын қыстау кезеңді басынан өткеріп, тілі, діні мен мәдениетін ұмыттыру үшін сан-қилы қастандықтар жасалды. Алайда, азат рухты қазақ халқы, ұлтжандылығы мен табандылығының арқасында тілі, діні мен мәдениетін сақтап қалды. Бауырлас Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығы құтты болсын. Тәуелсіздік- баға жетпес құндылық. Тәуелсіздік пен теңдік- ұлт алдындағы ең үлкен байлық екенін білеміз. Қазақстан тәуелсіздігі бәрінен бұрын қазақ халқының асау арманы мен батылдығының нәтижесі. Отыз жыл бұрын тәуелсіздігін алған Қазақстан, бүгінгі әлемде өзіндік орны бар. Қазақстанның жаңа кезеңде қол жеткізген барлық жетістіктерінің қайнар көзі де осы тәуелсіздік. Қазақстан тәуелсіздігін жариялауы арқылы күллі әлемде білім, медицина, спорт және экономика салаларында елеулі жетістіктерге жетті. Отыз жылда Қазақстанның әл- ауқаты едәуір жақсарып, ұлттық мәдениеті мен тілін қорғау жолында маңызды шаралар қабылдады. Тәуелсіздіктің арқасында қазақ халқының тамыры терең тарихының ақиқаты мен тап- таза жаңа беттері ашылды.

Кеңес Одағының ыдырауымен Орта Азиялық түркі халықтары өз тілі, әдебиеті, тарихы, халық мәдениетімен байланысты зерттеулерге көбірек мән берді. Зерттеулердегі негізгі объектив, оның қайнар көзі еркін қоғам еді. Әңгімелерде, романдарда, поэмаларда еркін тақырыптар қозғалып, әлем әдебиетін жақынырақ тануға мүмкіндік туды. Дәл осы жағдай тілтануда да көрініс тауып, батыстық танымда лингвистика саласын зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Кеңес өкіметі озбыр билігінің жойылып, тәуелсіздіктің орнауы тілде, сонымен қатар әдебиетте көрініс тапты. Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына тарту ретінде дайындаған бұл еңбегіміздің түркологтар қауымына пайдасы мол болса екен деймін.

Қараша – 2021

Доц. Экрем Аян

Редактор

БӨЛІМ 1

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РИТОРИКА- ШЕШЕНДІКТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ БІР САЛАСЫ

Гүлбану Қосымова

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РИТОРИКА- ШЕШЕНДІКТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ БІР САЛАСЫ

Гүлбану Қосымова

*филология ғылымдарының докторы, профессор
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Қазақстан. Алматы Email: gkosym@inbox.ru*

Педагогикалық риторика - шешендіктану ғылымының бір саласы. Педагогикалық риторика педагог-мамандарды сөйлеу өнеріне баулиды, риторикалық сауаттылыққа төселдіреді, дұрыс сөйлеу заңдылықтарын үйретеді. Қазіргі қоғамда сөйлеу мәдениетіне қатысты проблемалар баршылық. Ал педагогикалық мамандықтың қоғамды дамытуда, психологиялық жағымды ахуал қалыптастыруда, көпшілік арасында сөйлеу мәдениетін көтеруде маңызы жоғары. Жалпы кез келген кәсіби маманның сөзі жұртты сендіріп, тыңдаушыларды іске жұмылдыруды көздейді. Мұның өзі сөздің коммуникативтік сапасы, қысқаша айтқанда, сөз сапасы деген аса күрделі ұғыммен тығыз бірлікте. Ал сөздің коммуникативтік сапасы сөз байлығы, сөз дәлдігі, сөз дұрыстығы, сөз тазалығы, сөз әдебі секілді белгілерімен танылған. Мәселен, кәсіби маманның оралымды тіліне қойылар талаптың бірі – сөз байлығының болуы. Педагогтің сөз байлығының мол болуы, ойының айқындылығы, сөз дәлдігі мәселелері ұтымды сөйлеу нәтижесінде жүзеге асады.

Педагогикалық риторика шешендік өнердің бір саласы болғандықтан, шешендік өнердің теориясына негізделеді. Риториканың негізгі ұғымы – шешен сөйлеу (орато – латынша orago – сөйлеу), яғни көпшілікке немесе шаршы топқа арнап сөз сөйлеу. Шешеннің сөзі кімдерге арналса, солар көпшілік сөзді тыңдаушылар (грекше – gheioг-тыңдау) болып табылады. Шешен мен оның аудиториясы сөйлеу барысында бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста, тақырыптық байланыста болып, соның негізінде көпшілікке арналған сөз пайда болады, оны кейбір зерттеу еңбектерінде бұқаралық сөз деп те атайды. Бұқаралық сөз деп кез келген сөз емес, қоғамдық маңызы, әлеуметтік мазмұны

бар сөз. Шешен сөзіне қойылатын талаптар – оның мәнді, мазмұнды болуы, жұртқа бір нәрсені әуелі түсіндіріп немесе бір іс-әрекетке ұмтылдырып, ең ақырында тыңдаушыға жақсы әсер етіп сүйсіндіру, адамдарды түсіністікке жетелеу.

Шешендік сөздің негізгі белгілері мен оған қойылатын шарттар төмендегідей болып келеді:

- шешендік сөздің белгілі бір әлеуметтік мәні болуы керек;
- әңгіме өзегінің дәлелі (аргументі) болуы керек;
- тыңдаушыға әсер ететін эстетикалық қасиеті болуы керек;
- тыңдаушының ақыл-ойы мен еркіне ықпалын тигізіп, оларды белгілі бір іс әрекетке ұмтылдыратын сөз болуы керек;
- айқындылық пен түсініктілік.

Сөйлеу өнерінің дамуына себеп болған жайттардың бірі – қазақ тілінің тазалығы, байлығы мен әуезділігі, қалың көпшіліктің сөз өнеріне деген қызығушылығы, тапқыр, ойлы, ақылды сөзге үйірлігі. Қазақ халқында сөз өнеріне үйірлік балаға жастайынан ән, күй, жыр, ертегі-аңыз әңгімелер естіп өсуіне мүмкіндік жасауы еді. Мысалы, Абайдың балалық шағын еске түсірсек, әжесі Зере оны ертегі-аңыз әңгімелермен ұйықтатып, жыршыларды кеш бойы, ұзақ түндерде Абайдың жанында ұстап, жыр айтқызбаушы ма еді. Шешендік өнердің тамаша теоритигі Квинтилиан да шешенді тәрбиелеу ісінде балаға сөзді анық, сұлу айтатын ұстаз таңдау қажеттігін айтқан еді.

Халықтың шешен сөйлеу дәстүрі ежелгі дәуірлерден қолданылып келе жатқан аңыз-әңгімелерде көрінеді. Аңыз-әңгімелердің негізінде келіп дамыған халық ауыз әдебиетінде: тұрмыс-салт жырларында, ертегілер мен эпостық, лиро-эпостық жырларда, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарда шешен сөйлеу үлгілері сақталып қалған. Әдебиетшілер, М. Әуезов пен С. Сейфуллиннің пікірлерінде орын алғаны сияқты, шешендікті өз алдына жанр ретінде қарайды да, оны халық ауыз әдебиетінің бір түрі – билер сөзі деп қана қарастырады. Алайда шешендік өнерді тек фольклорлық тұрғыда ғана емес, сөйлеу өнері тұрғысынан, яғни стильмен байланыстыра қарастырған жөн. Егер қазақтың феодалдық қоғамындағы шешендік өнердің басты иелері ру басы-

билер болды десек, ежелгі дәуір шешендігі деп атап өткен тараудағыдай, қол бастаған батырлардың, ел басқарған көсемдердің, халықтың рухани демеушісі болған ақын-жыраулардың, халық арасына шығып, артына өшпес мұра қалдырған ғұлама ғалымдардың даналық сөздерін қайда қоямыз? «Шешендік сөз дегеніміз – тауып айтылған тапқыр сөз, ақылға қозғау салып, ой түсіретін даналық сөз, қиялға әсер етіп, сезіміңді қозғайтын көрікті де, әсерлі сөз, бұра тартпас дәлелімен тамсандырып, таңдай қақтыратын білгір-білімді сөз, өтіп кеткен не өтіп жатқан оқиғаны жанды суреттей көз алдына алып келетін суретті сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жеткізетін терең мағыналы түйінді сөз [1, 22].

Олай болса, шешендік сөздерді әдебиетшілердің басым көпшілігі айтып жүргеніндей, мораль айтып, ақыл үйрететін сөздер деп қана қарасақ, шешендік сөздердің қызметін, қолданылу аясын тарылтады. «Шешендік – дарындылық. Ол – тілі ғана емес ойы да жүйрік кісілерге, тілдік сезімі күшті адамдарға тән қасиет. Шешендік өнерін, бұрынғыларша, схоластикалық ережелерге бағынырып үйретуге болмайды. Тіл өнеріне, сөйлем мәдениетіне қойылатын талаптар шешендік өнерге де қойылады. Шешендік – тілі өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғарғы сатысы» [2, 55].

Жалпы педагогикалық риторикада адамгершілік заңдары, педагогтік этика бірінші орында тұратыны белгілі. Сонда педагогикалық риторика – қазіргі заман талабына сай, студенттердің жеке тұлға ретінде дамуына көмектесер бірден-бір жол. Педагогикалық риториканың өзіндік ерекшелігі адам бойындағы сөйлеу қабілетін арттырып қана қоймай, адамның дүниетанымын өзгертуге, биік эстетикалық талғамын қалыптастыруға, ұлттық құндылықтарды сақтап, дамытуға ықпалы зор екендігімен байланысты.

Педагогикалық риторика шешен сөйлеу үлгілерінің барлық нормаларын, сөздердің өзіне тән тілдік-көркемдік белгілерін, көпшілікке қарата айтылған сөздердің ойға түрткі, сезімге қозғау салатындай көрікті де әсерлі болуын талап етеді. Бұл белгілерді сақтаған кез-келген сөйлеушінің сөзі шешендік болып танылады. Қазір жұртшылықтың арасында фольклордың бір жанры ретінде кең таралып жүрген шешендік сөздерді ғана танысақ, онда

шешендік сөз соңғы дәуірлерде дамымай тоқтап қалған сала болып шығады. Бұл төңіректе Р. Сыздықованың айтқан пікірі өте бағалы: «Ал шындығында өте ерте замандардан бері өмір сүріп, біздің дәуірімізге дейін жетіп, бүгінгі мәдени-рухани өмірімізден орын алып келе жатқан шешен сөйлеу дәстүрі (құбылысы, актісі) бар. Және ауызша сөйлеудің аясы ұлғайған сайын, шешен сөйлеудің де қажеттілігі арта түсіп отыр [3, 17].

Біздің қазіргі қоғамымызда шешендік өнердің көрінетін жерлері әлдеқайда кеңіді: ол саяси-әлеуметтік өміріміздің барлық саласында идеологиялық күрестің, тәрбие мен оқу-ағартудың, заң мен ғылымның, қоғам басқарудың ең бір пәрменді құралына айналды. Сонымен қатар шешендік – ауызша жүргізілетін үшіт-насихат жұмыстарының бірден-бір құралы. Жиналыс, конференция, съезд, симпозиум, семинар, диспуттарда да шешендік өнер өте-мөте қажет. Бұл күнде шешендікті радио мен телевизия да көрсетеді, өйткені бұларға жазба тіл мен ауызша сөйлеудің үлгісі ортақ. Демек, ауызша сөйлеу мәдениеті жалпы мәдениетіміздің ажырамас бөлігі болып отыр. Шешендік танудың бір тармағы болып табылатын педагогикалық риторика – кез келген мамандық иесін өз саласына сай, қоғамдық сұранысқа лайықтап қалыптастыруды көздейтін сала.

«Кез келген педагогикалық қарым-қатынас жағдаятында әртүрлі жанрдағы (дәріс, тезис, сұрақ-жауап, коллоквиум, ситуациялық сұрақ т.б.) кәсіби мәтінді құру және талдау жасау қызметін педагогтің риторикалық қызметі термині анықтайды. Ал кәсіпке қатысты түрлі сөйленіс жағдаяттарының топтамасы – педагогикалық қатысым деп аталады, - дей келіп, зерттеуші А.Қыдыршаев: Сөйленіске қатысушылардың құрамына басты рөлді ұстаз атқарады, ал қалған қатысушылар тиімді сөйленіс тәсілінің жүзеге асырылуымен білім мен тәрбие алады» [4, 36] деген ойын дұрыс деп таптық.

«Педагогикалық риторика» пәні – ұстаздар даярлайтын жоғарғы оқу орындарында жеке тұлғаны әлеуметтендіруде және оларды кәсіби маман ретінде қалыптастыруда зор мәнге ие. Бұл пән студенттерге педагогикадан, психологиядан, тіл мен әдебиеттен белгілі бір білім жиынтығын беріп қана қоймай, сонымен қатар тілдік қатынас әдебін білу, ақпарат іздеу құзіреттілігін

қалыптастыру, сөйлеуге материал таңдау, диалогке түсу, өз ойын дәлелдермен жеткізу, сұхбаттасу, пікірталас өткізу мәдениетін меңгеру және т.б. сияқты дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Педагогикалық риториканың танымдық, ақпараттық, дамытушылық және тәрбиелік құндылығы мынада: бабалар сөзінің мәнін түсінуге, сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеуге, адамдарға құрметпен қарауға, қарсы тараптың пікіріне құлақ асуға, өз халқының құндылықтарын құрметтеуге көп көңіл бөледі.

Педагогикалық риторика педагогтардың білім беру мен тәрбиелеу ісінде өз ойын анық, дәл жеткізіп, шебер сөйлеуге дағдыландыруға мол мүмкіндік туғызады, мұнымен қоса басқалармен қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетін жоғарылатып, сөйлеу стилін жетілдіреді. Ахмет Байтұрсынұлы «шешендік сөздің негізгі белгілері баяндау, сипаттау, анық түсіндіріп беру; сөзі қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып, билеп алып кету» [5, 258], – деп көрсеткеніндей, сөйлеу үлгілерін тілдік жағдаяттарға қарай дұрыс таңдауға төселдіреді.

Педагогикалық риторика «Мәңгілік елдің» құрушылары болып табылатын қазіргі қоғамның саналы мүшелерінің мәдени имунитетін қалыптастырып, коммуникативтік дағдыларын дамытатын, сыни ойлап, дұрыс шешім қабылдай алатын Тұлғаларды қалыптастыру мақсатын көздейді. Осы мақсатқа сай пән мына міндеттерді жүзеге асырады:

- педагогикалық риториканың негізгі мәселелерін түсіндіру;
- риториканың мәдениет ұғымына қатысын негіздеу;
- педагогикалық риториканың стильмен байланысын ашып көрсету;
- сөйлеу актісіне қарай сөйлеудің түрлерін меңгерту;
- риториканың талаптары мен заңдылықтарын игерту;
- коммуникациядағы тілдік бірліктердің қызметін тәжірибеде көрсету.

Педагогикалық риториканың негізгі мәселелерін анықтауда қажетті құрал - риторикалық сауаттылық. Олар:

- Ақпараттық қоғамдағы риториканың міндеті қажетті сөзді қабылдай алуы, проблеманы анықтауда сөздің мағынасын түсінуі.
- Жағдаяттарға сәйкес сөзді ойлап табу, ойды жеткізу формалары мен сөйлеу түрлерін анықтай алуы, монологқа және диалогқа түсе алуы.
- Өзінің күзиреттілік деңгейінде тілдік коммуникация жүйесін меңгеруі, қоғамда қабылданған сөз мәдениетіне жүгінуі.
- Білім беру ортасына қажетті сөз қолданыстарын, олардың мағыналық мүмкіндіктері мен жұмсалып нормаларын игеруі.

Педагогикалық риториканың негізгі мәселелерін сызба түрде көрсетер болсақ, мынадай:

Педагогикалық риторика дұрыс ойлау заңдылықтарына бағынады. Дұрыс ойлау заңдылықтары логиканың жетілуіне, қоғамда орын алып отырған жағдаяттарға дұрыс баға беруге, проблеманың шешімін табуға көмектеседі. Тауып сөйлеу-дұрыс ойлаудың нәтижесі. Сөйлеушілерге қарата «логикасы бар, логикасы жоқ» деген бағалауларды жиі естіп жатамыз. Дұрыс ойлау заңдылықтары жүзеге аспаған жағдайда, сөз шатасушылыққа ұрындырады, адамдардың адасуына, түсінбестікке әкеліп соқтырады.

Риторика және стиль байланысын анықтауда назар аударылып, көңіл бөлінетін мәселелер мыналар:

- Риторика-стиль тудырудың құралы. Сөз таңдау, сөздің ырғағы, бейнелі сөйлеу, эмоционалды көркемдігі.
- Стиль- орналастыру, композиция.
- Стиль- адамның даралық тұлғасы, шешен бейнесі.
- Стильдің риторикада этикалық нормамен байланыстылығы.
- Стиль - адамның мінез-құлқын қалыптастыруы.
- Стиль – сөздің жанрлық түрі, сөзді жеткізу тәсілі.
- Қоғамға пайдалы ақылды, қайырымды, эмоционалды шешен бейнесі.

Сөйлеу заңдары және риторика ережелері

- Сөз әсері, шешен сөйлеу туралы ұғым-түсінік
- Индукция және дедукция, қорытынды
- Сөйлеу заңдары және риторика ережелері
- Сөздің фактурасы мен құрылымы
- Сөздің қоғамдық күші және сөздің әрекетке бағытталуы
- Сөзді дамытудың ұстанымдары
- Сөздің тиімділігі және эмоционалдығы
- Риториканың грамматикаға қатысы
- Риториканың стилистикаға қатысы

Сөйлеу түрлері және оның теориясы

- Сөйлеу түрі және шешен бейнесі
- Монолог және оның теориясы
- Диалог және оның теориясы
- Көпшілікке арналған сөздегі шешен бейнесі
- Оқу-ағарту сөзі және шешен бейнесі
- Баспасөз және шешен бейнесі
- Риторикадағы тілдік құрал

Сөйлеу коммуникациясының теориясы

- Қоғамның сөздік құрылымы. Жаңа жағдаяттар және риториканың жаңа формасы
- Сөйлеу коммуникациясындағы этос. Этос түрлерінің сөйлеу коммуникациясы түрлеріне қатысы.
- Сөйлеу коммуникациясындағы логос. Білім беру саласындағы логостың орны.
- Сөйлеу коммуникациясындағы пафос. Пафос тудыру шарттары.

Аристотель риториканың табиғатын түсіндіре келіп, оны дәрігерлік өнерге ұқсатты. Себебі дәрігерлік өнердің міндеті –

адамдарды ауруынан мүмкіндігінше сауықтыру; ал риториканың міндеті – жағымды психологиялық ахуал орнықтыру, адамдардың қарым - қатынасында түсіністікке, бірін- бірі құрметтеуге жетелеу. Риторикалық өнерде, ең алдымен, адамгершілік заңдары, этика бірінші орында тұратыны белгілі. Сөз күдіретінің адамды қалыптастырудағы рөлін адамдардың бәрі бірдей пайдалана алмайды. Шаршы топ алдында сөйлеу оңай емес, тауып сөйлеу үшін сөз мәдениеті жоғары болуы керек. Сөз мәдениетінің сапалық көрсеткіштерінің бірі – сөз көркемдігі, әсерлілігі.

Сөйлеу мәдениетінің теориялық негіздері қазақ тіл ғылымында

А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінен бастау алып, тілші-ғалымдар І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Т.Қордабаев, Р.Сыздықова, Н.Уәлиев т.б. зерттеулерінде әр қырынан сипатталған. Н. Уәлиев сөз мәдениетінің ғылыми пән ретінде қарастыратын негізгі нысаны – тілдік норма, ол- сөз мәдениетінің құрылымдық-жүйелік аспектісі, екінші аспектісі – коммуникативтік сапасы екендігін айтады [6, 76].

Әрбір адамның сөйлеу мәдениеті оның тілдік сезімінің қаншалықты дамығандығына байланысты. Риторикалық мәдениетке сөйлеу түрлері мен стиль түрлерін меңгеруі және тілдік бірліктерді мағынасына сай орынды қолдануы жатады. Сондықтан педагог мамандар әдеби тілдің стилі туралы жалпы түсінікті біле отырып, адамдардың қай жерде, кіммен, не туралы сөйлескеніне және қалай сөйлегеніне байланысты өз сөзін реттеп отыруымен бағаланады. Педагогикалық риторика педагог маманға стильдің түрлерін–тұрмыстық, іскерлік, ғылыми, баспасөз, көркем сөз стилінің ерекшеліктерін жетік меңгеріп, соған сай тілдік құралдарды орнымен қолдану шеберлігіне және сөйлеуші мен тыңдаушы этикасын құрайтын нормаларды жетік білуге үйретеді. Демек, сөйлеу стиліне үйретуде педагогикалық риторика белгілі бір этикалық -эстетикалық ережелерді қамтиды.

«Мәдениет» туралы көзқарастардың барлығы дерлік риторикалық мәдениет жөніндегі пайымдауға жетелейді. Риторикалық мәдениет бағалау-бағдарлау бағытындағы ойлана сөйлеу іс-әрекетін айқындайды. Риторикалық мәдениетті өз бойына ұялата білген адам ғана жан –дүниесі бай рухани тұлға ретінде танылады. Педагогикалық риторика ғылымы осы риторикалық мәдениеттің

жүзеге асуына ерекше мән береді. «Бұл бағыттағы мәселенің оң шешім табуы адамдардың тұрмыстық құндылықтардан рухани құндылықтарға қайта бағдар ұстануы негізінде адамзаттың ішкі жан дүниесінің қайта жаңғыруы жолымен жүзеге асады. Демек, қазіргі заманның ғаламдық проблемасы – бұл таза экономикалық, саяси не ғылыми проблемалар емес, ең алдымен, адамгершілік-рухани проблемалар. Ал мұндай жағдайда риторикалық мәдениеттің қалыптасуы, біздің пайымдауымызша, адамды өзгертудің, оның рухани тұрғыда қайта жаңғыруы мен ілгері дамып жетілуінің тиімді жолдарының бірегейі» [7, 42] деген тұжырым нақты айтылған.

Риторикалық мәдениетті, біздің ойымызша, қазақ тілінің мол тіл байлығы, дұрыс сөйлеу үрдісі, бабалардан қалған афоризмдер мен халық тілінің құнарлы сөздік қоры қалыптастырады. М.Балақаев тіл мәдениетіне, сөйлеу мәдениетіне жетік болу үшін сөзді көп білу жеткіліксіз, ол сөздерді жұмсай білу де керектігін айтқан еді. Ол сөзді жұмсай білу үшін олардың мағыналарын, мәндестік ерекшеліктерін, әдеби, әдеби еместік қасиетін, еркін және тұрақты тіркестер құрамына ену мүмкіншіліктерін жақсы білу керектігін ескертті. Педагог-маманның шешендік қалпын тілдің әрі ұтымды, әрі әсерлі топтары – мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері, қанатты сөздерді орынды қолдануы байқатады. Мұнымен қоса, шешен грамматикалық бірліктердің стильдік қызметі туралы жетік білуі тиіс. М.Балақаев мақсатты ойды түсінікті әрі әсерлі етіп айту үшін тілде барды дәл тауып, өз орнында дұрыс пайдаланудың да оңай міндет емес екендігін айтады. Әрине, адам ойының ұшы-қиыры жоқтығы сияқты, тіл байлықтары да ұшан-теңіз. Қазақ тілінің тіл байлығынан ой өрнектеріне керекті тілдік материалдар мен грамматикалық тәсілдерді дұрыс пайдалана білу үлкен шеберлікті де керек ететіні даусыз.

Шешен сөйленудегі ойланар мәселенің бірі – грамматикалық тұлғалар мен грамматикалық тәсілдерді қалай пайдаланғанда ойымыздың дұрыс шығатындығы. Бұл мәселе – стилистика ғылымының үлесі. Әдеби тіл нормаларын сауатты пайдалану педагогикалық риториканың басты заңдылықтарының бірі болып саналады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қосымова Г. Шешендік өнердің негіздері. – Анкара: «Аксар», 2021. – 295 б.
2. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Зият Пресс, 2006. – 140 б.
3. Сыздықова Р. Шешендік сөз // Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. – Алматы: Ғылым, 1987. – 242 б.
4. Қыдыршаев А.С. Кестелі шешендіктану. – Орал, 2007. – 88 б.
5. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. Т. I. – 384 б.
6. Уәли Н. Сөз мәдениетінің ғылыми – теориялық негіздері. Филология ғылымдары докторы атағын алу үшін дайындалған диссертация. – 2007. - 285
7. Әбенбаев С. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру [Мәтін] / Әбенбаев С., Ахметова Г. // Қазақстан Жоғары мектебі. - 2002. - №3. - Б. 142.

БӨЛІМ 2

Ж. БАЛАСАҒҰННЫҢ «ҚҰТАДҒУ БИЛИК» ШЫҒАРМАСЫ ТІЛІНДЕГІ КӨРІКТЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Жанар Абитжанова

Ж. БАЛАСАҒҰННЫҢ «ҚҰТАДҒУ БИЛИК» ШЫҒАРМАСЫ ТІЛІНДЕГІ КӨРІКТЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Жанар Абитжанова

*Филология ғылымдарының кандидаты
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің доцент м.а.
Қазақстан Республикасы
abitzhanova.zhanar@mail.ru*

Тілдік тұлғаның табиғатын ашып, суреткерлік шеберлігін тану үшін оның тілінде қолданылған көріктеу тәсілдеріне зер саламыз. «Жазушының дүниені ерекше көркем түсінуі, сезінуі, оның көркемдік әдісі міндетті түрде оның шығармасында көрініс табады» [1, 112 б.]. Ж. Баласағұн тіліндегі көріктеу құралдың бірі – метафора (балау), олардың жекелік түрлері. Метафора жөнінде көптеген зерттеулер бар. Жеке ақын-жазушылардың тілдеріндегі метафоралық қолданыс жөнінде жазылған диссертациялар, монографиялық еңбектер бар. Метафораның жеке бір тілдің қолданысында қарау өте күрделі ізденісті талап етеді. Метафораның осындай күрделі айшықтау екендігін қазақ тілінің тілдік көрінісінде көрсеткен еңбек – Б. Хасановтың «Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы» атты 1966 жылы жарық көрген зерттеу еңбегі. «Метафора – деп жазады ғалым, - мағына масштабын кеңейтетін, сөздің жаңаша қолданылуын туғызатын тәсіл» [2, 17 б.]. Ал тілші ғалым Ә. Болғанбаев «Өмірдегі зат пен құбылыстың сыртқы не ішкі ұқсастық белгілеріне қарай сөздің бірнеше мағынада ауысып қолданылуын метафора дейміз» - дейді [3, 22 б.]. Метафоралық сөз айшықтарын зерттеушілер сөз мағынасының кеңеюінің бұл тәсілінің негізі халықтың бай ауыз әдебиетінде жасалған деп көрсетеді. Метафоралық қолданыстың сөздік құрамды байытып, дамытудағы қабілетін тану үшін, семантикалық-стистикалық тұрғыдан біріктіріп, өзара байланыста зерттеу керек. Б. Хасанов ана тіліміздегі сөздердің метафоралану арқылы сөздік құрамның байып, дамып тұрғандығын көрсете келіп, соның бір түрі ретінде қанатты сөздер мен афоризмдердің метафораға негізделуін көрсетіп, «афоризмдер – әлеуметтік өмірдің бай тәжірибесінің қайнап шыққан кең мазмұнды «тоқсан сөздің тобықтай түйіні», -

деп жазады» [2, 7 б.]. Әдетте, метафораларды екіге бөледі. Біріншісі тілдік; екіншісі: поэтикалық метафоралар. Көне жазба нұсқаларындағы метафораларды қазіргі метафоралармен қатар қоюға болмайды, олар қазіргі көркем ойлаудың басты арналарына жатады. Г.Ж. Баялиева былай дейді: «Қазіргі қазақтың метафора желісінің басы ертедегі көне түркі жазба нұсқаларынан басталады. Көне түркі жазба нұсқаларындағы метафоралар сол тұстағы халықтардың тұрған ортасы, кәсібі, дүниетанымына тікелей байланысты. XI-XII ғасырлардағы жазба әдеби ескерткіштер тіліндегі сын есімнің метафоралар қолданысы көбінесе екі және үш буынды сөздерде байқалады [4]. Аз, көп емес (аз сараң-сараң, аз біліг «сараңдық»). Қышың аз – «қисық жол», Ақа-ақ (ақ қышың аз – «сенің ұнамды мінезің жоқ»), Ақ оғлан – «лайықты ұл, ақ – «пейіл» Кең –кең (көңлі кең - «жомарт») Сақ көңіл кең кэрэк – «жіті көз, сақ құлақ кең пейіл керек» Кең алқығ – «теңіздей» Кең тұт – «кеңпейілділік» Метафоралық қолданыстар XI ғ. одан да бұрынғы көне түркі жазба ескерткіштер тілінде сөз мағынасын кеңейтудің ең өнімді тәсілі болғанын көреміз. Метафора өзінің мәнінде, мағынасында образды ойлаудың өнімді тәсілі болып табылады. «Құтадғу билиг» ескерткішінің әр тарауында метафораның кездесу жиілігі әр түрлі, біркелкі емес. Жүсіп дастанында түркі танымындағы дәстүрлі ұқсатулар (ассоциациялар) мол орын алған. Метафоралық қолданыс сөз қолданушының айырым танымының сол тілдегі мінезін жанжақты бейнелейді. Жүсіп поэзиясынан метафоралық қолданыстардың өзіндік өрнегін байқаймыз. Метафоралық қолданыстарды номинативтік, бейнелі, когнитивтік деп жіктеуге болады. Номинативтік метафораға ава/апа жатады. АВА (апа) сөзі «баба» мағынасында жұмсалған: aba jazti ersa bajat qinati (ҚБГ 10021). Тәңгі/тәңір метафорасы «Құтадғу биликтің» 375-ші жолында берілген: bu qadyu içün bersü täñgi tujan пусть за это несчастье воздаст (тебе) бог (QVK 3754) [5, 347 б.]. Тәңгі сөзінің көне түркі тіліндегі мағыналары мынадай: Тәңгі I 1. Небо; 2. Бог, божество; 3. Божественный; 4. Повелитель, господин [5, 544 б.]. Тәңгі сөзі екінші ауыспалы мағынада метафораланған. «Құтадғу биликте» qalıq/бұлт метафорасы қолданылған. Өйткені бұлттың «жылжу, қалықтау» қасиеті негізінде «қалықтау» етістігінен екіншілік аталым «qalıq» (бұлт) пайда болған деп есептейміз. Аталған сөз мына жолдарда берілген: qalıq qasī tügti közi jas sacar небо

нахмурилось, из глазаго брызжут слезы (т.е. пошел дождь) (QBN 1813) [5, 431 б.]; qalıq tügdi qaşın tünärtti jüzin небо насупило брови, нахмурило лицо (QBN 4063) [5, 597 б.]. Aj toldi/Айтолды метафоралы кісі есімі «Құтадғу билик» шығармасында жиі кездеседі: adab birla olturti aj toldi kög и вот Ай-Толды с благопристойностью сел (QBN 3027) [5, 8 б.]; bu aj toldi özkä kör et(t)i esig / adastı keñästi bir atlıy kisig и вот АйТолды сделал себе другом / знатного человека, дружим (с ним) и держал совет [5, 9 б.]. ВаҮіг/бауыр метафорасы екіншілік аталымда «жүрек» мағынасында баҮгі тағ «бауыр – тас» бейнелі метафора түрінде де жұмсалған: bolu ber maña sen aja baҮгі тағ согласись со мной, ты, чье сердце (букв. печень) – камень (QBN 14020) [5, 78 б.]. Аталған сөздің «жүрек» метафоралы мағынасы «Құтадғу биликтің» 187, 192 жолдарында көрініс тапқан: qadasqa baҮіг ber jaқnılıq ula с родными будь сердечен и близок (QVK 18711) [5, 78 б.]; baҮігsiz tusulmas oҮulda koru / tapuҮči tususı ögü польза от добросердечного служителя больше / от бессердечного, беспомощного сына (QBN 1923) [5, 590 б.]. Көне түркі сөздігінде баҮіг сөзі былай түсіндірілген: ВаҮіг 1. Печень; 2. Живот, брюхо. 3. перен. Сердце; Родственник кровный Родственник кровный [5, 78 б.]. ВаҮігсақ/бауырмал екіншілік аталым метафорасы «Құтадғу биликтің» 91-ші жолында орын алған: čiҮaj tul jetimkä baҮігсақ көңүл (он должен быть) милосердным в отношении бедных, вдов и сирот (QBN 9129) [5, 259 б.]; бауігсақ керäk qoiqa qoj күтčisi чабан должен быть добрым по отношению к овцам (QBN 581) [5, 330 б.]. ВаҮігсақ сөзі 3-ші мағынаға сәйкес бауыр сөзінің туынды ауыспалы мағынасы болып табылады. ВаҮігсақ киші көзңү/бауырмал кісі – айна бейнелі метафора 402-ші жолда берілген: бауігсақ киші özkä көзңү bolur / аңар бақса айқ жаңнi түзгү bolur добрый человек для других (словно) зеркало, / глядя на него, можно исправлять характер (QBN 40212) [5, 321 б.]. Alp жүрäk/алып жүрек метафорасы “ер жүрек» деген мағынаға ие: uquşluу biliglig toña alp жүрäk (QVK 68). Мықты жүректі арыстан жүрегіне, күш сынауды барыстың білегіне балайды: jaүida көг arslan жүрäki керäk / qarıştuqta esri biläki керäk против врага нужно (иметь) сердце льва, / когда сражаешься (с ним), нужны лапы барса (QVK 12311) [5, 428 б.]. Мұндағы esri сөзі екіншілік аталымға жатады, өйткені «Көне түркі сөздігінде» esri сөзінің бірінші (тура) мағынасы «теңбіл, шұбар, тарғыл», ал екінші ауыс мағынасы «жолбарыс» [5, 184 б.].

Символ да метафора сияқты тілдік тұлғаның тіліндегі ұлттық мәдениеттің көрсеткіші ретінде көрінеді. Символдық таңба – лингвомәдениеттану мен когнитивті лингвистиканың зерттеу нысандарының бірі. Символ тілдік тұлғаның тіліндегі біріккен ой жүйелерін көрсетіп, бір-екі сөзбен береді, сол себепті символдық мәнді халқымыздың дәстүрлі ұғымдарын білдіретін сөздерден іздеуіміз керек. Символды зерттеуші Қ.Қайырбаева бұл туралы: «Сөз – символ жазушының айтпақ ойын дөп басып шығарманың бейнелігін арттыру үшін қажет. Сөз – символдарды ғалымдар әр түрлі қырынан зерттеген: рухани мәдениет пен материалдық мәдениетке қатысты [Е.Жанпейісов, Ж.А.Манкеева], түр-түс атауларының символдық мағынасы [Ө.Т.Қайдаров, З.Т.Ақтамбердиева], символдық мәні бар фразеологизмдер сипаты [Р. Сыздық, Г. Смағұлова, Н. Уәлиұлы], сұлулық символизмдер [А.Қ. Сейілхан], символдың когнитивтік сипаты [Қ.Ә. Жаманбаева], этномәдени атаулар символы [Қ.Т.Қайырбаева] т.б. Ақ, қара түстері символикалық мәнге ие болады. Ақын «ақ» түспен жақсылықты, «қара» түспен жамандықты таңбалайды. Ж. Баласағұнның танымы, түркілік рухы бұрын қалыптасқан символдар мәнінен айқын байқалады: Заң-жосықтың бәрі өзгеріп, құрыпты Ақ-қараны айырмастай былықты! (ҚБ 6490). Ақ «таза, пәк» мағынасына ие: Көз қырыңнан жаппар ием, қалдырма, Сыртқа теппе, ақпын сенің алдында (ҚБ 6560). Ақ сөйле / шын сөйле бейнелі оралымы мына жолдарда көрініс тапқан: Бірінші – тіл: ақ сөйле, айт ашығын Екінші – заң: ұстан адал, асылын! (ҚБ 5900). Ақ түс тазалықтың, пәктіктің, адалдықтың символы болса, қара түс бұған керісінше. Түркітанушы ғалымдардың пікіріне жүгінсек, ақ, қызыл, сары, қара түр-түс сын есімдері етістік түбірлерден семантикалық функционалдық трансформация (конверсия) тәсілі арқылы пайда болған. Демек жоғарыдағы сын есімдердің бастапқы қимыл, қозғалыс әрекет мағыналары ұмытылып, олардың орнына заттың сындық мәндері пайда болған. Түр-түс табиғатын тереңірек ашу мақсатында ғалымдардың ғылыми тұжырымдарына сүйеніледі. Ақ – сын есім ретінде қараға қарама-қарсы реңкті белгілейтін сөз. Ақ сөзінің этимологиясы жөнінде түрлі пікірлер бар. Түркітанушы Э.В. Севортян «аға» және «әке» деген туыстық атаулардағы екі сөздің де негізгі «ақ»/«оқ»/ қартай етістігінен өрбіген деген пікір айтқан. Егер «ақ» түбірінің көне түркі тілінде шынымен, «қартаю», «жас ұлғаю»

синкретикалық мағынасы болса, онда «қосағыңмен қоса ағар» деген тілек мәнді тіркестегі «ағар» сөзі де жоғарыдағы «ақ» түбірімен төркіндес болуы ықтимал [6]. Айталық, «ақ» сөзінің сындық мағыналарының пайда болуы профессор Б.Сағындықұлы дәлелдеп көрсеткендей, алдымен денотаттың ағып жаууымен, жауатын заттың ақ аталуымен, ол заттың түсінің ақ екендігімен тікелей байланысты. Адам танымы ұқсас заттар мен олардың сипатын, қасиетін танығанда, бірбірімен байланыстырып, сабақтастыра таниды да, сол ретпен атау береді. Мағыналық жағынан дамып, бірақ тұлғалық еш өзгеріске түспегендіктен, конверсия жемісі болады. Ақ сөзіндегі қозғалыс, қимыл мағынасы ұмытылып, оның орнында сөз іргелестігі негізінде, фразеологиялық тұрақтылық негізінде заттың табиғи түсін көрсететін сындық мән пайда болған. Содан кейін «ақ» сөзі әбден абстракцияланып, түсі ақ заттардың бәрімен тіркесе беретін болған [4, 46-47 бб]. Орта түркі жазба ескерткіштеріндегі «қара» сөзінің мағынасына зер салсақ: 1. Қара (түс); 2. Түнек (жарық жоқ); 3. Ауыс. Бақытсыздық, сәтсіздік; қайғылы; 4. Ауыс жамандық, қара көңіл; 5. Ауыс. Күнделікті, жай; 6. Лас; 7. Сия (чернила). 2. Тобыр, көпшілік (масса, толпа) [5, 108, 169, 423 бб]. «Құтадғу биликтен» мысал келтірейік: *könï sördän tagtin sorïg sor temä* (*könï egr fargï ünïnli gağa* не считай за речь [никакую другую] речь, кроме истинной; разница между истинной и ложной речью [такая же, как между] белым и черным – Ешкімнің сөзін еш сөзге қоспа, шын айырмашылық: шын мен өтіріктің, ақ пен қараның арасында (QVK 3928). «Құтадғу биликте» метонимия тәсілімен жасалған тілдік бірліктер кездеседі. Көркем әдебиетке тән поэтикалық метонимия ғылыми әдебиеттерде окказионалдық деп, ал лингвистикалық метонимия зуалдық деп аталады. Лингвистикалық метонимия белгілі бір заттар мен құбылыстардың атауын шынайы, бейнелеусіз мағыналарындағы байланыстылығына қарай алмастырып айтады. Қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі А. Байтұрсынұлы метонимияның баламасын «алмастыру» деп атап, «арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып, бірінің орнына бірін айту алмастыру деп аталады» деп анықтама берген [7]. Қазақ тіл білімінде К. Аханов, Ғ. Мұсабаев, Ә. Болғанбаев, Ә. Хасановтар метонимия жөнінде тұжырымдар жасады. «Метонимия дегеніміз – белгілі бір заттар мен құбылыстардың сыртқы және ішкі мән-мағынасының реалды

байланыстылығына қарай алмастыру амалы» - дейді Ә. Хасенов [8]. XI-XII ғасырлардағы ескерткіштер тілінде сын есім сөздер де зат есім сияктанып субстантивтеніп барып, метонимия жасайды [4, 59 б.]. Метонимия – сөз мағынасының ауысуының тәсілі. Зерттеушілер бір заттың орнына екінші бір заттың алмастырылып айтылуын, заттың немесе құбылыстың тек бір жағын не болмаса бөлшегін атай отырып, ойдағы затты түгелімен елестетуді метонимияға жатқызады. Өзге троп түрлерінен метонимияның айырмашылығы оның осы алмастырылып қолдану қасиетінен болса керек. Сонау Аристотель заманынан бері метонимия метафорамен бірге бір тілдік категория, троптың бір түрі ретінде бірге қарастырылды. Кейбір ғалымдар метонимияны метафораның бір түрі ретінде таниды. Бұл екеуін бір деп қарау, олардың бір-біріне ұқсас, жақын екендігін аңғартады. Бірақ олардың арасында айырмашылық бар. Метафора болу үшін салыстырылатын заттардың арасында ұқсастықтар болса, ал метонимияда мұндай ұқсастыққа негізделмейді. Метафораны теңеуге айналдыруға болатын шығар, ал метонимияны бұлай өзгерту мүмкін емес. Метонимия тәсілі Л. Нұржекееваның «Метонимияның лингвистикалық табиғаты» (1991) атты кандидаттық диссертациясында кеңінен зерттелген. Еңбекте метафора мен метонимияның ұқсастықтары мен өзгешеліктері сөз болып, метонимияның мүлдем бөлек тілдік категория екендігі мысалдармен дәлелденген. Ғалым метонимияға мынадай анықтама береді: «Мәндік, мекендік, мезгілдік, мөлшерлік, түр-түстік жағынан бір-біріне бүтіндей немесе бөлшектей жақындығы бар екі заттың, иә құбылыстың бөлшегі орнына бүтінін, бүтін орнына бөлшегін алмастырып айтуды метонимия дейміз» [9, 19 б.]. Метафора сияқты метонимия тілге жаңа мағына қоспайды, бұрынғы бар сөзге жаңа мағына береді немесе оның мағыналық аясын кеңітеді. «Егер метонимияда бір заттың бөлшегінің (бүтіннің) орнына бүтіні (бөлшегі) алмастырылып айтылса, метафорада бір заттың орнына екінші бір зат тепе-тең дәрежеде баламаланып алмастырылады» [9, 61 б.]. Жүсіп Баласағұн өзінің шығармасында ойын әсерлі, образды етіп жеткізу үшін сын есім сөздерді метонимиялы қолданған. Метонимиялық тәсілмен қолданылатын сын есімдер ойды әрі әсерлеп, әрі көп мағынаны қамти жеткізеді. Мысалы: Сучуг таттың ерса ачыққа анун (Тәтті жесең ащы жеуге дайындал); Харисларни көтрүп нафисни чалып,

Аду құтсыз ажун қарып мунар (Арамдарды көтеріп, адалды шалып, құтсыз дұшпан дүние алжып қартайған ба?). Сөз мағыналарының функционалды тәсіл бойынша ауысуы халықтың жағдай-тұрмысын, өскен мәдениетін көрсетеді. Үс адақліқ / үш аяқты (заттар) метонимиясы Құтты біліктің Герат нұсқасының 4215 жолында ұшырасады: qamuу үс адақліғу emitmäz bolur барлық үш аяқтылар теңселмейді (ҚБГ 4215) [5, 9 б.]; qamug үс адақліқ köni tüs turug барлық үш аяқтылар (заттар) дұрыс түзу тұр (ҚБН 683). Тілдік тұлға шеберлігінің танылар жері, образ дәлдігі мен бейнелігінің көрінер тұсының бірі – эпитеттер. Жарқын бейне, айқын эпитеттер образды көркем де бейнелі, нақты да терең сезінуге алып келеді. А. Байтұрсынұлы бір нәрсені көптен айырып, көзге көбірек түсерлік етіп айтқымыз келгенде, ол нәрсенің атына айқын көрсеткендей сөз қосып айтамыз деп, оны айқындау деген терминмен атайды. Айқындаудың өзін тек айқындау, көріктеу деп екіге бөледі: «бұл күнде қызыл тіл, алтайы түлкі, ақ сұңқар дегенде «қызыл», «алтай», «ақ» деген сөздерді көбінесе көркейту үшін жұмсаймыз. Сондықтан айқындаудың бұл түрі көркею деп айтылады» [10, 353 б.], - деді. «Құтадғу билиг» шығармасында эпитеттер қолданысы да байқалады. Тура жол «адал жол» эпитеті қолданылған: Адалдықтан еш айныма, тура бол Бар тілекке жеткізеді тура жол (ҚБ 6085). Тура сөйле, адал сөздің кіді жоқ, Жаман жанның сөзі жалған, тілі шоқ (ҚБ 6090). Қолы ашық «жомарт» фразеологизмі мына жолдарда көрініс тапқан: Үшінші – елге қолың ашық, сақи бол, Жаныңды қос, жұртпен мәңгі бақи бол! [ҚБ 5900]. Құтты білік шығармасында алып, құрыш жүрек кісілер күрделі эпитеті қолданылған: Бірі – алып, құрыш жүрек кісілер, Қылышымен елге пайда түсірер (ҚБ 5910). Сондай-ақ көзі сұқ кісі эпитеті 103 жолда берілген: todumsuz bolur ol közi suq kisi / közi suqqa jetmäz bu dünja aşı человек, имеющий завистливые глаза, ненасытен: / завистливому человеку не хватает (всех) яств мира (QVK 1031) [5, 570 б.]. «Сұқ» сөзінің семантикалық өрісінде «сұқ көз» (аш көз) метафорасы екіншілік аталымға ие болған. Бұл сөздің астарында метафоралық мағына жатыр, әрі эпитет те бола алады. Яғни метафораға негізделген эпитет деп айтуға болады. Zamana oқи / замана оғы метафораға негізделген эпитет «Құтадғу билик» шығармасының 101 жолында берілген: bajat kimkä bersä qilinc arquqi / anı emgätür bu zamana oқи если господь кого-нибудь наделил упрямым характером / тому стрелы судьбы будут

причинять боль (QVK 10115) [5, 639 б.]. Метафораға негізделген эпитеттер де баршылық. Мәселен, асiу söz/ашты сөз (адам жанына бататын сөз, қатты сөз) эпитеті жұмсалған: tügük jüz асiу söz kisig tumlitur қатал жүз ашы сөзді адам түңілдіреді (ҚБГ 9431) [5, 4 б.]. Сөзге қатысты sözi jumsaq / сөзі жұмсақ, sücig söz / тәтті сөз метафораға негізделген эпитеттер бар: sözi jumsaq – сөзі жұмсақ (QVK 33711); sözi jumsaq erdi – оның сөзі жұмсақ еді (QBN 452); erig söska jumsaq janu gılga – дөрекі сөзге жұмсақ жауап беру керек (QBN 25111); sücig sözka jumsar ubey häm kicig – Тәтті сөзден үлкен де, кіші де жұмсарады(QBN1987); erig sözkä jumšaq janut qılса өз на грубые слова сам должен давать мягкий ответ (QBN 25111) [5, 279 б.]. Сондай-ақ jumsaq/жұмсақ метафоралы сөзінің синонимі аsҮақ «тіл» сөзімен қатар келіп бейнелі жұмсалған: tilin аsҮақ el bol күдәзгил – тілің жұмсақ болсын, өзінді бақыла [QBN 8811]. Til jumsadi/тіл жұмсады, sücig sözka jumsar/тәтті сөзге жұмсару метафоралық тіркесі «Құтадғу билик» ескерткішінің 183-ші жолында берілген: сердце стали грубыми, языки смягчались (QBN 18317) [5, 279 б.]; sücig sözka jumsar ubey häm kicig Тәтті сөзден үлкен де, кіші де жұмсарады(QBN1987) [5, 279 б.]. Erig söz / ерік сөз метафораға негізделген эпитет «Құтадғу биликтің» 376 жолында берілген: Erig sözkä tomlir kisi көңлі terk от неприятных слов сердце человека быстро охладевает (QBN 3762) [5, 574 б.]. Java söz / бос сөз метафоралық тіркесі “Құтадғу биликтің» 44-ші жолында орын алған: java söz biligsiz tilindin çiqar пустые слова срываются с языка невежды (QBN 445); java cözläsä söz neçä jas qılur если говорят впустую, то сколько вреда приносит слово! (QBN 444) [5, 248 б.]. Köni söz/әділ сөз метафораға негізделген эпитет мына жолда көрініс тапқан: köni söz асiу ol сиңүргил ані / jaгiн асүї kelsä süçitgäj seni справедливое слово горько, но ты перевари его, / если завтра от него явится выгода, она тебя насладит (QBN 1 6412) [5, 516 б.]. Қанды жас эпитеті мына жолдарда берілген: Текке өткен тірлігімді сағынып, Көзден қанды жасым ақты қамығып! (ҚБ 6530). Ж. Баласағұнның тіліндегі теңеу, эпитет, метафоралар қолданысы қазақ тіліндегі дәстүрлі қолданыспен сабақтас. Көрнекті тілдік тұлғалардың тілінде қалыптасатын мұндай жүйе – заңды құбылыс. Тілдегі көркемдеу құралдарының ішіндегі ең көнесі – теңеу. Теңеу мағыналық құрылымы жағынан бейнелі сөздердің (троптардың) өзге түрлерінен ажыратылады. Теңеудің мағыналық құрылымы бейнелеуіштік, суреттілік

қасиетінің, экспрессивтілігінің басты негізі. Оның ассоциациялық мүмкіндіктері, стильдік әрі поэтикалық табиғаты мағыналық құрылымында жатады. Теңеу мағыналық тұрғыдан алғанда әрқашан тура мағынада жұмсалады да, метафора, метонимия, синехдоха ауыспалы мәнде келеді. Теңеу терминін қазақ филологиясында алғаш қолданып, ғылыми анықтама берген А. Байтұрсынұлы. Ғалым «Әдебиет танытқыш» еңбегінде былай дейді: «Көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанмен, нәрсенің бейнесін суреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсетеміз» [10, 354 б.]. Ғалымның бұл ойлары академик Қ. Жұмалиев еңбегінде жалғасын тапты. Академик З. Ахметов теңеу туралы былай дейді: «Теңеу – белгісіз нәрсені белгілі нәрсе арқылы күрделі нәрсені қарапайым нәрсе арқылы, алысты жақын нәрсе арқылы айқындап көрсету деген пікірді жиі кездестіруге болады, әрі осылай түсінудің бір қарағанда ұтымды көрінуі де мүмкін. Бірақ мұның өзі, әсіресе әдебиетті, поэзияны сөз еткенде, шындыққа жанасымды болып шықпайды. Өйткені көпшілікке белгісіз, түсініксіз нәрсені түсінікті, белгілі нәрсемен салыстырып айту бір басқа да, ал бейнелілік сипаты бар көркем теңеу жасау бір басқа. Поэзиялық шығармадағы теңеуді алсақ, мұнда мәселе салыстырылып отырған нәрселердің белгісіз немесе белгілілігінде емес, сол айтылған 40 өзгешелік бұлардың бірінен екіншісінде айқынырақ, көрнектілеу екендігінде, салыстырудың өзінен көп мағына туатындығында» [11]. Тілдік тұлғаның табиғатын ашып, суреткерлік шеберлігін тану үшін оның тілінде қолданылған троп түрлеріне зер саламыз. «Жазушының дүниені ерекше көркем түсінуі, сезінуі, оның көркемдік әдісі міндетті түрде оның шығармасында көрініс табады» [12, 112 б.]. Сонымен, «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші бір затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [13, 387 б.]. Т. Қоңыров теңеуді арнайы зерттей отырып, олардың жасалуының 10 түрлі тәсілін көрсетеді [13, 391-392 бб.]. Теңеу – лингвомәдениеттану ғылымының өзекті мәселесіне жатады. Академик Р. Сыздық былай дейді: «теңеу – таным нәтижесі, сондықтан теңеулердің дені

этнографиялық, ұлттық сипатта болады» [14, 161 б.]. В.А. Маслова мынадай пікір айтады: «Халықтық діл (менталитет) және рухани мәдени тіл бірліктері алдымен олардың бейнелік мазмұндары арқылы жүзеге асады» [15, 145 б.]. Метафора мен теңеудің тілдегі, әдебиеттегі қызметтеріне де көптеген ойшылдар, ғалымдар назар аударған болатын. Мысалы, Аристотель, Квинтилиан, А.А. Потебня сияқты ойшыл-ғалымдар «теңеу мен метафора форма жағынан ерекшеленеді» - деп, метафораны «қысқарған теңеу» ретінде қарастырған. Ғалым, Т.Қоңыровтың мынадай пікірі бар: «Әрбір теңеудің көлеңкесінен метафоралық мағына көрініп тұрады» [13, 119 б.]. Ол қазақ тіліндегі теңеулердің жасалуының мынандай жолдарын көрсетеді: 1) -дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін жұрнақтарының көмегімен; 2) -ша, -ше жұрнағының көмегімен; 3) шығыс септігі жалғауының (-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен) көмегімен; 4) секілді, сияқты, тәрізді, іспетті сөздерінің көмегімен; 4) 5) бейне сөзінің көмегімен; 6) тең сөзінің көмегімен; 7) ұқсас сөзінің көмегімен; 8) параллелизм тәсілі көмегімен; 9) аралас тәсілдің (бейне және -дай -дей; бейне және секілді) көмегімен; 10) қосалқы тәсілдер көмегімен [13, 11 б.]. Теңеу мен метафораның бір-бірінен үлкен айырмашылықтары бар. Ең алдымен семантикалық айырмашылықтар: метафорада предмет тура мағынада, бейне келтірінді мағынада жұмсалады, ал теңеуде бір-бірімен салыстырылған заттар тура мағынасында қолданылады. Олар салыстырылып, бейнелілік тудырады. Екінші – формалық айырмашылықтар, метафора негізінен екі сөздің тіркесуі арқылы жасалса, теңеу жұрнақтар мен шылаулардың көмегімен жасалады. Үшінші – құрылымдық айырмашылықтар, яғни метафора екі элементтен, ал теңеу үш элементтен тұрады. Ж. Баласағұнның тіліндегі теңеу, эпитет, метафоралар қолданысы қазақ тіліндегі дәстүрлі қолданыспен сабақтас. Көрнекті тілдік тұлғалардың тілінде қалыптасатын мұндай жүйе – заңды құбылыс. Ж. Баласағұн тіліндегі бейнелі теңеулер эпитеттік сипатта түркілік дәстүрлі үлгісінен туындаған, сондай-ақ, бұрын қолданылмаған тың теңеулер тобы да молынан ұшырасады. В.А.Маслова теңеудің табиғатын лингвомәдениеттану ғылымының өзекті мәселесі деп есептейді: «Халықтық діл (менталитет) және рухани мәдени тіл бірліктері алдымен олардың бейнелік мазмұндары арқылы жүзеге асады» [15, 145 б.]. Жүсіпте дәстүрлі tag, teg / дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары арқылы жасалған теңеулер көптеп кездеседі. Мысалы

Құтты біліктің Герат нұсқасының 5729 жолында бұл дүниенің мүлігін ашты суға теңейді: *aciŷ sub teg kög ol bu dünja neŷi* бұл дүние мүлкі ашты судай көрінер [5, 4 б.]. Сөзі шешектей/гүлдей теңеуі мына жолда берілген: Сөзи көр чечак тег өңи тү бодуғ Байқап көр сөзі гүл сияқты, өңи мың түрлі бояу сияқты (ҚБ 26). Кедзик тег/киіктей теңеуі «Құтадғу биликтің» 41 жолында қолданылған: Севүглини севмаз кедзик тег қачар Сүйіктіні сүймейді, киіктей қашады. *Qutqa qus teg usar/* Құт құстай ұшады деген бейнелі оралым бар: *kevänmä qovı qutqa qus teg usar* не доверяйся пустому счастью: улетит, как птица (QBN 5558) [5, 471 б.]. «Құтадғу билик» тілінде теңеулер де қолданылған: жортқан бұлттай, толған айдай, желдей т.б. Жортқан бұлттай жігіттіктен ауыстым, Ескен желдей тірлігімді тауыстым (ҚБ 6520). Қара жұпар басыма ақты жолаттым, Толған айдай жүзді қайда жоғалттым? (ҚБ 6530). Көшер ғұмыр көшті желдей аңырап, Өкініштің мұң-шеріндей жамырап... (ҚБ 6550). *Jel teg/желдей* теңеуі мына жолда көрініс тапқан: *inanma tiriglikkä jel kečär* не верь жизни, она проходит, как ветер (QBN 10310) [5, 254 б.]. Дүниенің өтуін желге теңеу 388-ші жолда жұмсалған: *kečär dünja kečti türi jel kečär teg* (QVK 3886) [5, 598 б.]. Сондай-ақ қайыңдай, малдай, құстай теңеулері жұмсалған. Оқтай түзу, қайыңдай тік едім мен, Садақтай боп иілдім һәм жеңілдім (ҚБ 6530). Ішпек-жемек болса, малдай жалмадым, Тілек-нәпсі үшін шанды қармадым (ҚБ 6535). Аңға түскен құстай ессіз атылдым, Ұшқан құстай ұшырдым мен атымды (ҚБ 6535). Атты құсқа теңеу «Құтадғу билик» шығармасының 387-ші жолында көрініс тапқан: *učar quš teg arqun aŷımda kūrattım* я заставлял бежать по собой породистого коня подобно летящей птице (QVK 3875) [5, 328 б.]. Үкіге қатысты теңеу де бар: *uluŷ tutsa ham(i) jät kör arslan laju / üqi teg usuz bolsa tünlä saju* (ему) следует основательно проявлять рвение, уподобляясь льву, / а по ночам бодрствовать (букв. быть без сна) подобно сове (QBN 17412) [5, 617 б.]. Бекті бірде арыстанға ұқсатып, бірде торқаға теңейді: *kür körü tursa beg / ögä tegsä jumšar bolur torqu teg* на взгляд бек 43 подобен грозному льву; / если воздать (ему) хвалу, он смягчиться и станет как шелк (QVK 24113) [5, 578 б.]. Сондай-ақ Исадай, Нұшырбандай, Қайсарша, Шаддадуше, Ескендірше теңеулерін кездестіруге болады. Не Исадай ұшып көкке шығайын, Нұшырбандай әділ заңды құрайын! (ҚБ 6550). Хұсрау, иә Қайсарша өмір бастайын, Шаддадуше бейіш

бағын баптайын (ҚБ 6545). Ескендірше бар жаһанды алайын, Нухтың жасын беріп ұзақ қалайын (ҚБ 6545). Батырдай, жанарымдай теңеулерін мына жолдардан табуға болады: Кеуде кердім жауды жеңген батырдай, Қалдым қатып қара тастай-тасырдай (ҚБ 6535). Егер, тапсам, опалы ер, ағайын, Көтеріп ап, жанарымдай бағайын! (ҚБ 6565). Жүсіп Баласағұн 228 жолда занды суға теңейді: *törü suv teg ol küç kör ot teg jodü* У закон как вода, насилие же – бедствие, подобное огню (QBN 22813) [5, 269 б.]. Сондай-ақ адамды өзенге теңеген тұстарын байқауға болады: *taqı bolmaz ersä azun barça qodtum / ögüz teg aqajı tüpi teg to* Яғи и если (ничего(не будет, я оставляю этот мир / и потеку, подобно по реке, поднимусь, подобно вихрю (QVK 38910) [5, 571 б.]. Бұлт күліп тұрған қыздай метафораға негізделген теңеу мына жолдарда кездеседі: *Qalıq qız külär teg jirišti tisin* небо, как смеющаяся девица, обнажило свои зубы (QBN 41611) [5, 263 б.]. «Құтадғу билик» тілінде «келін» лексемасы теңеу сипатында жұмсалады: *kişi kirmädük elkä kirsä qulı / kelin teg bolur er a* Үін teg tili если человек входит в страну, в который он не был / он становится как невеста и язык его немеет (QBN 472) [5, 308 б.]. Мұнда басқа елге барған адамды келінге теңеп тұр. Ал кейде Жүсіп Баласағұн дүниені келінге теңейді: *bezänip bu dünjä özin körgitür etinmis kelin teg köñül jelgütür* этот мир, принарядившись, показывает себя / подобно разряженной красавице (келин) заставляет волноваться сердце (QVK 2072) [5, 296]. Судай, теңіздейін, жебедей, лебіндей теңеулер де бейнелі жұмсалған: Біліксіз тіл, жүрек неге жарасын, Жанды судай біліктен күш табасың (ҚБ 6600) Ақыл берген теңіздейін телегей, Биіктерге самғасын деп жебедей (ҚБ 6645). Естінің сөзі – хауыздың лебіндей есер, Есердің сөзі – сүйреңдеп өз басын кесер (ҚБ 592 б.). Қайындай, оқтай теңеулері мына жолда берілген: *qajıñ teg bodum erdi oq teg köni түз / ja teg egri boldi egildim tönittim* мой стан, подобный береза, был прямым, словно стрела / он стал изогнутым, как лук: согнулся я, склонился (QVK 3871) [5, 580 б.]. Төмендегі жолдарда жасындай, тасындай, түстей теңеулері қолданылған: Әр сауалың асыл болсын жасындай, Ауыр тисін диірменнің тасындай (ҚБ 592 б.). Бұл дүние қып-қысқа көрген түстей, Қадірін білген дұрыс көрге түспе й (ҚБ 595 б.). Өмірдің өтуін түске теңейді, ол 61-ші жолда да ұшырасады: *tajanma tiriglikkä түш teg keçär* не надейся на жизнь, она пройдет, как сон (QVK 6114) [5, 527 б.]. Сондай-ақ өмірдің өткінші екені, желдей

есіп өтетіні мына жолдарда теңеу арқылы берілген: *inanta tiriglikkä jel teg kesär* не верь жизни, она проходит как ветер (QBN 10310) [16, 254 б.]. Аспанды күлімдеген қызға теңейді: *qalıq qız külär teg jiristi tisin* небо, как смеющаяся девица, обнажило свои зубы (QBN 41611) [16, 263 б.]. Бекті торқаға/жібекке теңейді: Күр арсланка оқшар көрү турса бег Өга тегса йумшар болур торку тег қарап тұрсаң бек айбатты арыстанға ұқсайды, Жылы-жылы сөйлесең, жұмсайды, жібектей (ҚБ 241). Торқа – ең қымбат жібек. Ж. Баласағұнның «Құтадғу билик» шығармасы тілінде параллельдік салыстырулар қолданылады. Параллелизм – ұқсас, қатар құбылыстарды салыстырып не салғастыра келіп, үшінші бір құбылысты ойдың түйінді қорытындысы ретінде береді. *Sevüg Zan teg / сүйген жандай теңеуі «Құтадғу биликтін»* 387-ші жолында көрініс тапқан: *adaş qoldaşımqa sevüg Zan teg* в отношении своих друзей я был подобен влюбленному (QVK 3876) [5 578 б.]. Уд'з'. Сиырдай теңеуі мына жолдарда көрініс тапқан: Йедім ичтим уд'з'тег Сиырдай іштім, жедім (ҚБ 408). Бұл сөздің уд варианты «Оғызнаме» ескерткішінде кездеседі. Өзге ескерткіштерде варианттары бар. «Құтадғу биликте» *jemä udlaju sen/сиырға ұқсап жеме* (QBN 1358) тіркесі бар. Сондай-ақ *jedim içtim ud teg/сиырдай іштім, жедім* теңеуге құрылған тіркесінің образдылығы ерекше болып табылады. Қиямет кезіндегі адамның жүзін айға теңейді: *qıjamättä körküt tolun teg jüzin* покажи нам в день страшного суда лица его, подобное луне (QVK 156) [5, 441 б.]. Дүниені көлеңкеге теңеу 112-ші жолда кездеседі: *Köligäñ teg ol kör bu dünja toña* о молодец, этот мир словно твоя тень (QBN 11215) [5, 314 б.]. Ауру кісіге теңеу мына жолда көрініс тапқан: *kezikliq kisi teg közin jummadı* он не смыкал глаз, подобно человеку, больному лихорадкой (QBN 13735) [5, 305 б.]. Иттің үруіне теңеу кездеседі: *Köräk teg ürärlär* лают как собаки (QVK 3914) [5, 317 б.]. Сөзді гүлге теңейді: *sözi kör çeçäk teg öñindü boduq* его слова, смотри, как цветы: разной окраской (QBN 268) [5, 387 б.]. Киіктей қашу тіркесі мына жолда берілген: *meñä urmasa örk meni tuttaçı / kejik teg qaçar men* если меня не взнуздают / я убегу, как лань (QBN 629); *sevuglini sevmäz keçik teg qaçar* любящего не любит, бежит от него, словно олень (QBN 411) [5, 294 б.]. Адамды қызыл түлкіге, бураға теңеу мына жолдарда көрініс тапқан: *jana alcı bolsa qızıl tülki teg* еще нужна быть хитрым, словно рыжая лисица (QBN 8626) [5, 596 б.]; *jana alcı bolsa qızıl tilkü teg / titir buyrası teg kör öç sürsä kek*

(военачальник) также должен быть хитрым подобно рыжий лисице / и приходит в ярость подобно самцу верблюда (из породы) титир (QBN 17410) [5, 564 б.]. Түйеге теңеу 187-ші жолда да байқалады: *tizilmiš titir teg uçar jelgürär* летят подобно выстроившимся в цепочку верблюдам, порхают (QBN 187) [5, 565 б.]. Адам ашуын бұғыға теңейді: *qutuz teg öci* его гнев (должен быть) подобен (гневу) оленя (QBN 1749) [5, 475 б.]. «Құтадғу биликтің» 112-ші жолында өмір түске теңеледі: *bu tüš teg tiriglik kešär belgüsüz / keräk qul keräk beg barïr kelgüsüz kelgüsüz* эта жизнь, как сон, проходит незаметно / раб ли, бек – (все) уходят безвратно (QBN 1121) [5, 296 б.]. Құтты көшпендінің атына теңейді: *köcüt teg bolur qut* (QBN 1323) [5, 311 б.]. Түнді көмірге теңейді: *Kömür teg qaraңуу tün* темная, как уголь, ночь (QBN 1136) [5, 314 б.]. *Quturmış bögi teg/құтырған бөридей* теңеуі “Құтадғу биликтің» 387-ші жолында орын алған: *Quturmış böri teg azunnı ulıttım* я заставил мир выть подобно бешенному волку (QVK 38711) [5, 610 б.]. Сондай-ақ күшті бөрінің күшіне теңейді: *bögi teg küci adıylaju aysun* (должен иметь) силу, как у волка, (быть) свирепым, как медведь (QBN 8624) [5, 10 б.]. «Құтадғу билик» тілінде кейіптеулердің де қолданыстары бар: *Йашық баш көтүрди йүз ачты йарук Күн басын көтерді, жарық жүзін көрсетті* (ҚБ 445); *Қалық қашы түгди көзи йаш сачар Аспан қабағын түйді, көзі жас төгіп түр* (ҚБ 18); *qalıq qası tügti közi jas sacar* небо нахмурилось, из глазаго брызжут слезы (т.е. пошел дождь) (QBN 1813) [5, 431 б.]; *kevinmä bü qutqa kelir terk barïr* не радуйся этому счастью, оно приходит и быстро уходит (QBN 1524) [5, 304 б.]; *Qalıq qız külär teg jirišti tisin* небо, как смеющаяся девица, обнажило свои зубы (QBN 41611) [5, 263 б.]; *kuzäk jazdı rumi qızı örtti jüz* румийская девица (т.е. солнце) распустила локоны, закрыла лицо (т.е. наступила ночь) (QVK 28915) [5, 250 б.]; *esizim jigitlik esizim jigitlik / tuta bilmädim men seni terk qacıttım* жаль мне, молодость, жаль мне, молодость / я не сумел удержать тебя и допустил, чтобы ты быстро прошла (QVK 3867) [5, 401 б.]; *köңul berdi söz häm jürütti tilig* / он дал мысль, слово и привел в движение язык (QBN 1619) [5, 287 б.]; *jajıy dünja mendin evürdi jüzin* непостоянный мир отвернулся от меня (QBN 896) [5, 287 б.]; *ölüm 47 buzdı ordu telim känd ulus* смерть разрушила дворцы, много городов и селений (QBN 34714) [5, 290 б.]; *qalıq tügdı qašin tünärtti jüzin* небо насупило брови, нахмурило лицо (QBN 4063) [5, 597 б.]; *jajıy dünja mendin evürdi jüzin* непостоянный

мир отвернулся от меня (QBN 896) [5, 287 б.]; Qatıuıqa jaraşur bu qut ırsa jüz всем нравится, когда улыбається счастье (QBN 1326) [5, 288 б.]. Qılıç el tüzär, qalam el tüzär деген тіркестерде қылыш пен қаламға жан бітіре суреттейді: qılıç el tüzär häm bosun qasYanur / qalam el tüzär häm xazinä uıur меч упорядочивает государство и завоевывает народы / перо приводит в порядок государство и наполняет сокровищницу (QBN 20112) [5, 637 б.]. Қорыта айтқанда Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу біліг» шығармасы қазақ жазба әдебиетінің тарихынан үлкен белесті орын алатын ұлттық мұрамыз. Сондай-ақ ежелгі түркі тіліндегі классикалық поэзияның тұңғыш үлгісі. Философиялық толғамдарымен де, поэтикалық ойлау ерекшелігімен де шеберліктің ең үздігі ретінде бұл ауқымды шығарма сол дәуірдегі өнер өресін, көркемдік таным мен ой-сананың биігін аңғартады. «Құтадғу білік» тілінің троп түрлері арқылы орта ғасырдағы түркі танымының көркем жүйесін аңғара аламыз.

Әдебиеттер

1. Әзімжанова Г. Көркем проза прагматикасы. - Алматы, 2005. - 300 б.
2. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 208 б.
3. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Санат. – 1988.
4. Баялиева Г.Ж. XI-XII ғасырлардағы жазба әдеби ескерткіштер тіліндегі сын есімдер. Ф.ғ.к. дисс. – Алматы, 2003.
5. Древнетюркский словарь / Под ред. В.М. Наделяев, Д.М. Насилов, Э.Р. Тенишев, А.М. Щербак. – Ленинград: Наука, 1969. – С. 676.
6. Қайдаров Ә. Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Мектеп. – 1992. – 172 б.
7. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі. - 1992. – 160 б.

8. Хасенов Ә. Тіл білімінің теориялық және практикалық мәселелері. – Алматы: Мектеп. – 1985. – 205 б.
9. Нұржекеева Л. Метонимияның лингвистикалық табиғаты. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 80 б.
10. Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: Ғылым. - 1991. – 463 б.
11. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп. – 1973. - 212 б.
12. Манкеева Ж.А. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. Ф.ғ.д., дисс. Авторефераты. – Алматы, 1997. – 53 б.
13. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері // Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 480 б.
14. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. - 616 б.
15. Маслова В.А. Лингвокультурология. – Москва: Академия, 2001. – 202 с.
16. Түркология және қазақ тіл білімі. - Алматы., 1998.

БӨЛІМ 3

АҚЫМЕТ ІЛІМІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ГРАММАТОЛОГИЯСЫ

Ұлжан Үсенқызы Анарбекова

АҚЫМЕТ ІЛІМІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ГРАММАТОЛОГИЯСЫ

Ұлжан Үсенқызы Анарбекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті докторант

Алматы қаласы, Қазақстан

u.anarbekova@mail.ru

Жазу – адам ойын сөз түрінде қағазға түсіру жолы. Жазу – ақпарат алмасудың уақыт пен кеңістікке тәуелсіз жолы. Жазу – дәлел болуға лайықты күші бар айғақ. Жазу – ғылымды бекітуші құрал. Жазу – сауаттылықтың бір кепілі. Сауаттылық – қоғам мәдениеті мен өркениеті үшін аса құнды сипат. Мәдениеті мен өркениеті жоғары қоғамның білімі де, ғылымы да жоғары болады, дами түседі. Сәйкесінше экономикасы да, әлеуметтік жағдайы да алға жылжиды. Жазу – мәдениеттің асқар шыңы.

Қазақ жеріндегі жазу сан ғасырларда түрлі күйге енгендігі тарихтан белгілі. 500 жылдары қазіргі қазақ жеріндегі көне түркі заманындағы тайпалық одақтар, қағанаттар руна жазуын қолданса, одан кейінгі 600 жылдардағы араб шапқыншылығынан кейін түркі халықтары Ислам дінін қабылдап, дінмен қоса араб графикасы да енді. 1465 жылы Қазақ хандығы құрылғанға дейін және кейін де осы араб графикалы жазу қолданыста болды. Ол кездегі жазу «ұйғыр жазуы», «шағатай жазуы» деп аталып жүрсе де, кейінгі кезде қазақ лингвисттері «ескі қазақ жазба тілі» деп атау жөн екенін жазады. Біз де ол пікірді қолдаймыз. 1700 жылдары Патша үкіметінің қол астына бауырлық қатынаста кірген қазақ еліне орыс патшалығы 1800 жылдарда өз діні мен жазуын енгізу жұмысымен айналысты. Оған дәлелді Н.И. Ильминскийдің патшаға және қазақ ағартушысы Ыбырай Алтынсаринге арнап жазған «Воспоминание об Алтынсарине» (1891) [1] деп аталатын естеліктер кітабындағы деректерден аламыз. 1870 жылдарға дейін қазақ жерінде ашылып жатқан мектептерде орыс тілі шет тілі ретінде оқытылғанымен, аталған жылдары қазақ жазуына кирил графикасын енгізу нақты қолға алынып, арнайы комиссия құрылып, іске кірісті. 1860 жылы Н. И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» [2] деп аталатын қазақ тілі дыбыстары мен грамматикасы жайлы қысқаша ақпарат берілген орыс-қазақ сөздігі, В.В.

Григорьевтің «О передаче звуков киргизского языка буквами русской азбуки» [3] атты Н.И. Ильминскийдің еңбегіне қарсы жазылған мақаласы, 1897 жылы В.В.Катаринскийдің «Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис» (Орынбор, 1897) [4] атты еңбектері жарық көрді. Ол кезде бұл іс толық жүзеге аспады, себебі қазақ хандығы болып қалыптасқалы қазақтың діні – Ислам, жазуы – араб графикалы жазу болды. Дін мен жазу байланысы тым тереңде жатқандықтан оларды ажырату, қазақтың қолына басқа жазуды «ұстату» оңай шаруа емес еді. Десе де шығып жатқан кітаптар мен мақалаларға оң пікір білдіріп, орыс жазуына көшуді жөн көргендер де болды. Бұл еңбектер жайлы пікірлер 1888 жылдың 1 қаңтарынан 1902 жылдың 12 сәуіріне дейін Омбы қаласында қазақ, орыс тілдерінде «Акмолинские областные ведомоства» газетіне қосымша ретінде шығып тұрған ресми газет «Дала уәлаяты газетінде» басылып отырды. Дінмұхамед Сұлтанғазыұлы «Қазақ тілінше жазу» (1896) [5], «Қазақ сөзін қалайша жазу турасы» (1899), Құрманбаев Асылқожа «Қазақ тілі турасынан» [6], Әлжанов Отыншы «Қазақтарға пайдалы кітаптар» (1894) [7], Рақымжан Дүйсенбаевтың «Харіп турасының сөзі (К вопросу о киргизком алфавите)» (1897) [8] атты мақалаларда қазақ тілі, жазуы, әліпбиі, емлесі, кірме сөздер жайлы мәселелер көтеріліп, шешімін табуға ұсыныстар жасалды. Аталған мақалалардың бәрінде дерлігінде қозғалған басты мәселе – қазақ әліпбиін қазақ дыбыстарын толық қамтитындай етіп түзеу болды.

Құрманбаев Асылқожа «Қазақ тілі турасынан» [6] атты мақаласында қазақ тілі туралы мәліметтер беріп, әрбір оқу білетін қазақтың хат жазғанда не сөйлескенде керек болсын болмасын басқа тілдің сөздерін қолданатынын айтып, сынады. Қазақтың қант, кісі, көрпе, жастық сөздерінің орнына сәйкесінше «шекер», «кіші», «жуырқан», «міндәр» деп ноғайша айтатынын жазады. Қазақтың тілінің жыл-жыл сайын төмендеп бара жатқанын айтады.

Отыншы Әлжанов «Қазақтарға пайдалы кітаптар» [7] (Д.У.Г. 1894. №39) мақаласында қазақ жазуын орыс әрпіне өтуін қолдаушылардың бірі болды. Қазақ тілінде араб, парсы, ноғай, түрік сөздерінің көп екенін, оқығандардың өзге жұрт сөздерін қосып сөйлеп, жазатынын қынжыла жазады. Орыс ғылымының

дамып жатқанын айта отырып, қазақ балдарының орыс тілінде білім алғанын, оқығанын қолдайды.

Дінмұхамед Сұлтанғазин «Қазақ тілінше жазу турадан» (1896) [5] атты мақаласында қазақ жазуы мен емле мәселесін сөз етеді. Автор мақаласында қазақ жазуына орыс әріпін алған жөн бе әлде араб әріптерін бе деген сұраққа жауап береді. Бірінші кезекте, екеуі де қазақ тілінің дыбыстарын толық көрсете алмайтынын, бірақ араб әріпінде жуан әріптердің бар екенін айтады. Десек те ғылымды оқып, біліп, даму үшін орыс тілінің маңызын түсініп, оны үйрену үшін орыс әріптерін білу де қажеттілік деп санап, таңдауы орыс әріптеріне түседі. Сонымен қатар автор кірме сөздер мәселесін де қозғап, қазақ тілінде араб-парсы, орыс және моңғол сөздерінің көп екенін оны көбіне араласын халықтар мен халықтың мұсылман екендігімен түсіндіреді. Қазақ тіліне кірген орыс сөздері жайлы автор бұларды жазғанда сөздердің оңайлығы мен қазаққа ұғымдылығына қарау керек екенін жазады. Егер қазаққа түсінікті болса, орыстардың өз сөйлегендеріне ұқсатып жазуға тырысуды қолдайды.

ДУГ-тың 1897 жылғы 10 санында Рақымжан Дүйсенбаевтың «Харіп турасынан – К вопросу о киргизком алфавите» [8] атты мақаласы жарық көрді. Рақымжан Дүйсенбаевтың нақты көтерген мәселелерін ажыратып көрсетсек:

1. Қазақтың дауысты дыбыстарын нақты көрсету;
2. Араб әріптері сөз басында, ортасында, аяғында әр түрлі жазылатыны баланың басын қатырады, яғни барлық орында бірдей формада болатын әріп арнау;
3. Өзге жұрт әліпбиіндегідей неше түрлі тыныстар арнау;
4. Біреудің есімін құрмет тұтқаныңды көріп, басына жазуға үлкен әріп арнау.

Автор Құранды дін жөнінен оқу үшін араб әріптерін пайдалана беру жөн екенін, бірақ та қазақша қисса, өлең, ертегі, ғылым жайларын оқып, жазу үшін қазақ үшін әдейілеп оңайлатып жасалған әліпби қажет екенін жеткізеді.

Автор араб тілінде дауысты дыбыстар аз екенін әрі бірлі-жарым дауысты дыбысты белгілеу үшін асты-үсті үтірлерді

пайдаланатынын жазады. «Мата» сөзін «мт» деп жазатынын мысалыға келтіреді. «Осы кейінгі формамен араб дініне кірген түркі һәм өзге халықтардың көбі жазады. Бұлардың арасында қазақ та солай жазады. Мысалы, қазақ дегеннің орнына «қзқ» деп, халық дегеннің орнына «хлқ» деп жазамыз», [8] - деп жазады автор. Әрмен қарай автор «қазақ тіліне жаңа харіп шығаруға, не болмаса осы күнгі жазып жүрген әліпбиді түзетуге көп тіл білетін ғұлама адам керек дейді қайсы бір адамдар», - деп ол күнде қазақта бірнеше тіл түгілі хаттың өзін танитындар аз екенін айтып, ол ғұламаның жер астынан шыға қоймайтынын, шықса да қазақ тілінде бар дыбыстан артық дыбыс ойлап таппайтынын айтып, сол кездегі көзі ашық оқығандарды білімді ғұламаның келгенін күтіп отырмай, әліпбиді қолдан келенше реттеуге шақырады. Азды-көпті қате болып жатса кейінгі ғұламалар жөндейді деп үміттенеді. Әрі қарай «.Мұндай ғұлама қазақ ішіне қайдан келеді, қашан шығады? Мен сіздерге, мырзалар, айтайын, ғұлама өз тұсынан жерден тезінен шыға келмейді, ғұлама үлкен оқулы адамдар кішкентай адамдардың жаһұтымен шығады. Істі жалғыз ғұламадан басқа қыла алмайды емес, кім қыламын деп талаптанса, кім жақсылық қыламын десе сол қылады», - деп сол кездегі оқығандардың күткен ғұламасы шыққан күннің өзінде қандай болатынын сипаттап жазды. Әрине, автор сол ғұламаның келетініне сенімі толық емес екенін жазса да, түбі ондай үміттің өзінде де бар екенін байқауға болады. «Мұнда қандай әліпби қазақ тіліне дұрыс келеді яки ескі араб әліпбиін қалайша түзетеміз деген сұрақ көп сөз болып жатқан», [8] – деп жазып, қазақ тіліне анық жететін әліпби қажет екенін, әліпбисіз ешбір халық ғылым, білімді болмайтынын айтады. Расында XIX ғасырдың соңында бабаларымыздың қазақ тілінің ғылым тілі болғанын қалағаны әрі ол істе бірінші кезекте әліпбиіміздің қазақ тілінің дыбыстарын толық беретін түзу болуы шарт екенін жете түсінгені, бірін-бірі осы жолда қызмет етуге шақырғаны бүгінгі ұрпаққа ерекше сабақ болуы тиіс деп білеміз.

Тарихқа көз жүгіртіп отырсақ, адам таңғаларлық әрі тамсанарлық жағдайлар көп орын алып отырған. Сондай жағдайлардың бірі – XIX ғасырдағы қазақ оқығандарының сөз етіп, күткен ғұламасы XX ғасырдың басында қазақ тарихы сахнасына шықты. Қолданыстағы араб әліпбиін өзгертіп, қазақ тілінің дыбыстарын

толық беретіндей етіп түзеп, дұрыс іс қыламын деген, жақсылық жасаймын деген, қазақ оқығандарының дұғасы, қазақтың маңдайына біткен ғұламасы – Ақымет Байтұрсынұлы еді. Ғалым қазақ ұлттық әліпбиін жасап қана қоймай, ХІХ ғасырдың 70 жылдарынан бастап Қазақ халқын шоқындыру, тілі мен жазуын орыстандыру саясаты жолында нақты істер атқарылып жатқан заманда, бұл саясат идеологиясынан қазақ халқын жарты ғасырға жуық уақыт аман сақтап қалды деп нақты сеніммен айта аламыз.

Әр заманның халқы үшін жанын беруге әзір өз қас батыры, асқан білімпазы, дара ғалымы болады. Қалта мен құлқынның құлы болмай, ел қамын ойлайтын нағыз азаматтары болады. Ақымет Байтұрсынұлы – осындай елінің бүгінге жүрегін ауыртып, ертеңге еңбек еткен тұлғалардың бірегейі, ұлт ұстазы. Ғалым жайлы, ғалымның еңбектері жайлы зерттеулер баршылық. Дегенмен де, қазақ ұлтының дамуына зор үлесін қосып кеткен тұлғаның әлі де зерттеуді қажет ететін әр салада салып кеткен өз ізі бар. Тілші академик Рәбиға Сыздықтың «Әрине, біздің сипатымыз өте жалпы айтылып, қысқа қайырылған түйін. А. Байтұрсыновтың ағартушылық, ғылыми еңбектерімен қатар, оның поэтикалық творчествосын, саяси-әлеуметтік көзқарастарын нақтылы, арнайы және терең зерттеу – алдағы міндет, әр сала мамандарының жұмысы» [9], – деп баса айтып өткеніндей, ғалымның еңбектері қазақ тіл білімі ғылымы аясымен ғана шектелмейді.

Профессор А. Салқынбай «Қазақ тіл білімі тарихы» атты зерттеуінде: Ахмет Байтұрсынұлы ұлт мектебінің бойына қан жүгіріп, өз аяғына тұрып кетуі үшін, ең алдымен, оның жазуы, яки түсінікті де сөздің айтылу жүйесін толық белгілей алатын әліпби қажеттігіне әсіресе қатты ден қояды. Сөйтіп, 1910 жылдан бастап қазақ жазуын жаңадан түзумен айналыса бастайды. Өзінің негізгі ғылыми ойларын ғалым 1912 жылдан бастап “Айқап” және “Қазақ” газеттерінің беттерінде жариялайды, - деп атап көрсетеді [10].

Қазақтың ірі жазушысы Мұхтар Әуезов 1923 жылы А. Байтұрсынұлының 50 жылдығына орай жазған мақаласында «жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахаңды өзінің басшысы деп санайды», – деп жазуы арқылы оқырман қауымға ғалымның қазақ

әдебиеті саласының да негізін салушылардың бірі екенін танытады. Нұрғалиев Р. еліміз тәуелсіздік алған жылы жарық көрген мақаласында Ақымет Байтұрсынұлының «...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» [11], – деп ғалымның «Әдебиет танытқышына» лайықты жоғары бағасын береді. Осыдан да ғалымның әдебиет саласына салған сара жолының тереңдігін көре аламыз.

Ал, 1923 жылы 28 қаңтарда ғалым жайлы жазған мақаласында Елдес Омарұлы ғалымның еткен еңбектерін тізбектей келе «было бы не излишне пояснить, какое имеют значения эти открытия, они говорят сами за себя: каждое из сделанных Ахметом Байтурсиновичем открытий, безусловно, представляет собой гигантский шаг вперед в истории киргизской (казахской) грамматики; (открытия Ахмета Байтурсиновича) слишком велики, чтобы исчерпать в краткой статье все их значение» [12], – деуі арқылы ғалымның ашқан жаңалықтарының мол екендігі және әрқайсысының қазақ тіл ғылымының дамуына қосқан үлесінің ерен екендігін нақтылайды.

Ақымет Байтұрсынұлы термин жасауда да терең із қалдырды. Терімсөздердің қазақыландыру ұстанымын берік ұстанып, сол жолда аянбай еңбек етті. Өзінің «Сәбитке жауап» деген мақаласында: «Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар» [13], – деп терминжасауда қазақ баласы ұғарлықтай атау болуы тиіс екендігін алға тартып, жат сөздерді өзгертпей қабылдауға қарсы екенін ашық білдірді.

Ақымет Байтұрсынұлы – қазақ грамматологиясының негізін қалаушы біртуар ғалым. Грамматология жазу туралы, жазудың типологиясын, графикаларды, олардың талдауларын, жазу мен сөйлеудің қарым-қатынасын қарастыратын тіл білімінің бір саласы. Л. Р. Зиндер өзінің «Очерк общей теорий письма» атты еңбегінде Бодуэн де Куртенинің графика, алфавит, орфография ұғымдарын жазу категориясына жатқызғанын жазды [14]. Қазақ фонетист-ғалымы Әлімхан Жүнісбек те «Төл әліпби – төл жазу мәселелері» [15] атты еңбегінде жазу әліпби, таңба және емле-

ережеден құралатынын айтады. Грамматологияның алфавит, графика, орфография және пунктуация сынды негізгі категориялары бар. Аталған категориялардың әрқайсысы бойынша Ақымет Байтұрсынұлы зерттеулер жүргізіп, ғылыми теориялық негіздемелерін қалдырды.

XX ғасырдың басында қолданыста болған ескі жазудың қазақ тілінің бар дыбыстарын көрсете алмайтынына көзі жеткен ғалым, араб графикасын пайдаланып, қазақ баласына түсінікті болатын, қазақ тіліне тән дыбыстардың бүткілін нақ көрсететін ғалымның өз сөзімен айтқанда «самый идеальный алфавит», яғни мінсіз әліпби құрастырды. Оған ешкімнің дауы жоқ. Алғаш қазақ әліпбиін, қазақ тілі емлесін жасаған ғалымның еңбегін сол кездегі бірегей замандастары да мойындады. 1929 жылы Қызылорда қаласында болған емле конференциясында Е.Д.Поливановтың Ақымет Байтұрсынұлының араб жазуын өңдеп, қазақ тілінің заңдылықтарына қарай ыңғайластырып енгізген өзгерістері жайлы «вul дәvir 1923-24 ҫылдарь volдъ; ol kezde birine biri ҫanaspajtьn emleler ҫasaldь. sol kezdegi qazaqьstannьq istegen ҫumьstarьn ьraqattanьp eske tysirem. ol kezde qazaqьstannьq soңnan vasqa tyrk elderi erdi. arap ҫazuvьn өңdev, озgertyv ҫаоqьнан qazaqьstan vasqa elderdiң aldьnda отьрдь; vasqalarga muғndьq volдъ. qazaqьstannan soңoqь oғьnda tatarьstan volдъ. sol kezdegi qazaqьstan men tatarьstannьq eski ҫazuvьndaj ҫaqьsь ҫazuv voloqan ҫоq. arap әlippesin duғьstar өңdev tek qazaqьstan men tatarьstannьq oqana qoльnan keldi. qazaqьstanda munь istegen vaјtursьn ulь volдъ. tatarьstannan qazaqьstannьq ҫazuvь артьoqьraq volдъ» [16], – дейді. Қазақстан елінің атқарған жұмысының жоғары болғаны жайлы айтып, бұл істі атқарушы Ақымет Байтұрсынұлы екенін айта отырып, ғалымның еңбегіне жоғары баға береді.

Әліпби дұрыс болса, емле ережелері де жөнге келмек. 1926 жылы болған бірінші бүкілодақтық түркологиялық съезде Ақымет Байтұрсынұлы сөйлеген сөзінде біреулер әліпби мен дұрыс жазудың арасында байланыс бар десе, енді біреулері жоқ дейтінін айта келе «на самом деле правописание имеет связь с алфавитом только в том случае, если алфавит несовершенный» [13], – деп, әрмен қарай «если алфавит несовершенный, тогда действительно это несовершенство будет влиять на правописание, а когда алавит совершенный в том смысле, когда для каждого звука имеется

соответствующий, определенный знак и этот знак никогда не меняется, то это другое дело» [13] деген сөздермен ойын сабақтайды. Демек, ғалымның тұжырымы бойынша әліпби мінсіз болуы үшін, әр дыбыстың тек өзіне тән, сәйкес, еш өзгермейтін таңбасы болуы шарт. Ал, ғалым жасаған араб графикасына негізделген әліпбиі осы шартты толығымен орындаған кемел әліпби болды.

Ғалымның айтуы бойынша «Әліпби деген тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы» [17]. Бұл дегеніміз, жұмақта әр адамның өзінің керемет дайындалған толыққанды әсем орны болатындай, әліпбидегі таңбалар да әр дыбысқа толыққанды орын беріп тұруы абзал екен. Профессор Н. Ф. Яковлев мінсіз әліпби жайлы «тем меньше знаков, тем лучше» [13] деп таңбалар санының аз болуына мән берген. А. Байтұрсынұлы әліпбиі аталған мінсіз әліпби сипатына да сай келді.

Ақымет Байтұрсынұлы әліпби қазақтың тәжірибесіне бағынбайтын дүние емес екенін тілге тиек ете келе, «Это (алфавит) есть не больше, не меньше, как комплект знаков, изображающих основные элементы речи. Чем легче, чем полнее передаются эти элементы речи тем лучше алфавит» [13] деп сөйлеудің негізгі элементтері оңай болған сайын, әліпби де жеңіл болатынын айтады. Ғалым өзінің баяндамасында әліпбиден не талап етіледі деген сұрақ қойып, «от алфавита требуется, чтобы он хорошо передавал звуки и в техническом отношении был удобен» [13] деп жауап береді. Мұнан ұғарымыз, әліпби дыбыстарды дұрыс жеткізуі тиіс әрі техникалық тұрғыдан ыңғайлы болуы шарт.

Профессор Н. Ф. Яковлев алғашқы бүкілодақтық съезде жасаған баяндамасында әліпби жасағанда мән беретін екіжақты сұрақ бар екенін, оның бірінші жағы әліпби реформасын енгізгелі отырған халықтың мәдени-әлеуметтік жағдайына қарау керектігін көрсетеді. Ал, екінші жағы әліпбиді енгізудің техникалық өңделуі, сарапталуы. Бұл екінші жақтың өзі ішінде тағы екіге бөлінеді екен. Алғашқысын, профессор жазу жүйесі деп атайды да, екіншісі таза графикалық жағы деп көрсетеді. Жазу жүйесі деп атаған алғашқы жақ әліпбиді орфографиямен байланыстыратынын айтады. Мұнда бұл тілге және сол тілдің әліпбиіне қанша таңба қажет деген сұрақты жатқызады. Бұның графикаға тіпті қатысы жоқ екенін

айта келе, әліпби құрастырғанда жауабын табуға тиіс ең алғашқы сұрақ осы деп нақты жеткізеді. Әрмен қарай таңба санын анықтау мен ол сандарды үнемдеудің түрлі жолдары бар екенін айтады. Расында, араб графикасы болсын, латын графикасы болсын әліпби жасалғанда бірінші қаралуы тиіс мәселе әліпбиге енетін таңба мәселесі. Ал, оның ар жағында дыбыстар тұрғаны анық. Түптеп келгенде, әліпби жасағанда графикадан бірінші дыбыс, таңба мәселесі шешімін табуы тиіс. Ақымет Байтұрсынұлы алғаш қазақ әліпбиін жасағанда дыбыстардың толық таңбалануына, таңба санына, оны үнемдеуге баса назар аударды.

Ғалым өзінің «Жазу тәртібі» [18] деп аталатын мақаласында қазаққа оқудың керектігі даусыз екенін алға тартып, оның екі түрі бар деп көрсетеді: мұсылманша оқу, русша оқу (орысша оқу-авторлар). Орысша оқудың ұзақ уақытты талап ететінін ескерте келіп, қазақша білім алу керектігін тілге тиек етеді. Ал, қазақша оқу деген сол күнгі мұсылманша оқу еместігін, ол жолдың «бұрғалақ-жырғалағы» көп екенін, бұған да орысша оқыған секілді уақыт кетіп қалатынын салыстырып көрсетіп, қазақ тілінде дұрыстап хат тануға небәрі бір-екі-ақ жыл кететінін айтады. Сол кезде ноғай, түрік, фарсы, араб тілінде жазылған кітаптар аралас оқытылып, баланың миын ашытып, оқуды күрделендірді. «Осы күнгі жазуымызда дыбыс басына арнаған белгіміз жоқ; бір белгіменен әлде неше түрлі дыбыстарды жазамыз» [18] дей отырып, ««о -» жазамыз бес түрлі дыбысты, «ы-ۋ»-менен жазамыз үш түрлі дыбысты» деп мысал келтірді. Осылайша ғалым бірдей жазылатын сөздерді балаға әр түрлі оқыту зорлық болатынын айтады. Сонымен қатар, ғалым сол кездегі мынадай негізгі кемшіліктерді атайды:

- Әркім әртүрлі жазады. Бір жөнменен жазылатын жазу жоқ.
- Жазғанымыздың қате я дұрыстығын айырарлық емле жоқ.
- Оның жоқтығы қазақ тіліндегі дыбыстарға ашып арнаған қаріптер жоқ.

Осындай кемшіліктерді тізіп көрсетіп, олардың байыбына барып, қазаққа жаңа жазу қажет екенін түсінді. Ол жазудың дұрыс не бұрыстығын ажыратып көрсететін емле қажет екенін, ал емле болу үшін алдымен қазақ дыбыстарына әріптер керек екенін ашық

көрсетті. Яғни, алдымен қазақ дыбыстарына әріп арнау – жаңа әліпби жасау деген сөз. Сол кездегі араб графикасының қазақ дыбыстарын толық жеткізе алмайтынын ескеріп, әріптің тіл үшін шығарылғанын айтып, «қарпі жоқ деп тілдегі дыбысты жоғалту емес, ол дыбысқа жоқ қаріпті іздеп табарға керек» [18] деген тұшымды пікір айтып, қазақ ағартушылары алдына нақты тапсырма қойды. Бұлай жасау тек бізде ғана емес, өзге жұрт та солай жасайтынын, яғни бұл жағдайдың қалыпты екенін жеткізеді. Кемшіліктер нақты белгілі болған соң, оларды реттеу жолындағы жұмыс айқын болмақ. Сонымен қатар оқу құралының да жанды қинамайтын, жеңіл әрі түсінікті болуға тиіс екенін айтып, сол жолда қызмет етті.

Жазу тәртібін ретке келтіру. Ғалым жұмысын қазақ тілінің төл дыбыстарын анықтап, оларға өзінің айтуы бойынша «жазу белгілерін», яғни әріптерді табудан бастады. «Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты.

Дауысты дыбыстар: ا (а), و (о), ۇ (у), ى (ы), ه (е). Дауыссыз дыбыстар: ب (б), پ (п), ت (т), ج (ж), چ (ш), د (д), ر (р), ز (з), س (с), غ (ғ), ق (қ), ك (к), گ (г), ث (һ), ل (л), م (м), ن (н). Жарты дауысты дыбыстар : ؤ (у), ي (й)» [18].

Ғалымның түсіндіруі бойынша, енді осы дыбыстардың ішінде үнемі жуан (қ, ғ), үнемі жіңішке айтылатындары бар (к, г, е). Қалғандарының жіңішке, жуан нұсқалары бар. Қалған 19 дыбыстың әрбірін жуан, жіңішке етіп жазып отырсақ, 38 әріп керек болады, оған қалған 5 дыбыс таңбасын қоссақ бар жоғы 43 әріп керек болады екен. Араб әліпбиінде онша әріп жоқ болғандықтан, ғалым жіңішкелікті білдіретін арнайы белгі «» – дәйекшіні енгізеді. Сол арқылы әліпбидегі әріптер санын азайтты. Бұған себеп болғаны, қазақ тілінде дауыссыз дыбыстардың дауысты дыбыстарға бағынатындығы. Бұл дегеніміз, дауысты дыбыс жуан болса, сөздегі дауыссыз дыбыстар да жуан айтылмақ, ал егер дауысты дыбыстар жіңішке болса, дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылмақ. Себебі, қазақ тілі сингармониялық тіл. Бұл шешім сол кез үшін жоғары деңгейде табылған жаңалық болды. Қазіргі таңның өзінде бұл шешімнің оңтайлы болғанына ешкімнің дауы жоқ. «Дауысты дыбыстарымыз: а-^ا, о-^و, ұ-^ۇ, ы-^ى-лардың

жіңішке айтылуы үшін алатұғын белгіміз мына «ۋ» (знак предупреждающий), бұл белгі дәйекші болып сөздің алдына қойылады» [18] дейді ғалым. Сол белгі арқылы сөздер толығымен жіңішке оқылды.

Ғалым ۋ (ы) дыбысына тура келетін араб әліппесінде әріп жоқ екенін айтып, араб графикасындағы ۋ таңбасын нүктесіз «ۋ» белгісін алады. Яғни, осылай қазақта бар дыбысқа жаңа әріп арнайды. Осы секілді араб графикасында жоқ ұ, о, г, е, п, н, у дыбыстарына жаңа таңба арнайды.

Сонымен қатар араб, парсы тілдерінен еніп қазақтың өз сөзіндей болып кеткен сөздерді қазақ тілінде қалдыру керек пе, әлде қуып шығарамыз ба дегенде, өзінің сақтау жағында екенін айтады. Басқа тілдерде де тілге ыңғайланған сөздерді сақтайтынын айтып, ойын негіздейді. Ондай сөздерге араб тілінің адал-халал, арам-харам, әл-хал сөздері, парсы тілінің ән-аһн, қожа- хоажа сөздерін мысалға келтіреді.

Ғалым әліпби әріптерін, жазу тәртібін осылай ретке келтірді. Сынап пікір жазғандар болғанымен, сол кезде жалпы халық та, ағартушылар да мойындап, қолданысқа енген әліпби осы болды. Бұл әліпби «қазақтың алғашқы ұлттық әліпбиі» атауына ие болды.

Ғалым әліпбиді жасаумен қатар «Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап» (1912) [18] дей отырып, балаларға арнап оқу құралын да жасады. Онда оқығанды есте қалдыру мақсатында орындалатын түрлі жаттығулар болды. Бұл қазақ жазуы үшін де, қазақ тарихы үшін де аса маңызды оқиға болып табылады.

Көріп отырғанымыздай, Ақымет Байтұрсынұлы әр дыбыстың дұрыс таңбалануына аса мән беріп, таңбаны үнемдеуі қажет екенін де ескеріп, расында мінсіз әліпби түзіп шықты. Ғалымның бұл ісі жайлы профессор Н.Ф. Яковлев өз баяндамасында түркі халықтарындағы әліпби жүйесін орнатудың қарапайым жолы өздігінен біршама күрделенгенін айтады. Ғылымның ұсынар қарапайым жолы бұл тілде сөз мағынасын ажыратумен байланысты қанша осындай дыбыстық айырмашылықтар барын көрсету, себебі әр тілде екі категориялы дыбыстық айырмашылықтар бар: біреуі сөздерді мағынасына қарай ажыратумен байланысты болса, екіншісі онымен байланысы

жоқтары деп хабарлайды. Бұл жерде сөз мағынасымен байланысы жоғы мәтіндегі дыбыстардың байланысу заңдылығы бойынша сөйлеу барысында автоматты түрде пайда болып, әліпбиде көрсетілмеуі тиіс, ал сөз мағынасымен байланысы барлар әліпбиде көрсетілуі тиіс екенін айта келе былай жалғастырады: «Но все дело в том, что мы встретились с интереснейшим явлением: работники на местах, из которых некоторые даже здесь присутствуют, как тов. Байтурсын из Казахстана, по своей инициативе сделали до известной степени открытие, а именно, они использовали фонетические законы тюркских языков, те из них, которые проводят явления сингармонизма без исключения, и вместо того, чтобы вводить для довольно большого количества гласных звуков особые буквы, они использовали тот факт, что в слове в этих языках могут быть или только твердые гласные, или только мягкие гласные. Они ввели особые знаки, которые должны это качество обозначать на целом слове, таким образом, алфавит, в котором все решительно звуковые отличия выражены, оказался на значительное число знаком экономней» [13]. Демек, Ақымет Байтұрсынұлының әліпбиді жасауда тапқан шешімі заманының елеулі жаңалығы болғаны айқын екенін көреміз.

Ғалым әліпбидің үйренуге және үйретуге жеңіл болуы шарт екеніне ерекше мән берді. Ғалымның өзі әліппенің оңай болғанын көздеп, біріншіден басынан аяғына шейін оңай әрі қысқа сөздерді алғанын, бұл өз кезегінде балалар үшін еш қиыншылық тудармайтынын айтады. Ал, екіншіден «бұл әліппеде әр дыбысқа, өзіне деп анықтап, харіп арналды; олай болғанда бұрынғыдай бір харіп әр түрлі орында әр түрлі оқылмай, қай орында да болса, бір харіп бір-ақ түрлі оқылады; бұл һәм оқуды жеңілдетеді» [17] деп бір әріптің тек бір түрлі оқылатыны оқуды жеңілдететінін жеткізеді.

«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедағы адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді. Осы күнгі адамдар жазудан айырылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айырылғаннан жеңіл болмас еді» [17]. Бұл жолдар да қазақ тіл білімінің негізін салушы, түркітанушы, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, педагог, аудармашы публицист қоғам қайраткері Ақымет Байтұрсынұлына тиесілі. Тілді қарым-қатынас құралы ғана емес,

адамды басқа жаратылыстардан ерекшелейтін, АДАМ ететін адамдық белгісінің ең мықтысы екендігін дәп басып айтып өтті. Және де қазіргі таңда адам адамды қарумен емес, сөзімен жеңетінін түсініп, тілдің қару екеніне мән берген. Әрине сөздің артында білім тұрғандығы түсінікті. Тілдің қаншалықты маңызды екендігін көрсете отырып, жазудың маңыздылығының тіл маңызынан кем емес екенін жеткізіп отыр.

Ақымет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық әліпбиін алғаш жасап шығарған реформатор. Қазақ грамматикасы бойынша терминдер атауларын алғаш қазақи етіп жасап, ұсынушы. Қазақ балаларының сауатын ашуға арналған «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), ересектердің сауатын ашуға арналған «Әліпби» (1924), «Жаңа әліпби» (1926) атты оқулықтар мен тың еңбектердің авторы.

Ақымет Байтұрсынұлы – қазақ грамматологиясының негізін қалаушы ғалым. Бұлай деуімізге ғалымның жоғарыда атап өткен ерең еңбегінің өзі- ақ негіз бола алатын еді. Десе де ол негізден бөлек ғалымның грамматология саласында қалдырған тұжырымдары туралы да жазғандыжөн көрдік. Жоғарыда аталғандай, грамматология жазудың не екендігін, яғни, анықтамасын, типологиясын, жазу мен сөйлеудің байланысын қарастырады. Ал, қазақ ғалымдарының ішінен жазу дегеніміз не, жазу мен сөйлеудің айырмашылығы қандай, тіпті жазу мен оқудың байланысы жайлы алғаш пікір білдірген, қазақ тіліне жазуы ыңғайлы болу үшін қазақ тілі заңдылықтарына сай келетін ұлттық әліпбиін жасаған қазақ ғалымы Ақымет Байтұрсынұлы болды. Сөзіміздің дәйектілігін Ақымет Байтұрсынұлының тұжырымдарын жіктей отырып, бірнеше жүйеге бөлу арқылы келтіргіміз келеді: жазу және сөйлеу; жазу және дыбыс; жазу және оқу; жазу типологиясы; жазу және емле; жазу және жазуда қолданатын белгілер.

Қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалым Ақымет Байтұрсынұлы өзінің «Тіл құрал» атты еңбегінде жазу мен сөйлеу жайлы былай дейді: «Біздің заманымыз – жазудың заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды: жазумен дүнианың бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу

қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге: қай сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша біріне-бірі қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек» [17]. Бұл жерден ұғыну керек ақпаратты бөліп көрсетсек:

- 1) жазу – заманның маңызды (байланыс) құралы;
- 2) сөйлесудің екі түрі бар: жазумен сөйлесу және ауызбен сөйлесу;
- 3) жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуге қарағанда маңыздырақ болып келеді;
- 4) ауызбен сөйлесудің кемшілігі – алыстан ауызша сөйлесу мүмкін емес;
- 5) жазумен сөйлесудің артықшылығы – алыс қашықтықтан сөйлесу мүмкіндігін береді;
- 6) адамға сөйлей білу қажеттілік болып табылады;
- 7) адам үшін жаза білу қажеттілігі сөйлей білу қажеттілігінен артық;
- 8) адамның жүйелі, қисынды сөйлеуі маңызды және ол қандай маңызды болса, жазғанда да сөзді жүйелі, қисында етіп жазу өте маңызды;
- 9) сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жазудың өз жолдары бар және оны оқып, үйрену керек;
- 10) жазғанда сөздердің өз орындары болады, және ол орындар өзгеріп отырады және олардың біріне-бірі қиындасуының, жалғасуының белгілі дағдылары бар. Жүйелі жазу үшін осыларды білу қажет.

Ғалымның сөзінен жазу мен сөйлеуге қатысты нақты он маңызды мағлұмат алдық. Оның әрқайсысын жеке-жеке талдап, тарқатып, олардың төңірегінде қаншама қомақты материалдар жинап, терең сөз қозғауға болады. Бұл аталған ақпаратты Ақымет Байтұрсыновтың грамматология саласына, оның ішінде жазу мен

сөйлеудің байланысы деген бөліміне қосқан нақты 10 теориялық негіздемелері деп атағымыз келеді.

Жазу және дыбыс. «Жазу дегеніміз – дыбыстың таңбасы. Әр дыбыстың әр елдің таңбасындай таңбасы болады. Таңбасына қарап қай дыбыс екенін танимыз» [17]. Адам баласы атаулардың дыбысталуы мен ұғымын білді. Ал, дыбыстарды таңбалау жазу екен. Швед ғалымы Фердинанд де Соссюрдің алғаш 1916 жылы жарық көрген «Жалпы тіл білімі курсы» атты еңбегінде былай деп жазады: «Тіл мен жазу екі бөлек таңбалар жүйесі; екіншісі біріншісін көрсетудің негіздік мақсатында өмір сүреді» [17]. Осы жерде, яғни, жазудың дыбыстың таңбасы екендігін айту арқылы екі ғалымның пікірлері түйіседі. Дегенмен, әрмен қарай Ф. Де Соссюр тіл білімінің зерттеу нысаны сөздің жазу формасы мен ауызша сөйлеу формасы емес, тек ауызша сөйлеу формасының өзі нысанды құрайтынын айтып, жазудың рөлінің төмен екендігін көрсетеді. Ал, Ақымет Байтұрсынұлы әр елдің дыбыстарының өз таңбасы болатынын және таңба, яғни, жазу арқылы дыбысты танитынымызды тілге тиек етіп, жазудың оң рөлін көрсетеді.

Әрмен қарай Ақымет Байтұрсынұлы жазу әріптердің суретін салу дей отырып, жазуға таңбадан кеңірек ұғым береді. Яғни, алдын жазу дыбыс таңбасы десе, енді дыбыс таңбасының орнына әріпті қойып, жазу сол әріптердің тізбегі деп жазу ұғымын кеңейте түседі. Және сол дыбыстарға арналған әріптер болатынын, оларды тани білу керектігін, таныған әріпті жаза білу керектігін әрі жазған әріпті дыбысымен айта білу керектігін нақты көрсетеді. Бұл өз кезегінде адамды сауатты және өркениетті етпек.

Демек, Ақымет Байтұрсынұлы жазу мен дыбысқа қатысты өзінің тұшымды тұжырымдарын қалдырған. Бұл тұжырымдар өз кезегінде, қазақ тіл ғылымының жазу туралы саласына негіз болуға әбден лайықты.

Жазу және оқу. Ғалым жазуды дыбыс таңбасы дәрежесінен әріптер тізбегі дәрежесіне көтерумен шектелмеді. 1928 жылы жазған «Қай әдіс жақсы?» [19] атты мақаласында жазу сауаттылықтың негізі деп жазу ұғымының аясын одан әрі кеңейте түсетін тұжырым айтты.

«Сауатты адам деп қандай адамды айтамыз? – Оқи да, жаза да білетін адамды айтамыз.

Оқи біліп, жаза білмейтін адам бола ма? – болады. Ескіше үйренгендердің көбі-ақ оқи біліп, жаза білмейтін.

Ондай адамдарды толық сауатты деуге бола ма? – Болмайды. Ондайлар шала сауатты адамдар.

Жаза біліп, оқи білмейтін адам бола ма? – Жоқ. Жаза білетіндер оқи да біледі. Олай болса сауаттылық негізі оқу бола ма, жазу бола ма? – Әрине, жазу болады» [18].

Ақымет Байтұрсынұлы осы сөздері арқылы жазудың қоғамдағы, адам өміріндегі маңызын нақты көрсетіп қойды. Қоғамда әрбір адамның сауатты болуы, яғни, жаза да оқи да алуы тиіс. Ғалым сауаттылыққа мұқтаждықты оқу емес жазу тудыратынын атап өтті. Ал, оқуды жаза білумен бірге үйреніп кететін қосалқы білім деп есептеді. Бұл жерден оқудың маңызы жоқ екен деп қате ұғынып қалмаған абзал. Тек жаза білудің орны оқи білуден жоғарырақ екенін түсіну қажет. Жазу жоқ кезде оқу болмаған. Бұл дегеніміз, жазу оқудан бұрын пайда болып, содан кейін оны оқу қажеттілігі туғандығы түсінікті.

Ғалым тұжырымдарынан байқайтынымыз, жазу ұғымының аясын бірте-бірте кеңейтіп келеді. Жазудың жан-жақты қызметін көрсетіп, жазуға түрлі аспектіден қарап, ауқымды анықтамалар берді. Жазудың маңыздылығын оқырман қауымға жан-жақты ашып көрсетіп, жазудың оқумен де байланысының тығыз екендігін де нақты атап өтті.

Жазу түрлері. Ғалым «Қай әдіс жақсы?» [19] атты мақаласында ағылшын, америка, француз, қытай, итальян, түркі тілдерінің жазу жүйесін сөз етеді. Кей елдер жазу үшін әріп алса, кей елдер таңба алады. Әр тілден мысалдар келтіріп, дыбыстар мен әріптердің сәйкестігі әңгіме болады. Түркі тілдер тобына жататын тілдерден қазақ пен қырғыз тілін қарастырады.

Жазу және емле. Ақымет Байтұрсынұлы сол кездегі тілдерді қарастыра келе, сол күнгі қолданылып жүрген емлелерді төрт жүйеге бөледі: таңбаша жүйе, дағдыша (тарихша) жүйе, туысша жүйе, дыбысша жүйе. Алғашқысы таңба негізді жазумен негіздес

тәртібі бір емле. Бұл жүйеге қытай тілін жатқызады. Дағдыша емле деп бұрыннан қалыпты түрде қолданылып келе жатқан емле. Бұл емлеге ағылшын тілін мысал етеді. Ал, туысша емлеге орыс тілін жатқызады. Бұл емле тек басына қарамай басқа түбірлес туыстас сөздердің де айтылуына қарайтын емле. Соңғысы сөз дыбыстарын қалай естісе солай жазу қолданатын емле. Бұл жүйеге итальян, неміс, қазақ тілдерін жатқызады.

Сөздің айтылуы мен жазылуы алыстаған сайын емленің тәртібі таңба негізді емлеге жақындайды екен. Әріп негізді емлелердің идеалды нұсқасы айтылу мен жазылудың бірдей болу деп білеміз. Бұл ретте, соңғы көрсетілген емле жүйесін үйренгенге де, үйреткенге де, қолданысқа да ең ыңғайлы екендігі түсінікті. «Растыққа жүгінсек, түріктің тұнық тілі, түзу емлесі қазақта» [17].

«Мен ойлаймын, емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек» [17]. Ғалымның сөзіне сай, емле тілдің барлық заңдылықтарын сақтап, жазғанда ыңғайлы болатындай, оны оқу және оқытуға қолайлы болатындай, тілдің ажарын беретіндей болғаны жөн.

Жазу және жазуда қолданатын белгілер. Грамматология саласы жазудың өзінен бөлек жазу барысында қолданылатын белгілі бір мақсаты бар белгілерді де қарастырса керек. Әр елде ол белгілердің атауы бөлек. Ал, қазақ тілінде суреттеріне қарап әркім әрқалай атап жүрген болатын. Ғалым 1928 жылы жарық көрген «Тіл жұмсар» атты оқу құралында жазуда қолданатын белгілерге ат қойды. Және онда ғалым белгілердің суреттеріне ғана қарап қоймай, олардың жұмсалатын орны мен қызметіне де мән берді. Төменде жазуда қолданатын белгілер мен олардың қызметі ғалымның өз сөзінен берілді:

Тыныстық (.) – дауыстың тынатын жеріне қойылатын белгі.

Жапсарлық (,) – дауыс тынбай, тек сөз арасы көбірек ашыла айтылатын жерге қойылатын белгі. Сөз арасының олай ашылуы көбінесе сөйлемдер қосылған жапсарлық жерінде болады.

Қосарлық (=) – сөзді қосу керек болған орында, бір сөздің екі бөлімін қосу керек болған орында, немесе біріне-бірі жедел екі сөз

қатарынан айтылған орында, не болмаса бір сөздің өзі қайта-қайта жедел айтылатын орында қойылатын белгі.

Тастарлық (–) – жазбай тасталған сөздің орнына қойылатын белгі.

Дәлдеулік («») – бұлжытпай дәлдеп жазып көрсетерлік жерде қойылатын белгі» [17].

Белгілер атаулары әрқайсысы жұмсалатын орны мен атқаратын қызметіне қарай мағыналары да сәтті қойылған. Бұдан ғалымның ойының ұтқырлығы мен шеберлігін тіл үшін дұрыс қолдана білгенін көреміз. Бұлай дейтініміз, бұл белгі атауларын тіл иелеріне қабылдау оңай болады. Себебі, өз тілінде берілген атаулар арқылы белгінің қолданылатын қызметін әрі орнын өзінің білімімен ассоциация жасау арқылы меңгеру жеңіл болмақ. Өкінішке орай бүгінгі таңда бұл белгі атаулары қазақ тілінің қолданысында жоқ. Біз орыс тілден аударылған нұсқаларын қолданамыз. Дегенмен де, бұл ғалымның жазуда қолданатын тыныс белгілеріне де қазақ ғалымдарының арасынан алғаш мән беріп, шешімін көрсеткендігі, тіл ғылымының бұл саласында да ерен еңбек еткендігінің дәлелі.

Қорыта келгенде айтарымыз, қазақ тіл ғылымында тілге қатысты мәселелердің ауқымды қатарын зерттеп, оның ішінде жазуға түрлі аспектіден қарап, мәнін аша білген біртуар ғалым, қазақ грамматологиясының негізін қалаушы лингвист – Ақымет Байтұрсынұлы. Бұл жерде мән беретін жағдай грамматология термині ең алғаш тек 1952 жылы ғана ұсынылды. Ал, Ақымет Байтұрсынұлы жазуға қатысты тұжырымдарын 1912-1928 жылдар аралығында жазып қалдырды. Жазуға жан-жақты сипаттама беріп, жазу мен сөйлеудің, жазу мен дыбыстың, жазу мен оқудың байланыстарын нақты айқындап жазып, жазудағы емле жүйелерін бөліп, жазудың өзін топқа жіктеп, ізбасар шәкірттеріне грамматологияның теориялық негіздерін қалдырып кеткендігі үшін Ақымет Байтұрсынұлы қазақтан шыққан грамматологияның негізін қалаған алғашқы грамматолог ғалым деп атауға әбден лайық. Бұл еңбекте ғалымның сөздерін, тұжырымдарын, грамматология ғылымы саласында атқарған еңбегін жіктеп көрсету арқылы оқырман қауым Ақымет Байтұрсынұлының жазу ғылымы саласында жасаған еңбектерінің ерен екендігіне ендігі жерде еш күмән келтірмейді деп сенеміз.

Қазақтың бірегей тұлғасы, көрнекті ғалым Ақымет Байтұрсынұлының еңбектері әлі тереңдей зерттеуді қажет етеді. Ғалымның жұмыстарын оқи отырып, осыдан тура бір ғасыр бұрын өмір сүрген ғұламаның білімінің тереңдігі, ойының ұшқырлығы, тілге деген сүйіспеншілігі, тілдің табиғи заңдылықтарына деген беріктігі, ғылымға деген адалдығы, жан-жақты ізденімпаздығы, қазақ халқына деген шынайы жанашырлығы, еліне деген шексіз махаббаты, мінезінің өткірлігі, өзіне деген сенімділігі, «Тіл – құрал» арқылы (өзінің айтуы бойынша) қазақ тілін қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытқандығы ғалымның барлық құрмет пен атаққа лайықты екендігіне көзімізді жеткізеді. Ғалымның адалдық пен ізденімпаздықты, еңбекқорлықты талап ететін ғылым алаңындағы салған сара жолы, өмір жолы, аса құнды еңбектері біз секілді келесі замандық із жалғаушы шәкірттеріне тілге қызмет ету жолында ерекше күш-қуат береді.

Ақымет Байтұрсынұлының жазуға қатысты еңбектері біздің қолымызда бар деректерге сүйенсек 1910 жылдан 1929 жылға дейінгі аралықта жазылған және бәрі де құнды. Ғалымның 1937 жылға дейін де жазылған еңбектері болуы ықтимал. Болашақта табылып жатса, бұл саланың тереңдей түсуіне ықпал ететініне сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ильминский, Н. И. Воспоминания об И.А. Алтынсарине : [Письма и бумаги И.А. Алтынсарина]. /Н. Ильминский. – Казань : Типо-литография В.М. Ключникова, 1891. - 396 с.
2. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского языка. Казань, 1860. 130-211 стр.
3. Григорьев В.В. О передаче звуков киргизского языка буквами русской азбуки. Письмо к Н.И.Ильминскому. Оренбург, 1862. –12 с.
4. Сулейменов Д. Д. Научно педагогическая деятельность Алекторов А.Е. в Казахстане. Семипалатинск, 1997ж. С. 304

5. Сұлтанғазин Д. Қазақ тілінше жазу турадан (1896) Әдеби нұсқалар. 1990. 2-кітап. 314-321-бб.
6. Құрманбаев А. Қазақ тілі турасынан // Д.У.Г. 1894. №27. 10 июль; Әдеби нұсқалар. 1989. 1-кітап. 543-548-бб.
7. Әлжанов О. Қазақтарға пайдалы кітаптар // Д.У.Г. 1894. №39. 2 октябрь; Әдеби нұсқалар.1989. 1-кітап. 606-611-бб.
8. Дүйсенбаев Р. «Харіп турасынан – К вопросу о киргизком алфавите» // ДУГ, 1897, №10.
9. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов// Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.-28-б.
10. Салқынбай А. Қазақ тіл білімі тарихы. – Алматы, 2016. 17-б.
11. Омаров Ил. Ученая деятельность А.Байтұрсынова, Оренбург, 28.01.1923г.
12. Байтұрсынұлы А. Сәбитке жауап // Еңбекші қазақ. 26.01.28.
13. XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. 2-кітап. Құраст. О. Жұбаева. – Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018. – 720 бет.
14. Зиндер Л. Р. «Очерк общей теорий письма», Ленинград, Издательство «Наука», 1987
15. Жүнісбек Ә. Төл әліпби – төл жазу мәселелері. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. Алматы: Дайк-Пресс, 2017ж. – 232 бет.
16. 1929-жылы 2-4 июньде Қызылордада білім кеңесі мен қазақ жаңа әліп кіндік комитеті шақырған емле конференциясының стенографиялық есебі, КАЗИЗДАТ, 1930
17. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов// Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.-28-б.
18. Байтұрсынұлы А. «Жазу тәртібі» «Айқап», 1912, №4-5
19. Қай әдіс жақсы? // Жаңа мектеп. – 1928. - № 4. – 3-11-б.
20. Сарткожаұлы Қ.. Орхон мұралары. Астана: Күлтегін, 2003. — 335 б.

БӨЛІМ 4

ҰЛТ ҒЫЛЫМЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚША ӘДЕБИ АЙТЫЛЫМ МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ ТҰЖЫРЫМДАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Жанат Дәулетбекова

**ҰЛТ ҒЫЛЫМЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ АХМЕТ
БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚША ӘДЕБИ АЙТЫЛЫМ
МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ ТҰЖЫРЫМДАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

Жанат Дәулетбекова

*Қазақстан-Британ техникалық университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы
Қазақстан: Алматы*

Ахмет Байтұрсынұлының өзі зерттеп білген мәселесін асқан тереңдікпен зерделеуі оның елжандылық, ұлтжандылық қасиеті мен көшбасшылық қабілетінің тең түсуімен ұштасып жатыр. Ұлтжандылық пен көшбасшылықты тоғыстырып тұратын интеллект нүктесі – адалдық. Заманауи зерттеушілер көшбасшы тұлғаларға тән адалдықтың бірінен бірі туындайтын, бірін бірі бекітіп, ұштай түсетін үш қырын ерекше атайды. Олар: өзін танып білу, турашылдық, жетілу. «Көшбасшылар не істеп, не қою керегін жанымен түйсінеді. Өздерін ешқашан алдамайды. Турашылдық – ашық ой мен әділ іске деген адалдықтың көрінісі. Бұл – өзін танып білудің кілті. Көшбасшылар өзін-өзі жетілдіріп отырады: олар бұйрық бермейді, өздері жұрттан үйренеді. Іскерлігі мен ізденімпаздығының арқасында айналасындағылармен қоян-қолтық адал да жемісті жұмыс істей жүріп, биік мәртебеге ие болады» [1, 14-б.].

Шын мәнінде, «шабыт пен табыттың, құлшыну мен тұншығудың арасында арпалыса жүріп» (Қ.Мырза-Әлі) халқының өркениетті елдермен тең болуына бар күш-жігерін, ақыл-білімін сарп еткен Алаш арыстарының қай-қайсысы да көшбасшылық қасиетке ие болғаны хақ. Оларды біріктірген ортақ мүдде – ар алдындағы адалдық болса, сол адалдықтың арғы түбінде еліне деген шексіз сүйіспеншіліктен тамыр алатын, жұртының жолына жанын құрбан етуге даяр қайсар рух жатқаны аян. Ал, рух бар жерде «хақ жолы деп әділдікті сүю» (Абай) салтанат құратыны және ақиқат. Сондықтан олар халқының барын бағалай отырып, жоғын түгендеуге кірісті. Өз заманында қандай іргелі істер атқарса да, соның барлығының бастауы халықтың өз қорында ғасырлар бойы қордаланған саф дүниелер екенін ескертіп отырды. Мейлі ол

заманалар тезінен өткен тарих сабақтары мен шежірелер болсын, тіл қазынасы мен көркем әдебиеті болсын немесе тамырын сонау көне дәуірлерден тартып жатқан жаратылыстану сипатындағы ғылымдар болсын, бәрібір, ең алдымен, сүйенері өз жұртының танымында тиянақталып, ойына орнығып, санасына сіңген, сөйтіп, өміртанымына айналған пайым арналары болды. Алаш арыстарының әрқайсысы өзі қолға алған, халықтың интеллектуалдық сүзгісінен өткен ең асыл дүниелерді бағалаудың шынайы үлгісін танытты. Олар алға озған жұрттардың даму жолынан қалмау керегін пайымдады, бірақ өркениетке ілесудің жолы бөгденің барын көшіру емес, ұлттық таным өзегіндегі өзге жұртта қайталамасы жоқ даралықты айыра отырып, оны уақыт талабымен үндестікте дамытудың жолын іздеді. Оны тапты да!

Қазақ лингвистикасы мен әдебиеттануының, тіл мен әдебиетті оқытудың әдістемесінің іргетасын қалаған Ахмет Байтұрсынұлы мұраларын әр парақтаған сайын жаңа ойларға, тосын тұжырымдарға кезігесіз. Аталған ғылымдардың қай аспектісінен келсеңіз де, Ұлы тұлғаның халықтың рухани мұрасына қатысты айтылған берік байламдарынан терең зерделілікті, айрықша аңғарымпаздықты, көсегелі көрегенділікті табасыз. Оқырманын байыпты ойға жетелейтін, өрелілік өрісін кеңейте түсетін тұғырлы түйіндеулердің Ахмет Байтұрсынұлының әрбір еңбегінен табылатынының сыры ғалымның әр нәрсеге де асқан зейінділікпен қарауында: турашылдығы мен адалдығында; Абайдың 32-қарасөзінде айтылғандай, «білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет» деп білуінде, одан көңілі қанағаттанып, жаны рахат табуында; «сол рахат білгенін берік ұстап, білмегенін тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббаттың пайда болуында» [2, 174-б].

Ахмет Байтұрсынұлы – тек қана лингвистика мен әдебиеттану салаларының емес, жалпы «ұлттық ғылымның негізін салушы» (Р.Сыздық) ретінде толық мойындалған тұлға. Тіпті кеңестік дәуірде атын атауға тыйым салған идеология, оның затына тоқтау жасай алмағаны белгілі. Ал мұндай жетістіктің сыры ғұламаның ғылымның мәнін, маңызын, жаратылысын Абайша ұғынуында. Яғни «ғылымды ешкімнің де жанынан шығара алмайтынын, жаралып, жасалып қойған нәрселерді көзбен көріп, ақылмен біліп сезгенде, сезінгенде» және өзі ден қойып зерделейтін дүниесіне

«барынша мейірленгенде» ғана шынайы ғылым туатынын терең түйсінуінде. Ұлт ұстазын осындай ғалымдық бақытқа жеткізген ақиқатты да мойындау ләзім. Ол ақиқат: зерттеушінің қашан да халықтың санасында шегеленген шегенді ойлардың астарындағы иірімдерді дәл тауып, нұрлы ақылмен саралап, ыстық қайратпен талмай ізденіп және сол іздегенін сәтімен тауып, тапқанын жылы жүректің махаббатына орап, шашау шығармай, сол қалпында бере алуында екен. Соның нәтижесінде ғалымның бүгінгі ұлттық ғылымдағы орнын айқындайтын еңбектері «ғадаләт, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі - ғалым, сол – ғақил» екенін талассыз мойындатып отыр (45-қарасөз) [2, 225-б.].

Ғасырлар тезінен, халықтың талғам елегінен өтіп, оның болмысымен бүтін бітімге айналған интеллектуалдық байлық пен материалдық игіліктің қорын «білім сабасы» деп атайды ғалым. Білім сабасына кездейсоқ нәрсе құйылмайды, ең керек дүниелер жинақталады. Осы тұста ғалымның білімге қатысты екі маңызды байлам-тұжырымына басымдық беруді жөн санаймыз: біріншіден, ұлттық ғылыммен, ұлттық педагогикамен айналысатын кез келген зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы негіздеген, осыған дейінгі тарихымызда білім беруге қатысты айтылған барлық іргелі пікірлердің басын тоғыстыратын және бұдан былайғы жерде де жаңа идеялардың өзегінде тұруға әбден лайық «пайдалы білім» категориясына мән беруі қажет деп ойлаймын. «Нәрсенің затын алмай, атын алып, құр сөз түрінде үйретуден бас тартып, алған білімі өзіне де, мемлекетке де пайдалы болатынын көздеп оқыту керек!» дейді ғұлама. Бұл білім баланың өміріне қажет, болашақта өзіне де, елге де жасайтын қызметіне пайдалы болса ғана, ертең сол білім мемлекеттің де пайдасына айналады деген сөз! Сондықтан жас ұрпаққа «пайдалы білім» берудің тетіктерін табуға қызмет ету керек деп санаймыз. Екіншіден, Ұлт ұстазының айтуынша, білім – теориялық ұғымдардың я ережелер мен қағидалардың жалаң жиынтығы емес! Білім – адам баласының өмір сүруіне, тіршілік етуіне керекті пайдалы әдіс-амалдар! Оған мына сөзі дәлел: «Пайдалы тәсіл алынып, пайдасыз тәсіл қалынып, тіршілікке керек білімдер атадан балаға, үлкеннен кішіге, нәсілден нәсілге қалып, білім сабасына құйылып отырған. Осы күнгі білім-өнер дегеніміз – адам болғаннан бергі адам баласының тапқан тіршілікке керек әдіс-амалы. Өнер-ғылым білген адам тіршіліктің

ісіне керек әдіс, амалды жақсы білген» [3, 116-б.]. Осындай байламымен ғалым тілді зерттеу мен оқыту ғылымдарын жасампаз ететін тетіктерді дәл таба алған. Біріншісі – ғылым халықтың білім сабасында жинақталған дүниелерді терең зерделеу жолымен жасалуы тиіс. Екіншісі – сол ғылыми тұжырымдар баланың жасына, қабылдауына лайықталып, оның болашақ тіршілігіне пайдасы тиетіндей амалдар мен тәсілдер түрінде ұсынылуы керек. Оның пайымдауынша, адамның білім деңгейі – әдіс-амалды меңгеру деңгейі. «Оқыту дегеніміз, асылында, баланы үйренуге үйрету» дейтін атақты афоризмінің де мәні осында. «Үйренуге үйрету»! Ережелерді жаттатуға болады, ал амал-тәсілдер сипатындағы шынайы білімді үйретуге болады. Әрине, амал-тәсілді нақты бір қағидаларсыз үйрету мүмкін емес. Бірақ бұл жерде басты критерий ретінде білімнің пайдалылығы алынады. Қазіргі таңда «өркениетті елдерден келген жаңалыққа» баланып, инновация деп бағаланып жүрген білім берудегі антропоөзектік парадигманың мәні мен ерекшелігін Ахмет Байтұрсынұлының осы сөзінен асырып түсіндіру мүмкін бе?

Ғалым бойындағы аса жоғары зерттеушілік пайымның дәлелі оның тіл мен сөз өнеріне, оларды жас ұрпаққа оқыту ісіне қатысты әрбір ой-тұжырымдарынан айқын көрінеді. Мәселен, осыдан бір ғасыр бұрын-ақ сөз өнеріне баулудың сан тарау мәселелерінің тоғысында оқушы сауаттылығын қалыптастыру мен жетілдірудің біртұтас жүйесін жасауы – таңданарлық құбылыс. Мектеп табалдырығын енді аттаған бүлдіршінді дұрыс сөйлеуге (ауызша және жазбаша тілін дамытуға) дыбыспен жаттықтыра үйретуден бастап тіл тетіктерін сатылап меңгертудің аражігін дәл айқындап, тірек тұғырларын бекітіп берген. Сөйтіп, ана тілін оқытудың біртұтас жүйесін негіздеген. Коммуникация (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім) құралдарын анық таныту, сөйлеу мәдениетінің амал-тәсілдері мен шешендіктің қырларын меңгерту бағытындағы оқыту қағидаларын соншалықты қарапайым, бірақ соншалықты көрегендікпен түйген. Ана тілін оқытумен байланысты ой тұжырымдарының ең басты өзегі – «ана тілін үйрету жағын жақсылау үшін тіл анық танылуы керек» деген байламы. Оны жүзеге асыру үшін:

1. «Бірінші басқыштағы мектептерде тіл сабағы жүзінде қалық әдебиеті басым боларға керек.

2. Екінші басқыштағы мектептерде тіл сабағы жүйелі ілім түрінде өз алдына оқытыларға керек.

3. Тіл білімі ереже жаттату түрінде үйретілмей, сөздің тұлға, мағана, қисын жағын тану түрінде үйрету керек. Сөздің тұлға, мағана жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс»! [4, 274-275-б.].

Ғалымның осы жерде айтып отырған уәжіне сүйенсек, тіл – өмір сүрудің, тіршілік етудің ең басты құралы болса, сол құралды дұрыс жұмсауға үйрету сөз өнері мен сөйлеудің амал-тәсілін меңгерту жолымен ғана жүзеге аспақ. Сөйлеу – өнер болса, тіл туралы білім – сол өнерге жетудің жолын үйретудің жолы болуға тиіс дегенге келіп саяды. «Тіл – алып машина болса», тіл сабақтарында «оның тетіктерін білгізе» отырып, дұрыс әрі шебер қолдануға үйрету шарт. «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады» - деп жазды. Олай болса, кез келген тілді, оның ішінде қазақ тілін де оқыту әлемде қайталамасы жоқ ана тіліміздің өзіне тән қарым-қатынас қағидаларын, сөз әдебін, сөйлеу ерекшеліктерін, сөз жұмсау заңдылықтары мен әдіс-амалдарын үйретуді талап етеді деген сөз.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ линвистикасының негізін қалаушы ретіндегі ғалымдық миссиясы балаларға тілді үйрету мақсатынан бастау алғаны белгілі. Сондықтан ғалым тілдік ұғымдарды бастауыш кезеңдегі балаларға түсінікті болуын көздей отырып, әр терминнің өзі білдіретін тілдік құбылыспен сәйкестігіне барынша ден қойған. Академик Р.Сыздық айтқандай, ғалым «термин жасауда тек қазақ сөзінен болуына ғана емес, оның ұғымдық-семантикалық жағына ерекше мән берген. «Ұғымды атау принципін» қатаң ұстанған. Ғалымға керегі – грамматикалық әрбір «ұғымды» қазақша атау және сол ұғымға ең жақын келетін, мейлінше түсінікті түрде білдіре алатын сөздерді таңдау» (5, 252-б.). Осылайша, қазақ линвистикасының алғашқы танымдары термин түрінде жүйеленіп, ұлт тілінің ғылым жасауға икемділігі, ұтымдылығы мен қызметі айқын көрсетілген. Біздің ойымызша, А.Байтұрсынұлының терминжасам ісінде ұлт тілінің қорын барынша сарқа пайдалануына түрткі болған екі себеп бар. Біріншісі, әрине, тілдік ұғымдардың баланың түсінуіне қолайлы болуын ескеруі. Екіншісі – халық танымының тереңінде тұнған

сөздердің терминдік сипатқа ие болу уәжділігін асқан сезгірлікпен тани алуы. Соңғысы терминдерді тек төл сөздерден алу ниетімен ғана шектелмейді, ғалым өзінің алдына сөздік қорда бар сөздердің «тосын қырларын» ашып, жаңа сапада қолдану мақсатын қойғаны сөзсіз. Бұл – елжанды һәм көшбасшы тұлғаға ғана лайық қасиет. Дәл осы ниет ғылыми ұстаным болып бекіп, ұлттық терминологияны жасау ісіндегі ұлтжандылығы мен көрегендігін ұштай түскен.

Шындығында да, ғалым Ахмет Байтұрсынұлы зерттеу нысанына алған мәселені қай қырынан зерделесе де, тілдің өз табиғатына ерекше ден қояды. Сондықтан айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым, тілдесім мәдениетіне қатысты зерттеу жұмыстарында ғалым бекіткен қағидаларды басшылыққа алып отыру маңызды. Бүгінгі тілді оқыту әдістемесімен айналысатын зерттеушілер көшбасшы тұлғаның осы бағыттағы тұжырымдарын айналып өтпеуі тиіс деп санаймыз. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының ауызша әдеби тілдің өзіндік табиғатын жан-жақты ашып көрсеткен қағидалары ерекше құнды.

Тұлға үшін нәтижелі тілдік қарым-қатынас жасай білудің басты шарты – сөйлесім әрекетінің барлық компоненттерінің өзіне тән ерекшеліктерін нақты біліп, оларды негізгі қызметіне сай жұмсау амалдарын саналы меңгеру. Осы сөйлесім әрекетінің ішінде ең жиі қолданылатыны да, қатысым дағдыларының қалыптасуында ерекше рөл атқаратыны да, тілдік коммуникацияның өзгеше өнімді түрі – айтылым. Айтылымның осы ерекшелігін дәл таныған Ахмет Байтұрсынұлы: «Сөйлеудің асыл мағынасы – біреуге білдірейін деген ойын айту. Айтушының мақсаты – тыңдаушыға ойын түгел түсіндіру. Ойын түсіндіру үшін соған керек сөздерді алу қажет. Бір сөзді ойын анықтау үшін алса, екінші сөзді ойын толықтыру үшін алады, үшінші сөзді ойын пысықтау үшін алады», - деп, баяншы қолданысына қажетті сөздерді сұрыптап, ұтымды қолданудың тілдік қарым-қатынастағы рөлін айқындап береді [6, 274].

Айтылымға тән осындай талаптарды дұрыс сақтауда, оны жүйелі меңгертудің жолдарын табуда «айтылым әрекеті» ұғымының аражігін айқындап алу шарт. Ауызша сөйленетіндіктен, айтылымда ойды жеткізуде сөз мағынасын таңдап қолдану қандай

маңызды болса, сол ойды құбылтып жеткізудегі үн, кідіріс, саз, мәнер де сондай мәнді.

Ғалым қазақ тілінің табиғи қасиеті ауызша тілде айқын көрінетініне мән бере отырып, сол ерекшелікті жазу жүйесін белгілеуде де басты назарда ұстану қажеттігін дәйектейді. Ұлт ұстазы қазақтың ауызша тіліндегі табиғи қасиеттің барынша сақталуының сырын жазу-сызуы болмаған халықтың тілі «табиғат заңына ергендігінен», яғни тілдің табиғатын «зорлап таңатын» емлесінің жасалмауынан деп көрсетеді. Қазақ сөзінің сазды келіп, бір-бірімен үйлесімді дыбысталуының себебі сөйлеу аппаратының ауанына қарай дыбыстардың еркін төгіле шығуынан екенін баса айтады. Әсіресе, сөйлеу үдерісіндегі дауысты дыбыстардың рөліне ерекше тоқталады. Ауызша сөйлегенде дауысты дыбыстардың рөлін жоғары бағалайды. Олардың жасалуындағы сөйлеу мүшелерінің атқаратын қызметіне жіті мән береді: «Қамаудағы дыбыс пен ашықтағы дыбыс екеуі бірдей болмайды. Ашықтағы дыбыс ашық, көркем шығады. Қамаудағы дыбыс ажарсыз шығады. Дұрыстыққа салып, тура көзбен қарағанда, тіл турасындағы күйінерлік іс қазақта емес, басқа түрік балаларында. Ашық дыбыстарын көмескі дыбыстарға, көркем дыбыстарын ажарсыз дыбыстарға алмастырып, тілдің сиқын бұзып, сынын кетірген басқа түріктер. Ауыз еркін ашылғанда шыққан дыбыс ашық болады, ауыз тарылған сайын дыбыстың ашықтық дәрежесі төмендей береді. Сондықтан бірінші дәрежедегі дыбыстарды төмен дәрежедегі дыбыстарға алмастырсақ, сөздің де көркі сол дәрежеге төмен түседі. Сөздің көркі төмендесе, тілдің де көркі төмендейді» [3, 249]. Осы байламы арқылы тілдегі барлық элементтердің дыбыс – сөз – сөйлем – мәтін тізбегіндегі тіл бірліктерінің бір-бірімен тығыз ұштасып жатқанын, олардың біріне-бірі тәуелді екендігін ғылыми тұрғыдан негіздеп береді.

Ауызша тілдегі әдеби нормалар ретінде қабылдауға толық лайық саналатын бірегейліктің түпкі төркіні тіл табиғатының өзгешелігінде жатқанын бағамдайды. А.Байтұрсынұлы қосымшалардың, шылау сөздердің қазақ тілінде бірнеше варианттары болуы да тілдің өз табиғатынан туындап тұрғанын көрсетеді. Олардың да жөні түзу келуінің мәнісін халықтың сөз қолдану үдерісінде тілдің өз болмысына нұқсан келтірмеуінен деп атап көрсетеді. Қазақ сөзінің сыны бұзылмауының себебін

тереңнен толғай түсіндіре отырып, оны жазу тілінде де басшылыққа алудың тиімділігіне көңіл бөледі. Жазба мәдениет ережелерін белгілеуде де тілдің ауызша табиғи болмысын ескерудің жолын ұсынады. «Тіл өзінің табиғаты тартуынша әрқайсысын өз орнына қойған. Тілдің өзінің қойған орнынан басқа орынға қойсақ, онда ол қойғанымыз ол тілше болмайды. Ол тілше болмаған соң, оның түбі ол тілді бұзу, өзгерту болады» деп тілдің жазбаша түрінің емлесін анықтау үдерісінде ауызша сөйлеу тілінің заңдылықтарын сақтаудың мүмкіндіктерін айқындайды.

Ғалымның емле түзудегі ең басты қағидасы: тіпті туыстас тілдер болса да, өзге бір тілдің жазу жүйесін екінші бір тілге таңуға болмайды. Ал, егер туыстас тілдер үшін ортақ емле жасау қажеттігі туындап жатса, онда «азбаған тілді» негізге алу керек! «Азбаған асыл тілден емле шығарып, соған қарап басқа емлелерді түзеу керектігін» айтады. А.Байтұрсынұлы «атаның берген мүлкін (тілін) 20 ғасырға дейін аздырмай алып келген таза тіл» деп қазақ тілін атайды. Бұл – өз тілін өзгелерден ұлық тұтып айтыла салған асығыс я асылық пікір емес, тілдерді өзара салыстыру арқылы жасалған тұғырлы тұжырым. Осы пікірін тілге қатысты кез келген мәселеге: емлеге, жалпы ауызша және жазбаша тіл заңдылықтарына байланысты еңбектерінде әр қырынан ашып, дәлелдеп отырады.

Ғалымның айтылымдағы дыбыс пен жазбаша тілдегі әріп таңбасының қатынасы туралы түйіндеулері әлемдік лингвистикадағы емле жайына арналған ең ұтымды және дәлелді бірегей тұжырым екенін замандастары да, кейінгі зерттеушілер де толық мойындайды. Оның мәнісі тілдің өмір сүруінің осы екі формасының арасындағы айырмашылықты барынша тендестірудің, ұтымды етіп үйлестірудің жолын анық таба алуында. Расында, ғұлама жазба тілдің заманы туып келе жатқан жаңа дәуірдегі тіл тұтынушылардың сөздерді қалай жазылса, ауызша тілде солай қолдануға ыңғайланып кететінін көрегендікпен болжаған. Сондықтан жазба тілдің емлесі адам қолымен әзірленетін, бекітілетін жасанды ережелер жүйесі болғандықтан, жазу жүйесін тіл табиғатына етене жақын етіп нормалауды ұстанады. Емлені қалып деп қарап, оған тілді зорлап сыйдыруды емес, керісінше, сол қалыпты тілдің өз табиғи болмысына лайық етіп құюды ұсынады.

Зерттеуші тілдің өмір сүруінің ғана емес, оның қолданым мәдениетінің де осы дыбыс пен таңбаның үйлесіміне тәуелді екенін көрегендікпен түйіндейді. Ауызша тіл мен жазбаша тілдің арасындағы байланыс медальдің екі беті секілді бірінен-бірі ажырағысыз біртұтастық тапқанда ғана сауаттылықтың кепілі болатынын ескертеді. Сондықтан әліпбиге берген анықтамасында «Әліпби – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы» дейді. Анықтамаға зер салып қараған адам осында айтылған әр сөздің астарындағы асқан сезгірлікпен түйінделген терең ойды аңғарар еді. Біріншіден, таңба тілдің негізгі дыбыстарына, яғни сол тілдің бар ерекшелігін танытатын, мәнін ашатын, көркін келтіретін төл дыбыстарын айқындауға арналуы тиіс. Ескеретін бір жайт: ғұламаның айтып отырғаны – қазір «төл дыбыс» деп аталып жүрген тоғыз дыбыс қана емес, қазақ сөзінің ажарын ашып, көркем де көрікті болуын қамтамасыз ететін сөз құрауға негіз болатын барлық фонемалар, толыққанды дыбыстар. Екіншіден, жазу таңбалары тіл дыбыстарына молынан жетіп, әр әріп өзі таңбалайтын дыбыспен толық сәйкестік табуы қажеттігін дәйектейді. Үшіншіден, сол ауызша тілде айтылатын дыбыс пен таңбалайтын әріп үндесе келіп, оқуға да, жазуға да жеңіл болуына көңіл бөледі. Төртіншіден, ол тілді үйретушіге де, тілді үйренушіге де қиындық туғызбайтындай нақты ережелерге негізделуі қажеттігіне мән береді. Яғни әрбір ауызша дыбысталған сөздің жазылу тәртібі мен ережесі нақты, анық та қанық болуы керек. Кейбір тілдердегідей, бір ереженің соңында бірнеше ауытқушылық жағдайларына (исключение) қатысты қосалқы түсіндірме беріп отыруды қажет етпейтіндей сауатты һәм айқын болып құрылуы жөн екенін ескереді. Бесіншіден, «заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы» болуы керектігіне назар аудартады. Сөйтіп, жоғарыда айтылған барлық талаптарға толық жауап беретін араб әрпімен түзілген қазақтың жазу емлесі екенін жан-жақты дәйектейді [3, 253].

Тіл тұтынушылардың қазақ тіліндегі айтылым және жазылым мәдениетін меңгеру мәселесін теңдей шешкен, өзі негіздеген озық әліпбидің артықшылығын толық ашып түсіндіреді. «Араб әрпінен жасап алған әліп-биімізге жер жүзіндегі әліп-би баласы жетпейді. Араб әрпімен түзген емлемізге бізге мәлім емлелердің бірі де жетпейді!». Ахмет Байтұрсынұлы секілді өз ісінің баяндылығы

мен өміршеңдігіне толық сенген шынайы зерттеуші ғана осылай кесіп айтса керек. Бір жағынан, өз ортасындағы «менің дүнием өтпесе, сенікі де өтпесін» дегеннен аса алмай, аяқтан шалатын қызғаныштың кеселі; екінші жағынан, кеңестік идеологияның қолшоқпарына айналған әсіресаясатшыл «зерттеушілердің» барын тәрк етіп, «заман тамырын дөп басуға ғана ынтыққан» жалпақшешейлігі, көзсіз келісімпаздығы мен қысастығы; үшінші жағынан, жазу мәдениеті кенже дамыған тіл деп кемсіте қараған туыстас халық ғалымдарының қазақ тілінің төл емлесін менсінбей, өз жазу тәртібін тықпалаған әрекеттері ашындырған білімпаз осылай айтуға мәжбүр. Бұл өзінікін өзгенің дүниесінен артық көріп, мадақтау немесе мақтану емес, Абай айтқан, үлкендік! Ұлты үшін өзі жасаған ұлық ісінің мәні мен маңызын терең түйсіне отырып, бағалаудан туған берік байлам! Ұлы ойшыл Абай өзінің жиырма бірінші қарасөзінде: «Мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын үлкендік деп атаймын, біреуін мақтаншақтық деймін. Үлкендік – адам ішінен өзін-өзі бағалы есеп қылмақ. Яғни надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді – осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек. Бұл мінез – ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі» - дейді [2, 156].

Зерттеу барысында Ахмет Байтұрсынұлының айтылым мәдениетіне қатысты негізгі қағидалары мен оның ізін жалғап, бірегей тұжырымдар жасаған ғалымдардың зерттеу еңбектерін саралай отырып, білім беру жүйесінде айтылымның амал-тәсілдерін дұрыс меңгертудің бірқатар шарттары анықталды.

Бірінші шарт – сабақ барысында білім алушылардың сөйлеуге деген қажеттілігін тудырып отыру. Өйткені қажеттілік болмаса, оны жүзеге асыратын жағдаяттар, тапсырмалар дұрыс ұйымдастырылмаса, білім алушыға өз ойын жеткізудің түрлі амал-тәсілдерін, жолдарын меңгерткенмен, білімнің өзектілігі төмендейді. Сол себепті «оқытуды өмірмен байланыстыру жолымен» түрлі жағдаяттар ойластыра отырып, оқушылардың сөйлеуге мүдделілігін арттырып отыруды талап етеді.

Екінші шарт: білім алушылардың өз сөйлеу тілін дамытуға оң ықпал ету. Өзі ізденіп әрекет еткенде ғана оқушының сөз мәдениеті туралы білімі кеңейіп, өзіндік дүниетанымы мен көзқарасы қалыптасып, тілдік дағдысы жетілетіні, сөйлеу шеберлігін меңгеретіні сөзсіз. Дайын үлгілерді үстірт жаттап алатын, сылдыраған сырты жылтыр сөзге әуестік пен шымыр ойдан өрілген шынайы шешендіктің арасындағы жер мен көктей айырмашылықты таныту арқылы оқушының тілдік талғамын қалыптастырып, өз сөзіне үлкен жауапкершілікпен қарауға үйретіледі. Мектеп оқушыларының сөз мәдениетін дамыту мәселесін терең зерделеген ғалым М.Балақаев бұл орайдағы пікірін былай түйеді: «Әбден үйреншікті, айтыла-айтыла ығыр болған сөйлемдер мен сөз тіркестерін, жаттанды фразаларды мүдірмей, сыдыртып көпірте сөйлеу жақсы қасиет емес. Ал, өз ойынан шықпаған жаттанды тіл орамдарын пайдаланушылардың шығарма-шы-лық әрекеті босаңсып, «жұмыс тілі» ғана істейді, біліміне сүйенбейді, тілі мен жағына сүйенеді. Ми жұмысының ойлау қабілетіне қозғау салмайды, қызыл тілдің қимылына қозғау салады» [7, 274].

Ахмет Байтұрсынұлының пайымдауынша, айтылым мәдениетінде сөз сазы ерекше рөл атқарады. Сондықтан оған үйретудің үшінші шарты – көпшілік алдында шебер сөйлейтін шешендердің сөздерін үнемі тыңдатып, ой түюге мүмкіндік беру. Сөздің құлаққа жағымды, мәнерлі де сазды болуына басымдылық бере отырып, мақам мен мазмұнның үйлесіміне ерекше көңіл бөлу талап етілгені ләзім. «Сөйлеген, сөйлескен кісінің үнінде адам ойының нақышты бедері ғана емес, ойдың өзі көлбеп көлденең тартылады. «Бал тамған тілден у тамар» демекші, сөйлей білген кісіге оның ырғақты әуені шексіз. Соны білмей әйтеуір сөздерден сөйлем құрай салып, қалай болса солай айта салу – олақтық» [7, 78-б.].

Төртінші шарт – білім алушылардың тыңдау мәдениетін қалыптастыру. «Сөз атасы – құлақ» деген халық даналығының тереңінде жатқан тағылымның түйіні: дұрыс сөйлей алудың ең басты жолы – дұрыс тыңдай алу. Мектептің оқу үдерісіндегі әлі де дұрыс шешімін таппай келе жатқан мәселенің бірі – осы. Пән мұғалімдерінің көбі оқушының тыңдау қабілеті оның мәдениеттілігінің бір қыры екеніне назар аудара бермейді. «Мазмұнды сөзге құлақ қойып, ықы-лас-пен тыңдай білуге де

дағды керек. Орамды тілдің эстетикалық әсеріне, айтылған ойдың мазмұнына қанық болу үшін кісінің «көкірегі сезімді» болуға тиіс. Сөйлей білу адамға қанша керек болса, тыңдай білу де сонша қажет» [7, 56 б.].

Ақпараттық технологиялар дамыған бүгінгі қоғамда білім алушылардың тыңдалым дағдыларын жетілдіруге қажетті қазақ тіліндегі бейне-аудиоқорлар да жеткілікті. Білім алушыларға дайын білім берілмей, өздері ой қорыту үшін әртүрлі материалдар қолданылады. Көрсетілімнен соң, олар жұптық немесе топтық түрде талқылай отырып, өзара ой бөліседі. Нәтижесінде өз ойларын қорытындылап, қысқаша ойтүйін жазады. Бұл орайда білім алушылардың тыңдалым, айтылым, жазылым дағдылары қатар дамытылады. Осындай мақсатты тыңдалым жұмысын ыждағатты орындату баланың зейінін бір мәселеге шоғырландырып, оның мәселені терең түйсінуге ықпал етеді. Бұл тапсырманы орындау барысында олардың ойлау дағдыларын да жетілдіруге назар аударылады. Ал, орнықты ой сөйлеу тілін дамытудың басты шарты болып саналады.

Білім алушылардың айтылым дағдыларын жетілдіру мақсатында тапсырмалар да түрлендіріліп берілуі қажет. Ең бастысы, білім алушылардың өзара қарым-қатынас жасай отырып, монологтік айтылым дағдысына қажетті материалдарды толық меңгеруі. Бұл талап білім алушылардың сөздік қорын байытуымен, сөздерді дұрыс қолданып, сөйлем құрау дағдыларын жетілдіруімен құнды. Айтылым мен тыңдалымның бірін-бірі толықтырып жетілдіруі үшін өзін-өзі және өзгелердің жұмысын бағалау тәсілдері пайдаланылады.

Бесінші шарт – білім алушыны аз сөзге көп мағына сыйдыруға баулу. Сөз шеберлігіне тән коммуникативтік сапалардың ішіндегі ең маңыздысы – сөз қысқалығы. Өз ойын қысқа да нұсқа жеткізе алу – шешендік сөздің талабы. Бұл бағытта эссе жанрының әр алуан типтері мен түрлерін жазуға және оны соңынан айтылым әрекетінде баяндалуға үйрету маңызды. Өйткені жазу арқылы айтылым мәдениетін жетілдіру нәтижелі болмақ. Академиялық эсселерді ретіне қарай орынды қолдану оқу үдерісінің сапасын арттырады, білім алушы өз пікірін білдіруге және дәлелдеуге сенімділігі күшейіп, қызығушылығы артатыны сөзсіз. Сондықтан

да білім беретін мекемелердегі қазақ тілінен берілетін білімнің әлеуметтік тиімділігі неде болуы тиіс деген сұрақтың жауабын табу пән әдістемесінің негізгі мәселесіне айналған қазіргі уақытта А.Байтұрсынұлының жаңа ізденістерге тұғырнама болған, өмірлік маңызы зор қағидалары мен пікірлерінің мәні уақыт өткен сайын жаңғырып, жандана түсіп отыр.

Алтыншы шарт – оқытудың интербелсенді тәсілдерін жүйелі түрде қолдану арқылы білім алушының айтылым шеберлігін дамыту. Мұндай мақсатты оқыту үдерісінде білім алушылардың тұлғалық дамуына қажетті басқа да тілдік дағдылары қоса қамтылып отырады. Мысалы, олардың өзара сөйлесім әрекеттерінде өз пікірін дәйектей алу, сыни ойлау және шығармашылық дағдыларын өзара бірлікте дамытуға болады. Тілдік дағдыларды дамытуда оқу үдемелілігі қағидаларын ескеру де нәтижелілікті арттырады. Ал құндылық бағдарлы оқу қағидалары тілдік дағдыларды меңгерту үдерісіне кедергі келтірмей, керісінше, мәнін арттырып, тұлғаның дамуын жан-жақты қолдауға мүмкіндік береді. Сонымен, айтылым мәдениетін қалыптастыру үдерісінде андрагогиканың мынадай қағидастарын басшылыққа алу маңызды:

1. Білімге деген ішкі қажеттілікті ояту. Кез келген жастағы білім алушы бір нәрсені оқып үйрену үшін, алдымен, оның не үшін қажет екенін түсіну керек.
2. Тәжірибенің маңызын сезіну. Тілді қолдану тұрғысынан алғанда балалар мектепке дейін-ақ сөйлеу әрекетінде белгілі бір тәжірибелерді меңгеріп келеді. Бірақ мектеп бағдарламасында оны жүйелі түрде және сөз мәдениеті тұрғысынан мақсатты түрде жүргізу тиімді.
3. Білім алуға ішкі дайындықты қалыптастыру. Өйткені оқу мотивациясын туғызбайтын әрекеттің ешқайсысы да оң нәтиже бермейтіні анық.

Айтылым әрекетіне қатысты ең маңызды шарттың бірі – сөзді дұрыс айта білудің заңдылықтарын және қалыптасқан нормаларын меңгерту. Бұл туралы тілші-ғалым Р.Сыздық: «Тілдік нормалар оның барлық қаттауында: сөздік саласында /лексикасында/, грамматикасында, дыбыстық жүйесінде, стильдік-көркемдік

тәсілдерінде болуы шарт. Норма, сондай-ақ, тілдің қолданылу түрлерінде де, яғни жазба және ауызша түрде қызмет ету барысында орын алуы қажет. Сондықтан ана тіліміздің жазба түрімен қатар, ауызша сөйлеу түріне қойылатын талаптардың да күшейе түсуі заңды. Ауызша сөйлеу іске асқан жерде есту де, тыңдау да қатар жүреді. Адамның ауызша сөйлеу арқылы жарыққа шыққан ойы екінші адамның тыңдау қабілетін ұштап, есту мүшелеріне әсер еткенде ғана ұғынықты болады. Сондықтан сөйлесім мен тыңдалым екеуі екі түрлі процесс болғанымен, бір-бірімен қатар жұмсалып, қатар жүреді» [8, 119-б.].

Сонымен, мектепте айтылым мәдениетіне арнайы үйрету – тұлға мәдениетін қалыптастыру жолындағы маңызды баспалдақ, басты талап. Өйткені сөйлесім мәдениеті – адамға тән әртүрлі үрдістердің басын біріктіре келіп, оның адами қасиетін танытатын басты критерийлердің бірі. Олай болса, тілді оқыту үдерісінде айтылым дағдыларын жетілдіру пәнді жалаң меңгерту емес, адамның жалпы ойлау қабілетін кеңейту, жетілдіру міндетін де орындауға ықпал етеді. Осы тұрғыдан келгенде, айтылым дағдыларын дамыту сапалы жүргізілуі үшін жоғарыда аталған шарттарды сақтау маңызды. Олар – ғалым Ахмет Байтұрсынұлы негіздеген айтылым қағидаларының бүгінгі күні де өзектене түсіп отырғанының айқын дәлелі. Ол дәл қазіргідей өзінің ұлттық құндылықтарынан аулақтап тұрған білім жүйесін қайта қалпына келтіруге қадам жасалып жатқан тұста берік ұстанатын бағдарымыз болуы тиіс.

Ахметтің ізін басып, тіл білімінің әр саласын функционалдық тұғыдан зерттеген Құдайберген Жұбанов өз замандастарының әсіресаясатшыл, үстірт, көшірінді ғылымның соңында кеткен әлсіздіктерін сынай отырып, ұлттық лингвистикадағы Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінің маңызын сол дәуірде-ақ көрсеткен екен. Ғалымның: «Бүгінге дейінгі тексерулерімізде Ахмет Байтұрсынұлының дәрежесінен әлі көш жер кейін жатырмыз. «Тазын жасырған жазылмайды». Біз мұны бойымызға қанша мін болса да, жасыра алмаймыз. Біз әлі тек айқайлаумен, құрғақ сөзбен беталды құла дүз боқтаумен, мінеумен жүрміз. Ауызбен орақ орып, құс тістеп, қызыл өңештенгенмен, сөзге келгенде, батпан артықпын деп тұрып, іске келгенде ширек кем шықсақ, Байтұрсынұлының «Тіл құралын» жамандап тұрып,

өзіміз одан да төмен қып шығарсақ, бұл Байтұрсынұлын мінегеніміз емес, оның беделін өсіргеніміз болып шығады.» - деген сөзі көп шындықтың бетін ашады [9, 35-36-б.].

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлы өз бойындағы көшбасшыларға ғана лайық «ұлылыққа бастайтын мүмкіндікті пайдалана білетін айрықша қабілет-дарыны» арқасында тіл мен әдебиет секілді ұлттық құндылықтарды зерделеудің өрісті өнегесін таратты. Ғылым мен білім беру жүйесін өзара сабақтастықта дамыта отырып, оны жетілдіріп, қалыптастырудың негіздерін ұлттың білім сабасынан іздеп табудың жолын көрсетті. Көшбасшыға тән қасиетімен «құндылықты – әрекетке, арманды – ақиқатқа, кедергілерді – жаңалыққа, бөлінуді – бірлікке, сындарлы мүмкіндікті – керемет жетістікке» айналдыра білді (10, 148-б.). Сөйтіп, өз тұжырымдарымен, ұлт ғылымын жаңа белеске көтеру жолындағы табандылығымен ұстаным қайшылықтарына қарамастан, замандастарын да, бүгінгі оқырманын да ортақ мұратқа жігерлендіре білді. Шынайы жасампаздықтың үлгісін көрсетті. Ендігі жерде сол ілімді дұрыс қолданып, болашақтың пайдасына жарату – бүгінгі әдіскерлерге сын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Уоррен Бенис. Көшбасшы болу хақында// Көшбасшылық /Ш.Мұқан/. –Алматы: «Мазмұндама», 2019.- 7-31-бб.

2 Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық жинағы. II том. Алматы: «Ғылым», 1977. -298 б.

3 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы.- 4-т. Әліппелер мен мақалалар жинағы.-Алматы: «Алаш», 2006.-320 б.

4 Байтұрсынұлы А.Түрікшелер құрылтайы// Бес томдық шығармалар жинағы.- 4-т.-Алматы: «Алаш», 2006.-266-275 б.

5 Сыздық Р. Термин жасау – Ахмет Байтұрсынұлы көтерген тарихи жүктің бірі //Ғылыми таным үзіктері.-Алматы: Кие, лингвоелтану орталығы, 2009.-472 б.

6 Байтұрсынұлы А. А.Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары. III том. [https://kitap.kz/book/4579/read#epubcfi\(/6/8\[id4\]!/4/2/2/1:0](https://kitap.kz/book/4579/read#epubcfi(/6/8[id4]!/4/2/2/1:0)

7 Балақаев М. Тілдік норма және поэтикалық фразеологизмдер // Сөз өнері. –Алматы: Мектеп, 1978. -184 б

8 Сыздық Р. Ғылыми таным үзіктері.-Алматы: Кие, 2009. 115-б.

9 Жұбанов Қ.Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- өнд., 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. -608 б.

10 Кузес Дж., Познер Б. Көшбасшылық сынағы// Көшбасшылық.- Алматы: Мазмұндама, 2019.- 147-185 бб.

БӨЛІМ 5

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛДЕРІНІҢ НУМЕРОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ҰҒЫМДЫҚ ТАНЫМ

Рауан Орикбаевна Досымбекова

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛДЕРІНІҢ НУМЕРОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ҰҒЫМДЫҚ ТАНЫМ

Рауан Орикбаевна Досымбекова

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Ph. D.
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: rauan-d@mail.ru*

Қоршаған ортадағы кез келген заттар мен құбылыстардың немесе дүниенің беймәлім сырларын, пайда болу тарихын зерттеп білмей, оның ішкі мәнін, мағынасын, танымдық сипатын түсіне алмайтынымыз белгілі. Зерделеп отырған тақырыбымыздың негізгі мақсатына жету үшін зерттеуді алғашқы қоғам адамдарының идеологиялық көзқарасынан, олардың дүниетанымдық ұғымдары мен сандардың шығу тарихы, оның ішінде кейбір сандарға ерекше қасиет берілу себептерін сөз етуден бастауымыз қажет. Өйткені кез келген халықтың дүниетанымының түп-төркіні алғашқы қоғамдық кезеңдегі адамдардың магиялық ұғымдарынан бастау алады.

Сандар жүйесін зерттейтін ғылымның нумерология деп аталатыны мәлім. Нумерология ғылымы соңғы кезде зерттеле өзекті тақырыпқа айналғанымен оның тарихи дамуы ерте заманнан басталады. Ежелгі үнді, грек, вавилон, мысыр елдері сандарың жасырын, құпия сырларын тануда, білуде ғылыми жетістіктің биігіне шыққандығын батыстық шығыстанушы ғалымдардың зерттеу еңбектерінен білеміз. Кейбір ғылыми мәліметтерге қарағанда, санның өзіндік тілі, қалыптасқан ережесі мен заңы болған. Алғашқы кітаптарда әрбір әріп санмен белгіленген, сөздердің санмен жазылғандығы айтылады.

Грек ғалымы, математик Пифагор сандық жүйеге байланысты зерттеулерінде заттардың сандық мәні болады деп, ал қоршаған әлемді сандардың гармониялық жүйесі мен олардың қатынасынан тұратындығын есептеп, табиғаттағы заттар мен құбылыстардың жаратылысына ой жіберген ғалым адам да, тас та бірыңғай судан немесе оттан жаралғанын, сол адам мен тастың бір нәрсе еместігін зерделей отырып, олардың айырмашылығын іздейді. Зерттей келе айырма бұлардың ішкі құрылымында болар деген пікірге келеді де, олардың бөлшектерінің ара қатынасы мен мөлшерін анықтауға

ден қояды. Табиғаттағы жалпы жаратылыс иелерінің арақатынасы, олардың мөлшері сан арқылы анықталатына сүйене отырып, әлем саннан құралады деген пікірге келеді [1, б. 45].

Нумерологияны математика саласына жатқызғанымызбен, сандардың этнолингвистикалық қырын саралау тіл білімінің зерттеу нысаны деп санаймыз. Ал, математика ғылымы адамзат тарихында ең ерте қалыптасқан ғылымдардың бірі десек, оның алғашқы дамыған ошақтарының бірі Мысыр елі болды. Адамзат даналығының ойлап тапқан басты жаңалықтарының бірі жазу өнері болса, сандар мен олардың таңбалануы осы жазулардың негізінде пайда болғандығын айтқымыз келеді.

Нумерология – сандардың таңбалық ұғымын, мағынасын білдіретін көнеден келе жатқан ғылым. Оны кейбір ғалымдар сандардың магиясы деп атайды. Ол философия мен астрология ғылымдарымен сабақтас, сарындас ғылым саласы болып табылады. Ежелгі адамдар нумерологияны табиғаттың тылсым күштерін, өздерінің жан дүниесінің құпиясын ашуға және басқа да қоршаған ортадағы проблемаларды шешуге пайдаланған. Нумерология метафизикалық ғылым ретінде адамның кім екендігін, қайдан келді, қайда барады, қалай жетістіктерге жетуге болады деген сауалдарға жауап іздеуде таным құралы болған деп айтуға болады. Нумеролог ғалымдардың пікірілерімен, зерттеу еңбектерімен таныса келе, бұл ғылым саласының пайда болғанына, шамамен, 2500 жылдай болғандығын байқаймыз.

Нумерологияны, бір жағынан, адамды тұлға ретінде дамытуға негіз болатын практикалық пән деп атауға болады. Адам өзіне-өзі қалай көмектесе алады, өзін-өзі қалай тануға болады деген сауалдарына жауап беретін ғылым. Нумерология тек сандар жөніндегі ғылым ғана емес, сонымен қатар адамның өмірі мен оның құндылықтары жайында бірден-бір сүйенетін ғылым саласы деуге болады. Нумерологияның әсерін минут сайын сезінеміз десек артық айтқандық болмас. Себебі күнде жаңа бір оқиғалар орын алып, екінші бір дүниелер аяқталып жатыр. Осының бәріне нумерологияның қатысы бар деп ойлаймыз.

Нумерология адамның рухани таным-түсінігін кеңейтеді. Табиғаттың тылсым сырларының құпиясын ашуға көмектеседі. Адамның көзіне көрінбейтін әлеммен байланыстыратын ерекше

ғылым саласы. Осы ғылым арқылы адамның дүниетаным көкжиегі кеңейе түседі. Адам өзін-өзі тануына, кемелденуіне жол ашады. Нумерологияның екі қыры болады. Біріншісі, сандардың жағымды, дұрыс мағынасы. Мұнда сандар адамның өмірден дұрыс жолдарын тауып, өзінің рухани танымын дамытып, мүмкіндіктерін арттыруға жол ашады. Ал екінші, теріс, жағымсыз қыры. Мұнда адамның болашағы бұлыңғыр, жолына кедергі болатын қадамдарға жетелейтін сандардың сипаты туралы айтылады.

Нумерология ғылымының негізгі мақсаты адамның өмірінде жетекші рөл атқаратын сандардың ықпалын анықтау болып табылады. Ондай сандарға мыналарды жатқызамыз:

1. Өмір жолы сандары (адамның туған күні (датасы)).
2. Білдіру (выражения) сандары (адам есіміндегі әріптердің суммасы) .
3. Тұлғалық сандары (адам есіміндегі дауыссыз дыбыстардың суммасы).
4. Рух сандары (адам есіміндегі дауысты дыбыстардың суммасы).
5. Кемелдену сандары (туған күн датасы мен есім санының суммасы).

Осы аталған сандар адамның жалпы нумерологиялық портретін ашып береді. Нумерологияны зерттеу арқылы адам тек өзін-өзі ғана тұлға ретінде қалыптастырмайды, сонымен қатар айналасын жақсы түсінуге мүмкіндік береді [2, с.7] .

Ғаламның жаһандық универсал заңдары болатыны белгілі. Бұл заңдар адамның оларды сезуіне не болмаса сезбеуіне тәуелді емес және олар өзгермейді. Мұндай универсал заңдар нумерологияда да қолданылады. Нумеролог ғалым С. Некрасова оларды былайша жіктейді:

1. Өмірде кездейсоқтық болмайды. Әр нәрсенің өз себебі болады. (Случайностей не бывает. У всего есть свои причины).
2. Дүниедегі оқиғалардың бәрі Күдіретті жоспарға сәйкес болып жатады. Адам өз өмірінде осы жоспарды қалай, қайтіп жүзеге

асырады деген құқыққа ғана ие. (Все происходит в соответствии с Божественным планом. Мы обладаем свободой выбора, как, и каким образом реализовать этот план в своей жизни).

3. Өмір қалай болу керек болса, солай реттеледі. Қателік болмайды. (Жизнь складывается так, как должна сложиться).

4. Егер адамға бір нәрсе дұрыс болып көрінсе, ол бәріне де дұрыс болады. (Если что то правильно для вас, то это правильно и для всех).

5. Адамға ешқашан шамасынан артық нәрсені міндеттемейді. (На нас никогда не возложат больше того, с чем вы можете справиться) [2, с. 7-8].

Жоғарыда келтірілген заңдардың жалпы адамзатқа ортақтығын байқауға болады. Бұл жерде адамның қандай дінді ұстанатыны қарастырылмаған. Мәселен, Ислам дінінің қағидалары осы заңдармен сабақтас десек артық айтқандық болмас. Құран кәрімнен бір мысал келтірер болсақ, соңғы бесінші заңдағы адамға шамасынан артық нәрсені міндеттемейді деген жолдар Бақара сүресінің соңғы 286-аятындағы «Алла (Т) кісіге шамасы келетін міндетті ғана жүктейді; Істеген жақсылығы өз пайдасына да, жамандығы зиянына...» сөздермен сәйкес келетінін байқаймыз [3, б. 604]. Келтірілген үзіндіге қарап Жаһандық заңдардың кездейсоқ емес, шынында Жаратушы тарапынан болатынын түсіну керек деп санаймыз.

Ежелгі өркениеті дамыған Египет, Қытай, Үндістан, Вавилон, Аравия, Иран және Түркілер мемлекеті сияқты елдердің мәдениетінде өздеріне тән нумерологиялық дәстүрлері қалыптасқан, күні бүгінгі дейін дамып келеді. Ол кезде сандарға қатысты ғылым арифмомантия деп аталған. Қытай нумерологиялық дәстүрі қазіргі таңға дейін Фэн-шуй принципі шеңберінде дамып келе жатыр. Фэн-шуй ғылымы жайында ғалым С. Некрасова былайша пікір білдіреді: «Наука Фэн-шуй изучает структуру потока энергии жилого пространства вашего дома и предметов, размещенных в нем (то есть внешний мир)» [2, с. 9]. Қытай нумерологиясына зерттеу жүргізген ғалым ары қарай Фэн-шуй ережесі бойынша үйдің кеңістігіндегі энергияны өзгертуге мүмкіндік береді. Сол сияқты адам өз өмірін де өзгертуге

кабілетті. Оған бұл жолда нумерология көмектеседі деген пікір айтады.

Нумерология мен сандық астрология адам денесінде сыртқы әлем заңдарының қайталап көрінуі деген көнеден қалыптасқан түсініктерді нақтылауға бағытталған. Космос заңдарын макрокосмос десек, адамды микрокосмос деп айтуға болады. Өйткені адам да табиғаттың ерекше жаратылған жаратылысы. Адам өміріндегі түрлі құпия сырлар оның туған сәтінен басталады. Нумерологиялық тұрғыдан айтқанда, туған күні мен оған қойылған есім тылсым бір «космостық кодпен» тығыз байланысты. Бұл сандық код адам денесінің биологиялық және энергетикалық қуатын ғана емес, сондай-ақ оның тағдырын, тіпті қайтыс болатын уақытын да анықтайды.

Нумерология сандық таңбалар (символ) мен геометриялық фигураларды жоғарыда айтылған заңдылықтарды зерттеуде негізгі құрал ретінде пайдаланады деуге болады. Бірақ нумерологияны математикамен шатастыруға болмайды, олардың айналамызда болып жатқан құбылыстарды есептеу, анықтау әдістері әртүрлі. Сандар математикада есептік немесе көлемдік көрсеткіштерді санауға негізделсе, нумерология сандарды философиялық, статистикалық критерийлер ретінде қолданады.

Сандар нумерологияда заттар мен құбылыстардың өзіндік ерекшеліктерін таңбалау қызметін атқарады және философиялық таным түсінігіне ие болады. Осы тұрғыдан келгенде, жер бетінде тіршіліктің пайда болуы мен дамуы ғарыштық (космостық) қырынан да, экологиялық қырынан да кездейсоқ жаратылыс емес деген ой келеді. Сондықтан да Жер басқа ғаламшарларға қарағанда Күннен қашықтығы өте дәлдікпен өлшенген. Күннің қуатты сәулесі бүкіл тіршілікті күйдіріп жіберетіндей өте жақын да емес, мұз болып қатып, өмір болмайтындай алыс та емес. Оның үстіне жер тіршіліктің дамуына керекті оттегімен байытылған. Демек, Табиғат пен Ғарыштың адамзаттың пайда болуында және оның дамуын ары қарай жалғастыруында кездейсоқ дүниелер емес екенін байқаймыз. Осы байланыс арқылы адамзат пен ғаламның бір-бірімен тығыз байланысты екені көрінеді. Қоршаған дүниенің және ғаламшарлардың ритмі әрбір адам өмірінің ритмімен сабақтас, ұқсастықтары ғалымдарды ерте кезден-ақ қызықтырған.

Сол себепті ғалымдар беймәлім, тылсым дүниенің сырын ұғуға, ашуға талпынған. Белгілі нумеролог ғалым

В.В. Калюжный нумерологияның дүниетанымдық сипатын зерделей отырып, адамның өсу процесі, денсаулығы, психикасы және басқа да қасиеттері ғаламдық жаратылыспен байланысты деген пікір айтады [4, с. 8].

Нумерология мен астрология көне ілімдер ретінде есеп-қисапты талап ететін көптеген ғылымның дамуына негіз болды. Біз осы мақалада сандардың таңбалық (символика) жүйесі мен басқа белгілердің қалыптасу, даму жолдарына зерттеу жүргізуге тырысамыз.

Қытайда философиялық тұрғыдан алғанда, логикалық таным моделі мен оны зерттеудің құралы ретінде және сандық жүйелер мен геометриялық құрылымдардың қызметін, олардың мәні мен маңызын анықтау үшін нумерология ғылымы пайдаланылды. Олардың математикалық заңдар бойынша емес, бірінші кезекте, символикалық, ассоциативті, мнемоникалық жағынан байланысты екені жайлы ғылыми тұжырымдар жасалған [5, с. 47]. Яғни қандай да бір мәліметті не белгіні басқа ақпарат арқылы есте сақтау дегенді білдіреді. Мәселен, санды есте сақтаудың орнына сөзді, ал сөздің орнына мекен-жайды есте сақтау деп түсінуге болады.

Қытай философиясында ежелгі заманғы ғұламалар әлем мен оның құрылымын философиялық тұрғыдан танудың бір ортақ атауы ретінде универсал термин «категория» қажет болғаны айтылады. Синолог ғалым Го Юй «Речи Царств» атты кітабында қытай философиясының көне жазба ескерткіштерінің бірінде қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың ортақ терминін жасау идеясының көтерілгенін атап өтеді [6, б. 288]. Сонымен қатар еңбекте барлық адамдар мен рухтар сан арқылы келісімге келеді, дыбыс арқылы анықтайды. Сандар анықталып, дыбыстар үйлестірілгеннен кейін бірігу мүмкін болады.

Қытай сан мәдениеті, яғни нумерологиясы «Ғарыштың музыкалық-сандық құрылымы» жөніндегі пифагорлық іліммен сабақтасып жатыр деген пікір бар. Қазіргі заманғы көзқараспен қарағанда ежелгі ғалымдардың табиғаттың заңды құбылыстарын дәл болжаған талдаулары таңқаларлық дүние болып көрінеді.

Әсіресе, заттар мен құбылыстардың жалпы қасиеттері мен ерекшеліктерін сандық символдар (таңбалар) мен белгілер арқылы түсіндіруі қазіргі ғалымдардың ашқан жаңалықтарымен астасып жатыр деп айтуға болады. Сандық сәйкестіктер заңдылығы (сандық таңбалар) бізді қоршап тұрған заттар мен құбылыстардың қайталанып тұратын процесімен үйлеседі. Демек, математикалық формулалар санындағы үштік ритмикалық код адамның гендік спиралінде анықталғандығын көне трактаттарды зерттеуші қазіргі заманғы ғалымдар тапқан. Мәселен, синолог ғалым В.В. Калюжный Жакоб биологиясы бойынша Нобель сыйлығының иегері Р. Якобсон үштік (тройной) генетикалық кодты ашқанда оның көне қытайдың «易经» (Yi jing) атты жазба ескерткішіндегі үштік таңбалармен ұқсастығына мән бергендігін айрықша атап өтеді [4, с. 135]. Ол үштік құрылымды биологиялық заңдардың тілдің дамуын ықпалын зерттегенде пайдаланғандығын мысалға келтіреді. Сондай-ақ, ежелгі қытай нумеролог ғалымдарының симметриялық сандар жайлы ілімін дәлел ретінде қолданады. Жоғарыда келтірілген мысалдардан қазіргі заманғы ғалымдардың сандар мен таңбаларды ғылыми тұрғыдан зерттеуі жайлы дәстүрлі қытай әдісін мойындағанын байқауға болады.

Иероглифті тіл еуропалық алфавит жүйесіне қарама-қарсы бағытта болуы қытай мәдениетінің өзге бағыттарында да көрініс береді. Адамның ойлау жүйесінің физиологиялық механизм екендігі белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, адам миының жартышарында жүйкелік және психикалық процестер белсенділік танытады. Демек, адам миының оң және сол жақ жартышар болып бөлінуін негізге алар болсақ, қытай мәдениеті ойлау принципі бойынша алфавиттік ретпен (сол жақ жартышар) емес, иероглифті (оң жақ жартышар) негізге бағытталған [5, с. 75]. Бұл тұрғыда оны алфавиттік мәдениеттің гректік типімен салғастыруға болады. Көне гректерде әрбір әріп дыбыстық мәнді ғана емес, сонымен қатар сандық мәнге де ие болған. Мәселен, альфаның сандық мәні – 1, бетанікі – 2, гамманікі – 3, т.б. Ал, бұл өмір заңдарын танудағы әріптер мен сандардың таңбалар жайлы философиялық дүниетаным түсінігін қалыптастыруға әсер еткенін білдіреді. Грек алфавитін құру идеясы натурал сандар қатарының ашылуымен тығыз байланысты. Осы ойды тұжырымдай келе, нумерология ғылымының қалыптасуы және оның халықтың дүниетанымымен

сабақтасып жатуы Шығыс философиясы мен Батыс философиясында өзіндік орнын тапқан деп ойлаймыз. Бұл жерде бір ел екіншісінен алды деп айтуға болмайды. Себебі, табиғат аясында өмір сүрген әртүрлі халық өзін қоршаған ортаға байланысты таным-түсінігі, оның тылсым сырларын білуге ұмтылуы табиғи заңдылық деп түсіну қажет.

Қазіргі қытай философиясы болсын, түркілер философиясы, оның ішінде қазақ философиясында болсын әлемді тану мен оның құпия сырларын сандар мен таңбалар арқылы зерттеу дамып келеді деп айтуға болады. Жалпы әлемді танудың біріңғай философиялық түсінігі қалыптасу үшін бір методология қажеттігі туындайды. Еуропалық дәстүрлі философияда методология рөлінде формальді логика басты назарда болса, қытайда нумерология негізгі рөл атқарады. Нумерологияны тану, зерттеу ісінде философияның маңызы ерекше деп түсінеміз.

Табиғат дүниесін қазақ танымына сай саралап көрер болсақ, оның философиялық талдауы бізді көне заманға жетелейтінін анықтаймыз. Қазақ даналарының дүниетаным болжамдарына сәйкес табиғат жаратылыс, оның жаратушысы адам болып табылады. Белгілі ғалым А. Машани Әл-Фарабидің табиғи-философиялық қағидалары жөнінде әлемді құраушы заттардың ең негізгі қасиеті қозғалыста болу екендігіне назар аудара отырып, бұларды алты түрге бөлетінін айтады. Олар бірінші, жаратушыдан болған бас себеп; екінші, аспан қабаттары; үшінші, рухани-ғақли әрекеттер; төртінші жан қуаты; бесінші, заттың формада болуы; заттың тектік негізі [6, б.135]. Ары қарай зерттей отырып, ғалым дүние қуаттарының өте қатаң тәртіп бойынша тұтас бір құрылымдық үйлесімде орналасқанын, Әлем және Ғарыш сол деген пікір айтады. Адам сол әлемнің бір мүшесі, оның қабілеті міндеті сол әлемді тану, оның жаратылысын түсіну, жаратушысын тауып оған сену деп ой қорытады. Бұл мәселе Абайдың 45-қара сөзінде де айтылады: «Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ. Ол жаратқан тәңірінің ісі ... Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп». Жоғарыда келтірілген сезімдер Жаратушының адамға берген сыйы. Табиғат болмаса және ол табиғат адамның бақылау, көру, ойлау қабілетіне сай жаратылмаған болса, адам ғылым жасай

алмас еді деген болжам айтады. Сонымен қатар ғалым «пешене-бесене» деген сөзге талдау жасайды. Қазақ халқында «бешене-бесене» деген сөздерді мағыналас ретінде қарастыра келе, қазақ тіліндегі «бесенеден белгілі», «пешенесіне жазылған» тіркестерді «жұлдызы солай» деген тіркеспен мағыналас қарастырады. Мұнда «бес» санының тарихи, табиғи мазмұны мен маңызына назар аударады [7, б.138]. Сонымен бірге «пешене» сөзінің қазақ мәдениетіндегі сандардың тамаша сырын қозғайтынына тоқталады. Сол арқылы осыдан мыңдаған жылдар бұрын болған оқиғалардан хабар алуға болатынын атап өтеді. Бұл бойынша ғаламның жаратылысын 12000 мың жылдық деп, онан кейін бір жылдың ішіндегі 12 айды және осыған байланысты он екі жылға пешене сөзінің түбір деп есептейтін бес санын қосып, он екі мүшел жылды шығарады. Бұл бір ғана он екіге қатысты қазақ дүниетанымындағы сандардың сипатын беріп отыр. Зерттеуші әлемнің тылсым дүниелерін анықтау мақсатында, үнемі Әл-Фарабиге жүгініп отырғандығын байқаймыз. Сандар құпиясын ашуда ол Әл-Фарабидің музыкалық трактаттарын саралап, «ондағы жеті саны оның музыкалық ноталар саны, бес саны оның барлық дүниені құраушы тектер саны, пешене – құт саны: от, су, жел, жұлдыз. Бұл тектердің алғашқы төртеуі жер саны, кейінгі бесіншісі аспандық. Қазақтың пешене – бес ана деп келетін түсінігі осы басқы – алғашқы табиғи тек санымен байланысты деп санаймыз дейді [7, б.152]. Ғалым А. Машани өзінің сөзін дәлелдеу мақсатында үнемі ауыз әдебиетіне сілтеме жасап отырады. Оның ішінде Оғыз хан немесе өгіз хан туралы аңыздағы Оғыздың аспаннан түскен Нұр қызына үйленуі, Күн, Ай, Жұлдыз, Көк, Тау, Теңіз атты ұлдарының болуы арқылы аңыздың астрономиялық мазмұнға негізделгенін көрсетеді. Одан бөлек жыл басы болуға таласатын жануарлар туралы аңыз, «Наурыз» мейрамына байланысты аңыздардағы қазақ халқының әлемнің тылсым құпияларын сандық түсінікпен байланыстырып, оны математикалық дәлдікпен тани білгенін анықтайды. Күн мен түннің теңелуінің 21-наурызға сәйкес келетіні белгілі. Ал сол күн мен түннің ұзақтығының бірдейлігін өте дәлдікпен есептеп шыққан даналық қазақ ғұламаларының әлемдік ғылымдағы орнын көрсетеді деп білеміз. Аспан денелерінің-жұлдыздардың орналасу тәртібін аспан сағатына теңейді. Күн мен түннің теңелген наурыз мейрамында осы аспан сағатының тілі он екі мүшел жұлдыз

тобының қайсысына дәл келсе, сол жұлдыз шоғыры, сол мүшел жануар жыл басы болмақ дейді.

Профессор А.Машани сан әлемін зерттей отырып, таңба (символ) сырына да назар аударады. Мұнда зерттеуші тағы да Өгіз хан аңызына сүйенеді. Өгіз ханның екінші аты таңбашы болғандығын, оның әртүрлі белгілер, мөрлер жасап, жұртқа таратқандығын атап өтеді. Осы арқылы автор тағы да он екі санының құпиясын ашуға тырысқан. Бұл үшін ол қазақтың «Алыптар туралы» атты ертегісін негізге алады. «А» әрпі ертегідегі Айдың үйінен, «В» әрпі шыққан деп немесе Өгіз ханның аспан анадан туған ұрпағы әліп болғанда, бәйтерек ішінен кездескен ұрпағын бәйтерек тірек «Б» әрпі болған деп басқа да әріптік таңбалардың қалай шыққандығын талдайды. Бір қарағанда, көңілге түрлі сұрақ келгенімен, ғалымның ғылыми талдаулары математикалық дәлдіктермен негізделіп отыратындығы ғаламның құпия сырларының шешуі осында жатқандығына сенуге болады. Осы жүйемен таңбаларды талдай отырып, қазақ руларының өзіндік таңбаларына да сараптама жасайды.

Жалпы, әлем жаратылысы, олардың таңбалану сыры, сандардың құпиясына байланысты нумерология ғылымындағы мәселелер барлық халыққа ортақ деген тұжырым жасаймыз. Бүкіл адамзат баласына ортақ ғылыми мәселелердің барлығының негізі қазақ тілінде, қазақ тарихында, қазақ дүниетанымында, қазақ мәдениетінде бар деп санаймыз.

Қытай нумерологиясындағы «тақ» және «жұп» деген түсініктің қазақ халқында да бар екендігі белгілі. Бұл қарастырылып отырған мәселе Ақжан Машанидің көптомдық еңбегінде жан-жақты сараланғандықтан, біз мақаламызда негізінен осы ғалымның еңбегіне сүйенеміз [8, б.118]. Қазақ дүниетанымында күндізді жаз, түнді қыс деп білу танымы бар екендігі белгілі. Осыған сәйкес жаздың жұлдызы-жылқы, қыстың жұлдызы-сиыр болып табылады. Сиыр қазақ жыл санауы бойынша екінші, яғни мүшел бұрышы жұп, ал жылқы жетінші мүшел болғандықтан мүшел бұрышы тақ болады. Жұп сан ертедегі қағида бойынша әйелдік сан, яғни сиыр үй ішінің, әйелдің малы. Тақ сан еркектік сан – жылқы ерлер мінетін жануар. Бұл пікірді А. Машани қазақ аңызына сүйене отырып былай сипаттайды: «Қазақ жыл

санауындағы сиыр мен жылқының аспандық жұлдызы – Шолпан. Ертеде жылқы жыл басы болғанда ол үркерді табанына басып тұрады екен. Соның салдарынан үркер аспанға шыға алмайды. Үркер аспанға шыға алмаған соң қыс та болмаған екен. Сонан кейінгі замандарда аспан күзетінің кезегі сиырға келеді. Сонда сиырдың аша тұяғының арасынан шығып, Үркер аспанға көтеріліп кетіпті. Содан бері қыс қатты болатын болған. Бұл ауысудан Өгіз хан кезіндегі жыл басының – сиыр, ал Ертөстікте жыл басы – Жылқы екенін көреміз. Қыс пен жаздың ауысуы осыдан шығыпты. Сонымен қатар, күн мен түн, жақсылық пен жамандықты талдай келе сегіз санының мағынасын ашуға тырысады. Ары қарай ғалым өзінің әлем жаратылысына қатысты олардың «тақ» пен «жұп» қатынасын сандық ұғыммен байланыстырады. Ер Төстіктегі сегіз батырды, Абайдың «Сегіз аяқ» әнін, т.б. аңыз-ертегілердегі сандардың қазақ дүниетанымына сай өрілуі әлемдік нумерологиядағы қалыптасқан танымдық сипаттармен үйлесіп жатқандығын байқаймыз.

Нумерологияның астрологиялық негізін зерттей отырып, ғалымдардың пирамида немесе үшкіл ұғымына соқпай кетпейтінін аңғардық. Осындағы әрбір бұрыштың философиялық мағынасы бар. Бұл табиғаттың үш негізгі күшін бейнелейді. Олар: Аспан, Жер және осы екеуінің арасында олардың қуатын бойына дарытатын адам. Үшкіл таңбасы Δ табиғаттағы төрт негізгі құбылысты: от, жер, су және ауаны сипаттау немесе білдіру үшін қолданылады.

Сан таңбаларының жұлдыздардың графикаларымен үйлесуін ғалымдар нумерологиялық астрологияның философиялық саласы деп түсіндіреді [4, с. 59]. Белгілі бір дүниетанымға негізделмеген сандар жүйесін, сан мәдениетін, сандардың таңбалық ұғымын тану, білу мүмкін емес. Қандай да бір сандық таңба, белгі, жазу болсын, оның «магиялық» астары бар деп түсіндіріледі. Нумеролог ғалымдар сандар жүйесінің ғарыштық бейнесін Орион шоқжұлдызымен байланыстырады. Қытайша транскрипциясында ол Шэнь дегенді білдіреді. Бұл шоқжұлдыздың сандық-құрылымдық белгілеріне қарап, оны үштік, бестік сипаттары бар нумерологиялық жүйе деп қарастыруға болады.

Біздің заманымызға дейінгі V ғасырда қытай астрологтарының аспан денелерін 28 бөлікке (станция) бөлгендігі мәлім. Біз қарастырып отырған Орион жұлдызы сол бөліктердің бірімен шектеседі. Аспан денелерінің 28 бөлікке бөлінуі ежелгі үнді астрологтарында да болғандығы тарихи деректерде айтылады. Деректерге жүгінсек, қытайлар бұлай бөлу жүйесін үнділерден алған секілді.

Нумерология ғылымында «28» саны «керемет» сан деп, ал математикада «толық» сан деп есептеледі. Қытай астрологтары болсын, үнді астрологтары болсын аспан денелерін осындай «толық», «кемел» бөлікке бөлу себебін түсіндірмейді. «28» санының неге осындай магиялық ерекшелікке ие болды деген мәселенің басы бүгінгі күнге дейін ашық қалып отыр. Дегенмен, «28» санының «толық» деген қасиетке ие екені дәйек болып қала береді. Ол Ғаламшар құрылымының бірігу заңының оккульттік формуласы ретінде ($28 = 4 \times 7$) қолданылады және ежелгі түсінік бойынша «28» саны адамдардың өміріне жиі араласады екен. Демек, көптеген адамдардың өмірінде болатын күрт өзгерістер осы оккульттік санның әсерінен болады деген пікір қалыптасқан. Оккульттік ұғым деп қоршаған ортадағы жалпы адамдарға беймәлім, тек ерекше қасиетке ие адамдарға ғана белгілі болатын тылсым құбылыстар сырын айтады.

Кез келген адам өмірінде қандай да бір жетістіктерге жетсе немесе қуанышты жағдайлар болған кезде үнемі сәттілік жолдас болды деп жатады. Егер бірнеше қуанышты жағдайлар бір күнде орын алса, біз ол күнді бақытты күн деп санаймыз. Ал осындай бақытты сәтті алдын ала болжауға бола ма? Әсіресе, қиын шаруаларды шешуге тура келгенде. Бұған нумерология ғылымы мен сандық астрология болады деп жауап береді. Мұндай күнді адамның туған күні мен айына, жылына, сондай-ақ аты-жөніне сәйкес есептейді. Көп нумерологтар әкесінің атын есепке алмайды. Сәттілік әкелетін күн адамның туған күнімен дәл келмеуі де мүмкін. Бірақ ол сан адамның туған күніне қалдықсыз бөлінетін еселік сан болуы керек. Мәселен, 14 пен 21 сандары 7 санына 2 және 3 болып қалдықсыз бөлінеді. Егер туған күні мен жылына байланысты қарастырар болсақ, 21 тамыз 1937 жыл деген дата $21+8+1937$ болып шығатынын көреміз. Бірақ оны ары қарай жіктегенде $2+1+8+1+9+3+7=31=3+1=4$. Сәттілік әкелетін күні әр айдың

төртінші жұлдызы болып шығады. Енді «4» саны шығатын қосынды сандар: 31, 22, 13. Егер туған күн датасы 1 қаңтар 1991 болса, онда $1+1+1991$ болады, ары қарай есептейтін болсақ, $1+1+1+9+9+1=22=2+2=4$. Осы тәртіппен қуаныш әкелетін күнді есептеп шығаруға болады.

Енді 1-ден 9-ға дейінгі натурал сандардың нумерология мен сандық астрология тұрғысынан ұғымдары мен сипатын талдап көрейік.

1 – бұл санға (кодқа) қатысты күн жаңа жұмысты бастауға тиімді және шаруаны кейінге қалдырғысы келмейтін, шұғыл шешім қабылдап, іс бастау үшін жақсы күн болып саналады.

2 – контрасты күн. Ойға алған жұмыс шешілуі мүмкін, бірақ толық сәтті болмайды. Мұндай даталарда сәттілік істің барысында болады. Сондықтан істі тез аяқтауға асықпай, созыңқырап жалғастыру қажет.

3 – бұл санға сәйкес келетін күн бастаған істі аяқтау үшін белсенді әрекет жасау керек немесе жаңа іс бастау қажет. Осы күні достықты мықтылай түсу және өзара көмек көрсету керек. Бірақ біреуге қасақана қиянат жасамаған дұрыс, себебі сол жамандық бумеранг секілді өзіңе айналып келуі мүмкін. Сонымен қатар бұл күн қызмет бабымен іссапарға шығуға қолайлы күн.

4 – бұл санның коды қысқамерзімді жұмыстарды бастау немесе аяқтауға оңтайлы күн. Қарапайым сауда-саттық, алып сату сияқты коммерциялық істерде сәттіздіктер орын алуы мүмкін. Ал басқа келісімшарттар жасау, материалдық қамтамасыз ету сияқты жұмыс түрлерінде сәттілік болады.

5 – тәуекел және тосынсый (сюрприз) күні. Бұл күні күрделі жұмыстар мен жауапты әрекеттерге бармаған жөн. Адамның кейінгі тағдыры сол жұмыстың нәтижесіне байланысты болады. Ондай жауапты да маңызды жұмысты алдын ала сақтандыру жұмыстарын жасап не болмаса оң шешім шығатынына сенімді болғанда ғана бастауға кеңес береді.

6 – Бұл күні бастаған істі жалғастыру үшін тиімді пайдалануға және жақындарыңызға арнауға кеңес береді. Бұл күн

өзара түсіністік, үйлесім, еркіндікті нығайту, үй шаруасы сияқты ұсақ-түйек жұмыстармен айналысу күні.

7 – бұл күн бастаған істі жалғастыру және интеллекті жетілдіру (оқу, конференцияларға қатысу, концерттерге, театрға, музейге бару) күні болып есептеледі. Сонымен қатар бұл күні адамда алдын ала сезу, интуиция сияқты қабілеттер артады.

8 – Бұл күн үлкен де маңызды істерді шешуге, коммерциялық, қаржылық мәселелерді шешуге қолайлы күн. Сондай-ақ, осы күні бірнеше әріптес адамдардың немесе ұйымдардың өзара тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін күш біріктіруі пайдалы болмақ.

9 – бұл күн болашағы зор істі бастайтын күн. Әсіресе, коммерция, қаржы және өнер саласындағы адамдар үшін тиімділігі ескертіледі.

Жалпы нумерология мен сандық астрологияда қарапайым сан туған күннің «алтын санымен» сәйкес келетін болса, ондай айдың бұл күні ол адам үшін оңтайлы болып саналады. Егер сәйкестік болмаса, онда ол адамға нумерологиялық код схемасы бойынша әрекет етуге кеңес береді.

Қазақ және қытай тілдеріндегі нумерологияның таңбалық, ұғымдық сипатын қарастырып көрейік. Жалпы тіл білімі саласында жазудың, оның ішінде сандар жүйесі мен таңбалардың пайда болуы адамзат мәдениетіндегі толық шешімін таппаған мәселелердің бірі деген ғалымдардың пікірлерін негізге аламыз. Иероглифтер болсын, пиктографиялық таңбалар болсын немесе көне түркі жазба ескерткіштеріндегі таңбалардың даму сипаттарын зерттеп қарағанда олардың ортақтық қасиеттерін байқаймыз. Мысалы олардың бәрі сол өңірдегі тілде сөйлейтіндер үшін жасалғандығын және алғашқы жазу үлгілерінің сипаты, қызметі тарихи даму үдерісі және жазуға негіз болғандығын айтуға болады. Бұл жайында француз ғалымы М.Коэннің мынадай пікірін келтіруге болады: «Даже если бы в нашем распоряжении было значительно больше документов по древнейшей истории письма, следовало бы воздержаться от проникновения во мрак его происхождения» [7, б. 223].

Мәдениет тарихында жазулар – идеографиялық, силлабикалық және алфавиттік деп бөлінетіндігі белгілі. Идеографиялық жазуда

әр таңба жеке сөзді белгілеп тұрады. Одан кейін сөзді белгілі бір таңба арқылы айқындап тұратын логограммалар пайда болады. Онда да сөз толық бейнеленбей силлабикалық (буын) белгілері арқылы, негізінен, дауыссыз дыбыстардан құралады. Мұндай жазулардың ішінде ең көнелеріне Египет жазуын (шамамен 6 мың жыл), шумер (шамамен 5 мың жыл), қытай (шамамен 4 мың жыл) және мая жазуларын (шамамен 3 мың жыл) жатқызуға болады.

Ғалым И.М. Дьяконовтың пікірінше, пиктографиялық таңбалар ойды қашықтыққа жеткізуде қолданылған тәсілдің бірі болған. Бірақ, ол ойды жеткізе алғанымен, мұндай жазу тіл туралы көп мағлұмат бере алмайды. Өйткені мұнда ой мен таңбаның байланысы нақты болмайды. Ал, логограмма сөздің графикалық белгісін білдірсе, идеограмма ұғымның белгісін анықтайды. Жалпы тіл білімінде ұғымнан сөздің пайда болуы және ұғымның жазудағы таңбамен тікелей байланыста болатындығы белгілі. Бірақ сөз бен таңбаға келгенде әртүрлі пікірлер айтылады. Тілді таңбалар жүйесі десек, олар негізінен абстрактылы мәнде деп түсінеміз. Соның нәтижесінде кез келген сөз, дыбыс, қытай тіліндегі тондар (ырғақ), сөйлемдер – барлығы тілдің танбалық табиғаты бар құбылыс екенін танытады. Сондай-ақ, тілдің объективті, тарихи құрылымын жақтап, тілдік құрылымдар мен белгілерге қатысты жасалған номиналистік және субъективті-психологиялық теорияларға қарсы шығады. Белгі, символ және аңыз категорияларын жеке қарап, «белгі» мен «символ» терминдері әртүрлі мағынада жұмсалатынын, сонымен қатар бұл үш тілдік категория әлі де болса дамудың бастапқы кезеңінде тұрғанын айта келе оларды түбегейлі зерттеу қажет деп түйіндейді [9, р. 89]. Кеңестік философия мен мәдениетте танымға қатысты жасалған тұжырымдарды берік ұстанатын лингвистер «бейнелеу» теориясы қолданылғаны белгілі. Олар батыс ғылымының тілге берген анықтамасына, яғни олардың тілді –математикалық ойдан және мән-мағынадан тыс жатқан математикалық белгілер жүйесі ретінде тануына қарсы болған. Дегенмен, абстрактылы ойлаудың маңыздылығын да жоққа шығара алмаған. Мұндай кереғар пікірлердің болуы сандық белгілер жүйесіндегі мағынаны қарапайым «санмен» байланыстырудан туындаса керек. Себебі тіл (сөз) үнемі даму, жетілу не өзгеру үстінде болатын құбылыс деп ұғынылады. Әрине, өзгеруді, яғни дамуды ешкім де жоққа шығара

алмайды. Бірақ, бұл лингвистика тарихында жаратылыс ғылымдарына еліктеуден туындаған «тіл – тірі организм» сияқты көзқарастың ықпалы да болуы мүмкін. Тіл қаншама жыл дамуда болса да, өзінің табиғатын, негізгі қасиеттерін оңайлықпен жоғалтпайды. Тілдің мұндай тұрақтылығын тілдің табиғатында жатқан абстрактылық, символдық, логика-семантикалық, сандық-таңбалық концептермен түсіндіруге болады. Лингвистердің тілдегі заңдылықтарды мойындамауы тілді спонтанды өзгерістің нәтижесі деп білуі де тілдің осындай табиғатын ескермеуден шыққан деп ойлаймыз.

Тілдің өзегінде жатқан абстрактылық қатынастар (олар ұғымдық, сандық, сапалық және тағы да басқа абстрактылық сипатта болуы мүмкін) қазіргі тіл білімінде зерттеулерден тыс қалған сияқты. Тілдегі сандық, сапалық, мөлшерлік категорияларға мән берілмей, тілдік белгілеу мен математикалық, логикалық белгілеу арасында жасанды шекара тұрғызылған. Бұрынғы кеңестік философтар мен тілшілердің пікірі бойынша таза математика мен логика – адам санасындағы болмыстың қарапайым бейнесін зерттеумен айналысатын салалар. Сонымен бірге тілдік таңбалауда жағдай басқаша болады, яғни адам болмысқа белсенді араласа отырып, одан керектісін ғана таңдап алады. Осыдан барып адамдардың араласуы кезінде тіл өзгереді деген тұжырым жасалады.

В. Гумбольдт, Э. Сепир, Б. Уорф және т.б. лингвист ғалымдар тілді болмыс пен ой арасындағы дәнекер ретінде бағаласа, А.Ф. Лосев зат туралы түсінікті заттың тікелей көрінісі емес деп, оны семантикалық іс-әрекеттің нәтижесі ретінде таныды. Мұндай іс-әрекеттің нәтижесі семема деп аталды. Ол бойынша математикалық белгілеу заттың субъективті қырларын елемей, зат туралы ойдан шығарылған абстрактылық түсінікті қалыптастырады, біркелкі, ұқсас сандық қатынастарды ғана зерттейді.

Тілде абстрактылық, сандық қатынастар өте аз кездеседі, сондықтан сан есімдерді математикалық белгіге жатқызбауға да болады деген пікір бар. Семеманың пайда болуы коммуникациямен тығыз байланысты болған соң, оны сезімнен пайда болатын бейнеге не жалпылаушы түсінікке теңеуге болмайды деп айтылады. Семантикалық сала тіл білімінде

айрықша сала болғандықтан семеманың сипатын сана мен ойдан ғана іздеу бекер іс болып есептелді.

Тілдегі белгі мен мағынаны, сондай-ақ тіл мен ойлаудың арақатынасын зерттеудегі батыс зерттеушілерінің номиналистік, позитивтік, психикалық т.б. тұжырымдары жарамсыз деп танылып, таза материалистік көзқарастың дұрыстығы құпталады. Әрине, тоталитарлық жүйе дәріптеген идеологияның әсерінен бүкіл қоғамдық ғылымда парадоксальды құбылыстар орын алған еді. Қоғам санасындағы (тіл, өнер, мәдениет, әдебиет, философия, т.б.) кез келген құбылыстың дұрыстығын не бұрыстығын бағалауда олардың субъективтілігі не объективтілігі бұлтартпас өлшемге айналды.

Тілдік белгіні абстракцияға айналдыруға қарсы болғандар арасында дұрыс пікірге оң көзқарас танытқан ғалымдар да болды. Мысалы, В.А. Звегинцев тілдік белгіге қарсы бола тұра, «кез келген тілдік белгі міндетті түрде негізделуі тиіс» деген пікір айтады [10, с.78].

Тілдегі абстракция мен математикалық абстракцияны бірге қарастырудың нәтижесінде дәстүрлі лингвистикада тілдің табиғаты мен дамуына, жалпы тілдік жүйенің қалыптасуына символдық ұғымдардың ықпалы нақты тілдік деректерсіз сараланған. Тек ХХ ғасырдың 60-жылдарында жазба тілдегі сөздердің, сандардың, тіпті, әріптердің сипаты мен маңыздылығына назар аударыла бастады.

Батыстық тіл ғылымы тілдің табиғатын әуелі грамматикалық, кейін логика-математикалық идеялар тұрғысынан сараланған. Соңғы болжамдарда жазба тілі мен сөйлеу тілінің арақатынасы басқаша бағаланып жүр. Лингвистикада фонологиялық талдаулардың, одан кейін пайда болған морфонологиялық зерттеулердің тарихы терең, 60-жылдардың басында дыбыстық тілді зерттеуден гөрі, жазба тілді зерттеу тиімді деген пікірлер айтылды.

Қазіргі тіл білімінің маңызды саласының бірі саналатын тарихи тіл білімінің міндеті – тілдегі тарихи өзгерістер мен сөздің этимологиясын анықтау болып табылады. Тіл тарихына терең

бойламасақ, тілдік құбылыстардың сырын да дұрыс ұғынбауымыз мүмкін.

Мақалада сөз болып отырған абстрактылық-символдық концептер – адам санасындағы негізгі ұғымдардың таңбалық көрінісі. Оны белгілі бір идея деп те тануға болады. Концептердің ұғымды бейнелеуде сан алуан ерекшеліктері әртүрлі тілдердің шынайы тұлғасы мен этимологиясын анықтауға негізделген. Соның нәтижесінде түбір сөз бен туынды сөздің негізгі мағынасы мен әуелгі тұлғалық көрінісі – шығу тегі анықталады.

Жалпы кез келген тілдегі сөздердің бір таңбаға негізделуінің тамыры тілде бар әрбір таңбаның болмыстық, сандық, кеңістіктік, мезгілдік, сапалық және т.б. сипаттарының белгіленуінен байқалады. Тілдегі сөздердің, яғни біздің зерттеу нысанымыз болып отырған сандардың табиғатын дұрыс тану қазақ және қытай тілдеріндегі сандық жүйе туралы зерделеудің болмысы мен тарихын пайымдауға ғылыми-методологиялық негіз бола алады.

Өткен ғасырларда Еуропа ғалымдары тіл білімінде үлкен жаңалық болған тілдік белгілер туралы ілімге іргелі ғылыми зерттеу жасаған. Тілдік субстанциядан гөрі тілдік формаға ерекше мән берген Ф. де Соссюрдің абстрактылық көзқарасы тілші ғалымдардың арасында қызу пікірталас тудырды. Оның ұсынған жаңа принципі дәстүрлі үндіеуропалық тіл білімін тығырықтан алып шықты деген пікірлер айтылды. Өйткені ол тілді жүйе ретінде тануға теориялық негіз болып табылды. Бұл теорияның өзегінде жатқан негізгі идея – белгі, яғни таңба. Ф. де Соссюрдің бұл теориясы нақты таңбаға-заттың нақты графикалық элементке қатысы жоқ. Ол таңба (знак) деген атаудан басқа қолайлы термин таппағанын ашық айтқан. Сондықтан бұл терминді ғылымда әртүрлі түсіндірілгендігін байқауға болады. Мұндағы негізгі ой тек тілдік деректерді ғана зерттемей, тілдің абстрактылық теориясын жасаудан шыққан деп түсіну керек. Белгілер теориясының құндылығы тілдің абстрактылық табиғатына назар аударған алғашқы әрі жүйелі көзқарас болуында деп есептейміз.

Лингвистикада әртүрлі тілдердің табиғатын әрқалай ұғыну, жазба тіл мен сөйлеу тілін бөлек зерттеу таңбаның нақты табиғаты мен мәнін ескермеуден туындайды. Оған көне жазу мен бүгінгі

қолданыстағы алфавит арасындағы сабақтастықтың үзілуі де себеп болған сияқты.

Әртүрлі тілдерді салыстырғанда олардың грамматикалық сипатында белгілі бір жақындық, ортақтық бары аңғарылады. Мысалы түркі тілдері мен славян, түркі тілдері мен латын, сондай-ақ қазақ тілі мен қытай тілінде де аз ғана бір сабақтастықтардың барлығы байқалады. Мәселен, грамматикалық тұрғыдан жіктеу есімдіктері мен кейбір септік жалғауларының сәйкес келуі, реттік сан есім жалғауларын атай кетуге болады.

Жалпы қай тілдің болсын қалыптасуында таңба мен символдың әсері ерекше болды деп айтуға болады. Таңба мен суреттен көрініс тапқан мағыналық абстрактылық концептің тіл жүйесін негіздей алу мүмкіндігіне күмән тудыруға болмас деп ойлаймыз. Өйткені олардың табиғаты абстрактылық-символдық ұғымдар арқылы, яғни зат, сандар және таңбалар болмыс пен сананың үйлесімділігіне, таңба мен тілдің өзара байланысына негізделген.

Қазақ тіліндегі сандық жүйе мен киелі сандар құпиясын сөз еткенде және тілдің өзіндік табиғатына тән объективті құбылыстарды саралағанда, өзге тілдердің, соның ішінде қытай тілінің сандық жүйесіне қатысты деректерді пайдаландық. Жоғарыда аталған концептер кез келген тілдің табиғатына, соның ішінде сандық жүйесіне де тән деп түсінеміз. Сондықтан да қазақ және қытай тілдерінің тарихи дамуы мен олардың өзара типологиялық байланысын пайымдауды мақсат еттік. Екі тілдегі сандардың оның ішінде киелі саналатын сандар тобын бөліп алып, олардың семантикалық ерекшеліктері мен танымдық сипаттарын саралауды және сол сандардың шынайы этимологиясын анықтауды жөн санадық.

Жалпы түркі филологиясында қазақ тілінің қытай тілімен ұқсастықтары мен ерекшеліктері толық зерттеліп шешімін тапқан жоқ. Әлемдегі көптеген тілдер сияқты қазақ тілінің қытай тілімен тұлғалық, мағыналық жағынан ұқсас жақтарын саралауды мақсат етеміз.

Таңба мағынаның (ұғымның) ең негізгі әрі тұрақты кемел көрінісі десек, дыбыс адамның дыбыстау мүшелері арқылы дыбысталатын таңбаның айтылуы болып табылады. Дыбыстың тұрақтылығы

адамның дыбыстау мүшелерінің анатомиялық құрылысына, дыбыстау аппаратына байланысты. Сондықтан кез келген тілдегі дыбысты айтқанда белгілі бір шектен аспайтынымыз белгілі. Дыбыстардың бір-біріне жақын әрі өзгергіш болуы да осыған байланысты деуге болады.

Таңбаның дыбыстық үлгісі қай кезде қалыптасқаны көне замандарға кететіні белгілі. Біздің білетініміз, ол – адамзат еңбегінің, қоғам дамуының тарихи жемісі. Сондықтан біздің сүйенетініміз тек сөз бен таңбаның мағынасы, солар арқылы ғана тілдің жағдайы мен эволюциясын болжай аламыз.

Мақалада қазақ және қытай тілдерінің нумерологиясындағы кейбір ұқсастықтарды негіздеп тұратын абстрактылық-символдық концептерді анықтау болып табылады. Ал бұл концептер белгілі бір идеяның абстрактылы көрінісі ретінде танылады. Концептердің материалдық формасы болып табылатын таңбалардың өзара қатынастарының абстрактылық, символдық табиғаты тұрғысынан дәлелденеді. В.М. Солнцев бұл жайында мынадай пікір білдіреді: Таза теориялық тұрғыдан алғанда, жазу таңбаларын белгілі бір идеяның ұғым мен түсініктің тікелей көрінісі деп тануға болады. Бірақ оның нақты көрінісін айқындау үшін арнайы зерттеулер қажет [11, с.67].

Жалпы лингвистикада тіл туралы мистикалық және агностикалық көзқарастар алғаш аңыздар мен ертегілерді зерттеу барысында пайда болды деген пікір айтылады. Бұл – заңды құбылыс. Ал, қазіргі уақытта адамзат тілінің үлгісін қайта жасау тіл ғылымының міндеті деп есептейтін пікірлер де байқалады [12, с. 39]. Өйткені адамзат тілінің ең алғашқы нұсқасын қайта тірілту мүмкін болмайды. Тілдің болмысы мен дамуы мәдениеттің күре тамыры болғандықтан тілдік зерттеу лингвистика ауқымынан шығып, тарих, философия, мәдениеттану, этнология сияқты ғылымдардың да зерттеу нысанына айналуы тиіс.

Табиғат пен қоғамның арасындағы тығыз байланыстың болуы ертеден-ақ байқалғаны анық. Жыл бойы қайталанып тұратын табиғи құбылыстар, адам өміріндегі өзгерістер қоршаған ортаның тілдегі нақты көрініс туралы түсінікке арқау болған. Осы орайда тіл білімінде «ғалам бейнесі», «ғаламның ұлттық бейнесі» сияқты термин ретінде қолданылып жүрген сөйлемдерде ғалам бейнесінің

жасалуы жеке адамға не болмаса бүкіл адамзатқа тән құбылыс ретінде қарастырылады. Оның когнитивтік (санаға қатысты) гносеологиялық (танымдық) сипаты адам ойында пайда болады. Бірақ, «әлемнің тілдік бейнесі» қоршаған ортаның тікелей тура бейнесі бола алмайды. Себебі, болмыс пен тілдің арасында адамның санасы тұрады. Осыған байланысты белгілі ғалым Б.А. Серебренников мынадай пікір білдіреді: «Звуковой комплекс, образующий слово, ни к какому отражению сам не способен. Фактический результатом отражения являются концепты или понятия. Язык связан с действительностью через знаковую соотнесенность. Язык не отражает действительность, а отображает ее знаковым образом» – деген пікір айтса [13, с.98].

Э.Д. Сулейменова: Язык, независимо от национальных вариантов, был и остается единой и универсальной базой мышления. Это особенно явно обнаруживается в условиях билингвизма. Язык – это неперемный артибут человека, и глубинная структура языковедения. Именно универсальный и единый характер языка человека служит основой взаимопонимания народов, говорящих на самых разных языках; именно универсальность сущностных свойств языка служит предпосылкой для усвоения любого другого языка» – деп тіл мен ойлауды, тілдік мағына мен концептерді, жалпы лексикалық мағына мен ұғымды маңызды құбылыстар ретінде қарастырады [14, с. 57].

Ғылыми әдебиеттегі сандық жүйе мен олардың сапасы, сандардың таңбасы мен білдіретін мағыналарына қатысты пікірлердің әмбебап болуына байланысты – дін, мифология, космология, жаратылыстану, археология, мәдениеттану, семиотика, этнология, этнография және т.б. көптеген салаларда бірдей қолданылады. Бірақ тас дәуіріндегі, одан кейінгі замандарда пайда болған таңбалар мен көне жазуларды зерттегенде олардың мән-мағынасын ұғынуда мұндай бірізділіктің сақталмайтындығын байқадық. Символдық мағынаны иеленген кез келген таңба белгілі бір математикалық, космологиялық мағынаны да жеткізе алуы мүмкін деген болжам айтылатыны анықталады. Адамзат тарихында болған зерттебелгілі бір идеяның нақты графикалық бейнесі ретіндегі таңбалардың саны шектеулі болады.

Жалпы адам баласының әлемді тануы, қоршаған ортадағы алуан түрлі құбылыстарды игеруі тілден көрініс табады. Тілдің терең құрылымы ой мен болмыстың арақатынасынан пайда болады. Әртүрлі тілдерде байқалатын жақындықтың осындай терең құрылымға тәуелді болуы, ең алдымен, адамзатқа ортақ ой жүйесіне байланысты. Адамның ойлау жүйесін концептуальды жүйе ретінде тану керек [15, б.76]. Тілдегі әртүрлі лексикалық номинациялардың болуы мұндай коцептердің табиғатын анықтауға кедергі болмайды деп ойлаймыз.

Қорыта айтқанда, сандардың сырын қазақ халқының да қытай халқыныңда ұғымында қалыптасқан көне мәдениет құбылысы деп айтуға болады. Бұл құбылыстың екі халықта да байқалуын ежелден көрші халықтардың бір-біріне тигізген әсерімен қатар әр халықтың өзіндік дүниетанымынан туындаған ортақ сәйкестік деп қарастыруды жөн санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Машани А. Әл Фараби және бүгінгі ғылым. – Алматы: Алатау, 2007. – Т. 6. – 224б.
- 2 Некрасова С. Нумерология: практическая энциклопедия. – М.: Профит Стайл, 2013. – 416 с.
- 3 Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі /ауд. Х. Алтай. – Медине: Құн Шәриф, 1991. – 665 б.
- 4 Калюжный В.В. Нумерология. – М.: АСТ: Кладезь, 2015. – 576 с.
- 5 Кобзев А.И. Учение о символах и числах в китайской классической философии. – М.: Наука-ВЛ, 1994. – 432 с.
- 6 Го юй (Речи царств) / пер. с кит., вступл. и примеч. В.С. Таскина. –М., 1987. – 320 с.
- 7 Машани А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Алатау, 2005. – Т. 2. – 296 б.
- 8 Машани А. Аспан ертегілері //Жұлдыз. – 1985. – № 7. – 45б.

9 Cohen M. La grande invention de l'écriture et son evolution. – Paris. – 1958.

–Т.1. – 158 p.

10 Лосев А.Ф. Проблема символа и реалистическое искусство. – М., 1976. – 220 с.

11 Амирова Т. М. Функциональная взаимосвязь письменного и звукового языка. – М., 1985. – 284 с.

12 Нұржанов Б.Г. Культурология: Курс лекций. Алматы: Университет «Қайнар», 1994. – 128 с.

13 Серебренников Б.А. Роль человеческого фактора в языке: Язык и мышление. – М.: Наука, 1988. – 242 с.

14 Сулейменова Э.Д. Понятие смысла в современной лингвистике. –Алматы: Мектеп, 1989. – 160 с.

15 Абақан Е. Тілдің мәдени философиясы: монография. – Алматы: «Айкос», 1999. – 184 б.

БӨЛІМ 6

СӨЗ ТУДЫРУШЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ОРТАҚ МӘН ТУҒЫЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Балжан Қамызанова

СӨЗ ТУДЫРУШЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ОРТАҚ МӘН ТУҒЫЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Балжан Қамызанова

*Филология факультетінің 1 курс магистранты
ф.ғ.д., профессор А.Б.Салқынбайдың жетекшілігімен
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан mail: kamuzanova-balzhan-2000@mail.ru*

Сөзжасам саласында кез келген сөз жасауға қатысатын сөз тудырушы тұлғалар белгілі дәрежеде өзіндік мағынасымен уәждеделі. Сөзжасамдық тұлға бар жерде сөзжасамдық мағына бар екені анық. Қазақ тілі бай әрі орамды тіл екенін ескере отырып, тұлға мен мағына үндесімінің тағы бір ерекше қырына тоқталғым келеді. Сөз тудырушы тұлғалар тілдік бірлік жасауға негіз болып қана қоймай, өзіндік мән үстейді, сондай-ақ, бойына жинаған қандай да бір өзіндік қасиеттері арқылы танылып тілден өз орнын тауып, көрініс беріп отырады. Қазақ тілі болмысында ішкі мазмұн мен сырқы құрылымның құпия байланысы әрі бөлекше синкреттілік бар. Бұл да болса қазақ тілі сөзжасамының санқырлылығы. Қазақ халқының айтыс, ақынжандылық, өлең сөзге жақын болуына әсер етіп тұрған да құпияға толы тілдік бірліктері. Олардың бойында ыңғайға келетін қалып пен жарасым бар. Осы арқылы олар тілге сөз тудырушы тұлғалар болып қана қатыспайды, сонымен қатар ортақ мән жасырады. Сыртқы құрылым өлең сөзге жақындатып әдемі бейне көрсете алса, ішкі ортақ мағына оларды көңілге қонымды, жүрекке жылы еткізіп болмыстандырады. Сөздердің жасалуы мен мағынасының бекітілуі табиғи заңдылықтан туады. Сөз жасалуында болатын уәждеме, мағыналық даму, ортақ сема сынды атаулар сөз тудырушы тұлғалар бойына жинақталады. Сөз тудырушы басты тұлға түбір деп танимыз. А.Байтұрсынұлы бойынша айтқанда, «бастапқы мағынасындағы, бастапқы тұлғасындағы сөз [1.24]» түбірдің сөз тудыруда да, ортақ мәнге ұйытқы болатын қасиетінде де, сөз тұлғасынның генетикалық-семантикалық кодын сақтайтынында да айрықша мән жатыр. Түбірлердің бүгінгі сипатында ең кіші мағыналы құрылымы – бір буынды түбірлер. Тілде дербес мағынаны иеленіп, өз алдына тұлға болып жүрген

мұндай түбірлердің өзара жақындығы мен көпмағыналылығын сөз өту – сөз құдіретінің құпия әлеміне бағыт сілтейді.

Теорияны мысалмен дәлелдеу үшін, мына сөздерге зер салсақ: боз, соз, тоз, оз – осы бір өзара жақын бірліктердің барлығының құрамында оларды жақын етіп тұрған «оз» сөзі, яғни жақындатушы бірлігі бар. Бұл тілдік бірліктің қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде төрт мағынасы көрсетілген. Оның алғашқы және негізгі мағынасында « алға озып шығу, ілгері кету» екендігі айтылған [2.484]. Біз бұдан «оз» түбірінде және ол кездесетін басқа тіл бірліктерінде уақытқа қатысты, оның ішінде көп уақыттың өту сипаты сезілетін семаны байқаймыз. Енді басқа сөздердегі көрінісіне назар аударсақ, «боз», мұнда уақыттың алға жылжу, көп уақыт өту семасы бар. Себебі боз деген «ақшыл, қылаң түс» болса, екінші мағынасы бетегелі, изенді ақ селеулі дала. Кез келген дүниенің бозарып, боздануында да алға шыққан уақыт семасы бар. Сонымен қатар бозбен кездесетін сөз тіркестері боз жусан – көпжылдық өсімдік, боз арша – мәңгі жасыл өсімдік, ал боз ала таң – түн дейтін ұзақ мерзімнен кейін туады, бұдан бөлек, бозбала ендігі уақытта жас бала емес, баланың есейген алға шыққан кезі. Міне бұның барлығында уақыттың алға жылжу, өту семасы толығымен бар. Ал «созда» созылу, алға тарту немесе жылжу, яғни уақыт өту семасы бар. «Тозға» келсек мұнда да көнелену, тозы шығып ескіру, яғни уақыттың алға жылжу нәтижесінде, көп уақытты өткізу арқылы болатын құбылыс. Ортақ сема, ортақ мағына өздігінен аңғарылып ашылды деп айта аламыз. Бұны қазақ тілінің бір қасиеті деп қарауға болады. Тілімізде осы жайттармен байланысты мынадай тіл бірліктері кездеседі: Замана тозбақ, уақыт озбақ немесе

Асық ойнаған азар,

Доп ойнаған тозар,

Бәрінен де қой бағып,

Қозы өсірген озар.

Негізінен қазақ сөзінің әр тұлғасында осындай ерекшеліктер бар. Жұмыс дәлелді болуы үшін тағы бір мысалдар қатарын келтіріп өтсем: күз, сүз, түз, жүз және үз. Мұнда барлығына ортақ тұлға – «үз». Үздің түсіндірме сөздікте екі мағынасы берілген: біріншісі,

тұтас бір заттың бір бөлігін үзіп алу, сындыру, жұлу; екіншісі, белгілі бір істі әрі қарай дамытпау, тоқтату. Көріп отырғанымыздай үз тұлғасында тұтас емес, тек бөлігін алу арқылы болатын екіге бөлу семасы бар. Осы мағынаның бір ұшы өзі қатысып тұрған басқа сөздерге де ортақтасады. Күз – жаздан кейін, қыстың алдында келетін мезгіл. Жаз келбетін қыс тұтас алады десек, күз солардың арасында тұрып, яғни жаздың келбетін үзіп қана жартылай алып, қысқа жақындатады. Мұндағы байланыстырушы ортақ сема осы болса, сүзде де дәл осы сема бар. Сүз немесе сүзу сүзгіден өткізу толық алу емес, белгілі бөлігін алу, екіге бөлу, яғни сема мұнда да сақталып тұр. Ал түз – үйден сырт жер, дала, яғни екіге бөлу семасы бар, ол үй мен сырт. Жүз сөзіне келер болсақ, қимыл мағынасында қалқуды, қозғалуды, жылжуды білдіреді. Жүзу әрекетінде(адам, қайық, т.б) қандай да бір бөлігін ала отырып орындалатын екіге бөлу семасы бар. Ал бұл сөздің заттық атауларын білдіретін адамның бет әлпеті немесе пышақ, қылыш, ұстара сияқты заттардың өткір жағы мағыналарында да екіге бөліну семасы сақталған. Бұл мысалдар сөз тудырушы тұлғалардың ортақ мән тудыру ерекшеліктері. Мұндай ұйқас тізбектерді ақындардың өлеңдерінен көптеп көруге болады, соның бірін мысал ретінде келтірсек:

Аспан – қайрақ,

Ай – қанжардың жүзінен.

Жанығанда жұлдыз болып үзілем.

Тар ғаламның,

Кең даламның түзінен... (С.Нұржан)

Келесі мына бірсөздер қатарына талдау жасап көрелік: тез, кез, без, сез, және ез. Бұл бір буынды сөздерге ортақ болып отырған буын немесе түбір ез болып саналады. Ез сөзінің лексикалық мағыналары арқылы оның семаларын белгілейміз. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде ез тұлғасының үш мағыналық қыры көрсетіледі. Алғашқы мағынасы ынжық, жасық, шірік, бос деп адам бойындағы қандай да бір қасиетті сипаттау тұрғысына келсе, ауыспалы мағына да мүсәпір, бейшара, сорлы деп танылады. Екінші мағынасы қимыл мағынасы ретінде сипатталады, яғни қатты нәрсені сұйық күйге келтіру, еріту. Бұл тұста бір нәрсені

мыжу, мыжғылау немесе жол ұрып, жол соқты болу сияқты мағыналары көрініс беріп тұр. Осы мағыналардан келіп ауыспалы мағынасы туындайды: болмайтын дүниені мылжындап, көп сөйлеу, қайта-қайта айта беру немесе езіп ішпейді тұрақты тіркесінен түкке де керек емес, қажеті жоқ мағыналары ашылатынын көреміз. Ал сөздіктегі үшінші мағынасы біреуді пайдалану, қанау деп көрсетіледі [2.217]. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде ез сөзінің бейшаралық күйде қараңғылықта ұстау; сорлату деген мағынасы да көрсетіледі [3]. Аталған мағыналардан мынадай семаларды көруге болады: қандай да бір «өзгеріске уақыты келіп тұру, уақыты жетіп тұру» немесе бір істің екінші іске көшу барысында, сол бір арасында болатын «аралық процес» семаларын байқаймыз, яғни кеңістіктегі әрекеттің орындалуына түрткі болатын уақытқа қатысты аралық. Езілген дүниені көз алдыңызға елестетіп көріңіз, ендігі уақытта бұл дүниенің қалай өзгеріске ұшырауы осыған дейінгі және осыдан кейінгі әрекеттерге байланысты болмақ. Езілген дүниені кез келген қалыпқа немесе жағдайға келтіру қатты дүниеге қарағанда тезірек іске аспақ. Жоғарыда аталған қараңғылықта ұстау, сорлату немесе ынжық, бос немесе бейшара мүсәпір сынды заттық, сындық атаулар әуелі де езу, езілу қимыл мағынасының дамуынан туындаған және басында болған сема, ортақ мән барлық тұлғада сақталған. Осы сөзбен байланысты, құрылымында ез тұлғасы кездесетін ұқсас бірлік тез тұлғасымен ортақтығына талдау жасап көрелік. Тез сөзінің қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде екі түрлі мағынасы көрсетілген. Алғашқы мағынасы «қисық ағашты түзету үшін не тұзу ағашты ию үшін қолданылатын құрал» екендігі айтылады [2.795]. Осы мағынасына сай «тез қасында қисық ағаш жатпас» деген мақал бар. Осы мағынада жоғарыда ез түбірне қатысты анықтаған сема сақталған. Мұндағы түзету, жөндеу, ағашты өзгерту мағыналары өзгеріске уақыты келіп тұру, уақыты жетіп тұру семаларын анық ашып тұр. Тез сөзінің ауыспалы мағынасында қандай да бір сын, талқы, ауыртпалық деп келеді. Бұнымен байланысты тағдыр тезі, көптің тезін көрмеген, өмір тезі деп жатады. Тезге салды дейтін идиомалық тіркестің өзі – көндірді, сынап мінеді, мінезін түзеді деген мағыналарды ашады. Бұл бөліктердегі мағыналарда да жоғарыда талданған ортақ сема бар, себебі басқа түсетін ауыртпалық пен қиындық қандай да бір өзгеріске дайындайды, шыңдайды, демек сол өзгеріске уақыттың

келіп тұрғанын, уақыты жетіп тұрғанын, сондай-ақ жоғарыда аталған «аралық процес» семасын да көрсетеді. Ал тездің екінші мағынасы жылдам, шапшаң, лезде, әп-сәтте деп келетін үстеу сөздер. Сөздің бұл мағынасынан да «уақыты келіп тұру, уақыты жетіп тұру» семаларын көреміз. Демек, тез сөзінің білдіретін мағыналарының барлығында ез тұлғасы бойындағы сема бар, ез тұлғасының ортақ мән туғызу ерекшелігін де анық байқап тұрмыз.

Келесі осы тұлғалармен үндес кез сөзіне тоқталайық. Кез сөзінің бүгінгі тілдік қолданысымызда төрт түрлі мағынасы бар. Алдымен кез – мерзім, уақыт, мезгіл. Бұл сипаттамасымен байланысты тұрақты құрылымдарда мағыналары ашыла түседі: кез болды десек – кезікті, жолықты, ұшырасты; кез келген десек – кім болса сол, кім көрінген немесе аяқастынан тап болған, кездейсоқ. Кезі – мезгілі жетіп, уақыты туды, реті түсті, орайы келді. Кезін берді десек – сәтін түсірді, орайын келтірді. Талданған мағыналар желісінен жоғарыда талданып келе жатқан ортақ семаны мұннан да көреміз. Демек қандай да бір мерзімді білдіретін кез сөзінде «уақыты жетіп тұру, уақыты келіп тұру», «аралық процес» семалары сақталған. Ал көне атау ретінде қолданылатын мағыналары ұзындық өлшемі, аршын және жебенің ашаланып келген, серіппеге ілінер жері немесе айыр түйенің екі өркешінің аралығындағы ойыс, қосылған жері [2.374]. Ұзындық өлшемі аралықтарға бөлінеді, ал серіппеге ілінер жер мен ойыс қосылған жер мағыналарына қарап отырып қандай да бір аралыққа байланысты айтылғанын түсінуге болады. Демек, бұл мағыналарда да «аралық процес» семасы, яғни тұлғалар арасындағы ортақ мән сақталған. Кез сөзінің тағы бір қолданылатын етістік мағынасы – шарлау, аралау, яғни кезу әрекетімен байланысты. Бұл тұлғада да ортақ ез тұлғасының семалық қырлары анық көрінеді. Кез, кезу әрекетінің орын алуына түрткі боларлық жағдай жоғарыда айтылған бір істен екінші іске көшу барысында, сол бір арасында болатын «аралық процес» семасы байқалады. Себебі кезу қандайда бір болып жатқан дүниелер мен уақыт аралағында туындайтын әрекет.

Келесі сез сөзінің мағыналық сипатын аша кетейік. Сез сөзі бір нәрсені іштей байқау, сезу, білу. Бұл түбір сөзде де жоғарыдан талданып келе жатқан уақыты жету, мезгілі келу семаларын байқаймыз, себебі бір нәрсені сезіну үшін, іштей біліп түйсіну

үшін де қандай да бір уақыт қажет. Сол уақыты келгенде осы сезу, сезім бастан кешіріледі.

Без сөзіне тоқталатын болсақ, адамның, жануардың ағзасында болатын, және оның зат алмасуын реттейтін нәрсе деп көрсетіледі қазақ тіл білімі сөздігінде. Ағаштың шор жері, бұтақтардың буыны, беріші. Осы мағынасымен байланысты безаяқ (ожау) ағаштың безінен жасалған ыдыс. Ал безбүйрек сөзінде – қатыгез, катал мағыналары бар. Безтамақ – тамақ безінің ауруға шалдығуынан пайда болатын кесел, құлғана. Без түйін – емшек, бауыр және т.б бездерде өсетін қатерлі ісік. Безі шошыды десек бұл идиома бездің қабынғанын, ісінгенін білдіреді. Без сөзінің нақты мағыналарының бірі етістік ұғымды білдіретін қашу, зыту, яғни мұндағы мағына өз елі мен жерінен кету, жатсынуды білдіретін мағыналар арқылы дами түседі, бұдан келіп ат-тонын ала қашу, бас тарту мағыналары ашылады. Безе қашты тіркесіне келер болсақ, алды-артына қарамай зытты мағынасын дәйектейді [2.121]. Ал Махмұд Қашғари сөздігінде бездің ет пен терінің арасында болатын нәрсе екені айтылады [4]. Талданған мағыналар соңғы қимыл мағынасынан күрделеніп, заттық, сындық мағыналарға қарай дамыған деп айта аламыз. Осы бір без, безіну қимыл әрекеттерінде немесе без дейтін заттық атау мағыналарында да жоғарыда талданған ез тұлғасының ортақ мәні бар. Ез тұлғасының бойындағы өзгеріске уақыттың келіп тұруы, уақыты жетіп тұру семалары байқалады, сондай-ақ бір істің екінші іске көшуі тұрғысында мұнда да безді, безінді дейтін болсақ аралық процесс семасы сезіледі. Себебі безіну әрекеті ез болу, езілу, ынжықтықтан да туындауы мүмкін. Бұдан бөлек «без» деп келетін орыс тілінде құрылым бар екенін білеміз. Егер назар аударсақ, қазақ тілінде байқалатын мағынамен бұл құрылымда мағыналық жақындық бар. Без тұлғасының мағынасында аулақ, нысаннан бөлек кету, көрсетілген нысанада болмау мағыналары бар. Осы сема орыс тіліндегі сөздерде де байқалады. С.И.Ожеговтың түсіндірме сөздігінде «без» құрылымына мынадай анықтама беріледі: «БЕЗ (см. БЕЗО), предлог с род. п. 1. Указывает на неимение, недостаток, отсутствие кого-чего-н.; противоп. «с». Б. денег. Б. потерь. Оставить б. ответа. Б. четверти час. Б. сомнения (несомненно). 2. В отсутствие кого-н. ; противоп. «при». Б. нас не

начинать. Не без чего - с (но с меньшей степенью утверждения).
Не без интереса.

БЕЗ. (см. БЕЗЪ..., БЕС...), приставка. Образует: 1) прилагательные от существительных в знач. не имеющий чего-н., напр. безаварийный, безатомный, беззвёздный, безлошадный, безъязыкий, бездымный, безрогий, бескозырный, бесшумный, беспошлинный; 2) существительные с окончанием -ие или -ье в знач. отсутствие чего-н. , напр. безлесье, бескультурие, безначалие» [5.45]. Көріп отырғанымыздай қазақ тіліндегі без тұлғасымен орыс тіліндегі без префиксінің арасында ортақ сема, ортақ мән аңғарылады. Қазақ тіліндегі семасында аулақ кету, нысанда болмау мағыналарын білдірсе, орыс тілінде де жетіспеушілік пен жоқтығын, нысанда болмауды, нәрсенің болмауын білдіреді. Қарап отырсақ ортақ мән бар. Жоғарыда аталған қазақ тіліндегі безбүйрек, безтамақ, без түйін сөздерінде де сәйкесінше жұмсақтық пен мейірімнен безгені, тамақтың ауруға бет алғаны, кеселге шалдыққаны, қатерлі ісікке айналғаны сияқты мағыналарды береді. Жалпы жоғарыда талданған тізбекке қатысты тілімізде ақындардың өлеңдерінен мысалдар өте көп:

Безінбейтін,

Сезінбейтін

Аңғал кезді сағындым (М.Мақатаев)

Байқап отырғанымыздай сөз тектен тек туындамайды. Әр сөз тұлғасы өз алдына жеке дара құрылып, күрделеніп дамымайды. Сөз қасиеті бірін-бірі жібермейді. Міндетті түрде олардың арасында тереңінен болсын байланыс көзі болады. Сөзтанудың қасиеті оны жік-жікке ажыратып бөлу емес, танымдық тұрғы да астарын негіздеу, мән іздеу, сөз бойына біткен қасиетті сезіну. Олардың арасындағы жақындыққа үңілу. Жоғарыда талданған мысалдар сөздердің өз тұрағынан айнымайтындығына дәлел. Олардың арасындағы кіндік баудың ізделуі біздерге қиын болса да үзілмейді. Жоғарыда талданған сияқты тізбектер қатарын көптеп келтіруге болады. Көрсетіліп отырған тізбектертен ортақ мән, ортақ семаны анық аңғарамыз.

Сөздің бойына кие еткен, мән мен мағынаға ие еткен біз білмейтін қанша дүниелері шексіз. Олардың өз алдына жеке-дара

дамымайтындығына, тіл жүйесінде ешнәрсе кездейсоқтықтан орын алмайтындығына тағы бір мәрте көзіміз жете түсті. Мұнда жай ғана сәйкестік тұрғысынан емес, тұлғалық та, мағыналық та жағынан өзара сәйкес екендігі логикалық байланысқа сүйеніп сөз етілді. Түбірдің ортақ мәнді ұйымдастыру қасиеті туынды сөздердің мағыналық құрылымына ұйытқы болуынан-ақ көрінеді. Түбір өз болмысынан айнымайтын қасиетке ие. Ерекшеліктерді ескере отырып, сөзтудырушы тұлға түбірдің ортақ мәнге ие болу сипаты айрықша деп айта аламыз. Қазақ халқының ағылып-төгіліп, өлең сөзге төселіп алуының бір мәні бүгіннен емес бұрыннан, себебі туынды сөздер ғана емес, түбір қалпы ұйқасып, өзара үндесетіндігіне көзімізді жеткізді. Түбірдің мағыналық қалыптасуын сыртқы құрылым мен ішкі мағынаның әсем үйлесімін білгенде, даму сипатын танығанда тілдің таныммен байланыстылығына қатысты көп дүниені аңғаруға болады. Тіл білімінде, сөзтануда сөз тудырушы тұлғалардың сипаты ішкі бейнесімен де, ортақ жақындығымен де қашанда бөлек, қашанда маңызды болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640бет.
- 2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 3 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том. / Құраст.: Б.Әбілқасымов, С.Бизақов, Ә.Жүнісбеков және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
- 4 Қашқари М.Түрік сөздігі. 3-том / Аударған А.Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – 600 б.
- 5 Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка: Ок.100 000 слов, терминов и фразеологических выражений/ С.И. Ожегов; Под ред. Проф Л.И.Скворцова. – 26-е изд., испр. и доп. – М.: ООО «Издательство Оникс»: ООО «Издательство «Мир и Образование», 2009. – 736с.

6 Қайдар Әбдуәли. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 520 - бет. 2014 ж.

7 Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 310 б.

БӨЛІМ 7

ПРОФЕССОР Б. САҒЫНДЫҚҰЛЫНЫҢ ТҮРКОЛОГИЯДА АШҚАН ҒЫЛЫМИ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

Бақытгүл Құлжанова

ПРОФЕССОР Б. САҒЫНДЫҚҰЛЫНЫҢ ТҮРКОЛОГИЯДА АШҚАН ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Бақытгүл Құлжанова

*Филология ғылымдарының кандидаты, доцент.
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ Филология факультеті
Қазақ тіл білімі*

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы» дей отырып, «Түркі өркеніне тіпті түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобаны ұсынды. Осы жобаны қолға алмас бұрын бүгінге дейін түркітану ғылымында не істелді деген сұрақ туындайды. Қолжеткен табыстарымызды саралау болашақта істелетін зерттеу жұмыстарының мақсатын айқындау үшін қажет.

Әлемге танымал түркітанушы, филология ғылымдарының докторы, МГУ-дің профессоры Әмір Нәжіпұлы Нәжіптің 1978 жылы «Изучение истории тюркских языков в Казахстане» атты мақаласы жарияланды. Мақалада қазақтың танымал түркітанушы ғалымдарының еңбектерін саралай келе, шәкірті Б.Сағындықұлы зерттеулерінің құндылығын ашып көрсетіп, зор үміт артқан еді. Ұлы ғалымның еңбеккер шәкірті бола білген Берікбай Сағындықұлы ғылымға адалдығынан өмір бойы айныған емес. Ол өз ұстазының жетекшілігімен 1977 жылы «XIV ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің салыстырмалы лексикасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация жазып, ойдағыдай қорғап шықты. Осыдан кейін жас ғалым орта ғасырлардағы бүкіл ескерткіштердің мәтіндерін терең меңгеруге кірісті, теориялық зерттеулерге ерекше ден қойды. Нәтижесінде ғылыми жұртшылықтың көңілінен шыққан ірі-ірі жаңалықтар ашты. Ашылған жаңалықтардың бастылары ретінде мына төмендегілерді атап көрсеткелі отырмыз.

1. Түркі тілдерінің аса ежелгі дәуірлерінде жіңішке дауыстылардың мүлдем болмағандығын айқындап, анықтап берді.

Олардың барлығының да жуан дауыстылардан пайда болғандығын нақты фактілермен дәлелдеді. Мысалы, татлы сын есімінен қазіргі тәтті сын есімі туындаса, қол, орқаш, қары, ажа, ажым, бары, доңғалақ сөздерінен жіңішке айтылатынқөл, өркеш, кәрі, әже, әжім, бәрі, дөнгелек сөздері пайда болған. Тілімізде жіңішке айтылатын қанша сөз болса, солардың барлығының да сонша жуан варианты бар болып шықты. Мұның өзі қай жіңішке дауыстының қай жуан дауысты дыбыстан шыққандығын пайымдауға толық мүмкіндік береді.

2. Түркі тілдерінің аса ежелгі дәуірлерінде жіңішке дауыстылардың болмағандығы сияқты, ұяң дауыссыздардың да мүлде болмағандығына Б. Сағындықұлы ғылыми жұртшылықтың көзін жеткізе алды. Фонетистердің зерттеулеріне көз салсақ, қатандар мен ұяңдар ежелгі дәуірлерден-ақ жарыса қолданылып келе жатқандай сезілетін. Ұяңдар бұрыннан бар ма еді, жоқ па еді деген мәселеге көңіл бөлінбейтін. Оның есесіне тіл-тілде қатаннан ұяңның пайда болғандығы фонетикалық сөз варианттары арқылы белгілі болатын: тұз~дұз, тиірмен ~ диірмен, т.б.

Жуан дауыстылардың жіңішкеру, қатаң дауыссыздардың ұяңдану үдерісі бір мезгілде, бір дәуірде жүрді деуге толық негіз бар.

3. Әлемдік деңгейде алғанда тіл-тілде дыбыстардың шыққан тегіне, арғы тегіне (архетипіне), түпкі тегіне (прототипіне) жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбей келді. Жуан дауыстылардан жіңішке дауыстылардың пайда болу үдерісін анықтау барысында профессор Б.Сағындықұлы дауыстылардың шыққан тегін де, арғы тегін де, түпкі тегін де анықтай алды. Қоспасыз таза дыбысталатын созылыңқы у дауыстысы тарихи даму барысында қазақ тілінде бірте-біртеұ,ы, і дауыстыларына айналған. Мысалы, тарихи жазба ескерткіштерде «жылқының алты айға дейінгі төлі»жулун түрінде таңбаланған. Қазір–құлын. Сонда аталған сөздің құрамындағы алғашқы у-дың ұ дауыстысына, соңғысы ы дауыстысына айналғандығын байқаймыз. у>ұ>ы формуласы пайда болды. Бұл құбылыс тұрақты түрде қайталанатын. Ал қары сын есімі кәрі тұлғасында жіңішкергенде ы дан і туындайды. Демек, і-нің шыққан тегі -ы, ы-ның шыққан тегі -ұ. ұ-дың шыққан тегі қоспасыз айтылатын, аса ежелгі у дауыстысы болып есептеледі. Бір ғана і дауыстысы үшін ы- шыққан тек, ұ–арғы тек, созылыңқы

у–түпкі тек. Осылайша талдағанда түркі тілдерінде дауыстылардың бар болғаны үш қана түпкі тегі бар екендігі белгілі болды. Олар *А *У*И.

4. Дауыссыздардың түпкі тегін табу дауыстылардың түпкі тегін табуға қарағанда әлдеқайда қиын. Мысалы, орысша «дорога» ұғымындағы "жол" сөзі оғыз, қарлұқ тілдерінде «йол», қыпшақ тілдерінде «джол-жол», алтай, чулым тілдерінде «тйол-дйол», тува, хақас, қарағас, шор тілдерінде «чол», қарашай-балқар тілінде «дзол-зол», якут тілінде «суол», чуваш тілінде «с'ул». Бір буыннан ғана тұратын бұл атаудың үшінші дыбысында мүлдем өзгеріс жоқ. Екінші дыбысындағы өзгерісте елеусіз, болар-болмас: у~о. Айырмашылық тек бірінші дыбысында: й-дж- ж- тй- дй-ч-дз- з-с-с'. Бүкіл түркі тілдерінде ұшырасатын бұл айырмашылықтың арғы тегін (архетипін) табуға әлемнің ірі-ірі ғалымдары түгелге жуық қатысты. Ресейлік түркологтар В.В. Радлов пен В.А. Богородицкий сөз басындағы й ~дж~ж~ т ~д~ч~ ш ~с~з... сәйкестігінің архетипін й сонор дауыссызы деп есептеді. Шет елдік алтаистер мен түркологтар – Г.И. Рамстедт дж аффрикатын, Н. Поппе дз, И. Маркварт пен К.Г. Менгес жіңішке д'з' аффрикатын, Г. Дерфер жалпы алтайлық д дауыссызын арғытек деп таныды. Бұл тұспалдардың қай-қайсысы да түркітанушыларды қанағаттандыра алмады. Кемшілігі көрсетіліп, сын айтылды. Жүз жылға жуық уақыт өтсе де, шиеленіскен жұмбақтың түйіні шешілмеді. Бұл мәселені белгілі ғалымдарымыздың бірі Б. Сағындықұлы ұзақ жылдар бойы зерттеді. Ең алдымен, ол жоғарыдағы аты аталған ғұламалардың бір ғана дауыссыз немесе бір ғана қарапайым аффрикат арғы тек (архетип) бола алады деген ұйғарымдарына шәк келтірді. Осы ретте тарихтың өн бойында қатандардың ұянданғанымен, ұяндардың қатандана алмайтын фонологиялық заңдылығын анықтады. Бұдан соң бүкіл дауыссыздардың арғы тегін (архетипін) ғана емес, түпкітектерін (прототиптерін) ашып, айқындауға кірісті. Тіл тарихында қарапайым ц(тс), ч (тш)қатаң аффрикаттарының фонологиялық жүгін арқалаған күрделі *Т [С/Ш] (ықшамдалған таңбасы *Ц) аффрикаты болғандығын болжамдады. Бұл күрделі аффрикаттың уақыт өте келе қарапайым екі аффрикатқа ажырағанын дәлелдеді. Бұл пікіріне айғақ ретінде моңғол, тұңғыс-манчжур тілдеріндегі цецек, түркі тілдеріндегі

чечек атауларын мысалға келтіреді. «Түрлі-түсті жұпар иісті гүл» деген бір ғана лексикалық мағына беретін әуелгі жалғыз тұлға, жоғарыда көрсетілгендей, екі тұлғаға айналады: ц~ч.Т(с/ш) аффрикатының алғашқы жапсары т элементі элизияға ұшырап түсіріліп айтылған соң қазақ тілінде үшінші форма – шешек тұлғасы өмірге келеді. Қысқасы *Т [С/Ш] күрделі аффрикатынан қазіргі заманғы т,с,ш,д,з,ж дыбыстары пайда болды. Түпкітек *Т [С/Ш] күрделі аффрикаты тілдерде өшіп кеткеннен кейін түркі тілдерінің шығыс хунь бұтағына қарапайым ц аффрикаты, түркі тілдерінің бастыс хунь бұтағына қарапайым ч аффрикаты арғы тек (архетип) болып қала берді. Сонда сөз басындағы й ~дж~ж~ т ~д~ч~ ш ~с~з... сәйкестігінің арғытектері қарапайым ц,ч қос аффрикаты екендігі анықталады. Бұл жайында Б. Сағындықұлы 1994 жылы «Түркі тілдері лексикасы дамуының фонологиялық заңдылықтары» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғап шықты. Осы диссертацияда х,һ,к,қ,ғ,г дыбыстарының түпкітегі *Һ екендігін, р,л сонорының түпкі тегі *Р, н,ң,м сонорының түпкі тегі *Н екендігін нақты фактілермен дәлелдеп берді. Қысқасы, дауыстылар үшін түпкітек (прототип)-*Ц, *Һ, *Р, *Н.

5. Соңғы жылдары Б. Сағындықұлы тіл білімінде аса ірі жаңалық ашты. Зерттеу барысында тіл-тілде фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем сияқты тілдік бөлшектермен дәрежелес, әлем тілдеріне ортақ, алайда біздің заманымызға дейін беймәлім болып, құпия сақталған тілдік бірлік (бөлшек) –түбіртек (архесилаб) бар екендігін анықтады. Фонемаға (дыбысқа) бөлінбейтін түбір, негіз, қосымша болмайтынысияқты, тіл-тілде түбіртекке бөлінбейтін түбір, негіз, қосымша жоқ. Қандай дыбыстық комбинацияда тұрсын, түбіртек бір ғана дауысты мен бір ғана дауыссыздың табиғи тіркесуінен тұрады да, я лексикалық, я грамматикалық мағына береді. Мағынасы анықталмаған жағдайда дауысты мен дауыссыздың жай тіркесі түбіртек болып есептелмейді. Қазіргі тілдерде түбіртектердің басым бөлегі бір сыңарын жоғалтып, жартыкештеніп, бір ғана дауыстыдан немесе бір бір ғана дауыссыздан тұратындықтан, басқаша айтқанда, толық формасын сақтамағандықтан, олар іс жүзінде арнайы зерттеушілерден басқа ешкімнің назарына түспейді. Бүкіл түбірлердің түп негізі, тегі болып есептелетіндіктен, жаңадан табылған тілдік бірлікке қазақ тілінде түбіртек деген атау берілген. Барлық лингвист ғалымдарға

түсінікті болу үшін автор архесиллаб (ең ежелгі, ең алғашқы буын) деп аталатын терминді ұсынады. Тіл-тілдегі фонемалар қаншалықты ескі болса, түбіртектер де соншалықты ескі. Түбіртектерді тіл тарихының бүкіл өн бойында өмір сүрген десек, қателеспейміз. Қазақ тілінде де тарихқа белгісіз аса ежелгі дәуірлерден бері өмір сүріп келе жатқан түбіртектер бар. Мысалы, ақ (судың өз арнасымен төмен қарап жылжуы), ар (адамгершілік, ізгі қасиет), ін (жабайы аңдар жататын орын, үңгір), іс (жұмыс, қызмет, шаруа) тағы басқалар.

Тілімізде екі түбіртектің (кейде үш, төрт, түбіртектің) сіңісуі нәтижесінде пайда болған сөздер де біршама дәрежеде кездеседі. Мысалға жоғарыда аталған ақ түбіртегі мен етістіктен есім жасайтын ын түбіртегінің қосылуынан ағын сын есімі жасалған. «Соғу, сабау, тоқпақтау» мағынасындағы ұр етістігіне етістіктен етістіктен есім жасайтын ыс түбіртегі кірігіп, ұрыс зат есімін тудырып тұр. Сондай-ақ өн+ім, ұл+ан, от+ан., ен+ші атаулары екі түбіртектен тұрса, үз+іл+іс, үг+ін+ді, үй+ін+ді үш түбіртектің жиынтығынан жасалған. Бұларға да көненің көзі ретінде қарауға болады. Бұл жерде атап көрсететін бір жайт, түбіртекті әр тілдің өз мамандары ғана аша алады. Жоғарыда келтірілген тілдік фактілер түбіртектердің бір ғана дауысты мен бір ғана дауыссыздан тұра алатындығына толық дәлел бола алады. Алайда тарихқа белгісіз аса ежелгі дәуірлерде қалыптасқан түбіртектер біздің заманымызға сан алуан фонетикалық, морфологиялық, семантикалық өзгерістерге ұшырап, алғашқы тұлғасын, қалып-пішінін жоғалтып барып жетіп отыр. Алғашқы тілдік формалардың қалып-пішінін бұрынғы қалпына келтірмейінше, әрбір өзгерістің, даму эволюциясының бүкіл сыр-сипатын анықтап алмайынша, түбіртектердің болмысын, табиғатын түсіну тіпті мүмкін емсе. Аса ежелгі дәуірлерден келіп жеткен жазба ескерткіштер атымен жоқ. Осы жағдайда белгісізді белгілі ету, ашылмағанды ашу, шешілмегенді шешу үшін зерттеудің әр түрлі жаңа әдістері мен жаңа тәсілдерін пайдалануға тура келеді. Тығырықтан шығу жолдарын профессор Б. Сағындықұлы негізін қалаған Силлабология ілімі өмірге әкеліп отыр. Бұл терминді де автордың өзі ұсынған. Силлаб ағылшын тілінде «буын» деген ұғымда жұмсалады. Ал логос деген сөздің «ілім» семантикасына ие екендігі жалпы көпшілікке белгілі. Сонда Силлабология «Буын

ілімі» деген терминдік мағынада әлемдік лингвистиканың жаңа дағы саласының атауы болып шығады. Силлабологияның негізгі нысаны (объектісі) – жоғарыда атап өткеніміздей,- архесиллаб (түбіртек). Архесиллаб фонемадан үлкен, морфемадан кіші тілдік бөлшек. Осыған орай, силлабология фонология мен морфология ілімдерінің аралығынан орын алады. Ілім ретінде тізбектесек, - фонология, СИЛЛАБОЛОГИЯ, морфология, лексикология, фразеология, диалектология, семасиология т.б.

Силлабология ілімінің негізін қалаушы профессор, филология ғылымдарының докторы Б. Сағындықұлы қазір «Силлабология негіздері» деп аталатын монографиясын жазу үстінде. Бұл еңбек қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде баспадан жарық көрген жағдайда архесиллаб ұғымы екінің біріне түсінікті болады. Жаңа ілімнің ілгері дамуына әлемдегі ірі-ірі лингвистердің ат салысатындығына ешқандай күмәніміз жоқ.

Түбіртектерді (архесиллабтарды) сөз құрамынан айырып-ажыратуда, олардың ежелгі бітім-пішінін анықтауда кездесетін кедергілер өте көп. Әсіресе, үнемдеу, сінісу, жылысу, ығысу, метатеза, флекция құбылыстары сияқты сан алуан тілдік факторлар белгілібір сөздің, грамматикалық тұлғалардың әдепкі формаларын адам танығысыздай етіп өзгертіп жібереді. Жаңалық авторы өзгерістерді бұрынғы қалпына қалай келтіруге болатындығын 2011 жылы «Қазақ университеті» баспасы шығарған «Қазақ тілі тарихы» атты монографиялық еңбегінде әлденеше әдістер мен тәсілдер негізінде тәптіштеп толық түсіндіреді. Біз ғалымның ғылыми жаңалықтарының бір бөлегін ғана әңгіме еттік. Зерттеушінің барлық еңбегімен танысқан кез келген тілші-маман олардың қай-қайсысының да жаңалыққа толы екендігін байқай алады.

Б.Сағындықұлы орта ғасырлық жазба мұраларды, тіл тарихын індете зерттеудің тұтас әдіснамалық негізін қалыптастырды. Жүздеген ғалым шәкірт тәрбиеледі. Түрколог-ғалымның ғылыми мектебінің тамыры терең, болашағы зор. Аға ғалымға зор денсаулық тілей отырып, шәкірттеріңізбен мың жасаңыз дегіміз келеді.

БӨЛІМ 8

ТҮБІРТЕК ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Берікбай Сағындықұлы

ТҮБІРТЕК ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Берікбай Сағындықұлы

*Филология ғылымдарының докторы, профессор
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Филология факультеті
Қазақ тілі білімі кафедрасы*

Үндіевропа тілдерін зерттеген ғалымдар тарихқа белгісіз ежелгі дәуірлерде қазіргі тілдерге негіз болып қаланған ата(тек) тілде әрі сөздің, әрі буынның қызметін атқарған комплексті дыбыс болған деген қорытындыға келген. Фонологиялық жағынан дауыстыға немесе дауыссызға ажыратуға келмейтін мұндай дыбысты силлабофонема деп атаған. Ағылшын тілінде силлабема – «буын», фонема – «дыбыс» деген мағына береді. Сонда ол әрі сөздің, әрі буынның, әрі фонологиялық бір бүтін дыбыстың орнына жұмсалған күрделі элемент ретінде түсініледі. Одан алдымен дауыссыздар, кейінірек дауыстылар бөлініп шыққан (1, ВЯ, №2, 61).

Біз ұзақ жылдар бойына зерттеу жүргізу барысында силлабофонема жөнінде бұдан өзгеше қорытындыға келдік. Түркі тілдері дамуының тарихқа белгісіз аса ежелгі дәуірлерінде дауыстыға яки дауыссызға ажыратуға келмейтін біртұтас фонологиялық бөлшек өмір сүрді де, жоқ па, онда дауымыз жоқ, бірақ тілдік фактілер тіл-тілде бір дауысты мен бір дауыссыздан тұратын тілдік бірлік болғандығын сөзсіз дәлелдеп, көзімізді шүбәсіз жеткізіп отыр. Табиғаты мүлдем бөлек болса да, ғылыми жұртшылыққа түсініктірек болу үшін, мұндай тілдік бірлікті «Түркі тілдері дамуының фонологиялық заңдылықтары» деген диссертациялық жұмысымызда «силлабофонема» деп атап едік (2, 184-б.).

Бір ғана дауысты дыбыс пен бір ғана дауыссыз дыбыстың тіркесуінен тұратын мұндай тілдік бірліктің қай-қайсысы да я лексикалық, я грамматикалық мағына беруімен ерекшеленеді. Бір ғана дауысты дыбыстың тіркесуінен тұратын тілдік бірлікке – түбірлер мен негіздердің, тіпті қосымшалардың түпкі тегі болып

есептелетіндіктен – біз, өз тарапымыздан, түбіртек (интернационалдық термин ретінде – архесиллаб) деген атау берген болатынбыз. (3, 379-384 б.). Түбіртек – фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем сияқты тілдік бірлік. Күрделілігі жағынан фонема мен морфеманың аралығынан орын алады. Яғни фонемадан үлкен, морфемадан кіші.

Жаңадан мәлім болған бұл тілдік бірліктің ғылыми жұртшылыққа кеңінен таныс тілдік бірліктерден басты өзгешелігі – мен мұндалап тұрмайды, ап-айқын ажыратыла салмайды, тіл қойнауының терең қатпарларына мықтап жасырынған. Арнайы дайындалмаған жағдайда кез келген тілші түбіртектің қыр-сырына түсіне алмайды. Тілдегі кез келген сөзді түбіртекке бөліп жіктеу, әсіресе оның лексикалық немесе грамматикалық мағыналарын табу қиынның қиыны, тап-таза этимологиялық жұмыс. Осы себепті оларды айырып-ажыратудың өзіндік іліміне жүгінуге тура келеді.

Сөз құрамынан, сан жағынан алғанда, алтыншы тілдік бөлшек – түбіртекті айырып-ажыратқанда зерттеушінің ең алдымен мынадай басты-басты ұстанымдарды басшылыққа алғаны дұрыс.

1. Фонемаға (дыбысқа) бөлінбейтін сөздің болмайтыны сияқты, тіл-тілде түбіртекке бөлінбейтін түбір, негіз, қосымша да жоқ. Қандай дыбыстық комбинацияда тұрсын, түбіртек бір ғана дауысты мен бір ғана дауыссыздың тіркесуінен тұрады да, я лексикалық, я грамматикалық мағына береді. Лексикалық немесе грамматикалық мағынасы анықталмаған жағдайда дауысты мен дауыссыздың жай тіркесі түбіртек болып есептелмейді.

Тіл-тілдегі фонемалар қаншалықты ескі болса, түбіртектер де соншалықты ескі. Түбіртекті тіл тарихының бүкіл өн бойында өмір сүрген десек қателеспейміз. Қазақ тілінде де тарихқа белгісіз ежелгі дәуірлерден бері өмір сүріп келе жатқан түбіртектер бар. Бірақ олар бірен-саран. Мысалы, ақ (судың өз арнасымен төмен қарап жылжуы, бір орында тұрмай ілгері қозғалып отыруы), ат (лақтыру), ас (тауды, белесті басып әрі өрлеу), аз (арықтап жүдеу, еттен арылу), ін (жерді үңгіп жасаған, жабайы аңдар жататын орын, үңгір), ұр (сабау, соғу, тоқпақтау), үн (құлаққа естілетін дыбыс, дауыс), тағы басқалар. Сондай-ақ, тілімізде екі түбіртектің бірігуі нәтижесінде пайда болған сөздер де біршама дәрежеде кездеседі. Мысалы, «судың өз арнасымен төмен қарай жылжуы»

мағынасындағы ақ түбіртегі мен етістіктен есім жасайтын ын түбіртегі бірігіп, ағын сын есімі жасалған. «Сабау, соғу, тоқпақтау» мағынасындағы ұр етістігіне етістіктен есім жасайтын ыс түбіртегі қосылып, ұрыс зат есімін тудырып тұр. Бұларға көненің көзі ретінде қарауға болады.

2. Кез келген сөзде қанша дауыссыз болса, сонша түбіртек болады. Сондықтан сөз құрамын түбіртекке бөліп анықтағанда, дауыссыздарға арқа сүйеу қажет. Мысалға ұшқыр (жүрдек, ұшпа, жүйрік) сын есімі қазіргі тіл білімі тұрғысынан екі буынға (ұш+қыр), түбір морфема мен қосымша морфемаға бөлінеді. Ұш тура мағынасында «көкке көтерілу, әуелеу» ұғымын беретін етістік болса, ауыспалы мағынасында «жүрдек, ұшпа, жүйрік» ұғымын беретін сын есім, қыр – сын есім жасайтын көне жұрнақ. Түбіртек теориясы тұрғысынан бұл сөзде үш дауыссыз бар. Демек, сын есім жасайтын көне жұрнақ қ+ыр болып екіге бөлінеді. Сөз соңындағы –ыр – бас ұр, қадам ұр, алас ұр, құрақ ұр, құлаш ұр сияқты фразеологизмдердің құрамында кездесетін ұр көмекші етістігінен пайда болған көне жұрнақ. Үнемі түбірге сіңіскен күйінде кездеседі. Ал қ – өлі түбіртектің сарқыншағы. Ол тарихи даму барысында өзінің дауысты сыңарын жоғалтып алған. Өлі болғанымен, сөз ортасында қ дыбысы жиі кездесетіндіктен, оның дауысты дыбысын табу оншалықты қиынға түспейді. Ол – ежелгі дәуірлерде қимыл есімін жасаған *ук/ұк/ык жұрнағының (түбіртегінің) дауыссыз сыңары. Бұл жұрнақ қазіргі тілімізде у формасында қалыптасқан. Яғни бұрын баруқ болса, қазір бару, айтуқ>айту, тануқ>тану, жануқ>жану, жағуқ>жағу, т.б. *ук/ұк/ык түбіртегінің ыдырап, элизияға ұшырауы, қ қатаңының тағдырын түбегейлі шешкен. Ол дауыстыдан басталатын қосымшалардың құрамына жылысып кеткен. Нақтырақ айтқанда, тұйық буын –ырды, бітеу буын –қыр еткен. Ұшқыр сын есімін бұрынғы қалпына келтірсек, *уш+ұк+ұр. Негізгі екпін үш түбіртегіне, көмекші екпін ұр түбіртегіне түскендіктен ұк түбіртегінің ұ дауыстысы өз-өзінен жойылған. Ұшқыр сын есімі өте ерте дәуірлерде пайда болған туынды сөз болғандықтан, қимыл есімінің толық формасының сарқыншағын сақтап қалып отыр.

Ұшқыр сын есімінің алғашқы екі түбіртегі ұш+ұк>ұш+ык болғандығына, оның дербес қолданылғандығына, қосымша дәлел де бар. Ұшық зат есімі қазір дәнді дақылды қырманда ұшырғанда

шығатын жартыкеш жеңіл дән ұғымын береді. Өте тарихи мағыналары ұсынылған. Олай болса, бұл сөзде «ұшу» семасы бар. Ұшқыр да, ұшық та, ұшқын (оттан бөлініп, жалын шашқан ұсақ шоқ) да бағзы заманда пайда болған туынды сөздер.

3. «Кез келген сөзде қанша дауыссыз болса, сонша түбіртек болады» деген қағидаға бағынбайтын, түбіртек жасауға қатыспайтын, сөздерді түбіртекке айырып-ажыратуда көп қиындық келтіретін бір алуан дыбыстар бар. Олар – сөздің басында протезалық, сөздің ортасында эпентезалық, сөздің соңында эпитезалық қызмет атқаратын й, қ, к, ғ, г, п, б, м сына дыбыстары. Бұлар әрқашан дауыстыдан аяқталатын, дауыстыдан басталатын түбіртектердің арасына қыстырылып, дауыстылардың фонологиялық міндетін ойдағыдай атқаруына үлес қосады. Бұлардың арасында қ, к, ғ, г, м дауыссыздары бірде фонологиялық жүк аркалап, түбіртек жасауға араласса, бірде бірыңғай сыналық қызмет атқарады. Алайда түбіртек тілдік бірлігінің табиғатын толық түсінген зерттеуші бұл қиыншылықты тез меңгеріп алады.

Сөз құрамындағы сына дыбыстарды қалай анықтауға болады? Егер сөз басында жоғарыда санамаланған сына дыбыстардың бірі кездесе, оны сөздің қалған құрамынан бөлектеп тастау керек. Мысалы, бұршақ – кішкене-кішкене домалақ мұз күйінде түсетін атмосфералық жауын-шашын. Сөз құрамынан протезалық б дыбысын бөлек ажыратқанда, қалған бөліктері түбіртек ретінде мағына бере бастайды: б+ұршақ>б+ұр+ш+ақ. Ұр – сабау, соғу, тоқпақтау ұғымдарын берсе, ақ – жоғарыдан төмен қарай жылжу ұғымында жұмсалған. Ал ш түбіртек сарқыншағы процестің дүркінділігін білдіріп тұр. Талдау барысында «не ұрғылап тұр» деген сұрақ туындайды. Құрамында б немесе п дыбысы бар, «домалақ» ұғымын беретін морфеманы іздестіре бастаймыз. Себебі, бұршақ сөзінің «домалақтан» басқа семалары ұр+ш+ақ бөлегінде қамтылған. Құрамында п дыбысы бар, «домалақ» ұғымын беретін сөз – доп~топ. Бұрынғы формасын қалпына келтірсек: до+б+ұр+ш+ақ. Тілімізде осы үлгіде жасалған сөздер бар ма? Су тиген соң ұн топаршақтанып қалыпты. Домаланып, түйір-түйір болып қалды деген мағынада. Топаршақ диалектілік сөз болғанымен, добуршақ үлгісінде тұр. Осындай жолмен бұрын жарияланған мақалаларымызда балшық, бүлдіргі сөздерінің де түп-төркінін ашып берген болатынбыз (2, 109 б.).

Протезалық, эпентезалық, эпитезалық сына дыбыстар сөз ортасында біршама оңай табылып, ерекшеленіп тұрады. Мысалы, са+б+ын, са+ғ+ым, са+й+ын, кө+г+ен, со+п+ақ, же+м+іс түбіртектерінің арасындағы б, ғ, й, г, п, м – сына дыбыстар. Сы+й+ыр – төрт түліктің бірі – мүйізді ірі қара мал. Осы сөз кейбір түркі тілдерінде сы+ғ+ыр болып айтылады. Бұл жерде й~ғ сәйкестігін байқаймыз. Протезалық, эпентезалық, эпитезалық сына дыбыстар диалектілік (аймақтық) өзгешеліктерді көрсетіп, сөздің басында да, ортасында да, аяғында да бір-бірімен өзара алмаса береді. Сы+й+ыр мен сы+ғ+ыр – соның бір көрінісі. Алайда сына дыбыстардың бір-біріне өзара ауысқанынан сөз мағынасына ешқандай зиян келмейді.

Протезалық, эпентезалық, эпитезалық сына дыбыстар сөз аяғында тек бір буынды сөздерде, оның ішінде бітеу буынды сөздерде ғана ұшырайды. Дауыссыздан басталып, дауыстымен аяқталатын түбіртектер тілдің тарихи даму барысында дербес, жеке қолданыстан шығып қалып, өзіне таяныш іздестіргенде эпитезалық сына дыбыстарды жамап алған сияқты. Мысалы, Орхон-Енисей ескерткіштерінде жер-су қос сөзі йер-суб түрінде тасқа басылған. Сонда су түбіртегінен кейін б эпитезалық сына дыбысы тұр. б-нің сына дыбыс екендігі өзге фактілер арқылы да анықталады. Мысалы, «Оғыз-наме» ескерткішінде «Етил су+ғ+ы ақа туруп (Еділ суы ағып жатыр)» деген сөйлем бар. Ал «Ғибат-ул хақайиқ» ескерткішінде «Халимлық су+й+ын сач ол отны өчүр (Жұмсақтық суын шашып, ол отты өшір)» деген өлең жолы кездеседі. Су+б, су+ғ, су+й варианттарын өзара салыстырсақ, эпитезалық дыбыстардың бір-бірімен алмасып тұрғанын көруге болады. Демек, диалектілік (аймақтық) ерекшелік өздеріне тән сына дыбыстарды талап етеді. Осыдан келеді де, әр түрлілік пайда болады.

Та+қ – жеке, дара, жалғыз; та+й – бір жастағы жылқы төлі (Бір жыл өтті арада, Құлыншағым тай болды). Бір буынды тақ, тай сөздерінде «бір» ұғымын та түбіртегі беріп тұр. «Бір» ұғымын та түбіртегі беретіндігін басқа да толып жатқан тілдік фактілер айғақтай алады. Олай болса, қ мен й эпитезалық сына дыбыстар. Та сан есімінің дерексізденуінен жасалған дәл, нақ, нағыз ұғымдарын беретін та+п шылауы да, нақ, тура, дәл ұғымдарын

беретін та+қ үстеуі де п мен қ эпитезальық сына дыбыстарын сақтап тұр. Тақ өзі, тап өзі деп айта береміз.

Дауыссыздан басталып, дауыстымен аяқталатын бағзы заманғы түбіртектерге көбіне-көп эпитезальық п дыбысы жамалған сияқты. Жа+п, са+п, та+п, ша+п, қа+п, се+п, же+п, де+п, ше+п, до+п, дө+п, то+п, жі+п, шө+п, тү+п бітеу буынды сөздері бұған айғақ бола алады. Бұлардың алғашқы бөлегінің қай-қайсысы да лексикалық мағына беретін түбіртектер. Күшейтпелі, үстемелі буынды сын есімдер (қып-қызыл, сап-сары, жап-жалаңаш, доп-домалақ, қап-қара, сұп-сұр, т.б.) п эпитезальық сына дыбысы басқа сына дыбыстарға қарағанда елгезек екендігін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, алдына мақсат қойған зерттеушінің сөз басында да, сөз ортасында да, сөз аяғында да протезальық, эпентезальық, эпитезальық дауыссыз сына дыбыстарды тауып ала алатындығына сенімдіміз.

4. Белгілі бір тілдің сөздік құрамындағы түбірлер мен негіздерді түбіртекке бөліп, ажыратқанда оңнан солға қарай, басқаша айтқанда, қосымшадан бастап түбірге қарай бөлшектеген жөн. Себебі, сөздің аяғынан басына қарай өлі қосымшалар да, тірі қосымшалар да түбіртекке оңай жіктеледі, әрі олардың грамматикалық мағыналарын айқындау жеңілдеу. Ас+қ+ар (заңғар, зәулім, биік), ас+қ+ақ (биік, заңғар, зәулім) сын есімдерін, ас+қ+ан (аса, тым, ерекше) үстеуін осы ережеге орай түбіртекке ажыраталық. ар алб+ар, айд+ар, жан+ар, шын+ар, сус+ар, аст+ар, т.б. сөздердің құрамында, ақ қон+ақ, бун+ақ, сын+ақ, ұрп+ақ, тар+ақ, сұр+ақ, құр+ақ, т.б. сөздердің құрамында, ан арм+ан, орм+ан, тұм+ан, құм+ан, жап+ан, шап+ан, топ+ан, саз+ан, құл+ан, т.б. сөздердің құрамында кездесетін сөз тудырушы көне жұрнақтар.

қ – жоғарыда атап өткеніміздей, қимыл есімін жасайтын уқ/уғ түбіртегінің (қазіргіше айтсақ, у жұрнағының) сарқыншағы. Сөз құрамында дерексізденіп кеткен. Ас «артылу, озу, ерекшелену» ұғымдарын беретін етістік. Сөйтіп, талданған үш сөздің әрқайсысының құрамында үш дауыссыздан болғандықтан, үш-үштен түбіртекке бөлініп тұр. Осы тәртіппен сөздік құрамдағы кез келген сөз түбіртекке бөліне алады. Әр тілдің түбіртекке бөліну ережелерін сол тілдің мамандары ғана ұсына алады.

5. Түбіртектердің осы заманғы қолданыстағы көріністері, жұмсалы сипаттары. 1) Түбіртектер көбіне-көп бір дауысты мен бір дауыссыздан тұрады да, өзінің байырғы табиғи қалпын сақтайды. Мысалы, осының алдында ғана талданған лексикалық мағына беретін ас түбіртегі мен грамматикалық мағыналар беретін ар, ақ, ан түбіртектері осы өлшемге жауап бере алады.

2) Түбіртектің дауысты сыңары сақталады да, дауыссыз сыңары элизияға ұшырап, жойылып кетеді. Мысал. Қазақ күнәсі жоқ, таза, пәк әйелдерді ару деп атаған. Көне түркі тілінде аруғ~арығ «кірленбеген, пәк, таза» деген мағынада жұмсалған. Бұдан қазақ тіліндегі ар+у сөзінің ертеде екі түбіртектен – ар және уғ – тұрғанын көреміз. Сонда «таза, пәк» деген лексикалық мағына ар түбіртегінде тұрса, уғ қимыл, қозғалысты, процесі білдіретін көне жұрнақ. Бұл сөз кезінде, екінші түбіртектің дауыссыз ғ дыбысы үнемделіп, етістіктен заттанған. Дауысты сыңары бірінші түбіртекке сіңісіп кеткен. Сөз соңындағы дауыссыз дыбыстардың барлығы дерлік дауыссыз дыбысты жоғалтып алған жартыкеш түбіртектер. Мысалға орта (белгілі бір мөлшерге жетпеген, толық емес) сын есімін алалық. Сөз соңы дауысты дыбысқа аяқталып тұр. Ортан қол, ортан жілік фразеологизмдерімен салыстыру арқылы ол сөздің бір кезде н-мен аяқталғанын білеміз. Демек, а – ан түбіртегінің қалдығы: орт+ан. Бала, дала – диалектілерде балан, далан, яғни бал+ан, дал+ан. Тағысын тағылар.

3) Түбіртектің, керісінше, дауыссыз сыңары сақталады да, дауысты сыңары элизияға ұшырап жойылып кетеді. Өрт – қаулай жанған жалынды от. Қазіргі тіл білімі тұрғысынан бір буынды түбір. Одан әрі бөлшектеуге келмейді. Түбіртек теориясы тұрғысынан құрамында екі дауыссыз болғандықтан екі түбіртекке бөлінеді. Алайда өр түбіртегінің құрамы толық болғанымен, екінші түбіртектің дауысты дыбысы жоқ. Оны біз өрт сөзінің мағыналық мазмұнына қарап анықтай аламыз. Сонда – өр от. Тарихи даму барысында бізге белгісіз әлдеқандай себептермен екінші түбіртектің дауыстысы қысқарып кеткен. Бірінші түбіртек «қаулай жану, өршіп жану» мағынасын береді. Екі түбіртектің лексикалық мағыналарын бір-біріне қоссақ: өршіп, өрлеп жанған от. Етістік жасайтын көне ук/уғ түбіртегі де (қазіргіше жұрнақ) сөз құрамында көбіне дауысты дыбысын жоғалтып, к/ғ түрінде

ұшырасады. Жалпы алғанда, дауысты сыңары элизияға ұшыраған түбіртек сарқыншақтары немесе жартыкеш түбіртектер көп.

Дауысты дыбысын немесе дауыссыз дыбысын жоғалтқан жартыкеш түбіртектер сөз басында да, сөз ортасында да, сөз аяғында да жиі ұшырасады.

4) Тарихи даму барысында түбіртек екіге жарылады да, дауысты сыңары бұрынғыша лексикалық немесе грамматикалық мағынасын сақтап, түбіртектің қызметін атқара береді. Ал дауыссыз сыңары өлі элементке айналып, келесі түбіртекке жылысып кетеді. Мұны мына мысалдан анық байқауға болады. Орхон-енисей ескерткіштері тілінде тәуелдік жалғауының толық формасы – ын/-ін. Қазіргі тілдерде –ы мен –і. Яғни –ын/-ін екіге жарылған: -ы+н/і+н. Енді орхон-енисей ескерткіштерінде көп ұшырасатын қаған сөзін тәуелдік жалғауының үшінші жағында көнеше және жаңаша септеп көрелік. Көнеше:

А. қаған+ын үчүн

І. қаған+ын+ын

Б. қаған+ын+қа

Т. қаған+ын

Ж. қаған+ын+та

Ш. қаған+ын+тан

К. қаған+ын бирлан

Кестеден байқалатынындай, тәуелдік жалғауының үшінші жағы атау септігі мен көмектес септігінде шылаулармен тіркескенде ғана толық формасын, грамматикалық мағынасын сақтайды. Шылаулармен тіркеспеген жағдайда сол кездің өзінде-ақ атау септігі үшінші жақта ы формасында тәуелденіп, соңғы н дыбысын жоғалтып алған. Енді осы сөздің жаңаша септелуіне назар аударалық.

А. қаған+ы

І. қаған+ы+ның

Б. қаған+ы+на

Т. қаған+ы+н

Ж. қаған+ы+на

Ш. қаған+ы+нан

К. қаған+ы+мен

Кесте бізге мынадай өзгерістерді жеткізіп тұр: 1) Атау септігі мен көмектес септігінде тәуелдік жалғауы үшінші жағының толық формасы –ын элизияға ұшырап, ыдыраған. Алайда жартыкеш ы түбіртегі тәуелдік жалғауы үшінші жағының грамматикалық мағынасын толық жеткізіп тұр. 2) Көмектес септігінде бирлан шылауы мен жалғауына айналып кеткен. 3) Тәуелдік жалғауы үшінші жағының толық формасынан бөлініп шыққан өлі элемент н табыс септігінің қызметін атқарып тұр. 4) Ілік септігінде өлі н жай жылыса салса, барыс, жатыс, шығыс септіктерінде қ, т дыбыстарын ығыстырып барып жылысқан. Сонымен кейбір түбіртектер тарихи даму барысында екіге жарылады екен де, алғашқы дауысты сыңары бұрынғысынша лексикалық немесе грамматикалық мағынасын сақтап, түбіртектің қызметін атқара берсе, дауыссыз сыңары өлі элементке айналып, келесі түбіртекке жылысып кетеді екен. Бұл жағдайды есепке алмаса, зерттеуші көздеген мақсатына жете алмайды (2, 172-б.).

5) Кейбір түбіртектердің дауысты сыңары да, дауыссыз сыңары да өлі элементке айналып, алғашқы сыңары алдыңғы түбіртекке, екінші сыңары өзінен кейінгі түбіртекке жылысып, әбден сіңісіп кетеді. Бұған қазақ тіліндегі «алқа-қотан» қос сөзі мысал бола алады.

Аталған сөздің сөздіктегі мағынасы – айналана, дөңгелене. Мұндай қос сөздерді қазақ тіл білімінде «бір сыңары мағыналы, бір сыңары мағынасыз (түсініксіз) қосарлама сөз» деп атайды. Бірінші сыңары алқа – топ, жиын деген лексикалық мағына береді.

Талдау нысаны болып отырған қос сөздің құрамында бес дауыссыз дыбыс бар. Демек, бұл тұлға бес түбіртекке бөліне алады деген сөз. Түбіртектерді бір-бірінен ажырата алу үшін, ереже бойынша, сөздің ең соңғы қосымшасынан бастап, түбірге қарай жік-жікке бөліп қарастырамыз. Бір дауысты, бір дауыссыздан тұратын ең соңғы бөлшек – ан. Есімдерден, етістіктерден, өзге сөз таптарынан

есім жасайтын бұл көне жұрнақ ап+ан, ар+ан, ұр+ан, ат+ан, саб+ан, таб+ан, саз+ан, қаз+ан, жыл+ан, бұл+ан, құл+ан, мам+ан, арм+ан, орм+ан, тұм+ан, дум+ан, құм+ан, жап+ан, шап+ан, бор+ан, айр+ан, қыр+ан, қот+ан, тоғ+ан сияқты толып жатқан сөздердің құрамында ұшырайды. Келесі бір дауысты, бір дауыссыздан тұратын бөлшек – от. Түрлі материалдардың: ағаш, көмір, газ, мұнай, т.б. жарық пен қызу шығарып жануы деген мағына береді. От және ан түбіртектері бірігіп, тың туынды мағына да бере алады: үй-іші, семья; туған ел, өскен жер. Сөздік тұлғаларды түбіртектерге бөлгенде екі түбіртек немесе үш түбіртек бірігіп, жаңа, тың мағыналарды беру құбылысы жиі кездеседі.

Сонымен мағынасы түсініксіз деп есептелетін қотан формасында грамматикалық мағына беретін ан және лексикалық мағына беретін от түбіртегі бар екендігі анықталды. Бұл форманың құрамындағы қ дауыссызының дауысты элементі жоқ. қ дауыссызы табиғатында жылысқыш дыбыс. Түбірден түбірге, түбірден қосымшаға жылыса береді. Егер қ жылысу құбылысына ұшыраған болса, онда алдындағы а дауыстысымен бірігіп, бір түбіртектің міндетін атқаруға тиіс: яғни ақ. Бұл етістік судың өз арнасымен төмен қарай жылжуы, бір орында тұрмай ілгері қозғалып отыруы деген мағына береді. Бірақ ақ – көп мағыналы сөз. Бұл сөз көне түркі жазба ескерткіштерінде заттың, нәрсенің жоғарыдан төмен қарай жылжуын ғана емес, төменнен жоғары қарай жылжуын да білдірген. Мысалы, ай йоқару ағар (ай жоғары көтерілер) (ДТС, 16). Ж+ақ етістігінің құрамындағы ақ түбіртегі де оттың төменнен жоғары қарай лаулап жанғанын мегзейді. Олай болса, үш түбіртектің жиынтығын (ақ+от+ан) «лаулап жанған от» деп түсінеміз.

Сонда алқа сөзінің құрамындағы соңғы а дауыстысы өз орнын тапқандықтан, онымен жалғас тұрған қ дауыссызы жеке-дара қалады. Оның жоғалтқан дауысты дыбысы у екендігін тауып алу қиын емес. Себебі, есімдерден, етістіктерден қимыл есімін жасайтын уқ жұрнағы (қазіргі у жұрнағы) сандаған сөздердің құрамына қ түрінде сіңісіп кеткен. Яғни қ жұрнағын сөз ортасында көне уқ жұрнағының сарқыншағы ретінде түсінеміз. Сонымен талдау барысында төрт түбіртектің (уқ+ақ+от+ан) лексикалық, грамматикалық мағыналары ашылды, өзгеріске ұшыраған

формалары қалпына келтірілді. Алқа-қотан қос сөзінің құрамындағы ең соңғы ал түбіртегі қандай лексикалық мағына береді?

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» ал ұстау, көтеру; бір нәрсеге ие болу, тәуелдеу, меншіктеу мағыналарын береді. Бұл мағыналар алқа-қотан қос сөзінің мағыналық мазмұнымен мүлде қабыспайды. Сонда қалай болғаны? Мүмкін, тығырықтан дауыстылар мен дауыссыздардың түпкітектерін (архетиптерін) табу құтқаратын шығар. а әуелден архетип дыбыс, ал л-дің архетипі – р. Қалпына келтірілген *ар формасының сөздіктегі мағынасы – адамгершілік қасиет немесе ұят. Бұл мағына да талданып отырған сөздің мағыналық мазмұнымен үйлеспейді. Енді мағыналық мазмұнның өзіне оралалық: айнала, дөңгеле. Құрамында ар морфемасы бар, дөңгелену мағынасын беретін сөз бар ма деген сұрақ туады. Ондай сөз бар: шар – өз диаметрінен дөңгелене айнарудан пайда болған геометриялық дене; осы геометриялық дене формалас зат. Шыр айналды фразеологизмі құрамында ар түбіртегі болмаса да, бір орында тұрмай дөңгеленді мағынасын береді. Циркульдің шеңбер сызатын құрал екендігі, цирктің әрқашан дөңгеленіп келетіні екінің біріне белгілі. Бұл мысалдардан дөңгелек ұғымы ш дауыссызы мен онымен түп-төркіні бір тс(ц) аффрикатында сақталғандығы анықталды. Алайда мағыналық мазмұнында дөңгелек ұғымы бар шар сөзі екі түбіртекке бөлінеді: ша+ар>ш+ар. Дүние жүзі тілдерінде ша түбіртегі күн ұғымын беретіндігін ғылыми еңбектерімізде дәлелдеп берген едік. Тарихи даму барысында ша (күн) түбіртегінің әрбір заттық белгісі бір-бір сөзге айналған. Күннің бір белгісі – дөңгелектігі. Олай болса, ша формасының дөңгелек ұғымын беруі заңды. Көне түркі жазба ескерткіштерінде ұшырасатын ар~ер формалары бір нәрсенің, үдерістің болу мүмкіндігін мегзейтін, растайтын көмекші сөз. Жинақтап айтқанда, алқа-қотан қос сөзінің алғашқы үш түбіртегі: ша+ар+уқ айнала дөңгелене отыру ұғымын береді. Диалектілерде шар – шарық қайрақ, шарғы жіп, домалақтаған жіп. Мағыналарын былай қойғанда, соңғы тіркестегі сөздің формасы да үйлеседі. Тұтас алғанда: *ша+ар+уқ+ақ+от+ан (алқа-қотан) – лаулап жанған оттың айналасында дөңгелене отыру ұғымында жұмсалған.

Байырғы лексикалық мағынасы толық ашылып, уәжі айқындалған алқа-қотан қос сөзі алғашқы қауымдық қоғамды еске түсіреді. Алғашқы қауым адамдары күндізгі ауыр бейнеттен кейін кешкілік лаулатып от жағып, айнала дөңгелене отырып, әңгіме-дүкен құрған. Көңіл көтерген. Тарихқа белгісіз сол бір аса ежелгі заманнан естелік ретінде халық жадында сақталып қалған кәрі сөз.

Талданып отырған сөздің фоно-морфо-семантикалық өзгерістері қандай-қандай ішкі және сыртқы факторлардың негізінде жүзеге асқан? 1) Ең соңғы түбіртек – ан – есімдер мен етістіктерден, ара-тұра өзге сөз таптарынан да есім жасайтын көне жұрнақ. От – қимыл-қозғалысқа түсетін зат. Оған –ан жұрнағы қосылғанда ғана материалданады, заттық сипат алады, оттың жанып жатқан кезі ойша топшыланады. Аталған қос сөздің алғашқы мағыналық мазмұны қолданыстан шығып, уәжі ұмытылғаннан кейін жұрнақ түбірге сіңіскен. Мұны сіңісу құбылысының жемісі дейміз. 2) Лексика-семантикалық мағынасы жойылғаннан кейін ақ түбіртегі екіге жарылған: а сыңары алдындағы түбіртекке сіңіссе, қ сыңары кейінгі түбіртекке сіңіскен. Түбіртек тарихында мұндай жағдай жиі ұшырасады. Мысалы, тәуелдік жалғауының үшінші жағы, толық формасы –ын екіге жарылғанда алғашқы бөлегі – ы тәуелдік жалғауы үшінші жағының міндетін одан әрі атқара берген де, екінші бөлегі н септік жалғауларының құрамына жылысқан (Жоғарыда айтылды. Б.С.). Бұл жерде де үнемдеу, сіңісу құбылыстарының ықпалы байқалады. 4) Тарихи даму барысында ар түбіртегі ал түбіртегіне айналған. Мұны көненің жаңаланған ізі деп бағалаймыз. 5) Ең соңында «дөңгелек» деген ұғым беретін ша түбіртегі элизияға ұшырап, айтылмайтын болған. 6) Сыртқы факторлардың әсерінен «лаулап жанған оттың айналасында» деген ұғым-түсінік мүлдем жойылып, халық санасынан шығып кеткен. Күрделі бір сөздің бойынан табылған өзгерістердің қыр-сыры, міне, осындай. Мұны «кейбір түбіртектердің (а+қ) дауысты сыңары да, дауыссыз сыңары да өлі элементке айналып, алғашқы сыңары алдыңғы түбіртекке, екінші сыңары өзінен кейінгі түбіртекке жылысып, әбден сіңісіп кетеді» деген тұжырымға мысал ретінде келтіріп отырмыз.

б) Кейбір түбіртектер сөздің басында немесе соңында үнемдеу заңының ықпалына ұшырап, мүлдем жойылып кетеді. Алайда оларды сөздің мағыналық мазмұнына, заттың, нәрсенің табиғи

болмысына , жаратылысына, сапа, қасиеттеріне, т.б. сүйене отырып, бұрынғы қалпына келтіруге болады. Мысалы, қамшыға, шоқпар, сойыл, сабына тағылатын қайыс бау бүлдіргі деп аталады. Түбіртек жасауға қатыспайтын протеза – б дыбысын, ережеге орай, бөліп тастасақ, ілдіргі деген тың мағыналы сөз пайда болады. Мұны көзгелдек, көзілдірік сияқты сөздермен салыстырсақ, көне заманда қалыпты қолданыста жұмсалғанын аңғарамыз. Не ілдіргі? деген сұраққа сап ілдіргі деп жауап қайтаруға болады. Сонда «қамшының сабы» деген ұғым элизияға ұшыраған са түбіртегінде тұр. б~п сына дыбысы бірінші түбіртекке сіңіскенде сап формасын, екінші сөзге сіңіскенде бүлдіргі формасын береді. Тағы бір мысал. Топырақтың сумен араласқан түрі балшық деп аталады. б сына дыбысын әдеттегідей сөз құрамынан шығарып тастаймыз: алшық бір нәрсенің шылқып алып кеткенін білдіреді. Ол – су. Қалпына келтірсек, су+б+алшық. Орхон-енисей ескерткіштерінде суб қазіргі тілдердегі су-дың орнына жұмсалған. Осылайша жекелеген дыбыстарды да, буындарды да қалпына келтіре аламыз. Жалпы алғанда, түбіртекті өз мәнінде түсіну үшін тіл біліміндегі бүкіл озық әдістер мен тәсілдерді жете меңгеріп алған жөн. Этимологияның барлық принциптерін комплексті (кешенді), ұтымды пайдаланғанда ғана түбіртектің қыр-сырын ашуға болады.

Тарихи даму барысында сөз соңындағы жекелеген дауыстылар мен дауыссыздар да, бір дауысты мен бір дауыссыздың тіркесінен тұратын түбіртектер де элизияға ұшырап, жойылып кетіп жатады. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде ұшырайтын қой+ун, төр+үн, бар+ын, қос+ын, йар+ын сөздері қазіргі қазақ тілінде қой, төр, бар, қос, жар (бол) формасында дыбысталады. Сөз соңында түсіп қалған элементтер негізінен тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы анықталып, қалпына келеді (3, 379-384-б.).

7) Дауысты дыбыстан аяқталатын түбіртек дауысты дыбыстан басталатын түбіртеппен біріккенде бітеу буын жасайды да, қос дауыстының бірі айтылмайды. Мысалы, қа түбіртегі мен ат түбіртегі бір-біріне кіріккенде қат (қабат, қатпар) морфемасы пайда болады. Қаат түрінде екі а қабаттастырылып айтылмайды. Егер осы аталған түбіртектердің аралығына б эпитезальық сына дыбысы қыстырылса, қабат (қат-қат болған заттың бір қатары, бір қаты) формасы көрініс табады. Мысалдардың бірінде бір дауысты

екінші дауыстыны ығыстырса, бірінде эпентезалық дыбыстың арқасында екі дауысты да сақталған.

Бұл құбылыс жүйесі бөлек тілдерден сөз енгенде де байқалады. Мысалы, араб тілінен енген сағат (уақыт өлшемі), парсы тілінен енген наһан (үлкен алып балық) сөздері екі-екі түбіртекке (са+ғ+ат, на+һ+ан) оңай ажыратылады. Екі түбіртектің аралығындағы ғ, һ сына дыбыстары түсіріліп айтылғанда, сәт (бір мезет), нән (өте үлкен) формалары түзіледі. Бұдан да кіріккенде екі дауыстының бірі элизияға ұшырайтынын көреміз. Осы заңдылықтың негізінде кейбір бітеу буындарды, керісінше, екі түбіртекке бөліп ажыратуға болады. Мысалға жақ (от жандыру), жан (от алып тұтану) етістіктерін: жа+ақ, жа+ан түбіртектеріне бөле аламыз. Енді ажыратылған түбіртектердің қандай мағына беріп тұрғанын көңіл аударалық. ақ белгілі бір істің, қозғалыстың, процестің енді ғана жүзеге асқанын білдірсе, ан сол істің, қозғалыстың, процестің тұрақты құбылысқа айналғанын аңлатады. Екеуіне ортақ жа осы тұрғанда ешқандай лексикалық мағына бермейтін сияқты көрінеді. Алайда жақ, жан етістіктерінде от семасы бар. Ол семаны жа түбіртегі жеткізіп тұр. Шындығында жа-ның ескі формасы та «от» деген лексикалық мағына бере алады. Көне түркі жазба ескерткіштерінде та+м+уқ (ДТС, 531) (тозақ, жанып тұрған от) «от» деген ұғымды анық жеткізіп тұр. Ал тамдур – от жандыру (ДТС, 530). Демек, т~ж сәйкестігі: та мен жа – көне және жаңа варианттар. Бітеу буындарды екі түбіртекке ажырату да – түбіртекті тауып анықтаудың сенімді жолдарының бірі.

6. Дыбыстардың өзара тіркесу заңдылықтарын білу түбіртектерді айырып-ажырату жұмыстарын едәуір дәрежеде жеңілдетеді. Мысалы, түркі тілдерінде р, л, н, ң үнділері (сонорлары) ешқашан өзінен кейінгі дауысты дыбыстармен мағына беріп тіркеспейді. Яғни ра, ру, ри, ла, лу, ли, на, ну, ни, қа, ну, ңи түбіртектері жасалмайды. Аталған үнділер өзінің алдындағы дауысты дыбыстармен ғана тіркесіп, түбіртек құрай алады: бұ+ғ+ан+а, б+ыт+ыр+а, ж+ор+ық, т+ұр+ақ, т.б. Сөз құрамында р, л, н, ң үнділері кездескен жағдайда онымен іргелес тұрған дауыстыларды келесі түбіртектің сыңары деп таныған жөн: р+а, р+у, р+и, л+а, л+у, л+и, н+а, н+у, н+и, ң+а, ң+у, ң+и, т.б.

7. Түркі тілдері дамуының тарихқа белгісіз ежелгі дәуірлерінде жіңішке дауыстылар мен ұяң дауыссыздар мүлдем болмаған. Мұны біз жуанды-жіңішкелі варианттас түбірлерді бір-бірімен салыстырғанда анықтай аламыз. Мысалы, қазақ тілінде әже~ажа, әжім~ажым, әлеміш~аламыш, әрегірек~арағырақ, бәрі~бары, дөңгелек~донғалақ, жүдеу~жадау, зеңгір~заңғар, кәні~қаны, кеудіре~қаудыра, кәрі~қары, күлдіре~қолдыра, көл~қол, ежірей~ожырай, ересен~орасан, үлкей~ұлғай, едірей~одырай сияқты тұлғасында өзгеріс болғанымен мағынасы бірдей, бірі бірыңғай жіңішке, бірі бірыңғай жуан дауыстылардан тұратын толып жатқан сөздер бар. Тарихта жіңішке дауыстылар болмаса, жіңішке дауыстылардан тұратын сөз де болмағаны айқын. Жүйесі бөлек тілдерден енген кірме сөздерді сөздік құрамнан шығарып тастап, таза түркі тілдеріндегі жіңішке дауыстылардан тұратын сөздерді іріктеп алсақ, олардың барлығының да жуан варианттары табылады. Мысалы, қазақ әдеби тілінде кездеспеген варианттар говорларда ұшырайды: әрең – Оңтүстік говорларында, Жайық бойында – араң, сол сияқты мүжі, шәлі, шіл – шығыс говорларында мүжы, салы, шыл. Немесе жер-су атауларында, кісі есімдерінде сақталған. Мысалы, өркеш – кісі есімі Орқашбай, т.б.

Мағынасы тепе-тең жуанды-жіңішкелі сөз варианттарынан кейде жеке-жеке лексикалық мәнге ие болған жаңа сөздер де туындап жатады: ана – туған шеше, ене – ерлі-зайыптылардың анасы, адырай – көздің әдеттен тыс ашылуы, едірей – көзі шатынау, үрке қарау, сорай – биіктеп ұзару, сырию, сойдию, серей – ұзыннан сұлап жату, тыраю, т.б. Мағыналық өң алғанымен, мұндай жуанды-жіңішкелі варианттар ортақ семаларын жоғалтпайды. Бұлардың да жуан варианттарын алғашқы деп тануымыз.

Қазақ тілінде жіңішке дауыстылардан тұратын көптеген сөздер өзге түркі тілдерінде жуан дауыстылардан тұрады: әрең – қырғыз тілінде араң, бүтін өзбек тілінде бутун, ер – чуваш тілінде ар, күміс, мін (ет.) – сары ұйғыр тілінде кумус, мин (ет.), тіл – тофалар тілінде дыл, т.б. Көне ескі түркі жазба ескерткіштері де, мақалдар мен мәтелдер де, фразеологизмдер де, жүйесі бөлек шет ел тілдеріне еніп кеткен лексемалар да, тағы басқа дереккөздер жіңішке дауыстылардан тұратын сөздердің жуан дауыстылардан тұратын варианттарын тауып алуға көмектесе алады. Тіл-тілде

жіңішке айтылатын варианттардың қай-қайсысының да ежелгі дәуірлерде жуан варианттары болған.

Қорытындыда мынаны айтамыз: Құрамында бірыңғай жуан дауысты дыбыстары бар сөздер ғана түбіртекке бөлінуі шарт. Себебі, құрамында бірыңғай жіңішке дауысты дыбыстары бар сөздер жуан дыбысталатын сөздерге қарағанда әлдеқайда қиын бөлшектенеді. Жіңішке дыбысталатын сөздердің жуан варианттарын іздестіріп тауып барып, түбіртекке айырып-ажыратқан дұрыс.

Әдетте, жуан варианттардың лексикалық мағынасы көмескіленіп, тіл-тілде архаизмге айналып кетіп жатады. Алайда дәл сол сөздің жіңішке варианты лексикалық мағынаны сақтап, көмескіленген мағынаның сырын ашуға көмектеседі. Мысалы, құйқа – сойған малдың үйтілген терісі. Осы сөздің жіңішке варианты – күйген тері. Сонда жуан-жіңішкелі варианттардан қ~к, ұ~ү, қ~ғ, а~е сәйкестіктерін және н дыбысының элизияға ұшырағанын байқаймыз, әрі жіңішке вариант жуан варианттың мағынасын айқындап тұр. Бұл – құрамында бірыңғай жіңішке дауысты дыбыстары бар сөздер де зерттеу нысанынан тыс қалмайды деген сөз.

8. Одағайлар мен еліктеуіш сөздер – басқа сөз таптарына қарағанда болмыс-бітімі өзгеше, тілдік табиғаты ерекше, өзіне тән заңдылықтары бар грамматикалық категория. Осы себепті бұлар, жүйесі бөлек тілдерден түркі тілдеріне енген кірме сөздер сияқты, түбіртектану ілімінің нысаны (объектісі) бола алмайды. Кірме сөздер, одағайлар мен еліктеуіштер өзіндік теориясы қалыптасқан, басқа сала ретінде танылуы қажет. Бірақ одағайлар мен еліктеуіштерден жаңадан сөз жасалғанда түбіртек теориясы іске кіріседі, олардың құрамы мен құрылысын анықтауға көмектеседі.

9. Сөйлеуші қашанда тілдік элементтердің айтуға жеңіл болуын, сөйлеу органдарына күш түсірілмеуін көздейді. Үнемдеу құбылысы да осы заңдылыққа бағынады. Үнемдеу процесінде пайда болатын соңғы нәтиже – белгілі бір дыбыстың, буынның, сөздің, тіпті сөйлемнің қысқартылып, ықшамдалып айтылуы. Әсіресе белгілі бір дыбыстың, яки буынның элизияға ұшырап жойылып кетуі түбіртану ілімі үшін аса маңызды. Сол жойылып кеткен дыбысты немесе буынды дәл қалпына келтіргенде ғана

түбіртектанудың негізгі мақсаттарының бірі орындалады. Үнемдеу заңының ықпалынан белгілі бір дыбыстың яки буынның ықшамдалып қысқаруы сөздің басында да, ортасында да, аяғында да болады. Соның нәтижесінде сөз формасы адам танымастай дәрежеге жетеді. Мысалы, «заһар, у» ұғымын орта ғасырларда – «Құтадғу билиг» ескерткішінде – урағун сөзі берген. Алғашқы буын түсіріліп айтылғаннан кейін ағун формасы ол ұғымды жеткізе алатын болған. Соңғы н дыбысы қысқарған соң ағу, мұның алғашқы буыны элизияға ұшырағаннан кейін бірте-бірте осы заманғы у формасы қалыптасқан. Сонда урағун формасы мен у формасының арасы жер мен көктей болып шыққан. Тағы бір мысал. Йалбырғақ лист дерева (ДТС, 228), йапурғақ лист, лепесток (МК III 67), жапырақ өсімдіктердің газ алмасу, су буландыру қызметін атқаратын органы. Осы формаларды бір-бірімен салыстырсақ мынадай сәйкестіктерді аңғарамыз: й~ж, л~Ø, б~п, у~ы, ғ~Ø. Осылардың арасында й~ж сәйкестігі оғыз тілдері мен қыпшақ тілдерінің айырмашылығын көрсетсе, у~ы сәйкестігі еріндік у-дың езулік ы-ға айналу процесі тіпті ертеде – орхон-енисей ескерткіштері заманында-ақ болғанын байқатады. Қазіргі кезде л мен ғ дыбыстары сөз құрамынан мүлде шығып қалса, б мен п бір-бірімен кедергісіз алмаса береді. Енді көне форманы қалпына келтірейік: *жалп+ур+(у)ғ+ақ. Қазақшаға бейімдесек: жалп+ұрғақ (желпілдеп тұрған нәрсе). Қазіргі қазақ тіліндегі жалбырақ сын есімі – салбырап-салбырап тұратын салпыншақ. Бір кездегі *жалп+ур+(у)ғ+ақ формасынан пайда болған туынды сөз. Туынды сөз болғанымен жапырақ сөзінің мағыналық мазмұнын толық жеткізіп тұр.

Мысалға келтірілген екі сөзден мағыналық және тұлғалық айырмашылықтардың біраз сипаты айқындалады. Бірінші сөзде, формасы қанша өзгеріске түскенімен, мағына толық сақталған. Екінші сөздің уәжі ұмытылып, мағынасы көмескіленген. Оның жалбырап тұрған нәрсе екенін ескерткіш материалдарымен салыстырғанда ғана білеміз. Алайда сөздердің барлығы бірдей осылайша тарихи жазба ескерткіштерде кездесе бермейді. Мұндай жағдайда үнемдеу заңының ықпалына түсіп, жойылып кеткен дыбыстарды, буындарды қалай қалпына келтіруге болады? Үнемделудің негізгі заңдылықтарын, бүкіл принциптерін меңгергенде ғана бұл сұраққа жауап беруге болады.

Үнемдеу заңдылықтарын, ұстанымдарын білу тәжірибе арқылы ғана келеді. Осыған байланысты бірқатар тәжірибелерімді – зерттеу нәтижелерін ортаға салғалы отырмын. Қазақ тілінде ау немесе уа дыбыс тіркестері сөз ортасында, сөз аяғында көп кездеседі. Мысалы, ау сөз ортасында: т+ау+ық, с+ау+ат, қ+ау+ақ, д+ау+ыл, с+ау+ын, қ+ау+ыз, ж+ау+ыз, с+ау+ысқан, бал+ау+са, қ+ау+ырсын, +қ+ау+ын, қ+ау+ға, ж+ау+ын, т.б. Сөз аяғында бұз+ау, ж+ау, с+ау, т+ау, қ+ау, б+ау, ат+ау, от+ау, ож+ау, ақ+ау, жал+ау, шыл+ау, бұл+ау, жам+ау, тым+ау, тан+ау, жар+ау, жыр+ау, қыр+ау, сұр+ау, жас+ау, тұс+ау, аст+ау, қорқ+ау, арқ+ау, нұсқ+ау, т.б. Сондай-ақ уа сөз ортасында: с+уа+т, с+уа+йт, с+уа+р, бел+уа+р, т.б. сөз соңында: ж+уа, әж+уа, ал+уа, на+уа, да+уа, т.б. Түркі тілдерінде ау дыбыс тіркестеріне қарағанда, уа дыбыс тіркестері әлдеқайда сирек ұшырайды.

Аталған ау, уа дыбыс тіркестері ешқашан түбіртек бола алмайды. Себебі, бұл тіркестердің аралығында ғ ұяң дауыссызы түсіп қалған. Бұрын үнемі ағу, уға болып айтылған. Мұны дәлелдеу қиын емес: бұзағу~бұзау, тағуқ~тауық, қағун~қауын, суғар~суар, қырағу~қырау сияқты параллельдерді салыстыру арқылы-ақ көз жеткізе аламыз. Яғни барлық кезде сөз ортасында уа мен уға, ау мен ағу тең. Бірақ бұлар сөз аяғында ағун~ағын, уған үлгісінде (моделінде) қалпына келеді. Неліктен?

Тарихқа белгісіз ежелгі дәуірлерде бүкіл түркі тілдеріне түп негіз ретінде, тек ретінде қызмет еткен баба тілдің сөздік құрамы кедей, грамматикалық құрылысы жетілмеген болатын (5,106 б.). Жалпытүркілік *ан, *ун, *ин тұлғалары сол замандарда есім көрсеткіші ретінде жұмсалған. Осы себепті атамзаманғы базалық лексиканы құрайтын зат есім, сын есім, сан есімдер толықтай н дыбысымен аяқталған. Мұны жүздеген тілдік фактілер растайды. Бағзы замандардан келе жатқан сөздердің бірі – алпауыт (үлкен, зор). Осы сөз көне түркі жазба ескерткіштерінде алп+ағун, алп+ағут формаларында кездеседі: алп+ағ+ун жекеше, алп+ағ+ут көпше мағына береді. Оғыз тілдерінде сөз соңында н элизияға көбірек ұшырайды. Орхон-енисей ескерткіштерінде – алпағу герой, богатырь. Қазақ тілінде ағун формасы мүлдем түсіріліп айтылады: алып (елден ерекше дәу, нән адам деген мағынада). Көне түркі тіліндегі алп+ағут, қазақ тіліндегі алп+ауыт формаларын өзара салыстырсақ ғ дыбысының элизияға ұшырап, у

және т дыбыстарының аралығына эпентезалық дауысты ы дыбысының қыстырылғанын көреміз. Осы негізде жырау сөзін жырағун деп қалпына келтіре аламыз. Және оны жыры ағып тұрған судай талант ретінде түсінеміз.

уа тіркесіне бір мысал. Жуа – сабағы қуыс келетін, ұшында гүл шоғы бар, жеуге жарамды ащы өсімдік. Теорияға сүйенсек, уа<*уған тұлғасында қалпына келеді. Мұны көне түркі жазба ескерткіштерінде ұшырайтын соған лук (ДТС, 507) формасы арқылы растай аламыз. с~ж – генезисі бір дауыссыздар. Белуар сөзі белуғар<белбуғар түрінде қалпына келеді. Яғни белуар – бел буатын жер. Бұл жерде уа=уға формуласы іске қосылады.

Тілдік фактілер сөз басында кез келген дауысты мен дауыссыз дыбыстардың түсе беретіндігін айғақтайды. Бірақ ең көне сөздерде т мен с дыбыстары көбірек түскен. Сөз ортасында, сөз аяғында ең жиі элизияға түсетін дыбыстар қ, ғ, к, г болып есептеледі. л, р, н, ң сонорлары да үнемдеу заңының ықпалына тез ұшырайтын дыбыстардың қатарына жатады. Үнемделген дыбыстарды дәл табу – этимологтардың басты міндеттерінің бірі.

10. Түркі тілдеріндегі сіңісу, жылысу, ығысу, метатеза құбылыстарын жете меңгеру – түбіртектанушылардың басты міндеттерінің бірі. Сөз құрамындағы морфемалардың мағыналары жойылып, олардың бір-біріне кірігіп кетуіне, соның нәтижесінде сөз жігінің әбден күңгірттеніп, морфемаларға мүшеленбеуіне әкелетін морфологиялық процесс сіңісу құбылысы деп аталады. Мысалы, тіліміздегі апар етістігі дербес атауыш сөз ретінде түсініледі. Төрт түрлі лексикалық мағынасы бар. 1) белгілі бір затты бір орыннан екінші орынға алып бару, жеткізу; 2) алып кету, соңына ерту; 3) бастау, алып бару, ілгері дамыту; 4) жақындату, таяту. Егер осы сөзді ап+ар деп түбіртекке бөлсек, екі бөлшегі де ешқандай мағына бермес еді. Мұны атауыш сөз емес, сіңіскен сөз ретінде қарастырсақ, дыбыстық құрамын қалпына келтіруге тура келеді. Апар – алып бар. Яғни ол көп мағыналы ал етістігінің, ып көсемше жалғауының, бар көмекші етістігінің мән-мағыналары жойылып, жіктері әбден күңгірттеніп барып сіңіскен түрі. Әуелі екпін түспегендіктен көсемшенің ы дауыстысы әлсірегенін, одан соң л сонорының элизияға ұшырағанын зерделеуге болады: ап бар>ап пар. Қатаң п ұяң б-ны қатаңға айналдырады да, өзі де

жойылып кетеді: ап пар>апар. Демек, түбіртекке ажыратуға апар емес, алып бар сөз тіркесі түсуге тиіс.

Қайны зат есімі де атауыш дербес сөз ретінде ұғынылады. Мағыналық мазмұны – қайын жұрт жағының ерлі-зайыптылардан жасы кіші еркектерінің жездесі мен жеңгесіне туыстық қатысы. Шындығында, бұл сөз қайын және ыны (іні) лексемаларының сіңісуі нәтижесінде пайда болып тұр. Қайын мен ыны біріккенде: қай+ын+ын+ы. Гаплогения заңы бойынша екі буын бірдей болғанда бірі түсіріліп айтылуға тиіс: қай+ын+ы>қайны. Екінші буынға екпін түспегендіктен, ы дауыстысы да элизияға ұшырайды. Бұл ретте де түбіртекке ажыратуға қайны сөзі емес, қайын және ыны зат есімдері түсуі тиіс. Әйтпесе, тәжірибесіз зерттеуші қайны сөзінің құрамын былай талдауы мүмкін: -ы тәуелдік жалғауының үшінші жағы, қайын – түбір деп.

Тілдің даму барысында сөз құрамындағы морфемалардың бірінің элементі екіншісіне ауысып, ол морфемалардың бұрынғы жігі мен ара қатысының өзгеруі жылысу құбылысы деп аталады. Жылысу құбылысы негізінен түбір мен түбірдің, түбір мен жұрнақтың, түбір мен жалғаудың, жұрнақ пен жұрнақтың, жұрнақ пен жалғаудың аралығында болады. Жылысқан дыбыстарды анықтай алмаған жағдайда, түбіртекті зерделеу де мүмкін емес.

қ, к, ғ, г дыбыстарынан басталатын жұрнақтар мен жалғаулардың барлығы жылысу процесінің нәтижесінде пайда болған. Мысалы, (қ+ақ) (-к+ек, -ғ+ақ, -г+ек), -қ+ыр (-ғ+ыр, -к+ір, -г+ір), -қ+ар (-ғ+ар, -к+ер, -г+ер), -ғ+ан (-қ+ан, -к+ен, -г+ен), -қ+ай (-ғ+ай, -к+ей, -г+ей), -қ+анақ (-ғ+анақ, -г+енек), -қ+аш (-ғ+аш, -к+еш, -г+еш), -қ+ыл (-ғ+ыл, -к+іл, -г+іл), -қ+ын (-ғ+ын, -к+ін, -г+ін), -қ+ыш (-ғ+ыш, -к+іш, -г+іш), -қ+ы (-ғ+ы, -к+і, -г+і) т.б. жұрнақтар, барыс септігінің жалғауы -ғ+а (-қ+а, -к+е, -г+е), қысқасы қ, к, ғ, г дыбыстарынан басталатын бүкіл қосымшалар жылысу құбылысының жемісі. Бұларға қарағанда аздау болғанымен т, с, д дыбыстары да дауыстыдан басталған қосымшаларға жылысқан. Бұл құбылыс әсіресе кірме сөздерден анық байқалады: бост+ан+дық > бос+тан+дық, дост+ық > дос+т+ық > дос+тық, қаст+ық>қас+т+ық>қас+тық т.б.

Этимологиясы ең қиын болып есептелетін, етістіктен есім жасайтын -қ+ы (-ғ+ы, -к+і, -г+і) жұрнағын талдап көрелік. Жонғы

– ағаш жонатын құрал, сүргі; ұрғы – астық бастыратын ертедегі тас құрал. Жон, ұр етістіктерінің ең алдымен -уқ (-уғ, -үк, -үг) жұрнағы арқылы қимыл есімі жасалған: жон+уғ (қазір жон+у), ұр+уғ (қазір ұр+у). Одан кейін есім жасайтын -ын жұрнағы қосылған. Сонда алғашқы *жон+уғ+ын, *ур+уғ+ын түпкітектерін (архетиптерін) қалпына келтіре аламыз. Даму кестесі: *жон+уғ+ын>жон+ғ+ын>жон+ғын>жон+ғы; *ур+уғ+ын>ур+ғ+ын>ұр+ғын>ұр+ғы. Екпін түспегеннен кейін алдымен уғ түбіртегінің дауыстысы өшіп кеткен, одан кейін –ын түбіртегінің н дыбысы элизияға ұшыраған соң, ғ мен ы жұптасып, бір-бірімен сіңіскен. Сөйтіп, бұл жұрнақтың қалыптасуына жылысу, сіңісу құбылыстары қатар араласқан. Бұл сипаттамадан бір жұрнақтан екінші жұрнаққа жылысқан құбылысты байқап отырмыз. Қатыстық сын есімін жасайтын -қ+ы (-ғ+ы, -к+і, -г+і) жұрнағы да осы заңдылықтың әсерінен қалыптасқан. Осылайша талдау арқылы барлық жылысқан дыбыстардың тарихын анықтауға болады.

Сөз құрамындағы кейбір дауыссыздардың ығысып, үнді дыбыстарға орын беруі ығысу құбылысы деп аталады. Ең белсенді ығыстырушы дыбыстардың қатарына й, н, л сонорлары жатады. Әсіресе й соноры сөздің басында да, ортасында да, аяғында да кез келген дауыссызды ығыстырып жіберіп, ығысқан дыбыстың орнына өзі қызмет етеді. Бұған сөзле~сөйле, өг~ой, қод~қой, қутад~құтай, қанда~қайда, үб~үй, сабра~сайра, түгүн~түйін т.б. параллельдерді салыстыру арқылы көз жеткізе аламыз. Сондай-ақ шайқалу~найқалу, тығыз~нығыз, тақ~нақ, адам аттары Жүсіп~Нүсіп, Жақып~Нақып, тағы басқа параллельдер н сонорының ығыстырушылық қызметін көрсетеді. Барыс септігі жалғауындағы қ дыбысын ығыстырып қалыптасқан -на, табыс септігі жалғауындағы т, д дыбыстарын ығыстырып қалыптасқан -ны, шығыс септігі жалғауындағы т, д дыбыстарын ығыстырып қалыптасқан -нан формаларын екінің бірі ығысу құбылысының нәтижесі деп есептемейді.

л соноры да сөз басында ығыстырушылық қызмет атқарады. Түркі-моңғол тілдерінде көптік мағына негізінен т фонемасында болады. Бірақ т-ны л соноры ығыстырып жібергендіктен -лар көптік жалғауы қалыптасқан. л-дан басталатын қосымшалардың барлығы осы күйді кешкен. Ығысу құбылысының есепке

алынбауы көптеген түркологтардың *-лар-ды архетип деп тануына себеп болған. Таға~нағашы – бір сөз. Мұның даму эволюциясы монографиялық еңбегімізде өрнектелді. Жоғарыдағыдай жаңсақтықтар болмас үшін ығысу құбылысын да әрдайым назарға ұстаған жөн.

Сөз құрамындағы дыбыстардың орны ауысуы метатеза деп аталады. Кейбір түркі тілдерінде қазақ тіліндегі жаңбыр йағмур~йамғур болып айтылады. Түбірі (йағ – етістігі) алғашқы сөзде лексикалық мағына берсе, соңғыда йам формасының ешқандай ұғымы жоқ. Егер метатезаға көңіл бөлінбесе, зерттеушіні шатастырып жіберуі анық.

Іргелес дыбыстардың орын алмастыруы бар да, дауыссыздардың араларына дауыстыларды салып алмастырылуы бар: қолғап~қолбақ, жалаңаш~жаңалаш, айналу~айлану, селсоқ~селқос, тағы басқалар.

Іргелес дауыстылар ғана орын алмастырып қоймайды, іргелес дауысты мен дауыссыз да орын алмастырып береді: ес+іт~ес+ті, сіл+ік~сіл+кі, сің+іл~сің+лі, жұ+мақ~ұш+пақ, жар+ық+шақ~жар+ғы+шақ т.б.

Орын алмастыру алыс жағдайда да орын ала береді: «Латынның па+р+аво+л+а сөзі испанша па+л+аб+р+а болып өзгерген (4, 77 б.). Яғни р мен л дыбыстары араларына бірнеше дыбыс салып, орын алмастырған. Араға бір дауысты, бір дауыссыз дыбысты салып та дауыссыздар орын ауыстыра береді: тарбағай+та>тарбағатай. Қазақ тіліндегі ма+ғ+а+н, са+ғ+а+н, о+ғ+а+н барыс жалғаулы есімдіктерін осы топқа жатқызамыз. Бұлардың көне формасы – манға, санға, анға. Жеке дыбыс пен буын алмасқан. Қысқасы, метатеза құбылысын ажыратып-айқындаудың түбіртектану үшін маңызы зор.

11. Түркі тілдеріндегі барлық дауыстылар мен дауыссыздардың пайда болу тарихын, олардың даму эволюциясын [көбейту кестесін жатқа білгендей] жатқа білген түбіртектанушы белгілі бір тілдегі базалық лексикаға жататын байырғы сөздердің түпкітектерін (шын мәніндегі архетиптерін) аша алатындай дәрежеге жетеді. Басқаша айтқанда, бұл математикалық логикаға арқа сүйеу деген сөз.

Кез келген дауысты, дауыссыз дыбыстың шыққан тегі, арғы тегі, түпкі тегі болады. Олардың барлығы монографиялық еңбегімізде ғылыми жолмен толық анықталған болатын (5, 106 с.). Мысалға д ұяң дауыссызының шыққан тегін қалай білуге болады? тізе~дізе, тұз~дұз сияқты фонетикалық варианттар т~д сәйкестігін түзеді. Бұл сөздер дыбыстық жағынан вариантталғанымен лексикалық мағыналары тепе-тең. Демек, бұл екі варианттың біреуі ерте, біреуі кеш пайда болған. Жоғарыда құрамында жіңішке дауыстылары бар барлық сөздің құрамында жуан дауыстылары бар архетиптен шыққандығын айтып өткен едік. Жуан дауыстылар тарихқа белгісіз ежелгі дәуірлерде бірыңғай қатандармен ғана тіркескен. Ұяң дауыссыздар мүлде болмаған. Олай болса, д ұяңының шыққан тегі – қатаң т. Бірақ т қатаң дауыссызының да шыққан тегін білуге тура келеді. Бұл жолы сычқан~тышқан, саяз~таяз, соғым~тоғум (скот, предназначенный на убой) (ДТС, 571) сияқты параллельдер көмекке келеді. Не себепті, с мен т дыбыстарына вариантталса да, бұл сөздер бір ғана лексикалық мағына береді? Әрі с мен т гомогенді емес, т мен д сияқты кез келген позицияда бірін-бірі алмастыра алмайды. Тіл тарихы жаңа фонемаларға қарағанда көне фонемалардың, аффрикаттардың күрделірек екендігін біледі. ц(тс) аффрикатының құрамына назар аударсақ, т және с дыбыстарының бір-біріне сіңісіп кеткенін байқаймыз. Жоғарыдағы параллельдер тс аффрикатының ыдырап, екіге жарылуынан пайда болғандығын мегзеп тұр: т~с.

Бұл процестің қалай жүзеге асқандығын білу үшін тс(ц) аффрикатының даму тарихына үңілуге тура келеді. Ең алдымен тс (ц) аффрикатының екінші жапсары тарихи даму барысында редукцияға ұшырап әлсіреген. Бірте-бірте протезалық, эпентезалық, эпитезалық сына дыбыс h-ге өз орнын берген. Даму кестесі: тс>tch>tch>toh>th. Аффрикат құрамындағы екінші элемент әлсірейді де, сол әлсізденген с-нің олқы жерін h сынасы толтыра бастайды. Әлсіз с мүлдем элизияға ұшырағаннан кейін, th дыбыс тіркестері пайда болады. Әр территориялық аймақтың, әр тайпа одақтары тілінің даму жолдары, қалыптасу заңдылықтары әр түрлі болады. Бір бөлегі тс(ц) аффрикатын сақтаса, екінші бір бөлегі th дыбыс тіркестерін пайдаланды. Кейінірек th дыбыс тіркестері де өзгеріске ұшырайды. h элизияға ұшырап жойылып кетеді: th>tho>thø>toø>tø>t. Аффрикаттарды дауыстап

айтқанымызда т дыбысы таңдайға жабысып қалады. Аффрикат құрамынан босанған т таңдайға жабыспай жуысыңқы айтылады. Сөйтіп, жабысыңқы т-дан жуысыңқы т тілдік өмірге келеді.

Енді сычқан~тышқан, саяз~таяз, соғым~тоқум параллельдеріне қайта оралалық. Талдаулар негізінде т қатаң дауыссызының шыққан тегі тс(ц) аффрикаты екендігін білеміз. Ал с дауыссызы тс(ц) аффрикатының алғашқы жапсары т элизияға ұшырағаннан кейін ғана дербес фонемаға айналған. Оның шыққан тегі де – тс(ц). Бүкіл аффрикаттардың алғашқы жапсарының жойылуы т фонемасы қалыптасқаннан соң мыңдаған жылдардан кейін жүзеге асқан. Демек, тс(ц)~th~т сәйкестіктері ұзақ жылдар бойы қатар өмір сүрген.

Математикада, нақтырақ айтқанда, алгебрада белгісіз сандарды белгілі сандар арқылы табатын тәсілдер бар. $x+5=12$ элементар теңдеуі біздің архетип табу ізденістерімізге көмектесе алады. $x=12-5=7$ есептің дұрыс-бұрыстығын тексеру үшін $x=7$ тің орнына 7 санын қоямыз: $7+5=12$. Дәл осы тәсілді түпкі текті анықтауға да қолдануға болады. т фонемасының шыққан тегі – th дыбыс тіркесі, арғы тегі – тс(ц) аффрикаты, с фонемасының шыққан тегі – тс(ц) аффрикаты.

Енді математикалық логикаға сүйеніп, даму кезеңдерін кестеге түсірейік.

I. ц(ычқан)~ц(ышқан), ц(аяз)~ц(аяз), ц(оғым)~ц(оқум)

II. ц(ычқан)~th(ышқан), ц(аяз)~th(аяз), ц(оғым)~th(оқум)

III. ц(ычқан)~тышқан, ц(аяз)~таяз, ц(оғым)~тоқум

IV. сычқан~тышқан, саяз~таяз, соғым~тоқум.

Осылайша тс(ц)~th~т және тс(ц)~с сәйкестіктері тілдік өмірге келген. Даму кестесіне назар аударсақ, тс(ц) аффрикаты бірден екіге жарылып, т мен с фонемаларына айнала салмайды екен. Әр түрлі кезеңдерді артқа салып барып, сәйкестік түзетінін пайымдауға болады. Мына алмасуларды бір-біріне тең деп есептейміз: тс(ц)=th, тс(ц)=с, th=т, тс(ц)=th=т. Даму бағыттары: ц>th, ц>th>т, ц>с. Қалпына келтіру бағыты: т<th<ц; с<ц. Математикалық логика талабына орай, тепе-тең элементтерді қажетіне қарай бір-біріне алмастырып, алғашқы форманы табуға

тырысамыз. Мысалға д ұяң дауыссызының шыққан тегін, арғы тегін былайша табамыз.

I. тізе~дізе, тұз~дұз

II. th(ізе)~тізе, th(ұз)~тұз

III. ц(ізе)~th(ізе), ц(ұз)~th(ұз)

IV. ц(ізе) ц(ұз) яғни: д<т<th<тс(ц).

Әрқайсысының шығу тарихын баяндамай-ақ, дауыссыздар мен дауыстылардың даму кестесін назарларыңызға ұсыналық. Жаңадан көнеге қарай бағыт ұстағанда:

1. з<дз<тс(ц)<*Т [С/Ш]

2. ш<тш(ч)<*Т[С/Ш]

3. ж<дж<тш(ч)<*Т[С/Ш]

4. с<тс(ц)<Т[С/Ш]

5.

Бұлардың барлығы, атап айтқанда, т, с, ш қатарлары мен д, з, ж ұяңдары аффрикаттардың ыдырауынан пайда болған. Енді үнді (сонор) дауыссыздардың шыққан тегін кесте арқылы сипатталық.

6. м<*Н

7. ң<*Н

8. л<*Р

Үнді дауыссыздардың екеуі таза дыбысталатын, салдыр араласпайтын дауыстылардан пайда болған:

9. й<*И

10. ъ<*У

Қазақ тілінде таза дыбысталатын, салдыр араласпайтын и, у дауыстылары жойылып кеткен. Оның орнына протезалық, эпентезалық, эпитезалық сына ы, і, ұ, ү дауыстылары селбесіп, йй, ій, ұу, үу дыбыс тіркестері, дифтонгтері пайда болған. Сонор й пайда болғаннан кейін осыдан басқа тілдік өзгерістерге түспейді. Ал ъ соноры одан әрі дамиды. Одан жүйесі бөлек тілдерде ф, в

фонемалары, түркі тілдерінде п, б фонемалары пайда болады. Даму кестесі:

11. б<п< ʔ[]< ʔ <*У

12. п< ʔ[]< ʔ <*У

Бұлардың сыртында түркі тілдерінде көмейлік қатаң һ, х дауыссыздары кездеседі. Бұл екеуінің архетипі – *Һ. Ол сонымен қатар қ, к, ғ, г дыбыстарына да түпкітек бола алады. Аса күрделі *Һ бірнеше дыбыстың тегі саналатындықтан, һ1, һ2, һ3, һ4 белгілерімен таңбаланады. Сонда:

13. х<*Һ1

14. һ<*Һ2

15. к<*Һ3

16. қ<*Һ4

Түпкі тек *Һ қатаң болса, түркі тілдеріндегі һ ұяңданған.

Мұны көмей мен жұтқыншақтың қатысына қарай былай топтастыруға да болады:

*Һ (көкірек-көмей)> һ1 (көмей) > > х
> һ

Һ2 (жұтқыншақ) > > к>г
> қ >ғ >(г)

17. г<к<*Һ3

18. ғ<к<*Һ4

Сонымен түркі тілдерінде 7 қатаң, 7 ұяң, 7 үнді (сонор), жалпы алғанда, 21 дауыссыз дыбыс бар.

1. қатаңдар – т, с, ш, қ, к, п, х.
2. ұяңдар – д, з, ж, ғ, г, б, һ.
3. үнділер – м, н, ң, р, л, ʔ, й.

Тілдегі дауыстылар да, дауыссыздар да 1) фонологиялық немесе 2) фонетикалық жолдармен дамиды. Мысалы, ц, ч аффрикаттарының ыдырап, т, с, ш, д, з, ж фонемаларын тілдік өмірге келтіруі – табиғи, өз ырғағымен мыңдаған жылдарды артқа қалдырған фонологиялық жол. Ал ұяң дауыссыздар фонетикалық жолмен дыбыстардың позициялық ықпалдасуы нәтижесінде пайда болған. Сондай-ақ м-нің н-нен туындауы – фонологиялық жол, оның б-мен сәйкестік түзуі – фонетикалық жол.

Дауыссыздармен қатар дауыстылар да тарихтың өн бойында ұдайы дамып, сан алуан өзгеріске түсіп, қайта қалыптасып отырған. Дауыстылардың түпкітектері мыналар:

1. ә<*А
2. е<иә<*иа; е<и; е<*а.
3. ұ<*У.
4. ү<ұ<*У;
5. о<уа~ау; о<у; о<а.
6. ө<уә; ө<о.
7. ы<ұ<*У; ы<и; ы<у.
8. і<и; і<ы; і<ү; і<Ø.

Жинақтағанда дауыссыздардың түпкітектері – *Т[С/Ш], *Р, *Һ, *Н. Дауыстылардың түпкітектері – *А, *У, *И. Гипотезалық күрделі *Т[С/Ш] аффрикаттарынан пайда болған ц, ч аффрикаттарын да, қазіргі түркі тілдерінде функционалдық қызмет атқаратын дыбыстардың қатарында болғандықтан, түпкітектердің қатарына жатқызуға болады. Түркі тілдерінде қанша дауыссыз, қанша дауысты болса, осы түпкітектерден таралғаны нақты фактілер негізінде айқындалып, анықталып отыр.

Жаңа фонемалардың шыққан көне тектерін өз орнына қойып бір сөзді талдап көрелік. Қазақ үйлерінің есік маңдайшасына қарама-қарсы, төменгі жағындағы жерге, еденге тиіп тұратын көлденең ағашы табалдырық деп аталады. Заттық ұғым-түсінігі белгілі болғанымен, лексикалық мағынасы көмескіленген көне сөз. Сонымен бірге дәл солай аталу себебін – уәжін де анықтай алмаймыз. Бұрын бұл лексема қандай ұғымда жұмсалған десе,

екінің бірі жауап бере алмайды. Бұл сөздің құрамында жіңішке дауыстылар жоқ, бірыңғай жуан дауысты. Бірақ екі дыбыс ұяң – б, д. Олардың шыққан тегі, қатаң жұптары – п, т. Ал ы-ның көне формасы – ұ. Жаңаның орнына көне дыбыстарды қойсақ, әрқайсысы орын-орнына келеді: тапал тұрық деген сөз тіркесі пайда болады. Тапал «аласа» сын есімінің синонимі, диалектілерде қолданылады. Тұрық сөзінің «тұрғызылып қойылған тақтайша» екендігін түсінуге болады. басын қоссақ: тұрғызылып қойылған аласа тақтайша. Шындыққа толық сай келеді, әрі уәжі де анықталады. Барлық дыбыстардың этимологиясын білу, міне, осындай оң нәтиже береді.

12. Изденуші түбіртектанушы-этимологқа қиындық келтіретін тағы бір тілдік құбылыс бар. Ол – сөз құрамында адам танымастай қалыпқа түсіп, анда-санда елеусіз ғана белгі беретін – ішкі флексия қалдықтары. Ішкі флексия құбылысы бағзы замандарда бүкіл дүние тілдерінде болған. Бірте-бірте өшкен. Хамит-семит тілдерінде, шамамен, 20-25 процент, үндіевропа тілдерінде 10-15 процент, түркі тілдерінде бар болғаны 3-5 процент сақталған. Осы себепті түркологтар көп аса ішкі флексия құбылысына назар аудар бермейді.

Ішкі флексия – сөздерді лексикалық, лексика-грамматикалық, грамматикалық өзгерістерге ұшырататын тілдік тәсіл. Араб тілінде залым, зұлым сөздерінің лексикалық-мағыналық айырмашылығын а мен ұ дыбыстары жасайды. Дәл осындай жағдаят қазақ тілінде де бар. Асты және үсті көмекші есімдерінің лексикалық-мағыналық айырмашылықтарын а мен ү дыбыстары жүзеге асырады. Тілімізде забыр~зәбір фонетикалық варианттары бар. Осы жарыспалы сөздердің жуан вариантынан ішкі флексия тәсілі арқылы озбыр сөзі жасалады. забыр~зәбір зат есімін сын есімге айналдырып жібереді. Басқаша айтқанда, лексикалық-грамматикалық сипатын өзгертеді. Тіліміздегі ат (көбік атты, бүршік атты), ет көмекші етістіктерінің лексикалық мағыналарына қарағанда грамматикалық мағыналары басым. Осы көмекші етістіктер ішкі флексия жәрдемімен -та/-те, -да/-де жұрнақтарына айналғанда сол грамматикалық міндетін атқара береді. Әрі ат~та, ет~те қызметтері жағынан бір-бірімен тең түседі. Етістіктің -ұқ/-ұғ жұрнағы жалпы қозғалысты, қимыл-әрекетті білдірсе, -ақ/-ек жұрнағы сол қозғалыстың, қимыл-әрекеттің бағытын білдіреді.

Мағыналық өзгерісті а мен ұ дыбыстары тудырып тұр. Ішкі флексия құбылысын бұдан да анығырақ байқататын тағы бір мысал келтірелік.

Алтан моңғол тілдерінде «алтын» ұғымын білдіреді. Түбіртекке бөлсек – ал+та+ан. Ал «ал қызыл» деген мағынада. та «тас», «тау» деген сөздің түбірі, ұғымы –тас. ан – есім жасайтын көне жұрнақ. Өңделмеген, табиғи қалпында табылған асыл тасты ежелгі түркі-моңғол халықтары алтан деп атаған. Оны өңдеп, қажетке жарайтындай қалыпқа түсірген соң алтун деп атаған. Тілімізде у-дың ұ-ға, кейін ы-ға айналуына байланысты алтын формасы пайда болған. Алтуннан сырға, білезік, сақина, жүзік сияқты сан алуан бұйымдар жасалған. Ішкі флексия заңдылықтарын пайдаланып, ата-бабаларымыз оған алтин деген атау берген. Алтин бұйымдар европа халықтарына көптеп сатылған. Сондықтан европалықтар алтынды қазірге дейін алтин дейді. Сонда алтан (табиғи тас), алтун (өңделген тас), алтин (алтын бұйым) сөздеріндегі лексикалық айырмашылықтарды а, у, и дауыстылары жасап тұр. Толығырақ мәліметті Жүнісбаева Жадыра Қабылқызының филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Түркі тілдеріндегі ішкі флексия қалдықтары» атты диссертацияның (2003 ж.) авторефератынан алуға болады.

13. Түркі тілдерінің ғана емес, әлем тілдерінің тегі бір. Осы ақиқатты жалғанның жарығына шығаратын, адамдардың санасына жеткізетін бір тәсіл болса, ол – түбіртек табу тәсілі. Жоғарыда баяндалған азын-аулақ білімімізді пайдаланып, бірқатар сөздердің дүние жүзі тілдеріне ортақ екендігін дәлелдеп көрелік.

«Сүрлеу» мағынасындағы «жол» сөзі оғыз, қарлұқ тілдерінде йол, қыпшақ тілдерінде джол ~жол, алтай, чулым тілдерінде тйол~дйол, тува, хақас, шор тілдерінде чол, қарашай-балқар тілінде дзол~зол, якут тілінде суол, чуваш тілінде с’ул. Демек, й~дж~ж~тй~дй~дз~з~с~с’ сәйкестігін түзейді. Бірінші дыбысы ғана өзгеріске ұшырап отырған да, қалған екі дыбысы пәлендей өзгеріске түспеген. Сәйкестіктің ішінде тш(ч), дж, дз аффрикаттары мен тш(ч) аффрикатынан пайда болған тй~дй дыбыс тіркестері кездеседі. Бұл бір замандарда аталған сөздің құрамында аффрикаттардың және т, д фонемаларының болғандығын да айғақтайды. Қырғыз тілінде «жолдас» деген сөзді

«жора» деп атайды. Өз тілімізде де «жора-жолдас» деген қос сөз бар. Келтірілген мысал – бір кездерде л сонорының р болып дыбысталғанының дәлелі.

Енді түркі тілдерінен жүйесі бөлек әлем тілдеріне назар аударалық. Орыс тілінде дор+ога ана тіліміздегі «жол» сөзінің ұғымын бере алады. Дор мен жол – гомогенді. Себебі, д қыпшақ тілдеріндегі дж аффрикатының құрамында бар. Ал л-дің архетипі (түпкітегі) – *Р. Араб тілінде тар+их – ақиқат, шындық өмірдің, қоғамның немесе басқа бір заттың шығу, өсу, даму жағдайы, жүріп өткен жолы. Сопылық ілімінде тар+иқат – жол. Бұл сөз ағылшын тілінде – ис+тор+и, орыс тілінде – ис+тор+ия.

Ағылшын тілі мен орыс тілі – үндіевропа тілдерінің өкілі, араб тілі – хамит-семит тілдерінің өкілі. Тш(ч)~дж~ж~т~д сәйкестігі мен а~о, р~л сәйкестіктерінің генезисі бір дыбыстар екендігі түркологияда әлдеқашан дәлелденілген. Ұғымы, түсінігі жағынан да ыңғайлас бұл сөздерді (жол~жор~дор~тар~тор) түпкі тек (архетип) демеске лаж жоқ. Бір кезде жер бетіндегі барлық адамдардың лексиконында болған сөз. Күн сөзінің белгілі бір формада бүкіл дүние тілдерінде кездесетіндігін дәлелдеп берген болатынбыз. Жұмыла көтерген жүк – жеңіл. Түбіртек теориясын меңгеруге тіл білімінің барлық ғалымдары (ұлтына қарамай) атсалысса, жүздеген, тіпті мыңдаған сөздердің ортақ екендігі анықталған болар еді.

Тағы бір мысал. Қазақ тілінде қарт (жасы ұлғайған, қартайған адам) деген сөз бар. Түбіртекке бөлсек – қ+ар+т. Осы сөздің ар түбіртегі орыс тіліндегі ст+ар+ик сөзінің құрамында кездеседі. Ал ағылшын тілі мен неміс тілінде екі түбіртегі бірдей –ар және дауысты дыбысынан айрылған жартыкеш т – ұшырайды. Ағылшында – ол+д, немісте ал+т. Ағылшын тіліне қарағанда неміс тілі түркі тілдеріне жақындау: а мен т дыбыстары бірдей. л~р сәйкестігі негізінде л-дің де шыққан тегін табу оңай: *ар+т~қ+арт. Ағылшын, неміс туыстас тілдер. о~а, д~т сәйкестіктері негізінде олд та *арт түрінде қалпына келеді. Демек, қарт сөзі де, кем дегенде, үндіевропа тілдері мен түркі тілдеріне ортақ.

Ілгері замандағы түбіртектердің лексикалық немесе грамматикалық мағынасын негізінен дауыссыз дыбыстар сақтап қалған. Ал дауыстылар болса, тарихи даму барысында мың сан

өзгеріп кете береді. Сөздерді түбіртектерге ажыратқанда дауыссыздарға арқа сүйеу осыдан келіп шығады.

Қазақ тіліндегі жақ (от жандыру), жан (оттың тұтануы), жалын (жанған оттың лапылы) сөздерін орыс тіліндегі жара (шыжыған ыстық), жарить (куыру), жарко (ыстық), жгучий (күйдіретін), ожог (күйген жер), пожар (өрт), сжечь (өртеп жіберу) сөздерімен салыстырсақ, от түбіртегінің семасын ж дауыссызы сақтап қалғанын аңғару қиын емес. талпақ~жалпақ сияқты сөздерде кездесетін т~ж сәйкестігі тілдер арасында да бола береді. От түбіртегі парсы тілдерінде ат>аташ. Бұл сөз де бір замандарда түркі тілдері мен үндіевропа тілдеріне ортақ болған. Сабактастық т~ж сәйкестігі арқылы қазірге дейін жетіп отыр.

Ең көне дыбыстардың бірі – р дауыссызы орыс тіліндегі және қазақ тіліндегі ондаған, жүздеген сөздерді формалық жағынан ғана емес, мағыналық жағынан да ортақтастыра алады. Мысалы, первый~бірінші, четыре~төрт, сорок~қырық, серый~сұр, вор~ұры, середина~орта, сердце~жүрек, брызгать~бұрқу, прыгать~ырғу, поворот~бұрылыс, грязь~кір, черный~қара, рис~күріш, красный~қырмызы, тағысын тағылар. Енді бір алуан сөздердің екі дауыссызы және мағынасы ортақ болып келеді. Мысалы, орыс тіліндегі облако деген сөзбен қазақ тіліндегі бұлт деген сөздің екі дауыссызы (б және л) ортақ болса, араб тіліндегі «зұлымдық» мағынасындағы зұлмат сөзінің екі дауыссызы орыс тілінің осы ұғымдас зло лексемасындағы з, л дыбыстарымен бірдей. Сонымен қатар, жүйесі бөлек тілдер бола тұрса да, үш дауыссызы ортақ сөздер де баршылық. Орыстың жалоба сөзі қазақтың жалбарыну сөзімен ж, л, б дыбыстары арқылы ортақтасса, короткий сөзі қортық сөзімен қ~к, р, т дауыссыздары арқылы бір ұғымға ие болып тұр. Бұл тізбекті одан әрі соза беруге болады.

Басқа шет ел тілдеріне қарағанда, орыс тілін біршама білетін болғандықтан орыс, қазақ параллельдерін көбірек тауып отырмыз. Түбіртектану ілімін меңгерсе, ағылшын тілінің мамандары ағылшын – қазақ параллельдерін, неміс тілінің мамандары неміс-қазақ, қытай тілінің мамандары қытай-қазақ параллельдерін тез табар еді. Әлем тілдерінің өзара тектестігіне көз жеткізу үшін бірнеше ұлы тілдердің мамандары араласуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Моллова М. К истории тюркского вокализма // Вопросы языкознания, 1966, №2.
2. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы, «Қазақ университеті», 2005.
3. Сағындықұлы Б. Таңдамалы туындылар. Алматы, «Үш қиян», 2009.
4. Хасенов Ә. Тіл білімі. Алматы, «Санат», 1996.
5. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. Москва, «Высшая школа», 1962.
6. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, «Мектеп», 1978.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10 тт. Алматы, 1974-1986 жж.
8. Древнетюркский словарь. Л., «Наука», 1969.

БӨЛІМ 9

СӨЗЖАСАМНЫҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ СӨЗЖАСАМДЫҚ ҰЯ

Кәрімбек Құрманәлиев

СӨЗЖАСАМНЫҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ СӨЗЖАСАМДЫҚ ҰЯ

Кәрімбек Құрманәлиев

*Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының
академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор*

Бұл мақалада қазақ тілі сөзжасам жүйесінің ғылыми-теориялық негіздерін айқындап берген, келешек зерттеушілерге ой салып, қазақ тілі сөзжасамының әрі қарай дамуына жол ашқан 1989 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» монографиясында анықталған, сөзжасамның жалпы мәселелерін шешуге арналған көптеген ғылыми идеяларды әрі қарай дамытып, сөзжасамның көкейкесті мәселелерін көтерген, еліміздегі қазақ тілі сөзжасамы саласының белгілі ғалымдарының еңбектеріне шолудан бастаған дұрыс сияқты. Өйткені, қазақ тіл білімінде сөзжасамдық ұя соңғы кезде ғана зерттеле бастағаны және оның көп мәселелері жалпы сөзжасаммен тығыз байланысты екені белгілі.

Қазақ тіл білімінде сөзжасам мәселесі қазақ тілімен байланысты алғашқы еңбектерден бастау алады. Ең алғашқы қазақ тілі туралы жазылған еңбектер Н.И.Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» /1/, П.М.Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казах-киргизского языка»/2/, М.А. Терентьевтің түркі тілдеріне арналған «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская»/3/ атты грамматикаларда түркі сөз таптарының сөзжасамдық жұрнақтары аталып, олардың мағыналары көрсетілгені ғылымында үнемі көрсетіліп келді. Одан соң В.Г.Архангельский 1927 жылы «Грамматика казахского языка» деген еңбек жазғаны да белгілі. Онда ғалым әр сөз табымен байланысты сөзжасамдық бірсыпыра жұрнақтарды көрсетіп, олармен жасалған туынды түбірлерді көрсетіп, олардың мағынасын анықтаған /4/.

Бұдан қазақ тіл білімінде сөзжасам мәселесі алғаш түрлі сөз таптарының жұрнақтарын анықтау, жұрнақтардың мағынасын ашу, олармен жасалған туынды түбірлерді айқындау арқылы сөзжасамның бір негізі мәселесінен мағлұмат беруден басталғаны

көрінеді. Бұл ретте түркологтар еңбегін дұрыс бағалау, оны көрсеткен орынды деп білеміз.

Қазақ ғалымдарының ішінен сөзжасам туралы алғаш ғылыми мәлімет А.Байтұрсыновтың «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. (Орынбор, 1914 жыл) оқулығында берілген. Осы оқулықтың «Сөз тұлғалары» тақырыбында сөз тұлғасының 5 түрін көрсетеді. Солардың бірі ретінде туынды сөзді көрсетіп, оған мынадай анықтама береді: «Туынды түбір дегеніміз – бастапқы тұлғасы да, мағынасы да өзгерген сөз: мәселен, бастық, тастық, шашақ, қолтық» /5, - 154/. Міне, бұл – қазақ тіл білімінде, қазақ тілінде туынды сөзге тұңғыш рет берілген анықтама. Туынды түбірге берілген бұл анықтамада артық сөз де, қате пікір де жоқ. Туынды түбір сөздің негізі түбірден тұлғасы да, мағынасы да басқа екені шындық және тұңғыш рет қолданылған туынды түбір деген термин әлі де қолданыста екенін атап өту дұрыс деп санаймыз.

Осы тақырыпта ғалым сөз тұлғасының бір түрі деп қосымшаларды көрсеткен. Қазіргі тіл білімінде бұл ретте көзқарас өзгерді. Бірақ тілде қосымша терминін тұңғыш қолданып, оған анықтама берген де А.Байтұрсынов екенін айта кету орынды деп санаймыз. Ғалым қосымшалардың екі түрін көрсеткен, олар: жалғау және жұрнақ, бұл терминдер әлі де қолданыста. Сонымен бірге ғалым жалғауға да, жұрнаққа да анықтама берген, ол қосымшамен байланысты көрсетілген.

Профессор Қ.Жұбанов 1936 жылы 5 – ші сыныпқа арналған «Қазақ тілінің грамматикасы» атты оқулықты жариялады. Бұл оқулықта ғалым жұрнақ деген терминнің орнына үстеу деген терминді қолданды және туынды сөз деген терминді қолданбады. Бірақ ғалым «Образование сложных слов» деген мақаласында сөзжасамның аналитикалық тәсілі арқылы жасалған күрделі сөздер мәселесі туралы пікір айтқан: «Сложение, или композиция, есть образование нового слова путем соединения двух или более слов в одном» /6, - 471/. Міне, бұл сөзжасамның бұл тәсілі туралы айтылған бірінші пікір деуге болады. Өйткені грамматикаларда біріккен сөз, қос сөз туралы мағлұмат беріліп жүргенімен, оның сөзжасамға жататыны деп бөліп, оны туынды сөздер тобында қарастыруы сол кез үшін жаңалық деуге болады.

Қазақ тіл білімінде жалғау, жұрнақтар туралы мақала бастырып шығару 1930 жылдардан басталады. Х.Басымовтың «Қазақ тілінің жалғау, жұрнақтары» деген мақаласы 1930 жылы «Жаңа мектеп» журналының 6 – 7 нөмірлерінде шықты /7/. Бұл алғашқы мақала болғандықтан оны әдейі атап отырмыз, одан кейін талай мақала шыққаны белгілі, оларды санамалап, атап жату артық деп санадық. Бірақ, бұл жұрнақ мәселесінің ғылымы нысанаға ілігуінің айғағы.

Сөзжасам мәселелері зерттеліп, одан біртіндеп диссертациялар да қорғала бастады. Осы бағыттағы алғашқы диссертациялар Ә.Төлеуовтың диссертациясы. «Словообразовательные аффиксы имен в современном литературном языке» деп аталған /8/. Төлеуов бұдан кейін де есім сөздердің сөзжасамы туралы бірнеше еңбек жариялады. Соның бірі зат есім мен сын есімнің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуын зерттеуге арналған еңбегі.

Профессор А.Хасенова-Қалыбаева етіс категориясы бойынша қорғаған диссертация негізінде 1951 жылғы «Қазақ тіліндегі етіс категориясы» атты еңбегі жарияланды. Онда етіс аффикстерінің жаңа сөз тудыруда лексикалық қызмет атқаруы жайында сөз болса /9/, ғалымның 1959 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі туынды түбір етістіктер» деген еңбегінде қазіргі қазақ тіліндегі аффикс арқылы пайда болғаны туынды түбір етістіктер сөз етіледі.

1949 жылы Г.Н.Жаркешева «Слитные слова в современном казахском языке» /10/, ал 1956 жылы Б.Құлмағамбетова «Аффиксальное словообразование глаголов в современном казахском языке» деген тақырыпта диссертация қорғады /11/. Б.Құлмағамбетованың зерттеу жұмысында туынды етістіктерді жасайтын жұрнақтардың рөлі, олардың өзіндік мағыналары және өнімділік дәрежесі анықталған. Зерттеуші етістіктер зат есімнен, сын есіммен, еліктеуіш сөзден және түбір етістіктерден жасалады деген қорытындыға келеді.

1960 жылы А.Хасенова «Глагольные основы казахского языка» (производные глаголы синтетического образования) деген тақырыпта қазақ әйел ғалымдарының ішіндегі тұңғыш рет докторлық диссертация қорғаған ғалым.

З.Бейсембаева ғылыми жұмысында қазіргі қазақ тіліндегі сөз тудырушы жұрнақтардың белгігі бір тобын зерттейді /12/. Автор

жұмысында қазіргі қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамы ең алдымен, сөзжасамдықтәсілдер арқылы жасалған жаңа сөздермен толығып отыратын ескере келіп, зат есім тудыратын жұрнақтарға тоқталады, сөзжасамдық аффикстер өнімділігінің дәрежесін анықтайды.

Кейбір жұмыстарда қазақ тілі сөзжасамының ерекшеліктері басқа тілдермен салыстыру барысында айқындалады. Мәселен, Е.Н.Шипова жұмысын орыс және қазақ тілдеріндегі зат есімдерді жасайтын сөзжасамдық тәсілдерді салыстырмалы түрде зерттеуге арнайы отырып, осы екі тілдің сөзжасамындағы өзіндік ерекшеліктерді айқындайды /13/. Сондай – ақ, Б.Қайымованың диссертациялық жұмысында етістіктен есім тудыратын жұрнақтар талданады, етістіктен зат есім және сын есім тудыратын ортақ жұрнақтардың сипаттамасы беріліп, жалпы жұрнақтардың өнімді, өнімсіз түрлері олардың жаңа сөз жасаудағы рөлі айқындалады /14/.

Бұл еңбектер қазақ тіл білімінде алғашқы диссертациялар болғандықтан, оларды тізбелеп атап отырмыз. Сонымен бірге тіл білімінде алғашқы ғылымы зерттеулердің нысаны сөзжасам жұрнақтары болғанына назар аудартпақпыз.

Сөйтіп, қазақ тіл білімінде ғылыми зерттеу сөзжасамдық жұрнақтардан басталып, жекеленген зерттеулер аналитикалық сөзжасамды да қамтығанын байқаймыз. Бұл тақырыптарды зерттеушілер сын есім, зат есім, етістік жұрнақтарын анықтады, олардың мағыналарын ашты, олар арқылы жасалған туынды түбір сөздерге талдау жасады. Сонымен бірге, аналитикалық тәсіл арқылы жасалған біріккен сөздер, олардың құрамы, мағынасы, жасалу тәсілдері анықталды.

1950 жылы А.Ысқақов үстеу, ал 1953 жылы Ж.Шакенов сын есім мәселесі бойынша кандидаттық диссертация қорғады. Екі диссертацияда да сол сөз таптарының сөзжасамы қарастырылды /15,16/.

Ж.Шакенов 1961жылы шыққан «Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы» деген еңбегінде сын есімнің сөзжасам мәселесін кеңінен қарастырады. Автор сан есімдердің синтетикалық,

аналитикалық және лексика – семантикалық тәсілдер арқылы жасалуына тоқталады.

Бұл арада сөзжасам әрекетіне байланысты әр сөз табының туындысына қатысты Б.Хасановтың 1966 жылы жарық көрген «Сөздердің метафоралы қолдануы» деген монографиясын атау да орынды. Онда сөздің көпмағыналығының туындауы туралы ұтымды пікірлер айтылған /17/.

Сонымен қатар, қазақ тілі мен көне түркі жазба тіліндегі сөзжасамды салыстырмалы түрде зерттеген А.Есенқұловтың /18/, сөзжасам мәселесінің кейбір жақтарын сөз еткен А.Алдашеваның жұмыстарын да атаған дұрыс /19/. Ғ.Ғ.Мұсабаевтың зерттеуінде бір тарау толығымен сөзжасамға арналып, онда қазақ тіліндегі жаңа сөздер, негізінен, екі тәсіл (сөзқосым және аффиксация) арқылы жасалатыны туралы айтылады /20/.

Бұдан кейін сөзжасам мәселесіне назар аудару сиреп кетті, тіпті бұл мәселені зерттеу бірсыпыра уақыт тоқырауға ұшырады деуге болады. Сөзжасам мәселесіне ғалымдар назарын аударуға себеп болған бір еңбек бар. Ол-Н.Оралбаеваның «Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формасы» деген 1971 жылғы диссертациялық еңбегі. Мұнда күрделі етістік мәселесі сөзжасам тұрғысынан жаңаша қойылды /21/ және күрделі етістік тек толық мағыналы сыңарлардан құралады деген қағида ұсынылды. Бірінші рет күрделі етістік күрделі қимылды білдіретіні дәлелденді, күрделі етістік «негізгі етістікке көмекші етістіктің тіркеуі арқылы жасалады» деген ұғымды жоққа шығарды. Бұл кейін күрделі етістіктің, күрделі сөздердің зерттелуіне жол ашты.

1973 жылы профессор С.Исаевтың «Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы» деген еңбегі жарық көреді. Бұл еңбекке қазақ әдеби тілінің кеңес дәуірінде дамуы-баспасөз тілінің лексикалық құрамының баюы, жаңа сөз жасау процесінің дамуы ыңғайында баяндалады. Автор кеңес дәуіріндегі қазақ әдеби тілінде жаңа сөз тудырудың лексика – семантикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсілдері қарқынды дамығанын көрседі /29/.

1998 жылы С.Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» атты еңбегінде сөзжасам мәселесіне бір тарау арналған. Онда сөзжасам анықтамасы, жүйелік сипаты,

сөзжасам тәсілдері, сөзжасам үлгілерінің өнімділік құнарлылық сипаты мәселерінен мағлұматтар берілген.

Қазақ тіл білімінде сөзжасам мәселесін зерттеу шындап қолға алынуы 1988 – 1989 жылдардан басталады.

1988 жылы Н.Оралбаеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімінің сөзжасам жүйесі» деген монографиясы жарық көрді /23/. Онда ғалым қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне толық сипаттама берді. Бұл қазақ тіл білімінде тілдің сөзжасам жүйесіне берілген тұңғыш ғылыми сипаттама. Бұған дейін ол мәселе ретінде қойылған емес. Онда қазақ тілінің қалыптасқан өзіндік жүйесі ұзақ уақыт ішінде басынан талай өзгерістерді өткізіп қалыптасқаны дәлелденді. Ұзақ уақыт ішінде сөзжасамдық бірліктер қалыптасып, олардың қолданылуы, туынды сөздердің жасалу заңдылықтары қалыптасқаны ғылыми тұрғыда дәлелденді, сан есімдердің сөзжасам жүйесі тұңғыш рет сипатталып, оның өзіндік ерекшеліктері көрсетілді. Сан есім сөзжасам жүйесінде негізінен аналитикалық тәсіл қолданылады деген тұжырым еңбекке өзек болып, дәлелденіп отырады.

Жалпы сөзжасам мәселесін арнайы зерттемесе де, қазақ тілі мамандарының ішінде сөзжасам мәселесі туралы пікір айтпаған ғалымды кездестіру қиын. І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, А.Ысқақов, Т.Қордабаев, М.Томанов, Қ.Есенов, Ә.Қайдаров, Р.Сыздықова, Ш.Ш.Сарыбаев, Р.Әміров, К.Аханов, Н.Оралбаева, К.Ш.Құсаинов, Е.Жанпейісов, Б.Әбілқасымов, С.Омарбеков, Т.Жанұзақ, Ә.Нұрмағанбетов, Ө.Айтбаев, Ә.Жүнісбеков, Ғ.Қалиев, Б.Қалиев, Т.Сайрамбаев, Н.Уалиев, М.Серғалиев, О.Нақысбеков, Ш.Құрманбайұлы, М.Оразов, Ж.Манкеева және т.б. жекелеген пікір айтқан ғалымдардың көптеп келтіруге болады.

1989 жылы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» деген Тіл білімі институтының грамматика бөлімінің ғылыми қызметкерлері дайындаған монография жарық көрді /24/.

Бұл монография сөзжасам мәселесін жаңа бағытта, жаңа ғылыми негізде жоғары дәрежеге көтерді және оның сөзжасамның кейінгі зерттелуіне соны бағыт сілтеуге, сөзжасамға көзқарасты өзгертуге, жаңа идеяларға бастауға маңызы күшті болды. Сондықтан оған толық талдау жасау қажет.

Монографияда қазақ тіл білімінде тұңғыш рет сөзжасамның жалпы теориялық мәселелерінің ғылыми негізі жасалды. Шолудан байқалғандай, 1988 жылға дейін сөзжасам жүйесі, оның жалпы заңдылықтары сөз болған емес, зерттеулердің бәрі негізінен жеке сөз таптарының жұрнақтар арқылы жасалуы туралы болып келді.

1988 жылы шыққан сан есім сөзжасам туралы монографияда «Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі тұңғыш рет ғылыми мәселе ретінде сөз болса, 1989 жылғы монографияда «Сөзжасамның жалпы мәселелері» арнайы зерттеліп, онда тілдің сөзжасам жүйесі екінші рет толық сипаттамаға ие болды. Сөзжасам жүйесі мәселесінің ішінде сөзжасамдық талдау, туынды сөздер, сөзжасам негізділігі (мотивация), сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық тип мәселелері сөз болды. Бұл тарауларды Н.Оралбаева жазды /24, - 112/. Бұл еңбекте осы мәселелер алғаш рет ғылыми айналымға түсіп, өз шешімін тапты.

Бұрын морфологиялық талдау термині қолданылып, оның мәні сөз құрамына, сөз табына талдау болып түсінілетін. Сөзжасам тілдің жеке саласы болып танылғандықтан, осы сала мәселесі бойынша сөзге талдау жасау қажеттігі туды. Бұл сөзжасамдық талдау мәселесінің ұғымын, мәнін ашуды керек етті. Осымен байланысты монографияда сөзжасамдық талдау мәселесі қойылып, оның өзіндік ерекшеліктері ашылып, морфологиялық талдаудан айырмашылықтары анықталды.

Туынды сөздер мәселесі бұрын да ғылымда, оқулықтарда сөз болып жүрген. Бірақ туынды түбір, туынды сөз терминдерінің бірінің орнына бірі қолданылып жүргені, ара - жігі ашылмағаны біраз қиындықтар туғызды. Бұл туынды сөз терминінің мәнін анықтап, оның тіл білімінде бір мағынада қалыптасуына ықпалы жасалады.

Осы бөлімде қазақ тіл білімінде тұңғыш рет сөзжасамдық ұя термині ғылыми айналымға қосылды. Термин ғана емес, сөзжасамдық ұяға анықтама берілді. Ол төмендегідей: «Сөзжасамдық ұя деп бір негізгі түбірден тараған туынды түбірлердің жиынтығы аталады». Оған бас түп негізінен жасалған ұя түгел мысал ретінде берілді. Монографияда сөзжасамдық ұяның құрылысы нақтылы мысал арқылы дәлелденді. Ұяда негіз сөзден тікелей жасалған туынды түбірлерден басқа туындылардың

бәріне туынды түбірлер негіз болғаны анықталған. Осы ұяның құрамын талдау арқылы автор сөзжасамдық ұяның құрылысы күрделі болатынын дәлелдеген. Сондықтан бірге сөзжасамдық ұяда түбірлес туынды сөздер болатыны анықталған.

Сөзжасамның жалпы мәселелері бөлімі сөзжасамның теориясының негізін қалаған, бұрын назардан тыс қалған жаңа теориялық ұғымдарды анықтаған, оны ғылымның бір саласын ғылыми деңгейге көтергенін атап кету орынды деп санаймыз.

Монографияда сөзжасамдық тәсілдер мәселесіне толық ғылыми сипаттама берілген. Бұл мәселе де осы еңбекте тұңғыш рет ғылыми тұрғыда анықталды деуге толық болады.

Монографияның 2 – бөлімі сөз таптарының сөзжасамына арналған. Жоғарыда сөзжасамды зерттеу сөз таптарының сөзжасамынан басталды дегенбіз. Сондықтан сөз таптарының сөзжасамының бастау көздері болғаны рас. Бірақ монографияда қайталау жоқ, ғалымдар бұл мәселелерді жаңаша көзқараспен жазған.

Монографияда қамтылған сөз таптарының сөзжасам ғылымның соңғы жетістіктері ескеріліп, жаңа көзқараспен, жоғары ғылыми деңгейде жазылған. Соның ішінде зат есім сөзжасамы өте жоғары деңгейде диахрондық тұрғыда көп мәселелерді зерттей отырып жазылған /24, - 113 – 231/.

Біз бұл монографияға толық талдау жасауға тырыстық, өйткені ол бүгінгі таңда сөзжасам теориясын бірсыдырғы толық қамтыған, сөзжасам теориясының ғылыми негізін қалаған, сөзжасамның көп жаңа мәселелерін көтерген ғылыми деңгейі жоғарғы, өте құнды еңбек екенін атау орынды деп санаймыз. Бұл – монографияның құндылығына, жаңалығына, онда көтерілген теориялық мәселелердің маңызына толық дәлел.

Осындай жаңа бағыттағы ғылыми зерттеулердің бірі – ғалым Г.Шахарманның диссертациялық еңбегі. 1998 жылы ол «Қазақ тіліндегі сан есім сөздерден жасалған туындылардың мағыналық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады /26/. Ол ғылыми еңбегінде бір, біреу, екі, үш, төрт, бес, жеті, тоғыз, тоқсан, мың, үші, жетісі, қырқы, жүзі, бірге, бірде, бірден, бесті сөздерінің жаңа мағынаға, саннан басқа мағынаға

көшуінің жолдарын, омонимдік дәрежеге жету жолдарын анықтаған.

Сол сияқты осы кездерде Ж.Отарбекова /27/, З.Умирзакова /28/, Г.Мамаева /29/ және т.б. зерттеушілердің ғылыми жұмыстары да қорғалды. Ж.Отарбекованың диссертациялық жұмысының негізіне орта ғасырлық түркі жазба мәдениетінің тамаша үлгісі Қадырғали Қосымұлы Жалайыридың «Жамиғ ат – тауарих» (жылнамалар жинағы)» атты шежіресі алынады. Зерттеуші өз жұмысында аталған шежірені пайдалана отырып, ондағы сөздердің жасалу табиғатын, даму сипатын, сөзжасам процесін зерттеуді арқау етеді. Г.Мамаеваның диссертациялық жұмысы күрделі сын есімдер мәселесін зерттеуге арналған. Ол үлкен қиындық туғызып жүрген күрделі сын есімдердің мағынасын, жасау жолдарын зерттеп, үлгілерін жасаған.

Профессор Л.К.Жаналина – Қазақстандағы орыс тілі мамандарының ішіндегі сөзжасам мәселесін зерттеп жүрген ірі маман. Оның сөзжасамға байланысты еңбектері де мол /30/. Ол орыс тілінің сөзжасамы туралы докторлық диссертация қорғады, сонымен бірге орыс тілі мен қазақ тілінің сөзжасамын салыстырып та зерттеді.

Сөзжасамды тарихи тұрғыдан зерттеген профессорлар Ж.Манкеева, Б.Сағындықұлы өлі түбірлер, өлі қосымшалар, сөздің этимологиясы мәселелерінен құнды – құнды пікірлер айтқан /31, 32/.

Профессор А.Салқынбай сөзжасамды диахрондық аспектіде зерттеді /33/. Бұл да сөзжасамды зерттеудің кешеуілдеп қалған, жеткілікті дәрежеде назар аударылмай жүрген мәселесі. Оның үстіне сөзжасамдық семантика – ғылымда өз орнын ала алмай, көңіл бөлінбей, зерттелмей келген мәселе болатын. Сөзжасамдық мағынаны семантикалық бағытта зерттеу ғалымның өзіндік пікірлер ұсынуына, қорытынды тұжырымдар жасауына мүмкіндік берді. Бұл еңбектегі көңіл бөлерлік мәселе- тарихи сөзжасамның фонетика – семантикалық сипаты. Ол сөзжасам мәселесін тарихи тұрғыдан зерттеп, докторлық диссертация қорғады /34/. Ғалым диссертациясында сөздердің семантикалық дамуы мәселесінен жоғарғы нәтижелерге жетті.

Тарихи тұрғыдағы зерттеуде фонетикалық сөзжасамға тоқталмау мүмкін емес. Оған Г.А.Рамстедт, Н.А.Баскаков, Э.В.Севортян, А.Н.Кононов, Б.А.Серебренников, А.М.Щербак, Ф.А.Ғаниев, Б.О.Орузбаева сияқты ірі ғалымдар тарихи сөзжасамға назар аударған, құнды – құнды пікірлер айтқан. Ұйғыр тілінің маманы Т.Галипов /35/ ұйғыр тіліне байланысты, Б.Сағындықұлы /36/ қазақ тілі фонетикасына қатысты еңбектерінде, сондай-ақ, тілді тарихи тұрғыда зерделеген профессор М.Томанов «Тарихи грамматика» /37/ атты еңбегінде дыбыстардың алмасуы, оның мағынаға қатысы туралы пікірлер айтқаны белгілі. Түрколог ғалымдар мен қазақ тілі мамандардың идеяларына сүйене, ғылыми тұжырымдарын ескере отырып, А.Салқынбай дауыссыз дыбыстар арқылы сөз жасалудың 22 қалыбын (өз термині), дауысты дыбыстар бойынша 9 қалыпты анықтаған. Мұны үлгі деп айтуға да болатын сияқты /33, -149 -180/. Бұл еңбекте қаралған негізгі мәселе сөз мағынасы, сөз мағынасының сөздік құрамынан туындауы. Бұл ретте сөздің архисемасын анықтауы - назар аудартатын мәселе.

Сөзжасамды тарихи тұрғыда зерттеуде профессор Керимовтың XIV ғасыр түрік әдеби жазбаларындағы сөзжасамдық жұрнақтар мәселесін зерттеуге арналған диссертациясын да атауға болады /38/.

Профессор Ә.Ибатов «Сөз құрамындағы морфема атауларын тұрақтандыру мәселесі жайында» деген еңбегінде сөзжасам мәселесімен байланысты құнды – құнды пікірлер айтқан /39/. Осы жұмысты дамыту нәтижесінде ғалым 1988 жылы «Қазақ тіліндегі туынды сөздер сөздігін» баспадан шығарды. Бұл, әрине, сөзжасам үшін өте пайдалы еңбек болды. Сөздікте автор 14 мыңдай туынды сөздер берген және қазақ тілінде сөзжасамдық 291 жұрнақ бар деген. Сөздіктегі туынды сөздердің сөз табына қатысты көрсетілген.

Диалектілер сөзжасамы өзінше бір сала. Бұл мәселе диалектологтардың бәрінің еңбектерінен орын алды деуге болады. Диалектология ғылымының негізгін қалаған С.Аманжолов, Ж.Досқараевтан, Ш.Ш.Сарыбаев, А.Нұрмағанбетов, С.Омарбеков сияқты ғалымдардың еңбектерінде сөзжасам мәселесіне соқпай өткені жоқтың қасы.

Диалектологтардың ішінде сөзжасамды арнайы зерттеген ғалымдар да бар, олардан Ғ.Қалиевті, Ғ.Жексембаеваны атау қажет. Ғ.Қалиев «Қазақ говорларындағы сөзжасам» деген тақырыпта 1989 жылы докторлық диссертация қорғады. Ғалым диссертациясында диалектілік сөзжасамның тілдің жалпы сөзжасам жүйесіне байланыстылығы дәлелдеді, сөзжасамды әрекеттің әдеби тіл мен сөйленістердегі бірлігін көрсетті, сөзжасам говорлық сөздік құрамына қатысты, семантикалық диалектизмдердің жасалуын, ондағы сөзжасамдық жұрнақтардың қызметінің ерекшелігін, олардың байланысын анықтап берді. Диалектідегі сөзжасамдық негіз сөздер, көне элементтердің диалектіде сақталуы, сөйленістердегі сөзжасамдық типтер, күрделі сөздер сияқты күрделі – күрделі мәселелерді талдады. Бұл диалекті сөзжасамын зерттеудегі алғашқы күрделі еңбек болды /40/.

Ғалым Ғ.Жексембаева басқа тілден енген сөздердің сөзжасамға қатысты мәселесін арнайы зерттеді. Ол да көңіл бөлінбей жүрген мәселелердің бірі еді /41/.

Қазақ тілінің басқа мәселелері туралы пікір айтқан, жеке мақалалардағы сөзжасам мәселесі, жоғарғы оқу орындары оқулықтарында сөзжасам мәселесінің көрінісі туралы сөз етсек, ол көп орын алар еді. Дегенмен олардың ішінде де көңіл бөлерлік пікірлер баршылық.

Солардың ішінен профессор К.Ахановтың «Грамматика теориясының негіздері» атты 1972 жылы шыққан еңбегінде күрделі сөздер туралы ұтымды пікірлер айтқанына назар аудардық /42/. Сол сияқты С.Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» атты 1998 жылы шыққан еңбегінде сөзжасамдық жұрнақтардың құнарлығы туралы пайдалы пікір айтқан.

Жоғарғы оқу орындарының оқулықтары ғылымның жаңалықтары негізінде жазылатын болғандықтан, оқулықтардағы сөзжасамның қандай дәрежеде орын алғаны туралы да бірер сөз айту қажет.

Сөзжасам соңғы кезге дейін морфология құрамында қаралып келгендіктен, морфологияға арналған оқулықта сөзжасам мәселесі қамтылып келді. Оны 1964 жылдан бастап шығып, 3 басылым

көрген (1964, 1974, 1991) профессор А.Ысқақовтың авторлығымен шыққан «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» атты оқулықтан көруге болады. Ғалым сөздің морфологиялық құрамы мен жасалу жолдарына арнайы тоқталып, көмекші морфемалардың бір түрі ретінде жұрнақтар туралы мағлұмат берген. Онда: «Сөз тудыратын жұрнақтар сөзге (түбірге) жаңа лексикалық мағына үстейтіндіктен, өзі жалғанған сөзді басқа бір жаңа лексикалық тұлғаға айналдырады» - деп, жұрнақтардың құрамы, олардың мағыналары және қолданылу ерекшеліктері мәселелерінен мағлұмат берген, жұрнақтардың түрлерін көрсеткен. Сонымен бірге оқулықта сөз таптарын баяндауда әр сөз табының жасалу жолдарын беріп отырған. Бұл әркімге белгілі мәселе болғандықтан оған толық тоқталмаймыз. Бұл сөзжасам мәселесінің оқулықта жұрнақтардың жеке талданып, әр сөз табын баяндауда оның сөзжасамының қаралып отырған көрсетеді. Морфология мәселесінің көлемінің кеңдігі, оқулық көлемінің шектеулілігі сөзжасамның мәселелерінің оқулықта толық қаралмауына себеп болған.

Сөзжасам мәселесіне профессор М.Томанов авторлығымен шыққан «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» оқулығында да аздаған мәлімет берілген /43/.

Ал сөзжасамға арналған мақалалар әр кезде оқтын – оқтын жарық көріп тұрды. Оларды аз деуге болмайды, саны жағынан да көтерген мәселелері жағынан да мақалалар сан алуан. Мақалалардың көбі ғалымдардың диссертацияларына, жоғарыда баяндаған еңбектеріне байланысты болғандықтан қайталамау мақсатымен оларға тоқталып жатпаймыз.

Қазақ тілі білімінде сөзжасамдық ұя термині, оның ғылыми ұғымы туралы мәлімет 1989 жылғы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда алғаш қолданылды. Енді осы еңбекте сөзжасамдық ұя туралы берілген мағлұматқа толығырақ тоқталайық.

Монографияда: «Сөзжасамдық ұя деп бір негізгі түбірден тараған туынды түбірлердің жиынтығы аталады» - деп, оған мысал ретінде бас деген түп негіз сөзден жасалған сөзжасамдық ұяны келтіріп, онда 143 туынды сөздің жасалғанын, осы ұяда 92 сөзжасамдық тізбек барын көрсеткен. Осы еңбекте ұяға туынды сөздің саны да,

тізбектердің саны да түрлі болатыны дәлелденген. Оны біл түп негізінен жасалған сөзжасамдық ұяны келтіріп, ондағы туынды сөздің, сөзжасамдық тізбектің санының аз екенін көрсету арқылы дәлелдеген. Сөзжасамдық ұяның көлемінің күрделі, кең я тар болуы түп негіз сөздің, туынды сөздердің сөзжасамдық қабілетіне байланысты деп қорытқан: «Сөзжасамдық ұяның күрделілігі» оның құрамындағы әр сөздің сөз жасау қабілетіне байланысты. Олардың әрқайсысы неғұрлым сөзжасамға көбірек қатысса, соғұрлым сөзжасамдық ұя күрделі болады /24, - 55/.

Бұрын тілде түбірлес сөздер бары айтылып жүрсе, монографияда түбірлес сөздер сөзжасамдық ұяның құрамына қатыстылығы анықталған. Бір сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің бәрінің құрамыда түп негіз сөздің болуы міндетті деп саналған. Бұл сөзжасамдық ұя туралы берілген алғашқы қысқаша мағлұмат.

Осы монографияда сөзжасамдық тізбек туралы да біраз мағлұмат берілген. Алдымен сөзжасамдық тізбектің анықтамасы берілген: «... бір түбірден тараған, бірінен – бірі тікелей туындайтын, бірінен – бірі негіз болатын негізді сөздердің тобы сөзжасамдық тізбек деп аталады» /24, -51/. Сонымен бірге сөзжасамдық тізбектің мынадай белгілері көрсетілген:

- 1) Сөзжасамдық тізбек негіз сөзден басталып, негізді сөзбен аяқталады;
- 2) Тізбектің алғашқы мүшесінен бастап, ең соңғы мүшеге дейінгілердің бәрі өзінен кейінгі сөзге негіз болады;
- 3) Сөзжасамдық бір тізбектегі бірінші және соңғы мүшеден басқалардың бәрі әрі негіз, әрі негізді мүше қызметін атқарады;
- 4) Тізбектегі сөздің саны 3 – тен 6 – ға дейін жетеді;
- 5) Бір ұяда бірнеше тізбек бола береді /24, -49 -51/.

Сөзжасамдық ұяның құрамында сөзжасамдық типтер қызмет етеді. Сондықтан еңбекте сөзжасамдық тип туралы мағлұмат берілген. Сөзжасамдық типтің мынадай белгілері көрсетілген:

- 1) Сөзжасамдық тип тілде жаңа сөздің қалай жасалатынын көрсетеді;

2) Сөзжасамдық тип болу үшін негіз сөз бір сөз табынан болады, негіз сөзбен туынды сөздің мағыналық қатысты болады, сөзжасам тәсілі бір болу керек, синтетикалық тәсіл болса, бір жұрнақ арқылы жасалады деп санаған;

3) Сөзжасамдық мағына бір тип арқылы жасаған туындыларға ортақ /24, -56 -58/.

Монографияда сөзжасамдық мағына туралы мағлұмат берілген Сөзжасамдық мағына сөзжасамдық ұядағы туындыларға қатысты болып табылады. Сөзжасамдық мағына түсіндіріле келе, еңбекте сөзжасамдық мағынаның екі түрі көрсетілген, олар: лексикалық деривация және синтаксистік деривация.

Лексикалық деривациядан түп негіздің мағынасы мен туындының мағынасында үлкен айырма болады, олар бірімен – бір тең бола алмайды.

Синтаксистік деривацияда түп негіз бен туындының лексикалық мағынасы бірдей болады, тек туынды түп негізден басқа сөз табына жатады.

Синтаксистік деривацияда синтагматикалық деривацияны бөліп қарап, оған бірнеше түп негіз арқылы жасалған сөздерді жатқызған, олардың мағынасын қосынды мағына деп тапқан.

Аналитикалық тәсілге жататын туындылардың мағынасын күрделі ұғымды білдіреді деп бағалаған, синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туындылар дара ұғымды білдіреді деп санаған /24, -59 -62/.

Бұл айтылғандардан монографияда сөзжасамдық ұяға қатысты алғашқы мағлұматтар қысқаша берілгені анықталды. Бұл еңбекте сөзжасамдық ұя басқа да көптеген мәселелер тобында қаралған, ол сөзжасамдық ұяны арнайы зерттеген еңбек емес, сондықтан сөзжасамдық ұя мәселесін толық қамтымаған деген талап қоюға болмайды. Монографияның бұл мәселедегі маңызы оның сөзжасамдық ұя мәселесін алғаш көтеруінде, ғылыми айналымға түсіріп, оған ғалымдар назар аударуында. Осы мәселенің ғылыми айналымға қосылуы оның зерттелуіне жол ашты.

1996 жылы ғалым О.Тоққожаева «Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұялар сөздігін» баспадан шығарды /44/. Бұл сөздікте бір буынды

есім сөздерден жасалған сөзжасамдық ұялар қамтылған. Сөзжасамдық ұялар бойынша тұңғыш шағын сөздікті сөзжасамдық ұялар сөздігінің алғашқы нұсқасы, үлгісі деп қарау керек. Кейін сөзжасамдық ұялар сөздігінің көлемі ұлғаяр, үлгісі де жетілер, алайда, бұл кішігірім сөздік өзінің жол ашуымен, із салуымен, үлгі көрсетуімен құнды.

Осыдан бастап сөзжасамдық ұялар туралы Т.Тоқтарова, Н.Қоқышева, Б.Есімсейітов сияқты жас ғалымдар зерттеулер жүргізіп, мақалалар жариялағанын айтуымыз керек. Т.Тоқтарова 1996 жылдан бастап бір буынды салт етістіктерден жасалған сөзжасамдық ұялар туралы мақаласы «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында жарияланды /45/. «Бір буынды салт етістіктен жасаған етістік негізді сөзжасамдық ұядағы туынды түбірлер» деп аталатын еңбегі «Профессор С.Аманжолов тағылымы» ғылыми – әдістемелік конференцияның жинағында 1999 жылы жарияланды.

Профессор Н.Оралбаева өзінің «Сөзжасамдық саты» атты 1999 жылғы мақаласында сөзжасамдық сатыға төмендегідей анықтама берген: «Сөзжасамдық саты деп негіз сөз бен туынды сөзді жасаушы жұрнақтан құралатын сөзжасамдық бірлік аталады» /151/. Ғалым сөзжасамдық сатыны сөзжасамдық ұяның бір мүшесі деп есептейді. Оны өз сөзімен айтқанда: «Сөзжасамдық саты – сөзжасамдық ұяның құрамына кіретін оның мүшесі болып табылады.

Н.Оралбаева осы мақалада ұядағы туынды сөздердің түрлі сатыларға қатысты деп санап, туынды сөздердің қай сатыда орналасуы оның түп негіз сөзден туындау ретімен байланыстырады: «Тізбекте бірінен – бірі тікелей жасалатын туындылар жасалу ретін сақтайды. 1 сатыдағы туындыдан жасалған келесі туынды сөз өзінің негіз сөзінен кейінгі сатыда тұруға тиісті яғни ол 2 – сатыдан орын алады. 2 – сатыдағы туынды түбір келесі туынды түбірдің жасалуына негіз болса, одан жасалған туынды түбір 3 – сатыда тұруға тиісті... Ол әрі қарай келесі сатыны жасайтыны сияқты саты саны өсіп отырады» /46/. Бұдан автор түп негіз сөзден жасалған туындыдан бастап туындылардың бірінен – бірі жасалу реті сатының ретін белгілейтінін байқауға болады.

Б.Есімсеитов мақалаларына қарап, оның бір буынды салт етістіктердің қимыл қозғалыс мағыналық тобынан жасалған сөзжасамдық ұялардағы сөзжасамдық тізбектер мәселесін зерттеп жүргені байқаймыз. Автор бұл бойынша бірнеше мақала жариялаған. Оларда сөзжасамдық тізбек мәселелері әр қырынан сипатталғаны анықталды. Мәселен «Ақ етістігінен жасалған сөзжасамдық ұядағы сөзжасамдық тізбектердің құрамы» деген мақаласында ғалым Б.Есімсейітовтов бір ұядағы тізбектерге талдау жасаған /47/. «Сөзжасамдық тізбектердің зерттелуі» деген мақаласында ғалым қазақ тілшілерінің еңбегімен қоса әлемдік тіл білімінде осы мәселенің зерттелуіне шолу жасаған. «Сөзжасамдық тізбек мүшелерінің негіз сөз мағынасымен байланысты» деген мақалада автор ұядағы туынды сөздердің мағыналық байланысын дәлелдеген. «Сөзжасамдық тізбектің құрылымы» деген мақаласында ол өзі зерттеген ұялардағы тізбектердің құрылымына талдау жасаған. «Сөзжасамдық тізбектің мағыналық құрылымы туралы түсінік» деген мақаласында тізбектегі туындылардың мағыналық ерекшеліктерін көрсеткен. «Сөзжасамдық тізбек – сөзжасамдық ұяның күрделі құрылымдық бірлігі» деген мақаласында автор тізбек құрамына кіретін сөзжасамдық бірліктерге талдау жасаған.

Қазақ тілінің сөзжасамдық ұялары туралы Н.Қоқышева «Қазақ тіліндегі дене мүшелері атаулары негіздегі сөзжасамдық ұялардың сөзжасамдық сатыларындағы туынды сөздер» атты кандидаттық диссертациясын қорғады. Ол дене мүше атауларына негізделген ұялардағы сөзжасамдық сатылар, ондағы туынды сөздерді зерттеді. Жалпы бұл зерттеу жұмысы сөзжасамдық ұя жөніндегі тұңғыш диссертация, оның ішінде сөзжасамдық мәселесі алғаш рет зерттелген. Диссертация сөзжасам мәселесінен тұңғыш еңбек болғандықтан автор сөзжасамдық ұя мәселесіне ғылыми сипаттама жасаған. Онда сөзжасам анықтамасы сөз болған, сөзжасамдық ұядағы сөзжасамдық типтер мәселесі, туынды сөздер, сөзжасамдық тізбек, тарам сөз болған. Сондай – ақ сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің синтагматикалық, парадигматикалық байланыстары сияқты сөзжасамдық ұяға қатысты негізгі мәселелерге түсінік берілген. Сөзжасамдық ұяның құрамы туралы толық мағлұмат берген. Ғалымның зерттеуі сөзжасамдық сатыларға байланысты болғандықтан, автор

еңбегінде сөзжасамдық сатыларға ғылыми сипаттама берген, сатылардың көлденең қатарда тізбекке қатысын анықтаған, ал тік қатарда сөзжасамдық тарамға қатысын анықтаған. Сөзжасамдық сатыдағы туындылардың бір – бірімен қатысын белгілеген. Сөзжасамдық сатыны өзінің зерттеу нысанына байланысты сипаттаған яғни дене мүшелері атауларынан туындаған туындылармен байланысты сипаттаған.

Диссертацияда дене мүше атауларының сөзжасамдық ұялар жасауға негіз болуы, олардың сөзжасамдық қабілеті сөз болған. Автор еңбегінде дене мүше атауларынан жасалған 24 сөзжасамдық ұя талдауға түскен, оларда жасалған туынды сөздің жалпы саны анықталған, сол сияқты әр сатыда жасалған туынды сөздер саны көрсетілген. Әр сатыдағы туынды сөздерге морфемдік талдау жасаған, жұрнақтар, сөзжасамдық типтері және олардың сөз табына қатысты анықталған. Әр ұядағы сөзжасамдық сатының деңгейі көрсетілген. Өнімді, өнімсіз ұялар анықталған сатыдағы туынды сөздердің мағыналық қатысты көрсетілген.

Сөзжасамдық ұя тураыл шағын мағлұмат профессор З.Бейсембаеваның «Сөзжасамды оқытудың ғылыми – әдістемелік негіздері» атты әдістемелік еңбегінде берілген /49/. Еңбектің «Сөзжасамның ғылыми негізі» деген бөлімінде автор сөзжасам туралы жалпы мәселелерді сөз еткен. Сонымен бірге автор сөзжасамдық ұяға анықтама беріп, ұяның бес түрін көрсеткен /49, -39/. Ғалым «Сөзжасам» пәнін модуль бойынша оқыту деген екінші еңбегінде сөзжасамды модуль бойынша оқыту мәселесін көтерген. Онда әдістемелік мәселелермен бірге модульдің 3 түрін көрсеткен:

- «1. Сөзжасам туралы түсінік (1 – модуль)
2. Сөзжасам единицалары (2 – модуль)
3. Сөзжасам тәсілдері (3 – модуль)».

Біз жасаған шолу сөзжасамдық ұя мәселесінің ғылымдағы зерттелу жағдайы төмен екендігін көрсетті. Жаңа ғана зерттеле бастаған бұл мәселе қазіргі таңда шешімі табылмай тұрған, зерттелмеген, анықталмаған жағдайлары көп, өте өзекті, зерттеуді қажет ететін маңызы мол мәселе екенін орыс тіл біліміндегі

сөзжасамдық ұя мәселесін зерттеген еңбектерге назар аударсақ, бірден байқауға болады.

Сөзжасамдық ұя орыс тіл білімдерінде 1970 жылдардан бастап зерттеліп келе жатқанын, ол туралы, мысалы, орыс тіл білімінде талай докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалып, талай ғылыми зерттеулер жасалып, еңбектер жарияланып жатқанын баяндап өтсек, біздің қаншалықты артта қалып отырғанымыз анықталады. Орыс тіл білімінде сөзжасамдық ұялар сөздігі де жарық көрді.

Орыс, белорус, украин, ағылшын тіл білімінде біз танысқан диссертациялардың өзі жиырмадан артық, бірақ барлық материал түгел қамтылды деп айта алмаймыз. Олардың ішінде бір докторлық диссертация бар. Ол – А.Н.Тихоновтың «Формально-семантические отношения слов в словообразовательном гнезде» деген тақырыптағы қорғалған докторлық диссертациясы /50/. Сонда қаралған мәселелер мыналар:

- 1) Синхрония и диахрония в словообразовании
- 2) Словообразовательное гнездо
- 3) Смысловые связи слов в словообразовательных гнездах
- 4) Словообразовательная омонимия и множественность структуры слова.
- 5) Влияние морфологических процессов на формальные отношения однокоренных слов /50/.

Бізге белгілі қалған диссертациялардың бәрі кандидаттық диссертациялар. Оларда сөзжасамдық ұя әр қырынан, жан – жақты зерттелген. Ол диссертацияларды хронология бойынша атап шығудың өзі мәселенің зерттеле бастаған кезеңін, зерттелген мәселелерді аңғартады.

Профессор Е.Л.Гинзбург «Исследование гнезд сложных слов в русском языке на базе аппликативной модели» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Онда күрделі сөздердің жасалу модельдері берілген /51/. Профессор В.Шевчук «Деривационная структура от глагольных словообразовательных гнезд в современном английском языке» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Мұнда автор сөзжасамдық

ұядағы сөздердің құрамына ерекше назар аударған /52/. Профессор, А.С.Шишкина «Система отменных гнезд современного английского языка» деген тақырыпқа қорғаған кандидаттық диссертациясында есім сөздер ұясының жүйесін жасады /53/.

Ғалым Н.Г.Юсупова өзінің «Структура словообразовательных парадигм имен существительных в современном русском языке» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясында сөзжасамдық ұядағы парадигмалар мәселесін зерттеді /54/. А.Л.Лукашенец «Словообразовательные гнезда глаголов в русском и белорусском языках» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Онда автор етістік негізді ұяларды орыс, белорус тілімен салыстыру зерттеген ғалым А.М.Зализняк «Структурно – семантический анализ словообразовательного гнезда бить» деген тақырыпқа жазған кандидаттық диссертациясында бір ғана бить етістігінен жасалған сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің мағынасына талдау жасаған, олардың мағыналық байланысы мен ерекшелігін көрсеткен /56/. Зерттеуші А.Я.Василевич «Словообразовательные гнезда корней слов со значением мышления в современном украинском языке» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Онда ойлауға қатысты түбір сөздер негізіндегі ұяларды зерттеп, олардың құрылымына, мағынасына талдау жасады /57/. Ғалым Р.А.Қыдырбаева «Структура словообразовательных гнезд с исходным словом – именем существительным в современном русском языке» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Онда сөзжасамдық ұялардың құрылысын зерттеді /58/. Зерттеуші О.Н. Белявская «Структурно – типологическая характеристика словообразовательных гнезд с общим исходным глагольным словом в русском и белорусском языках» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Диссертацияда етістік негізді сөзжасамдық ұялар орыс, беларус салыстырылып, олардың типологиясы анықталды /59/. Ғалым Б.Д.Хамраев «Типология словообразовательных цепочек наименований лица в современном русском языке» деген мәселеде кандидаттық диссертация қорғады. Диссертацияда сөзжасамдық тізбек мәселесі зерттелді /60/. Я.Тышкиевская «Семантика – словообразовательная структура гнезд слов со значением чувств в современном украинском языке» деген диссертациялық еңбегінде

ұяның құрылысы мен мағынасын сөз етеді /61/. И.В.Бондарко «Словообразовательные гнезд омонимов современного русского языка» атты еңбегінде, сөзжасамдық ұядағы омонимдер мәселесін, олардың жасалу жолын анықтады /62/. Л.П.Борисова «Развитие словообразовательных гнезд с синонимичными исходными словами» деген кандидаттық диссертациясында питать, кормить деген етістіктер негізіндегі ұяларды зерттеді /63/.

Біз әр тілдерде қорғалған кейбір диссертацияларды мысал ретінде келтіру арқылы сөзжасамдық ұя мәселесінің күрделілігін, ғылыми маңызын, оны зерттеудің қажеттілігін дәлелдеуді мақсат еттік. Сонымен бірге қазақ тіл білімінде бұл мәселеден көп кеш қалғанымызды аңғартпақпыз. Өйткені, қазақ тіл білімінде бұл мәселеден аз-маз ғана диссертация қорғалғанын, жоғарыда көрсетілген өзге тілдердегідей арнайы осы мәселені зерттеген монографиялық еңбектермен мақтана алмаймыз. Орыс тіл білімінде сөзжасамдық ұяға арналған монографиялар баршылық, оларды атаудың өзі көп орын алады.

Бұл жағдай сөзжасамдық ұя мәселесінің зерттелмеген мәселелері әлі алуан екенін, сондықтан оларды зерттеу әлі көп уақытты керек ететінін, яғни, бұл мәселе өзінің өзектілігін сақтап отырғанын көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия – Казань, 1861.
2. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казакско-киргизского языка. Часть 1. Фонетика и этиология. – Санкт – Петербург, 1894.
3. Терентев М.А. Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская. Книга первая. –С-ПБ. 1875, -с.209
4. Архангельский Г. Грамматика казахского языка. –Ташкент, 1927.
5. Байтурсынов А. Тіл – құрал (Қазақ тілінің сарфы). – Орынбор, 1914.
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999 – 581б.

7. Басымов Х. Қазақ тілінің жалғау, жұрнақтары. // жаңа мектеп 1930, №6 – 7.

8. Тулеуов А. Словообразовательные аффиксы имен в современном казахском литературном языке. – Алма – Ата, 1949.

9. Қалыбаева А. Қазақ тіліндегі етіс категориясы. – Алматы: Қаз.ССР ҒА басп., 1951.

10. Жаркешова Г.Н. Слитные слова в современном казахском языке, Дисс. ...канд. филол. наук. – Алма – Ата, 1949.

11. Кулмагамбетова Б.Б. Аффиксальное словообразование в казахском языке. Дисс. ...канд. филол. наук. 1956.

12. Бейсембаева З. Нормализация словобразующих аффиксов имен существительных в современном казахском литературном языке. Автореферат канд. филол. наук. – Алма – Ата., 1982.

13. Шипова Е.Н. Способы словообразования имен существительных в русском и казахском языках: Автореф. Дисс. ...канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1953.

14. Қайымова Б. Аффиксы, образующие от глагольных имен в казахском языке. Автореф. Дисс. ...канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1953.

15. Ысқақов А. Үстеу мәселесі. Филол. ғыл. канд. дисс. ...1950.

16. Шакенов Ж. Қазақ тіліндегі сын есімдер. Филол. ғыл. канд. дисс. ...1953.

17. Хасенов Б. Сөздердің метофоралы золданылуы. – алматы, 1966.

18. Есенкулов А. словообразовательные аффиксы в языке древнетюрской письменности. Автореф. дисс. ...канд. филол. наук. - Алма-Ата, 1969.

19. Алдашева А. Лексические новообразования в современном казахском литературном языке. (на материале периодической печати, 1976-1991 гг.) Автореф. Дисс. ...канд. филол. наук. – Алма – Ата, 1992.

20. Мусабаяев Г.Г. К вопросу о словообразовании // Исследования по грамматике и лексике тюркских языков. – Ташкент.Наука, 1965.

21. Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формасы, - Алматы, 1971.

22. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы. – Алматы, 1973.

23. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі, -Алматы, 1998.

24. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. –Алматы, 1989.

25. Қасымова Б. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер. – Алматы, 1992; Сложные глаголы в современном казахском языке. Дисс. ...канд.филол.наук. –Алматы,1992.

26. Қасым Б. Күрделі зат есімдер сөздігі. –Алматы. 1999-110б.

27. Отарбекова Ж.К. «Жами ат-тауарих» тіліндегі сөзжасам: филол.ғыл.канд.дисс. ...-Алматы, 1997.

28. Умирзакова З.А. Словообразовательное поле наименований лиц по профессии русского и казахского языков. Дисс. ...канд,филол.наук. –Алматы 1999.

29. Мамаева Г. Қазіргі қазақ тіліндегі тіркесту күрделі сын есім сөздер. Филол.ғыл.канд.дисс. ...-Алматы, 1999

30. Жаналина Л.К. О понятиях синхронии и диахронии в словообразовании // Исследования по истории диалектологии русского языка. –Алма-Ата, 1990.

31. Манкеева Ж. Реконструкция первичных корней глагольных основ казахского языка. –Алматы:Ғылым, 1991.

32. Сағындықов Б. тарихи ескерткіштіңдегі архаизм мен көнерген сөздер жайында.//ҚазССР Ғылым академиясының Хабаршысы 1979 №8.

33. Салқынбай А. тарихи көзжасам (Семантикалық аспект). – Алматы, 1999.-309б.

34. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). Филол.ғыл.док.дисс. ...авторефераты. –Алматы, 1999.-47б.

35. Талипов Т.К. К вопросу о возможной интерпертации слова оғлақ/лақ «козленок» в тюркских языках //Языки народов Сибири. Кемерово, 1979.

36. Сығындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. –Алматы, 1994. -168б.

37. Томанов М. Қазақ тілі тарихи грамматикасының мәселелері. Фонетика. –Алматы, 1974.-76б.

38. Керимов З. XIV ғасыр түрік әдеби жазбаларындағы сөзжасамдық жұранқтар. Алматы, 1979.

39. Ибатов Ә. Сөз құрамындағы морфема атауларын тұрақтандыру мәселесі жаңында. //Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1989.№1.

40. Қалиева Ғ. Қазақ говорларындағы сөзжасам. Филол.ғыл.док.дисс. ... 1989.

41. Жексембаева Ғ. Кірме сөздердің қазақ тіліндегі сөз тудыру процесіне қатысы туралы. //Мақалалар жинағы. –Алматы, 1985.

42. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. 1972.

43. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы: Фонетика. Морфология. –Алматы, 1981.-208б.

44. Токқожаева О. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұялар сөздігі 1996.

45. Токтарова Т. Бір буынды салт етістіктен жасалғын етістік негізді сөзжасамдық ұядағы туынды түбірлер. //Қазақ тілі: Фонетика, лексика грамматика. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 1999.

46. Оралбаева Н. Сөзжасамдық саты. //Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері.-Алматы, 1998. 3-6 б.

47. Есімсеитов Б., Қоқышева Н. Ақ етістігінен жасалған сөзжасамдық ұядағы сөзжасамдық тізбектердің құрамы. //Қазақ тілі және оны үйретудің әдістемелік. Конференцияның материалдары.- Алматы, 1999. -35-39 б.

48. Қоқышева Н.Ш. Қазіргі қазақ тіліндегі дене мүшелері атаулары негізіндегі сөзжасамдық ұялардың сөзжасамдық сатыларындағы туынды сөздер. Филол.ғыл.канд.дисс. ... авторефераты. –А., 2001.

49. Бейсамбаева З. Сөзжасамдық оқытудың ғылыми – әдістемелік негіздері. –Алматы, 1998.-219б.

50. Тихонов А.Н. Формальноөсимантические отношения слов в словообразовательном гнезде. Дисс. ...док.филол.наук.-М., 1974-1с.433.

51. Гинзбург Е.Л. Исследование гнезд сложных слов в русском языке на базе апплекотивной модели. Дисс. ...канд.филол.наук. – М., 1967.- с.154.

52. Шевчук В. Деривационная структура от глагольных словообразовательных гнезд в современном английском языке. Дисс.канд.филол.наук. –Калинин, 1973.-с.257.

53. Шишкина А.С. Система отменных гнезд современного английского языка. Дисс. ... канд.филол.наук. –М., 1979.-С156.

54. Юсупова Н.Г. структура словообразовательных парадигм имен существительных в современном русском языке. Дисс. ...канд.филол.наук.-М., 1980-с.211.

55. Лукашенец А.Л. Словообразовательные гнезда глаголов в русском и белорусском языках. Дисс. Канд.филол.наук. –М., 1981. –с.206.

56. Зализняк А.Ш. Структурно – семантический анализ словообразовательного гнезда *бить*. Атореф. Дисс. ... канд.филол.наук. –Ташкент. 1981.- с.20.

57. Васильевич А.Я. Словообразовательные гнезда корней слов со значением мышления в современном украинском языке. Дисс. ...канд.филол.наук. –Запорожь., 1984. –с.178

58. Кидирбаева Р.А. Структура словообразовательных гнезд с исходным словом – именем существительным в современном русском языке. Дисс. ... канд.филол.наук. –Алматы, 1985-с.154.

59. Белявская О.Н. Структурно – типологическая характеристика словообразовательных гнезд с общим исходным

глагольным словом в русском и белорусском языках. Дисс.канд.филол.наук.-Минск, 1986.с.-220.

60. Хамраев Б.Д. Типология словообразовательного цепочек наименования лица в современном языке. Дисс. ... канд.филол.наук. –М., 1987.-с.123.

61. Тышквивская Н.Я. Семантика – словообразовательная структура гнезд слов со значением чувств в современном украинском языке.Дисс. ...канд.филол.наук. –Киев, 1987. –с.150.

62. Бондаренко И.В. Словообразовательное гнездо омонимов в современного русского языка. Дисс.канд.филол.наук. –Одесса, 1988. –с.207.

63. Борисова Л.П. развитие словообразовательных гнезд с синонимичными исходными словами. Дисс.канд.филол.наук. – Донец, 1989.-с .246.

БӨЛІМ 10

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ (ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ) ӨМІРШЕҢДІГІНЕ ЫҚПАЛЫ

Ғазиза Шойбекова

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ (ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ) ӨМІРШЕҢДІГІНЕ БЫҚПАЛЫ

Ғазиза Шойбекова

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің
қауымдастырылған профессор, филология ғылымдарының
кандидаты*

Техника ғылымының қарқынды дамуының нәтижесінде пайда болған технология мен олардың қызметтеріне қатысты атаулар, жаһандану мен ғаламтордың, БАҚ қызметі белсенділігінің артуы (интернет, компьютер, телефон СМС-тері қызметі, т.б.), ғылым мен ғылым тілі арқылы терминдік қабаттың көбеюі, т.б. мәселелер адамзаттың өміріне қажеттігін байқатады. Сонымен қатар бұл аталғандардың бәрі де тілсіз жүзеге аспайтын, тілсіз орындалмайтын категорияларға жатады. Кез келген ақпараттық технология құрылғылары арқылы орындалатын әрекеттің сол техника тілі арқылы жүзеге асатынын көрсетеді. Мәселен, осы мақаланы жазу барысында пандемия кезінде үйде отырған мен ноутбугімде бар материалдардан қарадым, интернет желісінен оқыдым, скачать етіп алдым, копировать етіп алдым да, сохранить етіп, одан кейін оқып отырып, керек жерлерін қажетіме жараттым. Осы әрекеттерді орындау үшін гуглға жаздым, найтиға бастым, уикипедияға жүгіндім, т.т. Осылай жалғаса беретін әрбір әрекетім ақпараттық технология тілі арқылы орындалып жатыр. Бірақ байқасақ, таза қазақ тілінде орындалып жатпағандығын көреміз. Бұл әрекетті тек біз (мен) ғана, осындай аралас тілдік бірліктер арқылы орындап отырған жоқпыз, қашықтықтан жұмыс істеу кезінде онлайн коммуникацияға түскен кез келген адам дәл осы әрекетті қайталап отырғанына сенімім мол. Демек, осындай аралас тіл арқылы бірнеше адам (яғни қазақ) өзара тілдік байланыс орнатып отыр. Осы байланыс күнделікті қайталанғанда сіздің пайдаланған лексикалық бірлігіңіздің қаншасы таза қазақша сөздер болғанын есептей алдыңыз ба? Міне, егер сіз ойланып қалған болсаңыз, ендеше, осы жағдайда қазақ тілінің өміршеңдігі туралы айту мүмкін бе? Бұл сұрақтар қазіргі таңда ақпараттық технология тілінің қазақыландырылуы (қазақыландырылған ғой, негізі, бірақ ол дискурсқа түспей тұр ғой) қажет екенін немесе

шеттілдік сөздердің ұлттық тілдің заңдылығына сәйкес өзгеру қажеттігін тудырып отыр.

Ақпараттық технология түрлеріне байланысты түрлі ақпараттық процестер орындалып жатады. Ақпаратты жинау, ақпаратты өңдеу, ақпаратты жеткізу, ақпаратты сақтау, ақпаратты ұсыну, ақпаратты пайдалану, ақпаратты қорғау т.б. сынды түрлерін орындау барысында қолданылатын лексикалық бірліктер – ақпараттық технология тілдік бірліктерін, сонымен қатар терминдерін қалыптастырады. Ақпараттық технологиялардың негізгі көзі компьютер, ноутбук, смартфон, планшет т.б. болса, осы техникалардың қызметтері бірыңғай ақпарат беру, алу болса, қызметтері де ұқсас болады.

Әр тілдің сөз жасау жолдары, тәсілдері бар. Кезінде ұлт тілінде термин жасаған ұлт зиялыларының тілді жақсы білуімен қатар, тілдің заңдылықтары мен сөзжасам тәсілдерінен хабары мол болғанын байқауға болады. Оған Ахмет Байтұрсынұлының, Елдес Омарұлының, Нәзір Төрөқұлұлының, Мағжан Жұмабайұлының, Жүсіпбек Аймауытұлының, Халел Досмұхамедұлының, Жұмахан Күдериннің, Сұлтанбек Қожанұлының, Телжан Шонанұлының т.б. өткен ғасыр басындағы қазақтың ғылым тілінің қалыптасуына атсалысқан алаш азаматтарының жасаған терминдері мен жазған еңбектері дәлел бола алады.

Кеңес одағы халықтарына ортақ терминологиялық қор қалыптастыру бағытын ұстанған кезеңде ұлт тіліндегі термин шығармашылығы қолдан жасалған дағдарысқа ұшырады. Сол себепті тіліміздің сөзжасам тәсілдері іске қосылып, қажетті дәрежеде кәдеге жаратылмады. Орыс тіліндегі терминдердің тұлғасын сақтап аудару үшін толық және жартылай калька тәсілі ғана біршама пайдаланылды. Нәтижесінде терминқорымыздағы ұлт тілінде жасалған терминдеріміздің үлесі өте төмен болып шықты. Егер отызыншы жылдарға дейінгі алаш оқығандары секілді әр саланың терминдерін өз тілімізде жасауға үлкен мән беріп, бұл іске белсене араласып отырғанда қазір терминжасамның үлгілері орнығып, термин шығармашылығындағы төл тәжірибе мен ұлттық дәстүріміз қалыптасқан болар еді деген пікірлерді Қ. Шерубайұлының «Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары» атты еңбегінен көруімізге болады [1, 2004: 19].

Ғалымның сөзінің жаны бар. Біздің қазақ тіл білімінде тек 90-жылдардың басынан бастап қана ұлт тілінде термин жасау ісі қайта қолға алына бастағандығы айқын.

Профессор А.Б. Салқынбай «Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект)» атты монографиясында тарихи сөзжасамға қатысты проблемаларды көтеріп, сөзжасам жүйесінің зерттелуін, семантикалық табиғатын, тіл табиғатының лингвогенездік негізін терең зерделей отырып, сөзжасам саласының жекелеген тәсілдері бойынша жасалған атауларды нақты деректермен дәлелдейді. Фонетика-семантикалық, синтетика-семантикалық, аналитика-семантикалық тәсілдердің сипатын, парадигматикасы мен синтагматикасын, тілдің этнологиялық таныммен байланысын жүйелі түрде зерттеген [3]. Осы тәсілдер арқылы ақпараттық технология терминдерін ұлттық таныммен байланыстыра жасау қажеттігін ұғындырады.

Қазақ әдеби тілін, оның өміршеңдігіне қатысты ғылыми зерттеулер жүргізген профессор Б. Момынова компьютерге, тұрмыстық техникаға байланысты терминдер қытай тіліне толық аударылғандығын, жергілікті қазақтар да соған орайластыра компьютерге байланысты және кез келген тұрмыстық техника атауларын қазақ тіліне аударып алғандығын мақаласында жазады. «Қолтелефонды (мобильді телефон), бірақ студенттер колфон деп қысқартып атайды, тетіктерін аудару да жергілікті қазақтар үшін өте жеңіл іс. Енді кейбір аудармаларын келтіріп көрелік: тінтуір–мышь, тілтақта-клавиатура, нұртабақ-диск, бармақдиск-флешка, көрсеткі-экран, қатты диск-жесткий диск, вирус ену – құрттап кету, рабочий стол – үстел бет, қосамжар дыбыс – медиадыбыс, терезелік – окно, мүше, торап ат, кілтсөз (пароль), тораптас, бекет жауапкері, бекет бастығы, әріпсәйкестіргіш, сәйкестіргіш, әріпалмастырғыш, достық жалғаным, лездік жалғаным, жолдама, нұрбелгі (курсир), бостық кнопка (пустой удар), ақылы деталь (интернеттегі ақылы материалдарды түсіріп алу), ақысыз, ортақ деталь, ғаламтор (интернет), торап жарнама, сұхбат үні, тораптық қазына, аманат, торап сөздігі, ерен електеме, кері қайтару, торап ескертпесі, т.б., сол сияқты сабақхана-аудитория, естелік жазу – лекция жазу, шоғыр мектеп – университет, ұлттықтар – ұсақ ұлттар (диаспора немесе өзге ұлттар), ұласпалы кино – көп сериялы фильм, қанбасым – қанқысымы, төреқамақ – домашний

арест сияқты сөздердің аудармасын еркін қолданатындығын айтады. Сондай-ақ Қытай қазақтарының компьютер тілін түгел қазақшалап, терминдердің сөздігін шығарып қойғандығын да осы мақаласында айтып өтеді [4, 76 б.]. Бірақ біз бұл сөздікті әлі көре алмадық. Шыңжаң университетінің профессоры А. Міркамалмен хат алысу барысында түйрек, торап, лездік жалғаным деген терминдерді оқығаным бар. Профессордың түйрек деп тұрғаны – кәдімгі ворд файл. Осы файлдың негізгі бейнесі скрепкимен белгіленген. Скрепкидің қызметінің бірі қыстырудан өзге түйреу болатын болса, осы қызметіне сәйкес Қытай қазақтарының тілінде түйрек деген атауға ие болып тұрғанын көреміз.

Қазіргі ұлттық әдеби тіліндегі терминдерді жасауда пайдаланылып жүрген сөзжасамдық жұрнақтар

1-кесте – Компьютер терминдерін жасаушы жұрнақтар

№ Жұрнақ түрі Сөз Өзге тілдегі түсіндірмесі, атауы
Жасалу негізі

1	-ма, -ме	батырма //түйме	кнопка	Етістіктен жасалып тұр
2	-іш	жүктеуіш	загрузка	Зат есімді етістіктен жасалып тұр
3	-ын, -ін	ағын	поток	Етістіктен жасалып тұр
4	-сыз, сіз	адрессіз	безадресный	Зат есімнен жасалып тұр
5	-мақ, -мек	аумақ	область	Өлі түбірден
6	-ғы, -гіқұрылғы	устройство		Етістік
7	-ты, -ты	тұрақты	постоянный	Етістік
8	-ын, -ін	ағын	поток	Етістік
9	-тық, -тік, -лық, -лік	биіктік, аралық	высота,	интервал
		Көмекші есім, сын есім		
10	-ма, -ме	сүңгіме	штепсель	Өлі түбірден жасалған зат есім
11	-шы, -ші	әкімші	администратор	Зат есім

12	-уыш, -уіш	бағыттауыш, бейімдеуіш	направляющие,
	адаптер	Зат есім	
13	-қыш, -кіш	бекіткіш, бергіш	фиксатор, датчик
		Етістік	
14	-ық, -ік	бөлік, кетік	часть, пробел
			Етістік
15	-ым, -ім	бөлім	раздел
			Етістік
16	-ын, -ін	буын	поколение
			Зат есім
17	-ақ, -ек	жинақ	набор
			Етістік
18	-малы, -мелі	қайталамалы	с повторением
			Етістік
19	-лым, -лім	қайталым	цикл
			Етістік
20	-дақ	құндақ	кассета
			Өлі түбір

Жоғарыда берілген кестеде әртүрлі сөз таптарынан зат есім туғызатын сөз тудырушы жұрнақтар берілді. Олардың бірі сөзжасам, терминжасам барысында жиі қолданылып жүрген өнімді (құнарлы) жұрнақтар болса, екіншілері бірді-екілі ғана сөздерді жасауға қатысқан өнімсіз (құнарсыз) жұрнақтар. Алайда жұрнақтың өнімді немесе өнімсіздігі оның тұрақты сипаты деп тануға болмайды. Бір кездері өнімсіз болып келген жұрнақтарды термин шығармашылығында жиі пайдаланып, оның сөзжасам белсенділігін арттыруға болады. Сондықтан өнімсіз деп танылып келген кез келген жұрнақтың белгілі бір кезеңдерде өнімді жұрнаққа айналуы әбден мүмкін.

Берілген мысалдардан көріп отырғанымыздай информатика және есептеуіш техника терминологиясында қазақ тілінің табиғи қалыбы негізінде жасалған, аудармасы да қазақи сипатта деуге болады. Егер қазақ тілінің төл ұғым-түсінігі негізінде қалыптасса, оларды ұлттық әдеби тілінің элементі бола алады деп санаймыз.

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған компьютер терминдері

Ұлттық терминқорымызда аналитикалық жолмен жасалған терминдер өте мол [2, 1992: 58]. «Терминологиялық лексикамыздың қомақты бөлігін екі, үш немесе одан да көп сыңарлы терминдердің құрайтынын ескерсек, терминжасамның

бұл тәсілін арнайы қарастырудың, жан-жақты зерттеудің мәні зор екендігі сөзсіз» [1, 2004: 555].

Аналитикалық тәсіл ретінде қарастырылып жүрген сөзжасам амалдары жөніндегі осы саланы арнайы зерттеп жүрген ғалымдарымыздың пікірлері әр уақытта сәйкесе бермейді. Оны белгілі тілші-ғалымдардың мына төмендегі жазғандары анық көрсетеді.

2002 жылы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты шығарған көлемді еңбектің бірі саналатын «Қазақ грамматикасы» авторлары – «Біріккен сөздер дүниежүзіндегі тілдерге өте кең тараған. Олардың аналитикалық тәсіл арқылы жасалатыны да ғылымда әбден танылған» және «қос сөздер тілдің аналитикалық тәсілінің қосарлама тәсілі арқылы жасалады», – деп жазады [5, 2002: 253-256]. Қазақ әдеби тіліне аналитикалық тәсілді негізге ала отырып жасалған (аударылған) терминдердің қосқан үлесі туралы арнайы зерттеу жүргізіп, олардың қолданылу аясын, деңгейін анықтау қажет деп санаймыз.

2-кесте – Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған компьютер терминдері

№

	Термин	Уәждеуші сөз	Өзге	тілдегі
	түсіндірмесі, атауы	Жасалу негізі		
1	Айналдыру жолағы прокрутки	Айналу + жолақ Етістік + зат есім	Полоса	
2	Ақпараттық ұрлық (Plagiarism)	Ақпарат + ұрлық Етістік	Плагиат	
3	Ақпараттық іздестіру жүйесі	Ақпарат + іздестіру + жүйесі	Ақпарат + іздестіру + Зат есім + зат есімнен жасалған етістік + зат есім	
4	Информационно-поисковая система	Аспаптар тақтасы инструментов	Аспап + тақта Зат есім + зат есім	Панель
5	Әдістемелік жасақтама	Әдістеме	+	жасақ
	Методическое обеспечение	Зат есім + зат есім		

- 6 Бағдарламалық жасақтама Бағдарлама және жасақтама
Программное обеспечение Зат есім + зат есім
- 7 Бас мәзір Бас және мәзір Главное меню Зат
есім + зат есім
- 8 Басқару тақтасы Басқару және тақта Панель
управления Зат есім + зат есім
- 9 Бүкіләлемдік өрмек (Ғалам тор) Бүкіләлемдік өрмек
Всемирная паутина – World Wide Web (WWW) Зат есім +
зат есім
- 10 Гипермәтін Гипер + мәтін Гипертекст Сын есім +
зат есім
- 11 Жедел жад – Жедел + жад Оперативная память Сын есім +
зат есім
- 12 Электрондық пошта Электрондық + пошта
Электронная почта Сын есім + зат есім
- 13 Ахуал байты Ахуал (диалект) байты Байт состояния
Зат есім + зат есім
- 14 Ая түсі Ая түсі Цвет фона Зат есім
- 15 Байланыс желісі Байланыс желісі Линия связи
Етістік + зат есім
- 16 Байланыс желісі драйвері Байланыс желісі драйвері
Драйвер линии связи Етістік + зат есім + зат есім
- 17 Байланыс жиілігі Байланыс жиілігі Частота связи
Етістік + зат есім
- 18 Байланыс құралы Байланыс құралы Средство связи
Етістік + зат есім
- 19 Баспа тығыздығы Баспа тығыздығы Плотность печати
Етістік + сын есім
- 20 Басып шығару жылдамдығы Басып шығару
жылдамдығы Скорость печати Етістік + етістік + сын есім
- 21 Бос жол Бос жол Пустая строка Сын есім +
зат есім

22 Бос ұяшық Бос ұяшық Пустая ячейка Сын есім +
зат есім

Бұл тәсіл қазақ тілінде де өнімділігімен ерекшеленеді. Олай болуының себептері арнайы зерттеуді қажет етеді. Алайда кейбір себептері туралы қазірдің өзінде айтуға болады деп ойлаймыз. Бір себебі – біздің терминологиялық лексикамыздың құрамындағы көпкомпонентті терминдердің басым бөлігі орыс тілінен тікелей аударылып алынған. Терминологияда бір арнаулы ұғымның екіншісімен түрлі байланысын көрсететін, тегі бір ұғымдардың түрлерін білдіретін атаулар жиі ұшырасады. Әдетте ондай атауларды бір сөзбен беру оңай бола бермейді.

«Сөзтіркесім – жаңа сөз жасаудың ең өнімді жолы. Қазақ тілінде зат немесе құбылыстың атын тіркестіріп атау жиі ұшырайды. Бұл сөздер аталым (номинация) дәрежесіне жеткен сөздер. Егер сөз тіркесі лексикалық тұтастыққа айналып, аталым дәрежесіне ие болғанда сөз тіркесі қызметін тоқтатады. Мұндағы басты қасиет – ұғымның атауы дәрежесіне жетуі» [1, 2004: 56].

Біздің терминологиялық лексикамыздағы сөздердің тіркесуі арқылы жасалған терминдердің үлес-салмағы әзірге статистикалық тұрғыдан дәл көрсетілген емес. Дегенмен, кейбір арнаулы салалардың терминдер жүйесін зерттеген еңбектердің нәтижесіне қарағанда қазақ терминологиясында да көп сыңарлы терминдердің 60 пайыздан (ең кем дегенде) аз болмайтыны байқалады. Ендеше мұндай өнімді тәсілдің лингвистикалық табиғатын арнайы зерттеп, термин шығармашылығында тиімді пайдаланудың қажеттігі күмән туғызбайды. Солай бола тұрса да, бұл мәселенің әлі басы ашылмаған, ара-жігі ажыратылмаған қырлары жеткілікті. Жалпы қазақ терминологиясында ең аз зерттелген мәселенің бірі осы көп сыңарлы терминдердің тілдік табиғаты.

«Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты ұжымдық монографияның авторлары аналитикалық тәсілдің ішкі түрлерін атап көрсетіп, олардың әрқайсысына анықтамалар берген [6, 1989: 63]. Төмендегі аналитикалық тәсілдің жіктелуі мен анықтамалар осы еңбек бойынша беріліп отыр.

Олар: 1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту. Сөзқосым тәсілі арқылы біріккен, кіріккен атаулар жасалады. Ондай атаулар қазақ тілінде көптеп саналады. «Біріккен сөз дегеніміз – жеке-дара сөздердің өзара шоғырлана тұтасуынан жасалған дербес лексика-грамматикалық мағыналары бар туынды сөздер» [7, 2002: 36].

Дегенмен, қазіргі сөзжасам саласының дамуы аталған түрлердің біразы сөз жасай алмайтындығын көрсетті.

3-кесте – Өзге тіл лексикалары арқылы жасалған компьютер терминдері

№	Термин түсіндірмесі, атауы	Уәждеуші сөз Жасалу негізі	Өзге	Тілдегі
1	Файл	Файл	Файл	Зат есім
2	Блок-схема	Блок-схема	Блок-схема	Зат есім + зат есім
3	Веб-бет	Веб-бет	Веб-страница (Web page)	Зат есім + етістік + зат есім
4	Веб-сайт (Web site)	Веб-сайт	Веб-сайт (Web site)	Зат есім + зат есім
5	Кәбіл	Кабель	Кабель	Зат есім

Бұл терминдердің ерекшеліктері таза өзге тіл терминдерінен және қазақ тілі сөздерімен араласып келуінде деуге болады. Кестеде компьютер терминдерінің өзге тілді терминдері мен аналитикалық тәсіл арқылы жасалған, оның ішінде қосарлану арқылы жасалған терминдер беріледі. Демек, қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген компьютер терминдерінің бір ерекшелігі терминдердің атқаратын қызметтеріне қарай қосарланып берілуінде. Түпнұсқа тілінде бұл терминдер ешқандай дефиссіз берілмейді. Ал орыс тілінде дефис арқылы жазылса, біздің қазақ тілінде де дефис арқылы беріледі. Демек, қазақ тілі терминологтары бұл терминдерді аударғанда немесе пайдаланғанда дефистің атқаратын қызметтерін ескермейтін секілді. «а) Лексикалық мағынасын сақтаған сөздерден жасалған күрделі сөздер арасында:

инженер-технолог, батыр-ұшқыш; қос сөздердің арасында: ел-жұрт, алай-дүлей; сөзді тасымалдағанда; реттік сан есімдерді қолданған жағдайда: 3-жыл, 5-рет; -ақ, -ау, -мыс, -ды демеуліктері тіркескен жағдайда: айтады-мыс, келмеді-ау; қосымшаларды ерекшелеп көрсетуде: -ған, -ген, -мын, -мін; екі сөзден тұратын фамилияларда, адам аттарында, жер-су атауларында: Нұр-Сұлтан, Тұрсын-заде, Салтыков-Щедрин т.б. [<https://egemen.kz...> 2019; 6].

Демек, осы дефис қойылатын жағдайлардың лексикалық мағынасын сақтаған сөздерден жасалған күрделі сөз дегенге сай келеді. Бұл – біздің қазақ тіліндегі дефис арқылы жасалған сөздердің алғашқы компоненті анықтауыш, айқындауыш қызметінде жұмсалатын секілді. Мысалы, веб-сайт дегенде жай сайт емес, веб екенін көрсетіп тұр.

Калькалау – терминжасам тәсілі арқылы жасалған компьютер терминдері. Калькалау – өзге тілдердің терминдерінің жасалу үлгісі мен мағынасын пайдалана отырып, ұлт тілінде термин жасау болып табылады.

Кальканың тілдік табиғаты түрліше түсіндіріледі. Мысалы:

а) Калькалау термин шығармашылығында айрықша орын алады, осының өзі оны терминжасамның жеке амалы ретінде қарастыруға негіз болады.

ә) Калькалауды сөз алмасудың байқалмайтын түрі, оны «жасырын сөзалмасым» немесе «жабық сөзалмасым» (скрытое заимствование) деп түсіну керек.

б) «Калькалау терминдену, терминжасам және терминалмасым сынды негізгі үш тәсілдің бірігуінен (қиылысуы мен өзара әсерінен) тұрады» [8, 1989: 219].

Калькада алдыңғы екі (а, ә) түрлі сипаттың болуын жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен үшінші тұжырымның негізі берік деуге болады. Калькалау барысында өзге тілдегі сөздің мағынасының, құрылымының пайдаланылатыны рас. Өнімділігіне қарай жеке тәсіл ретінде танылып, өзге тілден сөз алынбай ұлт тілінің өз сөзі пайдаланылатындықтан оны «жасырын сөзалмасым» немесе «жабық сөзалмасым» дейтіні де сондықтан. Калькалау барысында бір тілден екінші тілге сөз мағынасы да,

сөздің құрылымы да алмасумен қатар нәтижесінде қабылдаушы тілде жаңа термин жасалады. Яғни мұнда тіларалық терминдену мен терминжасамдық сипат бар. Сол себепті калькалауды үш тәсілдің бірлігінен тұратын, терминжасамның құранды тәсілі ретінде қарастырудың негізі бар.

4-кесте – Төл сөздерден жасалған компьютер терминдері (неологизмдер)

№	Термин	Уәждеуші сөз	Өзге	тілдегі
	түсіндірмесі, атауы	Жасалу негізі		
1	Баған	Баған	Столбец	Зат есім
2	Бағана	Бағана	Колонка	Зат есім
3	Деректер	Деректер	Данные	Зат есім
4	Десте	Десте	Пакет	Зат есім
5	Есеп	Есеп	Задача	Зат есім
6	Көз	Көз	Источник	Зат есім
7	Мәнер	Мәнер	Стиль (стиль шрифта)	Зат есім
8	Меңзер	Меңзер	Курсор	Етістік

Бұл сөздер өзіміздің төл тілімізде бар болғанымен, компьютер, компьютер тілі келгенше термин ретінде қолданылмаған болатын. Сондықтан, бұл сөздердің калька тәсілімен жасалған деуімізге осы сөздер толық дәлел бола алады.

Әрине, өзге тілдердегі элементтерге орынсыз көп жүгінудің реті жоқ. Алайда қажет болып жатса, А. Байтұрсынұлы айтқандай өз тіліміздің заңдылығына салу керектігін естен шығармағанымыз жөн. Калькалауды механикалық түрде айнытпай көшіру деп қана қабылдамай, оның белгілі дәрежеде шығармашылық процес екендігін де ескерген дұрыс.

Жалпы қай тәсілмен болмасын жаңа сөз, жаңа термин жасау оп-оңай шешімін табатын, әркімнің де қолынан келе беретін

бұқаралық іс емес. Бұл – арнайы біліктілікті, машықтануды, көп ізденісті қажет ететін, шығармашылықпен жүзеге асатын жұмыс.

Қазақ тіліндегі термин (сөз) жасамның бір жолы, сонымен қатар өнімді тәсілі деп атауға болатын бір тәсіл – семантикалық тәсіл.

Лексикалық жолмен жасалған компьютер терминдері.

5-кесте – Лексикалық жол арқылы жасалған компьютер терминдері

№	Термин	Уәждеуші сөз	Өзге	тілдегі
	түсіндірмесі, атауы	Жасалу негізі		
1	Бланк	Бланк	Бланк	Зат есім
2	блютуз	Блютуз	Блютуз	Зат есім
3	Буфер	Буфер	Буфер	Зат есім
4	Дизайн	дизайн	Дизайн	Зат есім
5	Дискі	Диск	Диск	Зат есім
6	Монитор	Монитор	Монитор	Зат есім
7	Модем	Модем	Модем	Зат есім
8	Кластер	Кластер	Кластер	Зат есім
9	Код	Код	Код	Зат есім
10	Коллектор	Коллектор	Коллектор	Зат есім

Семантикалық тәсіл арқылы жасалған компьютер терминдері

Әсіресе, бұл тәсіл термин сөздердің жасалуында (негізінде, бірінші сөз жасалады, термин деп танылуы кейінгі үрдіс) жиі кездеседі. Ғылыми еңбектерде бұны әртүрлі атап жүр. Мәселен, түрколог ғалым К.Мұсабаев терминжасамның бұл өнімді тәсілін халықтық лексиканың терминденуі деп атаса, Ө.Айтбаев бұл тәсілді мәністік тәсіл, А. Салқынбай семантикалық тәсіл, Ш.Құрманбайұлы оны терминдеу деп атайды.

«Терминжасам құбылыстарында семантикалық тәсіл немесе мәністік тәсілдің кең үрдіс алғандығын атауға болады. Ө.Айтбаев «сөздердің қызмет аясының кеңеюі, мағына жылжымалылығы,

жаңаша мән жүктелуі» сияқты процестердің терминдену тенденциясына айналғанын айтады [9, 2003: 3]. Семантикалық тәсіл – сөз (тержасаудағы негізгі тәсілдерінің бірі ретінде терминологиялық лексика қабатының толығы, байи түсуіне үлкен септік жасайтын негізгі амалдың бірі.

6-кесте – Семантикалық тәсіл арқылы жасалған компьютер терминдері

№	Термин	Уәждеуші сөз	Өзге	тілдегі
	түсіндірмесі, атауы	Жасалу негізі		
1	Жою	Жою (тұйық етістікті форма)	Удалить	
2	Анықтау	Анықтау (тұйық етістікті форма)	Определение	Етістік
3	Арна	Арна	Канал	Зат есім
4	Атқару	Атқару	Исполнение	Етістік
5	Аудару	Аудару	Транслировать,	трансляция
	Етістік			
6	Безендіру	Безендіру	Иллюстрация	Етістік
7	Желі	Желі (малды желіге байлау)	Желі	– Сеть
	(Network)	Зат есім		
8	Адрестеу	Адрестеу етістігі	Адресация	Зат есім
9	Арна	Арна	Канал	Зат есім
10	Аяқтау	Аяқтау	Завершение	Зат есім
11	Өзірлеу	Өзірлеу	Разработка	Етістік
12	Бекіту	Бекіту	Фиксация	Етістік
13	Белгілеу	Белгілеу	Разметка	Етістік
14	Бет	Бет	Страница	Зат есім
15	Беттеу	Беттеу	Верстка	Зат есім

Жалпы лексикадағыдай арнаулы лексикада да көпмағыналық, омонимия, антонимия, синонимия сияқты семантикалық процестердің болып жататындығы жаңалық емес [10, 1991: 82]. Терминге қойылатын талаптар тұрғысынан қарағанда, әсіресе, көпмағыналық пен синонимияның арнаулы лексика үшін қажетсіздігіне, тіпті зиянды екеніне қарамастан терминологиядан орын алып жүргендігі айтылып та жүр. Ал омонимия мен антонимия арнаулы лексика үшін соншалықты жат құбылыс емес. Олар алдыңғыларға қарағанда терминологияда жиі ұшырасады.

Ақпараттану саласындағы желі термині де жалпы қолданыстағы желі сөзінің бірінші мағынасымен дәл солай сәйкес келеді. Желі І. 1. Құлындарды байлау үшін екі қазыққа кере тартылған арқан. Ауысп. Бір нәрсенің бағыты, ұзын-ырғасы. 3 электр жүйесі; телефон торабы. 4. Негіз, арқау, өзек [6, 1989: 192]. Жалпы қолданыстағы сөзге қарағанда термин дефинициясының нақтылығына, ғылымилығына, ұғымдық белгілерінің дәлдігіне қарамастан, бұл жағдайда термин мен термин емес сөзді омоним деп қарауға негізіміз жоқ. Желі сөзінің лексикалық мағынасы мен терминдік мағынасы астасып, бірінен-бірі туындап тұр. Ендеше, жалпы қолданыстағы сөздің терминологиялық өріске енгізілуі арқылы (терминдік мағынаға ие болуы) жасалған терминдердің бәрі бірдей өзінің жасалуына негіз болған сөзбен үнемі омоним бола бермеуі де мүмкін. Дәлірек айтқанда, терминденген сөз өзінің бастапқы білдіретін ұғымынан басқа ұғымның атауы болса ғана жүйеаралық омоним туындайды. Көбінесе, терминдердің жалпы лексикадағы сөздермен омоним болуының бір себебі – белгілі бір тілдің арнаулы лексикасы сол тілдің жалпы лексикасының негізінде жасалып қалыптасады. Сөз белгілі бір ұғымға таңылып, нақты дефиницияға ие болып терминдік мағына жүктеуінің нәтижесінде омоним пайда болады. Бір ғана сөз белгілі бір терминологиялық өріс ішінде термин қызметін атқарса, одан тыс жерде сөзге тән қасиеттеріне ие болып контекстке байланысты түрлі мағынада қолданыла алады [11, 2006: 88].

Негізінен, тілдің өміршендігі деген ұғым тілдің ішкі мүмкіндігінен гөрі сыртқы экстралингвистикалық әсерлерге байланысты болып келеді. Жоғарыдағы біз жазып отырған мәселелерге белгілі бір экстралингвистикалық факторлар әсер етуде. Ол факторлар біздің тілімізде *сохранить, найти, скачать, копировать, добавить,*

конвертировать, выделить, удалить, вставка, главная, разметка страницы, параметры страницы, рецензирование, вид, формат страницы, заголовки, название, переименовать... деп келетін компьютеріңіздің бүкіл қызмет атауларын түгелдей орысша атауға тура келеді. Бұл, әрине, монитор бетіндегі жазулардың орысша болғандығының себебі. Біздің қазақ тілінде осы атаулардың бәрінің де қазақшасы бар. Мысалы: сохранить – сақтау, скачать – көшіру, загрузить – жүктеу, выделить – белгілеу, ерекшелеу, вид – түрі, удалить – жою, вставка – кірістірме (кірістіру), главная – бас..., разметка страницы – беттерді белгілеу, параметры страницы – бет параметрлері, рецензирование – пікірлеме, формат страницы – бет пішімі, заголовки – тақырыптар, название – атауы, переименовать – атын өзгерту. Бұл аудармалар 2014 жылы жарық көрген 452 беттен тұратын 10 000-ға жуық термин енген «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктің» «Информатика және есептеуіш техника» атты 3-томында берілген [13, 51 б.].

Программирование деген термин – программалау деп, ал рецензирование – пікірлеме деп аударылған. Орыс тіліндегі - ирова+ние – қосымшасының қазақ тіліндегі аудармасында –лау және –леме деген екі түрлі қосымша арқылы аударылғанын көреміз. Бұл әрекет түрлеріне орыс тіліндегі атауларына қатысты байланып қалуға болмайды. Осы бөліктерге берілген атаулардың ең бастысы атқаратын қызметтеріне байланысты болғаны жөн деп ойлаймыз. Тек осы уақытқа дейін пікірлеме деген сөздің қазақ тілінде жасандылық сипатқа ие болып, қолданылмайтыны, орныкпағандығы алаңдатады. Біздің ақпараттық технология саласына қазақша қызмет атаулары қосылған компьютер дайындау күн тәртібінде бірінші кезекте тұрған мәселе болуы шарт деп түйіндейміз. Себебі қоғамда орын алған пандемияға байланысты төтенше жағдай кезінде қазақ жұрты жаппай оқыту жүйесінде ақпараттық технологияларды пайдаланды. Демек, қазіргі кезде қазақ халқының үлкені (білім беру саласының қызметкерлері), кішісі (білім алушылар) қаншама орысша тілдік бірліктерді қолданып отырғандығын, санасына сіңіріп жатқандығын ойлану керек. Көз алдында орысша тұрған соң, міндетті түрде орысша оқып, коммуникативтік қажеттігіне пайдаланады. Қай тілде жазылып тұрса, сол тілде айтатынымызды,

қолданатынымызды, сол арқылы қазақ тілінің қолданысын тарылтатынымызды көрсетіп беріп отыр. Егер біз толыққанды қазақ тіліндегі нұсқаларын пайдаланғымыз келсе, осыны мәселе деп таныр болсақ, онда компьютер бетіндегі бүкіл атауларды қазақыландыруымызға тура келеді. Бұндай өзгетілдес атауларды еліміздің қаншама азаматтарының оның ішінде қазақ пайдаланып отырғандығын тізімдемей-ақ, қанша таза қазақтың пайдаланып отырғанын статистика арқылы біліп алуға олады. Егер Қазақстанда шамамен 19 млн қазақтың 1 миллионы телефон құрылғысын ұстамайтын, әлі тілі шықпаған бала деп санасақ, қалған 18 миллионы осы аралас тілді пайдаланып отыр деп есептей беріңіз. Осыдан кейін қазақ тілінің өміршеңдігі туралы ойлануға тура келеді. Бұл сұраққа жауапты өзіміз іштей біліп отырамыз. Олай болса, осы ақпараттық технологиялар тілін қазақыландыруға (қазақыландырылғанын пайдалануға) ұсыныс айтамыз. Ол үшін үш бағытта жұмыс істеуге болады деп санаймыз:

Бірінші, қазақ тіліне толық аударуға келетін, сол әрекеттің қызметін толық түсіндіре алатын атауды іріктеп алу; екінші, егер қазақ тілінде ондай лайықты атау болмаса, өзге түркітілдес халықтардың тілінен қарастыру керек (Бұл А. Байтұрсынұлының идеясы болған кезінде); үшінші одан да лайықты балама табылмай жатқан жағдайда шеттілдік сөздерді қазақ тілінің заңдылығына сәйкес аудармай-ақ өзгертіп алу мүмкіндігін пайдалануымыз қажет деп ойлаймыз.

Ғалым А. Жұмаділдаев: «қазақ бәйгеден озамын десе, технократтық елге айналуы керек» деген бір ғана нәрсені айтамын» дейді [14]. Әрине, қазақ елі технократтық елге айналуы керек болса, міндетті түрде технократия тілін жоғарыдағы үш түрлі жолмен қазақшалап отыру керек. Үнемі қазақшалау керек. Себебі күн сайын жаңа техника, сол арқылы жаңа атау кіреді. Мысалы, компьютер деген терминді өзге тілде компютер деп оқу, айту дәстүрі бар. Біздің қазақ тіліндегі нұсқасы – таза орыс тіліндегі нұсқасы. Егер барлық шеттілдік сөздерді орыс тілінің заңдылығымен айтып, жазатын болсақ, қазақ тілінің ішкі заңдылығы қайда қалды? Қажет болмаса, қазақ тілінің өз лингвистикалық заңдылығы не үшін керек? Міне, осындай сұрақтардан кейін тіліміз өз дербестігін сақтап қалу ойы болса, қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру керек екені дәлелдене түседі.

Бұны тек біз ғана айтып отырған жоқпыз. Бізге дейін де талай тіл мамандары айтып келе жатыр. Айтылып келе жатқанына да бір ғасыр уақыт болды. Тек біз ден қоя алмай келе жатырмыз деп ойлаймын. Ал тілдің күш-қуаты мен әлеует-қарамының мүмкіндігі зор екенін таныту үшін тілдің өміршендігін лингвистикалық заңдылықтар мен қағидалар арқылы дәлелдеу – бір сәт те естен шығаруға болмайтын мәселе.

Қазақ тілін өзге тілдер секілді (мәселен, орыс тілі) әлемнің тілдік бейнесін жасауға мүмкіндігі мол, кез келген пайда болған жаңа зат пен оның әрекетін атап көрсетуге тілдік мүмкіндігі толық жететін тіл деп санауға болады. Біздің оқытушылық тәжірибемізде немесе лингвист ретіндегі қоғамдағы орнымызды сынау мақсатында кей жағдайларда мынадай мәселелер кездесіп жатады: «Қазақ тілі орыс тілі секілді емес, кей ұғымдардың мәнін толық атауға құзіреті жетпейді. Егер жететін болса, свежий дегенді қалай атар едіңіз, вообще дегенді аударып беріңізші, уже дегенді ше» деген сияқты сұрақтар беру арқылы тұқыртқысы келеді. Кейбіреулер тұқыртуды емес, осы сұрақтарды қоюшылар ізімен қазақ тілін кемсіту мақсаты жоқ бола тұра, сұрайды. Бірақ олар осы сұрақтың астарында жатқан жымысқы ойды аса байыптай бермейді.

Адамзат баласының қажеттілігін өтеуге тілдің құзіреті жетеді. Тек соңғы жылдары техника ғылымдарының дамуына байланысты тілімізге қаншама тілдік бірліктер еніп жатыр. Шеттілдік сөздердің техника тілінің бірліктері ретінде аудармалары болмағандықтан немесе аударуға қиындық туғызғандықтан, немесе аударғанда мағынасын дәл бере алмаймыз-ау деген қорқыныштың салдары да бар.

Қазіргі кезде қазақ тіліне жанашыр кез келген азамат ұлттық тілдің өміршең бола алуы-алмауы туралы ойланып, дабыл қағуда. Бүгінде ғылым мен техниканың дамуына қатысты ең көп қолданылатын тілдік бірлік – ақпараттық технологияға қатысты атаулар. Себебі қай ғылымды алсаңыз да, өзінің нәтижелерін компьютер арқылы жазады, қағазға түсіреді. Күніне неше рет компьютер құралына отыратын болса, миында сонша рет ақпараттық технология сөздері жаңғырығып тұрады. Ол сөздер тек ана тілінде емес, керісінше компьютер пайда болған тілде немесе орыс тілінде. Міне, осыдан кейін ақпараттық технологияға

қатысты атауларды қазақшалау қажеттігі туындайды. Орыстар өз тілдеріне ауыстырып алып, оны өзге орыстілді меңгерген бұрынғы кенес үкіметі құрамындағы халықтар тілінде қолданып жүрген болса, демек, біздің тілімізде де оны аударып қолдану мүмкіндігі бар деген сөз.

Қорытынды. Қорытындылай келе, қазақ тіліндегі ақпараттық технологиялар саласының терминдері қазақ тілінің өміршеңдігіне сөздің құрам толтықтыру жағынан пайдалы болғанымен, ұлттық тіл жүйесіндегі орны тұрғысынан кері әсерін тигізері анық. Сөз тұрғысынан өзге тілдерде өмір сүру үшін және сол тілге кері әсерін тигізбеу үшін бірінші, ұлттық тілдің өзінен, екінші өзге түркі тілдерінен, үшінші ұлттық тілдің фонетикалық заңдылығын қабылдап кіру керек деп түйіндейміз. Компьютер терминдері синтетика-семантикалық, аналитика-семантикалық, семантикалық жолмен жасалады. Оның ішінде семантикалық тәсіл арқылы жасалған терминдер лексикалық және калька жолымен жасалатындығын байқаймыз.

Техникалық сала құрамындағы омоним-терминдердің салалық оқулықтардағы қолданысында біріздендіруді қажет ететін тұстар бар екені жоғарыдағы мысалдардан дәлелді болды. Ал бұл жұмыс тек сала маманы мен тілші-ғалымдардың бірлескен жұмысының нәтижесінде ғана мүмкін болмақ. Терминологиялық қорға жаңа атау енгізу үшін, ғалымдар оларды аудару, өз тілінен балама табу, тілдік заңдылықтарға сәйкестендіріп қабылдау, сол күйінде өзгеріссіз қабылдау сияқты түрлі тәсілдерді таңдауы мүмкін. Терминдерді тұрақтандырудың алғашқы сатысында жасалған қадам сөздің әрі қарай тек сол сала мамандарының ғана емес, ғылыми көпшіліктің де игілігіне жұмсалуына жол ашады. Сондықтан да терминдерді тілімізге енгізерде, жан-жақты ойланып, тілші-ғалымдар мен сала мамандарының пікірімен санасып, тұрақтап қалатын терминдер қалыптастыруды мақсат ету қажет.

Ақпараттық технология терминдерін сөздікке емес, дискурсқа түсіру қолға алыну керек. Ол үшін компьютер бетіндегі, ішіндегі бүкіл сөздерді қазақша нұсқасымен жаңа құралдар жасалу керек. Демек, қазақша компьютер. Немесе телефондағыдай тілін ауыстырып алуға болатындай мүмкіндік жасау керек. Міне,

осыдан кейін ғана компьютерге қатысты қолданылатын сөздердің бәрін компьютердің өзінде қазақша қолдану ғана біздің тілімізді өміршең етудің бір шарты болмақ.

Әдебиеттер

1 Құрманбайұлы. Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. – Астана, 2004.

2 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.

3 Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.

4 Момынова Б.Қ. Қазақ әдеби тілінің өміршеңдігі // С. Торайғыров атындағы ПМУ Хабаршысы. №3. 2010 ж.- 76 б.

5 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

6 Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.

7 Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002. – 112 б.

8 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: вопросы теории. – М., 1989. – С. 4.

9 Айтбаев Ө. Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел! // Егеменді Қазақстан. – 2003. – № 134 (23344). – 31 мамыр.

10 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 213 б.

11 Шойбекова Ғ.Б. Туынды сөздердің мағыналық ерекшелігі мен уәжділігі (семантикалық тәсіл). Филол. ғыл. канд. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2006. – 28 б.

12 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 10 томдық. – Алматы: Ғылым, 1974. – 1-т. – 696 б.

13 Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік/ жалпы ред. басқ. М.Б. Қасымбеков. Т.3. Информатика және есептеуіш техника. – 2014. – 452 б.

14 <https://baribar.kz/18625/asqar-zhumadildaev-qazaq-tilin-ghylymgha-aralastyruymyz-kerek/>

БӨЛІМ 11

ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ СЕМАНТИКАСЫ

Раушангүл Авакова

ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ СЕМАНТИКАСЫ

Раушангүл Авакова

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Түркітану
және тіл теориясы кафедрасының меңгерушісі
филология ғылымдарының докторы профессор
e-mail: r_avakova@mail.ru*

□1 Қазақ фраземикасындағы ұлт мәдениетінің көрінісі

XX ғасырдың соңына қарай мәдениетке ерекше көңіл бөлініп, мәдениет пен ұлт сабақтастығы, мәдениет пен әдет-ғұрып сабақтастығы қатынастарына орай зерттеудің жаңа тәсілдері мен жаңа нысандары қолға алынуда.

Бұрынғы гуманитарлық ғылымдарда орын алған үйреншікті, дәстүрлі зерттеулер мен көзқарастардың орнына, жаңа танымдық мақсаттар жүзеге асырылуда. Тіл біліміндегі эволюциялық даму – тарихилық пен сипаттамалықтан жүйелілік пен құрылымдылыққа дейін немесе коммуникативтік пен функционалдылықтың өзі біржақтылықты ғана керек етпейтін, көп аспектілі, сан қырлы қасиеттерге ие тілдің универсалды теорияларымен түсіндіру жеткіліксіз, қандай да бір формулаға бағындыруға бола қоймайтын және толыққанды топтастыруларға келе бермейтін құбылыс екені дәлелденді.

“Әлемдегі бірбүтін дамудың орталығы деп танитын мәдениет іспетті тіл де бізге өзінің қырлары мен сырларына, жұмбағы мен құпиясына толы шексіз қасиеттерін ашуда. Әлемді қалай көреміз, қалай түсінеміз, қалай сезінеміз деген мәселелер ғылымда көп зерттеле қоймаған, әлі де толықтырулар мен ізденістерді талап ететін зерттеулердің бірі болып табылады. Қарапайым тілдің логикалық жағы, әсіресе, эмоцияны, “сезімдік ойлауды” талап етпейтін жағдайда қасиеттері өте шектеулі”[Р.А. Авакова, 2013; 30 б.] .

Адамның шығармашылық қызметі мәдениетпен, әдебиетпен, тілмен қалай сабақтасады деген мәселемен семиотика ғылымы айналысады. Семиотика әдістері тіл білімінің фразеология саласында жиі қолданылады, яғни фразеологиялық фактілерді реконструкциялау негізінде – ұлттық мәдени дәстүрлерді анықтау (ұлттық мәдени архаиканың “консерванты” болып табылатын фактілердің тілдің фразеологиялық жүйесіндегі орны).

Соңғы жылдары тіл білімінде кеңінен құлаш алған, фразеологиялық қорды диахрондық тұрғыдан талдайтын этнолингвистика саласы кешенді түрдегі зерттеулер болып табылады. Белгілі бір халықтың ертедегі мифологиялық түсініктері, әлем моделдерінің дәстүрлі ерекшеліктері, ертедегі культтік сана-сезімдер мен дәстүрлері және т.б. тілдік дерек ретінде қарастырылады. Бұл салада Ресей ғалымдары, Н.И. Толстой еңбектері “Славян лексикологиясы және семасиологиясы” мен оның шәкірттері және Қазақстан тіл білімінде академик Ә.Т. Қайдар мен оның мектебі еңбек етуде. Бұл тұста фразеология этнолингвистикалық мағлұматтың қажетті ерекше деректері ретінде қарастырылады, оның табиғатындағы халықтық мәдениет (халықтық онотология, психология, ұлттық көзқарас және т.б.) тілде көрініс табады.

Ертедегі мифологиялық кодтардың көріністері (стихиялық, анималистік, вегативтік және т.б.) тіл фактілерін талдауда тарихи-генетикалық негіздерін анықтаумен қатар жүргізіледі. Қазақ тіл білімінде фразеологиялық “мифопоэтиканы” (әлем бейнесінің дәстүрімен байланысты тұрақты бейнелі бірліктер мен мифометафоралар) талдау арнаулы зерттеу нысаны болған емес.

Орыс тіл білімінде осы тұрғыдағы зерттеулерді В.М. Мокиенко мен оның шәкірттері қарастыруда. Бұл мектеп зерттеулерінде әдеби тіл фразеологиялық бірліктерге синхрондық және диахрондық тұрғыдан сабақтастыра талдау жасап, олардың құрылымдық-мағыналық модельдерін анықтап, ол модельдерді фразажасам принципі және мәдени таңбаның көрінісі деп дәлелдейді.

Адам сәби шағынан тілді, сол арқылы мәдениетті меңгергенде ғана адам болып қалыптасады. Халық мәдениетінің ұшқыр іздері тіл арқылы көрініс табады. Тіл нәзік болғанымен, оның табиғаты күрделі, сондықтан да әлем бейнесі адамзат тілінде әр қилы бейнеленеді.

Ғасыр соңында адамзат қоғамы әлем, дүние, қоршаған орта туралы барлық мағлұмат лингвистикалық каналдар арқылы беріліп, сонда сақталатынына көзін жеткізді. Адам сөз дүниесінде өмір сүреді, орасан зор мағлұматтарды адамзат сөз арқылы меңгеріп, сөз арқылы түсіне алады. Сондықтан да адамның тұлға ретінде жеткізіліп, өсуі оның сөзді қаншалықты дәрежеде меңгеруіне, сөз мәдениеті мен шеберлігін қаншалықты білетіндігіне тікелей тәуелді. Адамның қоғамдағы орны сөз әлемін меңгеру дәрежесіне, тіл құпиясы мен сырын қаншалықты ұғынуымен байланысты.

Сондықтан да тіл құпиясын ашу адамзат сырын танумен барабар. Тіл мәдениетінің қайнар көзі бола тұра, ол тілдің құрамдас бөлігі, сонымен қатар мәдениеттің өмір сүру шарты, тәсілі, мәдени кодтардың қалыптасу факторлары болып табылады.

Қазіргі ғылымда тіл теориясы мен мәдениет теориясының тоғысуында пайда болған тіл білімі саласы лингвистикалық мәдениеттану (лингвокультурология) деп аталынады. Лингвистикалық мәдениеттану ғылымы – тіл білімі мен мәдениеттанудың шегінде пайда болған, халық мәдениетінің тілдегі сақталған көрінісін зерттейтін сала.

Бұл саланың негізгі мақсаты – ата-бабалар рухани дүниесінің тілде қаншалықты дәрежеде көрініс тапқанын анықтау. Болжамды дәлелдеу мақсатында миф-мәдениет, миф-тіл, фразеологизм-миф концептері қарастырылды.

XX ғасырдың негізгі ерекшелігі – ғылыми білімінің әр түрлі салаларының өзара байланысының қарқынды дамуы. Гуманитарлық пәндер арасындағы бұндай синтез адамның іс-әрекеті мен қызметінің заттанған, таңбаланған нәтижелерін

өнбойына сіңірген мәдениеттің феномені ретінде қарастырылатын мәдениеттанулық зерттеулерден көруге болады.

Қазіргі уақытта В.Н. Телия сөзімен айтсақ, “тіл мен мәдениеттің арақатынасын синхрондық тұрғыдан зерттеу және сипаттау” лингвистикалық мәдениеттану пәнінің негізгі міндеті болып табылады [В.Н. Телия, 1996; 217 б.]. Лингвистикалық мәдениеттану ғылымын зерттеуші ғалым

В.Н. Маслова пәннің мақсаты мен міндеттеріне тоқтала келіп, былай дейді: “эксплицировать культурную значимость языковой единицы (т.е. “культурные значения”) на основе соотнесения прототипной ситуации фразеологизма или другой языковой единицы, его символьного прочтения с теми “кодами” культуры, которые известны или могут быть предложены носителю языка лингвистом” [В.А. Маслова, 1997; 10-11бб.].

Аталмыш анықтамаға сүйене отырып, тілдік бірлік негізінде мәдени бірліктер көзін ашуға ғана емес, сонымен қатар, керісінше, мәдени бірліктер арқылы тіл бірліктерінің табиғатын ашуға болатынын көз жеткізіп отыр.

Лингвистикалық мәдениеттану тұрғысындағы зерттеулердің негізгі міндетіне тоқтала келіп, лингвокультурологиялық концептерді символдар жүйесі деп танитын ғалым Г.Г. Слышкин былай дейді: “Біріншіден, сөйлеу тіліндегі (дискурстағы) қандай да бір мәдени бірлікті айқындайтын тең дәрежелі тілдік құралдарды анықтау, екіншіден, әр түрлі коммуникативтік ситуацияда негізгі апелляциясының прагматикалық қызметінің аталмыш мәдени бірлікке тән екенін дәлелдеу қажет” [Г.Г. Слышкин, 2000; 8 б.].

Қазіргі кездегі тіл білімі әдебиеттерінде концепт терминімен қатар, тіл және мәдениет элементтерін байланыстыра қарастыратын логозпистема, лингвокультурема терминдері қолданылып жүр. Ғылым саласының жаңадан қалыптасу кезеңінде жарыспалы қолданыстардың қатар жүруі заңды құбылыс болып табылады.

Лингвоэпистема терминін лингвоелтанулық зерттеу еңбектерінде алғаш рет Е.М. Верещагин мен В.Г. Костоморов енгізіп, лингвоэпистема – тілдік бірліктерде сақталған білімдер жинағы,- деген пікі айтады.

Лингвокультурама терминін алғаш ұсынған – В.В. Воробьев. Лингвокультурама – лингвистикалық және экстралингвистикалық ұғымдардың диалектикалық бірлігі болып табылатын кешенді деңгейаралық бірлік [В.В. Воробьев, 1997; 45-97 бб.].

Зерттеу барысында, көбінесе, лингвокультурама терминін қолданамыз. Тіл мен мәдениеттің арақатынасы негізінде зерттелетін тілдік бірліктер – культуремалар зерттеудің негізгі нысаны болып табылады. Аударма саласындағы лингвистикалық мәдениеттанудың теориялық мәселелеріне тоқтала келіп, профессор А. Алдашева былай дейді: “Лингвистикалық мәдениеттану саласы – этнолингвистикамен де, лингвоелтанумен де ортақтасатын ғылым; лингвомәдениеттану әрбір тілдік единицаның белгілі бір халықтың төл элементі, халық тілімен жасасып келе жатқан өз сөзі; өзгелерден ауыс-түйіс емес, өз меншігіндегі сөз, сөз тіркесі, афоризм, мақал-мәтел екендігін дәлелдейтін белгі қайсы; ұлттық “бет-пішін” бар деп есептелінген сөз ұлттық, элементтік, этикалық, саяси адамгершілік, тұрмыстық нормаларынан қандай мәлімет жеткізе алады дегенді зерттеуге назар аударады” [А.Алдашева, 1998; 122-123 бб.].

Мәдениет семантикасының күрделі кілті тілде жатыр. Ғасырлар бойы бірнеше ұрпақты толғандырған аңыздар мен шежірелер, яғни мифтер тек мәдениеттің көрінісі ғана емес, ол адамзаттың мифологиялық кезеңінің тілдегі (фразеологиялық бірліктерде) сақтаулы, қазіргі тілдік материалдардағы бейнесі.

Түркітану ғылымында шамандық белгілері көне түркілердің сенімдерінде, мифологиялық дүниесінде көп екендігін дәлелдейтін зерттеулер ХІХ ғасырда жүргізілген. Еуропа ғалымдары тіл мен миф арасындағы тығыз байланысты көрсету, адамның әлеуметтік және мәдени өміріндегі құбылыс ретінде

байланыстар мен ерекшеліктерін анықтаумен XIX-XX ғғ. айналысты.

Тіл мен миф арасындағы байланыс туралы көзқарастар бір-біріне қарама-қайшы пікірлермен жалғасып жатады. Мәселен, атақты ғалым

Ф. Шеллинг тілді қатып қалған, солған мифтің бейнесі десе, М. Мюллер тілдің біріншілігін, мифтің тілге қарағанда екіншілігін дәлелдейді. Ал

Э. Кассирер тіл мен мифті қатар қойып, олар бір-бірінен ажыратуға келмейтін символдық формалар, сондықтан да олар әрқашан бір-бірін толықтырады деген пікірді айтады [А.М. Лобок, 1997; 159-164 бб.].

Тіл мен мифтің байланысының беріктігі соншалық, бір қарағанда оларды ажырату тіпті мүмкін емес болып көрінеді. Егер лингвистикалық ойлау бар болса, ол мифологиялық ойлаумен, таныммен әбден сіңіскен – дейді Э. Кассирер¹.

Кейбір ғалымдар миф туралы зерттеулердің бастамасын тіл білімінен, соның ішінде семантикадан алу қажеттігін айтады. Тіл табиғатында мифологиялық ойлаудың көрініс табатын және оны сақтайтын қандай да бір механизм (құдіретті күш) бар, осы күш сол ойлауды қайта жаңғырта да алады деген пікірлер де кездеседі (Ф.И. Буслаев, А.А. Потебня,

А.Н. Веселовский және т.б.).

Кейінгі кездері тілдің коммуникативтік қызметіне шек келтіретін пікірлер де кездесіп жүр. Бұл көзқарастар негізінде тілдің коммуникативтік еместігін дәлелдеу мақсатында, тілдің пайда болуының мифологиялық негізін дәлелдейді [А.М. Лобок, 1997; 164 б.]. Әрине, бұл болжамның да өзіндік логикасы жоқ емес. Тілде қарым-қатынас құралы ретінде пайда бола қалатындай қарапайымдылық жоқ, ол өте күрделі жүйе. Сондықтан да кей тұста тілдің пайда болуының тек мифологиялық болжамы ғана тіл

күдіретінің жұмбақтары мен сырларына жауап бере алатындай көрінеді.

Тіл феноменін түсінуге оның ғажайып фантастикалық күрделілігін, қатынас құралын қиындатпаса жеңілдете алмайтын тілдің мәдени тұрғыдан боялған терең мағынасын ашуда тілдің пайда болуының мифологиялық болжамы ғана жауап бере алады. Мифологиялық болжам тіл феноменінің сан қырларын түсіндіруге жол аша алады. Мәселен, әр түрлі мәдени мұраларға ие халық үшін тіл өз туған, ұлттық мәдениетін дәріптеуші, оны өзге, жат мәдениеттен қорғаушы, сонымен қатар мәдениетті өз ішіне сақтаушы, басқа халықтың, жат ұлттың түсініп, кіруіне жол бермеуші құрал болып табылады. Мәдени мұралардың көріністері қоғамда, халық арасында ата-баба мұрасы ретінде қолданылатын тіл бүгінгі таңда коммуникативтік қызмет атқаратыны сөзсіз, бірақ өзінің шығу арнасы тұрғысынан утилитарлы- коммуникативтік, яғни тек қана қарым-қатынасқа қажет жасалым ретінде қалыптасқанына көз жеткізу қиын.

Кез келген сөз ертедегі адамзат үшін ерекше мифологиялық құпияға ие болған, оның мағынасы мифтік түсініктер мен сырларға толы, адам үшін киелі болған. Ата-бабалар үшін сөздің киелі мағынасын білу, оның құпиясын ашу аса қажет болған.

Өркениеттің дамуымен бұл құпия сырлар жиынтығы ұмытылуы түсінікті де, бірақ баба мұрасы болып табылатын тіл мәдени ошақтарда міндетті түрде сақталады, қажет кезінде оны ұрпақтары қайта жаңғырта алады. Талай ғасыр куәсі болған әдет-ғұрыптарымыз бен салт-санамыздың бүгінгі таңдағы жаңаша орын алуы осыған куә. Мәселен, жаңа жүре бастаған баланың аяғына жіп байлап кестіретін дәстүр тұсау кесер деп аталады. Бұл ырым тез жүріп кетсін, тез ер жетсін деген тілекпен жасалады. Оған арнайы ала жіп дайындалады. Ал жіптің өзінде киелі мағына бар, яғни ешкімнің ала жібін аттамасын, “Тұсау кесер” жыры да сақталған:

Қаз-қаз балам, қаз балам,
Қадам бассаң, мәз болам.

Тағы, тағы баса ғой,
Тақымыңды жаз, балам.
Қаз баса ғой, қарағым,
Құтты болсын қадамың!
Тұсауыңды кесейін
Күрмеуіңді шешейін.

Тұсау кесер ұғымының қазіргі жаңарған, қайта жаңғырған мағынасы “презентация” ұғымындағы мағына. Бүгін Қазақстанның бас ордасы – Астана қаласында Евразия университетінің жаңа ғимаратының тұсаукесері болды. Мысалдан көріп тұрғанымыздай, тіл өз бойына мағлұматтарды сақтап қана қоймай, керек кезінде қайтадан жаңғырта алатын мифологиялық ойлаудың қандай да бір механизмі сақталған болған болуы керек.

Осыған орай, қазақ тіліндегі ұлттық мәдени маңызы бар деректерге талдау жасай келіп ғалым Г. Смағұлова былай дейді: “Егер тілде фразеологизмдер сақталмай, бізге жетпеген болса, қазақтардың рухани өмір сферасы қалай анықталып, қандай мәдени өмірге сүйеніп, пікір айтылар еді. Сақалын сипау – мораль, этика үлгілері болса, қара шаңырақ – мұнда да мораль бар, әрі этнографиялық ұғым, ат кекілін кесісу, ақ түйенің қарны жарылу – этнолингвистикалық білімдерді қажет етеді. Осыған орай, әр ұлт тілінің әлеуметтік қуаты арқылы мәдениет сақталады” [Г.Н. Смағұлова, 1998; 146 б.].

Ұлт мәдениетінің сақталуы ұлт тілімен тікелей байланысты. Тілсіз мәдениеттің, рухани барлықтың сақталуы мүмкін емес. Тіл мәдени информацияны сақтап қана қоймайды, сонымен қатар ол туралы білімдерді жинақтап, сұрыптап, қажетінше қайта жаңғыртып отырады. Мәселен, тұсау кесер дәстүрімен сабақтас келетін адамның дүниеге келуін алайық. Қай халық болмасын, отбасын құрып, үй болғаннан кейін нәресте сүюді арман еткен. Бала – өмірдің жалғасы, жеміс берер гүлі, жанұяның тірегі. Тілдегі бесіксіз үйде береке жоқ, балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар, бала тілі – бал, бала – бауыр ет және т.б. бейнелі тіркестер осыған дәлел. Баланың, перзенттің дүниеге келуін ерекше табиғат-ана сыйы, ұрпақтың, адамзаттың жалғасы деп білген. Сондықтан да

тіл-тілде халық ертегілерінен бастап, ауыз әдебиетінде, эпостық және лирикалық жырларда, толғаулар мен дастандарда, көркем әдеби шығармаларда және т.б. жанрларда көрініс тапқан. Мысалы:

Шаруа жиып кенеліп,
Бала сүйіп мал жиып,
Кесесіне бал құйып,

Өмір де сүрер ме екенсің?;

Оның екі қатыны болыпты, олар бала таппапты. Қорасы толған мал екен, бір перзентке зар екен (халық ертегісінен); Не бетімді айтайын, Ақбала шошып бала тастай жаздапты... – деп көршілердің бәріне суық хабар таратып жіберді (Ә. Нұрпейісов) және т.б.

Сонымен қатар тілдегі бала тапты / сүйді / туды / босанды; бала басты болды, бала көтереді, екіқабат болды, жүкті болды және т.б. фраземалар нәрестенің дүниеге келуіне байланысты пайда болған тіркестер. Осыған орай жақсы тілектер де тілде сақталған: Бауы берік болсын!, Жасы ұзақ болсын!, Ұзағынан берсін! және т.б.

Адамның дүниеге келуіне байланысты көптеген салт-дәстүрлер сақталған және олардың тілдегі көрінісінің дәлелі де жоқ емес.

Бесікке салу – түркі халықтары балаларын ағаш бесікке салып өсірген. Бесікке салар кезде “Бесік жырын” айтқан. Ол жыр әдетте былай басталды:

Әлди, әлди ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем, ...

Сөзінді жұрт мақұлдап,

Шешен болар ма екенсің?... және т.б.

Бәрімізге белгілі қазақ халқында жастайынан балаларын атастырып, бесік құда болысқан. Бұл – ата-анасының қызы жақсы жерге тұрмыс құрсын, ұлы текті жерден қыз алсын деген жақсы ақ пейілі мен арманынан келіп туған дәстүр. Мысалы: Қайнағаның үйіне келген жігіт сол үйдегі бикештің бесік керті күйеуі екен (Т. Ахтанов); Бұл жастардың ата-аналары балаларын бесікте жатқа кезінде-ақ атастырып, құда болысқан (Ғ. Мұстафин) және т.б.

Нәрестемен байланысты туған, негізгі уәжі бала сүю болып табылатын дәстүрдің бірі – құсақ шашу. Көптеген бала көтермеген әйел екіқабат болғанда жасалатын ырым. Аяғы ауыр әйел ұялмасын, тіл-көзден сақтасын деген оймен, перзентті болатынын ашып айтпай, күмәнді, аяғы ауыр, ішінде көжегі бар деген сөздерді қолданған. Құрсақ шашуға келгенде әйелдің жерігін қандыруға, жеймін дегенін тауып беруге тырысқан. Себебі жерігі қанбаған әйел басы айналып, ауыра береді деген. Мұндайда ит жерік деп атаған, жерік асын жегендей қуанды тіркесі осының дәлелі.

Жаңа туған баланы қырқынан шығару, шала туған баланы тымаққа салу, жоғарыдағы тұсау кесер, шілдехана тойы және т.б. дәстүрлер халық санасында сақталып қана қоймаған, аталмыш мағлұматтардың тілдегі көрінісін де сақталған. Әдет-ғұрып, салт-сана негізінде халық мәдениетін, рухани байлығын, менталитетін көрсек, бұл біржақтылық қана болған еді. Себебі мәдениет көздері тіл арқылы сақталып, көбінесе тіл арқылы көрініс табады.

Мәдениеттің ұрпақтан-ұрпаққа тілсіз жетуі мүмкін емес. Лингвистикалық мәдениеттану ғылымының көрнекті ғалымдарының бірі В.В. Воробьев, тіл, ұлт (өкілі) және мәдениет үштігінің бірлігін айта келіп, “... язык есть важнейшее средство не только общения и выражения мысли, но и аккумуляции знаний культуры. Будучи сложной системой, язык может быть средством передачи, хранения, использования информации”, – деп түйіндейді [В.В. Воробьев, 1997; 45 б.]. Ұлттық мәдениеттің кілтін кез келген халық өкілі шеше алмайды, ол үшін сол тілде сөйлеп, сол тілде ойлап, сол халықтың топырағында аунап, суын ішіп, ауасымен демалу керек. Себебі мәдениет кодты ашудың кілті сол атрибуттармен тікелей байланысты.

Тіл халықтың рухани байлығының ең қажеттілерін – мифологиясын өз бойына жинайды. Осындай тіл фактілеріне талдау жасау мәдени тамырларымызға үңіле түсуге, оның құпия сырларын түсінуге септігін тигізеді. Фразеологиздерді мифтік танымға, әдет-ғұрыпқа, салт-санаға әкеп жүктеу, оларды бір бірімен байланысты дүние ретінде қарастыруға, оларды

мәдениеттің құрамдас бір бөлігі, ұлттық тілдегі бейнесі деп тануға жол ашса, екінші жағынан, ғылымдар сабақтастығын (тіл, мәдениет, тарих, фольклор, этнология, әдебиет және т.б.) жан-жақты теориялық тұрғыдан аша түсуге мүмкіндік береді.

Аталмыш мәселе бойынша теориялық еңбектер авторы В.А. Маслова фразеологиялық мифологемаларға тілдік талдау жасай келіп, “...человек только тогда становится человеком, когда он с детства усваивает язык и вместе с ним культуру своего народа. Все тонкости народа отражают в его языке, который специфичен и уникален, так как по-разному фиксирует в себе мир и человека в нем”, – деген пікір айтады [В.А. Маслова, 1999; 5 б.]. Адамзатқа тиісті мағлұматтың көбі тіл арқылы беріліп, тіл арқылы түсіндіріледі, адамның қоғамдағы орны, белсенділігі, жетістігі тілді қаншалықты дәрежеде меңгергенімен, сөз құдіретін қалай бағалай алғанымен тікелей байланысты.

Тіл құпиясы адамзат құпиясымен байланысты болғандықтан, олардың сырын ашу, ғасырлар қойнауларындағы жұмбақтар сырын ашуға жол ашады. Тіл – мифтердің сақталуының негізгі қайнар сөзі болғандықтан, осы деректер тілдің бейнелі тіркестері, халық мәдениеті мен менталитетінің қайнар бұлағы болып табылатын аңыздар мен дәстүрлер уәждерін фразеологиздермен байланысын талдау зерттеудің өзекті жағы болып табылмақ.

□2 Этнофразеологизмдердің танымдық нышандары

Тіл – мәдениеттің феномені, ұлт мәдениетінің көрінісі ретінде ғылымда өз дәрежесінде әлі де зерттелмей келеді. Тіл – рухани күш десек, тіл және басқа семиотикалық таңбалар (ым тілі, кино тілі, сурет тілі) арқылы адам кез келген құбылысты қабылдап, оған баға беріп, өз көзқарасы мен ойын білдіре алады. “Сыртқы құбылыстар әлемі мен адамның ішкі әлемі арасындағы әлем – тіл”, – деген В. Гумбольдт пікіріне сүйенсек, тіл қоршаған ортадан, болмыстағы шындықты, адам санасы мен ойынан тыс өмір сүруі мүмкін емес. Мәдениет қоғамдық сананың бір бөлігі болып

табылады, сондықтан да тіл – мәдениеттің шындығы мен көрінісі болмақ. Халықтық мәдениеттің ең нәзік ұшқындары, өрнектері тілде көрініс береді.

Адамзат қоғам және әлем туралы мәліметтер жиынтығы тіл арқылы, лингвистикалық каналдар арқылы жететініне көзін жеткізді. Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әр түрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін [Ә.Т. Қайдаров, 1998; 34 б.].

Тіл құдіретін, оның табиғатын түсіне, сезіне білген адам – рухани дүниесі бай, мәдениеті жоғары адам болмақ. Халық – таяқ еттен өтсе, сөз сүйектен өтеді; өнер алды – қызыл тіл деп, сөздің сиқырын айтса, сөзге жүйрік; тілінен бал тамған; тілдің майын ағызған және т.б. тіркестер сөз өнерін бағалай білген, сөзге қонақ бергізіп, шешендікті бағалай білген халық туралы айтады. Осыған орай – сөйлей-сөйлей шешен боларсың деген мақалды келтіруге болады. Тіл қыры мен сөз сырын аша білу – адамзат болмысын тану болып табылады.

Тіл – мәдениет қабаттарындағы (діннен, ғылымнан, әдебиеттен) тылсым құбылыс, ерекше коммуникативтік құрал, мәдениеттің рухани көрінісі, ұлттық менталитеттің сан қырлы қасиеттерінің көрінетін тұсы. Ана тілі сөзі – тілдің табиғилығын, адамның дүниеге келгеннен ана сүтімен бірге сіңіретінінің, тілдің тек адамзат болмысына тән бірден-бір қасиет екендігінің дәлелі.

Космос пен адамның қандық қасиеттерін білдіретін ана – жер-ана, туған жер және т.б. ұғымдар осының айғағы. Халық тіл – тас жарады, тас жармаса – бас жарады деп оның сиқыр күші мен құдіретіне толыққанды баға берген. “Тіл тарихы зерттелмейінше, оның даму, өзгерту, қалыптасу заңдылықтары ашылмайды, жүйеқұрылымы да, бай мазмұны да, сан-салалы әлеуметтік-қоғамдық қызметі де өз дәрежесінде танылмайды” – деген профессор Б. Сағындықұлының тұжырымы осы мәселеге тура қатысты айтылып тұр [Б.Сағындықұлы, 1996; 3 б.]. Сөздің бейнелі эквиваленті болып табылатын фразеологизмдерде халық

менталитеті мен озық мәдениетінің, танымдық болмысының негізгі қайнар көзі жатыр. В.Н. Телия былай деп көрсетеді: ... “но безусловными фаворитами в этой области являются фразеологизмы, обретшие роль стереотипов культуры, чья образно-ситуативная мотивированность связана с мировидением народа – носителя языка, так как средством воплощения культурно-национальной специфики является его образное основание, а способом указания на эту специфику будет интерпретация этого образного основания в установках, символах и т.п. культуры” [В.Н. Телия, 1991; 13 б.].

Сондықтан да фразеологизмдерді өткен тарихтың, әдет-ғұрыптың, салт-сананың, аңыздар мен мифтердің және т.б. жиынтығы деп қарауға болады.

Лингвистика мен мәдениеттің тоғысуынан пайда болған лингвистикалық мәдениеттану пәні этнос мәдениетінің тілге әсерін зерттейді. Мәдениет тілдік форма арқылы атадан балаға беріледі, мәдениеттің жинақталуы және оның сақталуы тілдің әлеуметтік қызметімен тікелей байланысты.

Кез келген мәдениет тіл арқылы көрініс табады. Мысалы, тілде кездесетін көз тиді, тіл-көз тиді фразеологизмдері халықтың наным-сенімімен, тұрмыс-тіршілігімен тікелей байланысты:

Құлагер қуанышпен қосып едім,
Алдыңнан үмітпенен тосып едім.

Жиналып арғын, найман қарағанда

Тіл мен көз тиер ме деп шошып едім (І. Жансүгіров).

Халық арасында қазіргі уақытта көз тиеді фразеологизмі ырым ретінде сақталған. Халық ырымы бойынша жақсы адамға, жас балаға, жүйрік атқа, сұлу қызға көз тиеді деген ұғым бар. Ондай адамдардың көзі бар немесе назар керде дейді.

Жаңа туылған нәрестенің қырық күнге дейін көз тиеді деп көп адамға көрсетпейді; нәрестенің бесігіне немесе киіміне тұмар жасап тігіп қояды немесе бетіне күйе жағып қояды. Тұмар ұғымы тіл-көзден аман жүрсін, көз тимесін деген халық дүниетанымымен

тікелей байланысты. Қазақ тіліндегі көзі жаман фразеологизмі көзі тиді, көз тигіш, тфә, көз тимесін! Тіл-көзім, тіл-аузым тасқа, көзің тиеді, түкір! және т.б. тіркестермен жалғасып жатыр. Көз тимесін, тіл тимесін деген ырым негізінде шыққан бұл тіркестер халықтың психологиясымен, дүниетанымымен, сенім мен түсініктерімен тығыз байланысып жатыр.

Халық арасында сонымен қатар көз тиді деп секем алған жағдайда сол адамның үйінен бір нәрсесін әкеліп түтетеді. Осылайша қас күштердің беті қайтады деп сенген. Халық көзінің қалы бар адамның қарағаны тегін жібермейді деп жаңа туған нәрестесі бар кісілер үйіне қалы бар адамдардың келуінен қатты сақтанған. Немесе көзі тиді-ау деген адамды таптырып алып, оған түкіртетін болған.

Ауыз әдебиеті үлгілерімен, аңыздармен, яғни мифологиямен тікелей байланысты фразеологизмдер тілде мол көрініс тапқан. Тіл-тілде сақталған мифологиялық уәждер барлық дәуірге және халықтарға ортақ қазына.

Тіл мен мәдениеттің фразеологизмдердегі көрінісін зерттеген ғалым В.А. Маслова былай деп көрсетеді: “В каждом конкретном фразеологизме отражается не целостный миф, а мифологема. Мифологема – это важный для мифа персонаж или ситуация, как бы главный герой мифа, в который может переходить из мифа в миф. В основе мифа, как правила, лежит архетип” [В.А. Маслова, 1999; 13-14 бб.]. Архетип терминін ең алғаш “Инстинкт және санасыздық” (1919 ж.) мақаласында Швейцария психологы К.Г. Юнг енгізген. Оның пікірінше, архетип дегеніміз – ұжымдық санасыздық, жеке адамның санасыздығымен қатар ұжымдық санасыздықтың неғұрлым терең қабаттары болады, онда бастапқы психикалық құрылымдар (архетиптер) түрінде адамзаттың ең ежелгі тәжірибесі сақталады, ол дүниені қабылдау мен ой елегінен өткізуге априорлық әзірлікті қамтамасыз етеді [К.Г. Юнг, 1991; 165 б.]. Ол ұлы идеялардың бәрі архетиптік негізде жатыр деп санады.

Сонымен “ұжымдық санасыздық” адамдардың саналы өмір тәжірибесі арқылы емес, оларға ата-бабасынан мұра ретінде жеткен жеміс. Генетикалық теория негізінде К.Г. Юнг архетип пен мифологияның тығыз байланысын көрсетіп, мифология – архетиптер сақталатын орын дейді. Архетиптер – әлдебір шексіз, ұланғайыр, алып дүниені тиянақтаған, жинақтаған платформалар.

Архетиптік бейнелер адамзатқа атадан балаға мирас ретінде ғұмыр бойы ілесіп келеді. Олар мифологияны да, дінді де, өнерді де тудырған. Мифология, дін, өнер архетиптердің өзін өңдеп, символға айналдырып, формасы жағынан жетілдіріп, әсемдікке жеткізген. Мазмұны жағынан жалпыға адамзатқа ортақ мәнге ие болған. Мифология – архетиптік бейнелерді өңдеудің бастапқы формасы. “Үйлесімділік пен жарасымдылық адам баласында магия, ритуал, мифтердің көмегімен жүзеге асып отырады. Терең түпкірде жатқан бүкіл адамзаттық танымды бойына жинақтап, оны адам санасына жүйемен жеткізетін құпия ілімдер жатыр” [Қ.Жаманбаева, 1998; 112 б.]. Халық санасында шығу көзі белгісіз, код ретінде дайын күйінде қолданылатын архетип – фразеологизмдер негізінде мифтік түсінік жатыр. Мысалы, барлық халықтар үшін нан – өмірдің, тіршіліктің негізгі арқауы (Ас – адамның арқауы). Біреу сөзінің дәлдігін, ісінің туралығын дәлелдегенде нан ұстап ант берген. Қазақ халқы өркөкірек, өзімшіл адамды деміне нан піскен деп айтқан. Ұйғыр халық танымында тілінде нан ұстап, ант ішу ғұрпы болған. Мысалы:

Ағзим билән йәм берәй

Булбул болуп кәлсиңиз.

Нан тутуп қәсәм берәй,

Маңа көңүл бөлсүңүз (Ұйғыр халық ертегісінен).

Біреуге қатты күйзеліп ренжігінде, көңілін қалдырған адамға, “нан ұрсын” деп қарғаған. Дәнің тонға тимей, аузың нанға тимес; Бейнетің қатты болса, жегенің тәтті болар; Егіс ырыс таңдамайды, еңбек таңдайды және т.б. мақал-мәтел архетипінде нан жатыр. Бұл мысалдарды орыс тіліндегі: *Есть чужой хлеб; Жить на хлебах у*

кого-либо; Хлеб – соль не пропустит зло және т.б. тізбектермен әрі қарай жалғастыра беруге болады.

Жер бетіндегі тіршілік иелері арасында жануарлар дүниесі адамға етене жақын келеді. Адамзат өркениеті, тіршілік санасы жануарлар дүниесімен тығыз байланысты. Жалпы қоғамның алғашқы синкреттік ойлау сатысында, адам мен жануар арасына ешқашан теңдік белгісі қойылмаған. Мифологияда жануарлар поэтикалық бейне ретінде келтірілген. Әр халықтың танымына, тіршілігіне, ойлау менталитетіне қарай жануарлар бейнесінің берілуі де әр қилы. Мысалы: кеміргіштер тобына жататын сүтқоректі жануар қоян ұғымына байланысты қазақ этносының дүниетанымындағы төмендегі сипаттамаларды атап көрсетуге болады:

- жабайы хайуандардың бірі, үй қоянынан біраз айырмашылығы бар;
- еті – қоректік азық, сондықтан да аңшылардың кәсіп ететін аңдарының бірі;
- тым қорқақ және өте сақ аңдардың бірі;

Қоянның мынандай сыртқы пішін-тұлғасы ерекше көзге түседі: түрі сұр, көк, ақ және ол жылдың әр мезгілінде түлеп, түсі өзгеріп отырады; бойы аласа, аяғы мысықтың аяғына ұқсайды; құлағы денесінен үлкендеу; көзі үлкен, әсіресе қорыққанда бадырайып кетеді; ерні түйенің ерніндей жырық; жүрісі жылдам, секеңдеп жортады, секіріп-секіріп қашады және т.б. [Н.Б. Оңғарбаева, 1992, 21 б.].

Бұл көрсетілген айрықша белгілер – халыққа таныс, олардың санасында әбден қалыптасқан ұғымдар. Қоянның жоғарыда аталған сын-сипаты, мінез-құлқы, бейне-тұлғасы фразеологизмдерде, мақал-мәтелдерде, жұмбақтарда, аңыз әңгімелерде, поэзия мен прозада және т.б. жанрларда кең орын тапқан. Мысалы:

1. Қорқақ ұғымындағы қоян:

Ел болуға алдымен білік керек,

Бір сөзді, бір ауызды намыс керек.

Жалғыз ғана оқумен теңелмейді

Алты ауыз азған болсаң қоян жүрек (С. Торайғыров).

Секең-секең жорытқан, көрінгеннен қорыққан (жұмбақ).

Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді (мақал).

2. Қоянның жылдамдығына төмендегі мысалдарды келтіруге болады:

Екі қоянды бір таяқпен ұрып алу // бір оқпен екі қоянды ату.

Асықпаған арбамен қоянды қуып жетер (мақал).

Жылқыны басына қыстырып,

Есікті құлағына қыстырып

Қасқырды ат қылып мініп,

“Айт!” дегенде тұра қашқан

Ол не? (жұмбақ).

Қоян туралы тіл-тілде кездесетін мысалдар санын одан ары жалғастыра беруге болады: Бетегесі шоңқайған қояндай; Қоянның жымындай жол; Тазы қуған қояндай; Сен тимесең мен тимеймін бадырақ көз; Бір жылға қоян терісі де шыдаған және т.б.

Тілде қалыптасқан материалдар көрсетіп тұрғандай, қоян семасымен жағымсыз (қорқақ, ұсқынсыз, шыдамсыз) ассоциация халық дүниетанымында көбірек сақталған. Ал орыс тілінде қоян (заяц), бір жағынан, рухтар әлемімен, жағымсыз күшпен байланысты, сондықтан да оның атын атамай табу түрінде косо́й (қыли) деп те атаған. Екінші жағынан, қоян ұғымы күн, жарық символымен тікелей байланысты. Мысалы, солнечный заяц (күн қоян) [В.А. Маслова, 1997, 132 б.].

Халықтық тілде “есек” сөзі – бойы аласа, құлағы ұзын, еті мен сүті арам деп есептелетін жылқы тұқымдас көлік ретінде жұмсалатын

жануар. Адамның мінез-кұлқына байланысты есек дәме, есек құрты мұрнына түсу, зәңгі есектей аңқылдау және т.б. фраземалар қолданылады.

Аталмыш культуремаларды адамның танымдық ойлау үрдісімен тікелей байланыстырып қарауға болады. Таным үрдісінде адамзатқа, ең алдымен шындықты көркем түрде бейнелеу қажеттігі туады. Соның әсерімен жасалған көркемдік әлем адам баласының үйлесім мен жарасымдылыққа ұмтылысын қанағаттандырады. Осыдан кейін ғылыми талдау мен қорыту, дерексіз ұғымдар мен түсініктерді белгілеуге мүмкіндік беретін таным жолы ашылады.

Қазақ ұлтының итке деген танымдық көзқарасы, ит психологиясын бүге-шүгесіне дейін білетіндігін және оны ақиқат бағалай алатындығын дәлелдейді. Қазақ тілінде “алыс, ұзақ жер” мағынасында ит арқасы қиянда, ит өлген жер және т.б. фраземалармен береді. Жалпы халық танымында “ит” семасы алыстықпен, қашықтықпен тікелей байланысты. “Жақсы ит өлігін көрсетпейді” мақаланың астарында да алыс ұғымының архетипі жатқан болу керек.

Белгілі жазушы Д. Әшімханұлының “Ит жылы” әңгімесінен мысал келтірейік: ... Тек соны итке ғана бітер төзіммен, бүгілмейтін итжандылықпен күту керек. Ол жақсылық баяғыдай ит арқасы қиянда емес, дәл қасымызда, иек астымызда тұрғандай. Олай дейтінім: бар тамаша, бар қазына Қазақстанда деп, ит өлген жерден мұнда ағылып жатқан бөгде-бөтен аз ба қазір. Мен білсем, олардың тұмсығы иттен иісшіл. Естеріңізде болар, ертеде солар ит жегіп, ит қорлығын көріп Итжеккен мен Аляскаға да жеттім емес пе? Ақыры сонда ителмен, инк, “индейс” деген халықтарды атажұртынан иттей қылып қуып, өздері қап-қара алтынды итшаналарына тиеп, алыстағы еліне тасыды емес пе? Сөйтіп, жердің арғы бетіндегі ит тұмсығы өтпес ормандар мен ит іздесе таппас иен мекенде итарқа қостарын тігіп, ит жүгіртіп, құс салып жүрген бейбіт халықтың итін шығарып, итжем етті емес пе? (Алтын Орда, 2001, 6 б.).

Профессор М.М. Копыленко пікірінше, итпен келген мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерде пейоративтік (жағымсыз) баға басымырақ, мәселен, Ө. Тұрманжановтың құрастыруымен жарық көрген мақал-мәтелдер жинағында – 859, М. Аққозинада – 30, І. Кеңесбаевта жағымсыз мағынаның 429 рет кездесетініне баса көңіл бөліп, бұл мағынаның мелиоратив (яғни жағымды) мағынамен салыстырғанда санының едеуір басым екенін айтады [М.М. Копыленко, 1995; 36 б.].

Әлем тілдер халықтарында ит компонентімен келетін мақал-мәтелдердің мағынасы бір-бірімен жақын келеді.

Сөз байлығын ғылыми тұрғыдан зерттегенде, халық санасында, салт-дәстүрлерінде, ауыз әдебиетінде сақталған информацияның барлығы сабақтастық жүйемен игерілуі қажет. Тек сонда ғана халықтың болмыс тіршілігінің, мәдениетінің құпия сырлары толық, жан-жақты ашылады. Ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын фразеологизмдердің орны – әлемнің тілдік бейнесін жасауда ерекше. Оны танымдық тұрғыдан талдау – адамзат өркениетіндегі ұлттық мәдениеттің табиғатын ашуға мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, дербес мағыналы лексикалық бірлік болып табылатын фразеологизмдер – тіл байлығы ғана емес, халықтың рухани қазынасы, “тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні” тарихтың куәсі.

□3 Фраземалардың пайда болу арналары

Заттар мен құбылыстарға және олардың байланыстары мен қатынастары ескеріліп топтастырылған фразеологизмдердің тақырыптық-генетикалық классификациясына қысқаша шолу, қазақ тілінің және басқа да тілдер фраземаларының семантикалық ерекшеліктерін көрсетуге, сонымен қатар фраземаны қолдану аймақтарының үлгілеріне, олардың бейнелілігін нақты көрсетуге мүмкіндік береді. Айта кететін тағы да бір жайт, қолымызда бар басқа тілдер фразеологиялық материалы көрсетіп тұрғандай,

фраземалардың тақырыптық топтастырылу үрдісі көптеген тілдерге ортақ, универсалды құбылыс болып табылады. Мәселен, орыс, ағылшын, неміс және т.б. тілдер материалдары бойынша ғалымдар топтастыруларына сүйенсек, жоғарыдағы үрдістердің ол тілдерге де тән екенін көреміз.

Қазақ тіл білімінде этнолингвистика саласының негізін салушы ғалым академик Ә.Т. Қайдар, этнолингвистикалық арналарға тоқтала келіп былай дейді: “Тіл тамыршысы” бола білу деген сөз – “тіл байлығын өз білгенімен ғана өлшеп, шектемеу. ... көпшілік қауымның білетіні лексикалық бірліктердің бойына ғана тән толық ауқымы емес, жарым-жартысы ғана, яғни көбінесе күнделікті өмірде өзара қарым-қатынас жасауға қажетті “үстіңгі қабаттағы” лексикалық мағыналары ғана. Ал, олардың екінші деңгейдегі “ауыс, туынды, келтірінді, идиомалық, фразеологиялық” т.б. деп аталатын мағыналары тобына келсек, олар көбінесе тілдік ортада қалыптасқан дәстүрлі “мағыналық символ” ретінде сөйлеу контекстіне қарай қолданылғанымен түп-төркіні баршаға айқын емес” [Ә.Қайдар, 1998; 21 б.].

Академик Ә.Т. Қайдар лексикалық немесе фразеологиялық бірліктердің ішкі формасы, яғни “екінші деңгейдегі” мағыналарын этнолингвистикалық мағыналар деп атаған.

Қазақ тілінің лексикология саласының мамандары Ә. Болғанбайұлы мен Ғ. Қалиұлы фразеологияның шығу арналарын бөліп қарап, олардың негізгілері деп төмендегі құбылыс, ұғым, түсініктерді атап көрсетеді. “Көптеген фразеологизмдердің жасалуына адам ойында қорытылған құбылыстардың нақтылы бейнесі болған. Мысалы, Жауыр болды (әбден мезі қылды, ығыры шықты) деген тұрақты тіркестің негізінде көп мініліп арқасы жара болған аттың бейнесі елестейді. Басында атқа байланысты шыққанмен, қазіргі кезде ол мағынасы ұмытылып, қайта жасалынып, адамға байланысты айтылады. ... Сол сияқты т.б. фразеологизмдердің жасалуына да, сөз жоқ, адам ойында қорытылған құбылыстардың нақтылы себеп болғандығын танып білуге болады” [Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиұлы, 1997; 208-212 бб.].

Тілдік фактілер көрсетіп тұрғандай фразеологизмдердің біріншілік уәжділігін және олардың ішкі формасына жасалынған таңдаулар экстралингвистикалық факторлардың шығу көзін ашуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған еңбектер негізінде фраземалардың ішкі формаларының туындау көздеріне шартты түрде топтастырулар жасайық:

- адамның анатомиялық атаулары (соматизмдер) мен қимыл қозғалыстарына байланысты туған фраземалар;
- жануарлар (зооморфтық фраземалар) әлемі;
- өсімдіктер (флора) әлемі;
- табиғат құбылыстары;
- өлшем бірлік (метеорология);
- сандық (нумеративтік) фраземалар;
- түр-түстік және сындық;
- алғыс және қарғыс мәнді;
- мифтік және діни;
- тарихи кезеңдермен және тұлғалармен байланысты туған фраземалар және т.б.

□3.1 Адамның дене-мүшелеріне және қимыл-қозғалыстарына байланысты фраземалар

Лексикографтардың пікірінше, кез келген тілдің фразеологиялық қорының 30% соматикалық тіркестер құрайды. І. Кеңесбаев сөздігінде 630-дан аса соматикалық фраземалар тіркелген. Түркі тілдеріне ортақ фраземалық қордың басым көпшілігі соматикалық фраземалар болып табылады. Башқұрт фразеологиясын зерттеуші ғалым, академик З.Г. Ураксин “Фразеология башкирского языка” еңбегінде башқұрт тілінің фраземаларына лексика-семантикалық, құрылымдық-морфологиялық, синтаксистік тіркесімділігі тұрғысынан лингвистикалық анализ жасай отырып, соматикалық фраземалар туралы былай дейді: “Фразеологизмы, общие для большинства современных тюркских языков, образуются чаще всего от названий тела, которые в сочетании с другими словами в

прямом значении обозначают положение частей тела, различное состояние или действия органов тела. Употребление их в переносном значении, когда они начали обозначать психическое состояние, способности человека и др., привело в фразеологизации всего словосочетания” [З.Г. Ураксин, 1975; 158 б.].

Фразеологизмдердегі бірінші компонент көбінесе фраза жасаушы ұйытқы сөз болып табылады, бірақ бұл негізгі шарт болып табылмауы керек. Тілдегі кез келген сөз фраземажасамда ұйытқы компонент бола алмайды. Тек халықтың санасында, тілінде ұзақ жасасып келген, байырғы сөздік қордағы лексемалар ғана ұйытқылық қызмет атқара алды.

Фразеологиялық қордың басым көпшілігі болып саналатын анатомиялық атаулар мен дене мүшелері арқылы жасалған фраземалардың саны түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде аз емес. Соматикалық атаулар арқылы жасалған фраземалар көне түркі ескерткіштерінде де көптеп саналады.

Кез келген тілдің лексикалық қорындағы соматизмдердің алатын орны ерекше ескерсек, бұл лексеманың өте көне қабатқа жататынына көз жеткізуге болады. Көне түркі ескерткіштер тілінде кездесетін соматикалық фраземалардың қазіргі түркі тілдерінің көбіне ортақ екенін дәлелдеу қиынға соқпады. Мысалы: *kozga tagin* [Древнетюрский словарь, 1961; 320 б.]. Қазақ тілінде көзге түсу, ұйғыр тілінде көзгә чүшмәк, өзбек тілінде кузга ташланбақ, қырғыз тілінде кузга ташланыу, татар тілінде козга ташланту; *til bekut* “үндемеу” [Древнетюрский словарь, 1961; 560 б.], қазақ тілінде тіл байлану, ұйғыр тілінде тили тутулмақ, өзбек тілінде тили тиймақ, түрік тілінде дилини тутмақ, татар тілінде тел саклау, қырғыз тілінде тел сақтау және т.б.

Сонымен қатар көне түркі тіліндегі соматикалық фразеологизмдердің бірінші есім компоненті басқа түркі тілдерінде өзгерген, ал етістік компоненті сақталған фраземалар да кездеседі. Мысалы, *til ac* “сөйлеуді бастау” [Древнетюрский словарь, 1961; 559 б.], қазақ тілінде ашылу, ұйғыр тілінде ағзи

ечилиақ, өзбек тілінде ағиз ачмақ және т.б. Фактілер көрсетіп тұрғандай, көне түркі тіліндегі тіл лексемасын қазіргі түркі тілдерінде ауыз сөзі алмастырған. Бір қызығы, көне түркілік вариантын қазіргі татар тілі сақтаған. Мәселен, татар тіліндегі “сөйлеп кету, сөзді бастау және аузы ашылу” мағыналарында тил ач фраземасы қолданылады.

Ал көне түркі тіліндегі *bogus tog* [Древнетюрский словарь, 1961; 110 б.] фраземасы қазіргі түркі тілдерінде төмендегідей формада қолданылады: қазақ тілінде қарны тоқ, ұйғыр тілінде қосиғи тоқ, түрік тілінде карин тоқ, қырғыз тілінде қарын тоқ және т.б. Мысалдар көрсетіп тұрғандай, көне түркі тіліндегі *bogus* “жұтқыншақ” сөзі қазіргі түркі тілдерінде қарын, қосақ лексемаларымен алмасқан. Айта кететін тағы бір факт мұндағы есім компонент фраземаға факультативтік, қосалқы мағына жүктеп тұр. Негізгі фразеологиялық мағына етіс компонент бойында. Салыстырыңыз, қазақ тілінде: қарным тоқ, ұйғыр тілінде: қосақ тоқ =Менің қарным тоқ ~ Мениң қосуғим тоқ; Мен тойдым ~ Мән тоқ және т.б.;

Қазақ тіл білімінде соматикалық фраземалардың варианттылық сипаты¹, олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктері², соматикалық фраземалардың процессуалдық мағыналары мен етістіктерімен тіркесімділік қасиеттері және олардың этнолингвистикалық сипаты³, типологиялық құрылымы әр түрлі тілдердегі соматикалық тіркестерді қазақ тілімен салғастырмалы-типологиялық тұрғыдан зерттеген⁴ еңбектер саны аз емес.

Тіл дамуының ерте сатысының өзінде таныс сөздер (лексемалар) негізінде жаңа комбинациялар жасау, жаңа тіркестер қалыптастыру үрдісі болған. Осы таныс комбинацияларға соматикалық атауларды жатқызуға болады. Себебі адам қашан да когнитивтік үрдісті өзін-өзі танудан, байқаудан бастайтыны анық. Адамға етене таныс, жақын атаулар – өзінің дене мүшелері.

Дене мүшелері ұйытқы болған, фраземалар құрамындағы басқа компоненттерге “басшылық” етіп, ықпал жасап тұратын тілдік қорда сақталған кейбір соматикалық фраземалардың ішкі

формасында күңгірттілік байқалады. Италиян тілінің фразеологиясын зерттеуші ғалым Т.З. Черданцева бұл құбылысты тіл табиғатындағы ассимиляциялық құбылыс және оның бойындағы метафоралану қабілеті мен контекстік мағынаға ие болуымен қатар кейбір экстралингвистикалық факторлардың нәтижесі деп түсіндіріп, төмендегідей пікір айтады: “Письменные свидетельства человеческой речи и более поздние литературные источники содержат относительно большое количество несвободных словосочетаний, способных, с одной стороны, служить названием новых понятий и предметов и выступать в качестве составных терминов, с другой стороны – описать ситуацию с помощью слов, утративших прямую соотнесенность с тем предметом, обозначением которого они могли являться, и выступать в качестве фразеологических единиц” [Т.З. Черданцева, 2000; 179 б.].

Қазақ тілінің фраземалары құрамында мағынасы қазіргі сөйлеушіге түсініксіз сыңарлар кездеседі. Ол сыңарлар “дайын материал” болып табылатын фраземалардың тұтас мағынасын сол күйінде қабылдағанда ғана сөйлеушіге түсінікті. Мысалы: тілге тиек ету “сөзіне сүйеніш, ойына таяныш, себеп”. Мен де өз айтарымды айтып болған соң, тілге тиек таппай, амалсыздан үнсіз отырмын (С. Байжанов).

Фраземаға негізгі ұйытқы болып тұрған компонент – тіл. Ет көмекші етістігі процессуалдық (тіл ет < тілде <тілдес) қызмет атқарып тұр. Фразема құрамындағы тиек сөзіне келетін болсақ, ол сөздіктегі мағынасынан (“домбыра шегін көтеріп тұратын құрал”) басқа, не тура, не ауыспалы мағыналары көрсетілмеген. Фраземадағы тиек сөзінің мағынасы – “себеп”. “Себеп” тұлғасы араб тілінен ауысқан сөз. Оның түркілік баламасы “сылтау”. М. Қашқаридің “Диуанында” тылдың сөзі “сылтау, себеп, негіз” мағынасын береді [Древнетюрский словарь, 1961; 567 б.]. Х-ғасырдың туындысы “Алтун йарук” ескерткішінде тылтағ “себеп, сылтау, негіз” мағынасында түсіндірілген [Древнетюрский словарь, 1961; 567 б.].

“Бес жүз бес” сөздігінің авторы Ә. Нұрмағамбетов тілге тиек ету фраземасына этимологиялық талдау жасай келіп төмендегідей ғылыми тұжырым айтады; “... бүгінгі таңда қолданылып жүрген сөзіміз “сылтау” – ертедегі түркі тілдеріндегі “тылдағ, тылтағ” тұлғаларының дыбыстық өзгерістерге душар болған түрі. Мұны түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестігі заңдылықтары дәлелдейді” [Ә.Нұрмағамбетов, 1994; 282 б.].

Қырғыз тіліндегі чылтак [К.К. Юдахин, 1965; 886 б.]; тува тілінде чылдак, сылдағ [Русско-тувинский словарь, 1980; 394 б.]; хакас тілінде сылдағ [Хакасско-русский словарь, 1953; 207 б.]; якут тілінде сылтах [Русско-якутский словарь, 1968; 429 б.].

Көне түркі тілінде “тылдағ” түбірі – тыл немесе тіл [Древнетюрский словарь, 1961; 559 б.]. Тілге тиек тіркесі “сылтау” фонеметикалық варианты “тілтағ, тылтағ” тұлғасы екі сөз тіркесі ретінде қабылдап, тіл және тағ деп түсінген. Тағ тұлғасындағы соңғы “ғ” – қазақ тілінде сөз аяғында келмейтіндіктен, үндестік заңына икемделіп тіл тек пайда болған. Кейін келе тек тұлғасының тиек сөзімен сәйкестенуі нәтижесінде тілге тиек қалыптасып, септік жалғауларының дамуына орай тіл+ге = тілге тиек болған. Фраземалардың тұлғасы өзгерсе де, мағынасын осы күнге дейін сақтаған. Себебі тілге сылтау ету деп айтса да тілдік заңдылық бұзылмайды.

Сонымен қатар мұндай тіркес басқа түркі тілдерінде сақталмаған. Қазақ тілінде мағынасы бұзылмай, оның тұлғасының өзгеруі кездеседі. Қазіргі тілдік қорда тіл мен жағына сүйену фраземасы “әр нәрсені желеу ету, істің бабына, сөздің орайына көнбеу” мағынасында қолданылады. Ертедегі қазақтар сөйлеуге тек қана тілдің ғана емес, жақтың да қатысы барлығын ескеріп, алғашқы кезде тілдағ сөзін қос сөз деп қабылдай келіп, дәстүрмен тіл-жақ деп ұғынған. Осыған тәуелдік және септік жалғаулары қосылу нәтижесінде тіл-жағына сүйену фраземасы пайда болған. Тілге тиек ету, тіл мен жағына сүйену фраземалары – ертедегі түркі тіліндегі “тылдағ” тұлғасын тілімізде ежелден бар сөздерге ұқсату, сәйкестендіру нәтижесінде туған [Ә.Нұрмағамбетов, 1994; 284 б.].

Адам – табиғаттың жаратқан күрделі де, айрықша феномені. Жер бетіндегі қоғамдық өмірдің негізгі тұлғасы бола тұра, адам өз өмірінде небір ғаламат күйлерді басынан кешіріп, өзінің табиғи қасиетіне орай жан-дүниесімен тебірене сезіне алады. Адам басынан түрлі оқиғаларды өткізеді: олар қуанады, сүйсінеді, күледі, шаттанады, рахаттанады, сонымен қатар ренжиді, ашуланады, ашынады, күйінеді, сүйінеді, алданады, алдайды, біреуді немесе бір нәрсені ерекше жақсы көреді, жек көреді, түңіледі, бір нәрсеге қызығады, әуестенеді, құмартады немесе жиіркенеді. Адам бойындағы қасиеттер алуан түрлі. Осы қасиеттердің басым көпшілігі қазақ тілінде соматикалық фраземалардан мол көрініс табатынына көзіміз жетті.

Мысалы: ана тіл, қызыл тіл, ащы тіл, жүйрік тіл, майда тіл, шешен тіл немесе тіл жеткісіз, тіл қайыру, тіл қату, тіл сіндіру, тіл тигізу және т.б.

Қазақ тілінде фраземалардың ұлттық-мәдени аспектілеріне синонимдік қатарлар тұрғысынан зерттеген профессор Г.Н. Смағұлова мағыналас қатарлардың топтарын антропоцентристік және тілдегі адамдық фактор тұрғысынан семантикалық өрістерге жіктеп, мынандай пікір айтады: “Адам бойындағы сезім саласындағы айырмашылықтар түрліше. Тұрмыс жағдайы, білім деңгейі, жас мөлшері, қоршаған орта әсері де ықпалын тигізеді. Қалыпты, күнде көріп жүрген, болып жатқан дүние құбылыстарын әркім әр түрлі қабылдайды, бағалайды” [Г.Н. Смағұлова, 1998; 56 б.].

Одан әрі фраземаларды адамның жағымды-жағымсыз қимыл әрекеті, сезім әрекеті, сезім жағдайы немесе жоғары эмоциялық фраземалар, адамның физикалық қалпы, сөйлеу дағдысы, жеке басына тән қасиеттері, қоғамдық-әлеуметтік жағдайы, түр-әлпеті және т.б. семантикалық топтарға бөледі [Г.Н. Смағұлова, 1998; 57-58 бб.]. Көріп тұрғанымыздай фраземалардың басым көпшілігі адаммен, оның сезімдерімен, қасиеттерімен байланысты пайда болған. Осы типтес фраземаларды жасауға негіз болған фраземалардың көпшілігі соматикалық үлесіне тиеді.

Ауыз – адамның, жан-жануардың тамақ қабылдайтын мүшесі [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1974-1986; 476 б.]. Ауыз соматизмі ұйытқы болған алдау-алдану мағынасында жұмсалатын фраземалар: ақ ауыз қылу-болу, аузы аппақ болу, аузын күн шығысқа қарату, аузы күн шығысқа қарап қалу, аузын аңқайту, аузы аңқиып қалу және т.б.

Мысалдарды жалғастырсақ: ақ акыз, ала ауыз, алты ауыз, дорба ауыз, көк ауыз, сары ауыз немесе ауыз жаласу, ауыз жаппау, ауыз су, ауыз үйіру, ауыз баққыш, ауыз толтырарлық және т.б.

Бас соматизмі VIII ғасырдағы көне түркі ескерткіштерінде, көне ұйғыр, қыпшақ және оғыз ескерткіштерінде, қазіргі түркі тілдерінің барлығында дерлік – baš, хакас тілінде – pas, чуваш тілінде – rus кездеседі. Қазақ тілінде бастың түрін анықтайтын домалақ бас, сопақ бас, таз бас, қауын бас т.б. тіркестер бар. І. Кеңесбаевтың “Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде” 169 фразема берілген. Мысалы: жалаң бас, жалғыз бас, жел бас, қарақан бас, қызба бас, қу бас, шүйке бас немесе бас айналу, бас алу, бас араздық, бас аман болу, бас аманда, бас ауырту, бас ауыртты, бас байлады, бас бұзар және т.б.

Бет – бастың алдыңғы жағы, жүз [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1974-1986; 282]. Бет – адамның мінез-құлқын, қабілетін және т.б. жақсы-жаман қасиеттерін көрсететін негізгі мүше. Бет – жеке индивит өмірінде қайталанбас өзіндік эталон, тіпті бір құрсақтан шыққан қос тамшыдай егіздерді туған анасы бетіне қарап ажырата алады екен. Бір беттің екінші бетке ұқсамайтынын анықтайтын тіркестер тілде баршылық.

Бетке мұндай сипаттарды, әдетте, бір көргенде “баға” ретінде берген. Бір қызығы қазақ тілі мен ұйғыр тіліндегі бет-жүз фраземаларын салыстырғанда, қазақ тілінің фраземаларының көпшілігі бет соматизмімен келсе, ұйғыр тілінде жүз (йүз) соматикалық фраземалары саны жағынан басым болып шықты. Мысалы: беті қалың < үзи қелин, бетке басты < үзигә салмақ, бетіне айтты < үзигә әтмақ және т.б. Мысалдарды жалғасытсақ: айран бет, ақша бет, ботқа бет, бүйрек бет, қара бет, қушық бет, сұр бет,

тарпақ бет, торсық бет ісік бет немесе бет алды, бет бақырмау, бет жыртысу, бет қаратпау, бет түзеді, бет тырнау, бет сипау, бет перделеу, бет бұру және т.б.

Бет және жүз соматизмдері мағыналас сөздер болып табылады. Көне түркі ескерткіштерінде де жүз және бет лексемалары қатар қолданылған. Жүзі жылы, беті қалың деген тіркестер бір көрген адамға қарап отырып берілген баға. Мысалы: жүз жыртысу, жүз көрісу, жүз шайысу, жүзі таныс, жүз тоқтату, жүз салу және т.б.

Көз соматизмімен жасалған фраземалар саны басқа соматикалық тіркестермен салыстырғанда басымырақ екен. М. Ержановтың “Адамның сыртқы бейнесін сипаттайтын сөздердің лексика-семантикалық топтары” атты кандидаттық диссертациясында көздің 123 түрін сипаттайтын соматикалық тіркестерді көрсеткен: үлкен көз, бадырақ көз, алақан көз, шатынаған көз, аялы көз, шақша көз, жұмық көз, жыпсық көз, бота көз, қой көз, құралай көз, шаян көз, сығыр көз, қысық көз және т.б. [М. Ержанов, 1988; 13 б.]. І. Кеңесбаев сөздігінде көз соматизмімен жасалған 209 фразема берілген.

Қазақ тіліндегі адам интелектісіне қатысты лексиканы зерттеген

Б.Ұ. Сағынова мынандай пікір айтады: “Сөз мағынасының кеңеюі, сөздердің семантикалық өрісінің бір-бірімен ұласуы, олардың тілдегі белгілі бір құбылысты, атауды білдірудегі бір-бірімен тура немесе жанама байланысын, адамның дүниені ақыл-ойы арқылы тану процесінің бір қырын соматизмдер арқылы танытады” [Б.Ұ. Сағынова, 1999; 13 б.]. Мысалы: адырақ көз, айнама көз, ақ көз, ала көз, бадырақ көз, қушық көз, бота көз, жаутаң көз, ескі көз, көген көз, құмай көз, қой көз, құралай көз, қызыл көз, оң көз немесе көз айрымау, көз аларту, көз алдау, көз алдында, көз ашқызбау, көз түзеді, көз бояушы, көз жұмбаилық, көз жүгірту, көз жіберу, көз тарту, көз тию, көз тоқтату, көз түрткі, көз ұшы және т.б.

Қазақ тіліндегі фраземалардың қалыптасуына сонымен қатар құлақ, ауыз, тіс, мұрын, аяқ, жүрек, бауыр, бүйрек, іш және т.б. анатомиялық атаулардың, дене мүшелердің қызметі айрықша.

Олар сөзге арқау, ойға тірек болып, тілдің фразеологиялық бай қорын жасауда ерекше қызмет атқарады.

Қазақ халқының ерте кезден қалыптасқан әдет-ғұрыптары мен дағдыларында психологиялық іс-әрекеттер көп кездеседі. Сезімді, көңіл-күйді, іс-қимыл әрекеттен көп сөзбен айтпай-ақ ыммен, ишратпен, еппен сездіретін және соларды дәл бейнелейтін ойлы, сесті ұғымдар бар. Адамның анатомиялық атаулары (соматизмдер) олардың қимыл-қозғалыстарымен де тікелей байланысты. Адамның дене-мүшелері арқылы жасалған қозғалыстар соматикалық бейвербалды фраземалардың жасалуына ұйытқы болған. Коммуникативтік актідегі бейвербалды тәсілдерді зерттеу кинесикамен байланысты. Лингвистикада кинесика паралингвистикалық амал болып табылатын қарым-қатынас барысында қолданылатын кинемалар, мимикалар және пантомимикалық қозғалыстар, дене қимылдары ретінде қарастырылады.

Халық даналығындағы “ымды білмеген – дымды білмейді” ұғымы осымен тікелей байланысты. Қазақ ұлтының әдет-ғұрыптарын зерттеп, жинаушы, жазушы-этнограф С. Кенжеахмет дағды, ым-ишара туралы былай дейді: “Әдет, дағды, ишара, ым арқылы адамдар келісу, ашу-ыза, ұялу, жеңілу, жеңу, қайғыру, тағы басқа көңіл-күй көрінісін білдірген. Қазақтың осы әдеті бүгін де қолданылады. ...Оны жас ұрпақ білген жөн. Халық әдет-ғұрпы мінезіндегі өзіне жарасатын осы ұғымдар іс-әрекет, бет-пішін, түрлі қимылдар арқылы жасалады” [С. Кенжеахметұлы, 1998; 161 б.].

Ым және дене қимылдарын этикет формаларының құрамдас бөлігі ретінде қазақ және орыс тілдері деректері негізінде қарастырған

А.Д. Сейсенова, ым және дене қимылдары тек қана коммуникативтік жету мақсатында әлеуметтік мотивацияға ие болады. Бұл ерекшеліктеріне байланысты кинемаларды ұлттық-мәдени нышаны бар құбылыс деп анықтауға болады. Сол себептен тілдегі паралингвистикалық факторлар белгілі бір этностың

ұлттық белгілері тұрғысынан зерттелуі қажет, – дейді [А.Д. Сейсенова, 1998; 121 б.].

Паралингвистикалық амалдардың ішінде көп тарағаны – дене қимылдары. Соның ішінде херемалар (гр. *hejr, hejros* – қол) адамдардың қарым-қатынас барысында жиі қолданылады: қол алысу, қол қусыру, қол соғу, қол жаю, қол сермеу, қол бұлғау, қол көтеру және т.б. фраземалар сөйлеу ситуациясы мен қатынас ерекшеліктеріне қарай қолданылады. Қол алысу херемасы сәлемдесу, қоштасу, алғыс білдіру, құттықтау, танысу, достасу, шартқа отыру, келісімге келу, қолдау ситуацияларында кездеседі.

Қол алысу фраземасы негізінде қалыптасқан қолды кеудеге қою, қол бұлғау, қол көтеру, қол жаю және т.б. херемалар ізеттілік пен сыпайылық, ыстық ықылас пен жылы жүректің символы ретінде қолданылады. Қазақ халқының салт-дәстүрінде сақталған табалдырықты оң аяқпен аттап кіру, сыйға тартар нәрсені оң қолымен беру, оң қолымен ишарат білдіру т.б. ырымдар адамның кеудесіне оң қолын қоюы негізінде жүзеге асады.

Қол сілтеу “ренжу, өкпелеу”, “не болсаң, ол бол” дегенде көңілі қалған, жәбірленген кісінің іс-әрекеті. Біреуге қол сілтесең – өзін жәбірлеу, сөгу деп те қабылдайды.

Қол көтерді “ұрды, соқты” мағынасындағы фразема бар. Осы фраземамен ұштас келетін кинесикалық мағына: 1. сөзім бар, айтарым бар; 2. тоқта, жетер; 3. жеңілдім, бағындым.

Қазақ тілінде бас соматизмі ұйытқы болған бас иді, бас иіп сәлемдесті, басын салбыратты, басын көтерді және т.б. фраземалар этикеттік форма ретінде тілде жиі қолданылады. Көз соматизмі көз тігу, көзін қадау, көзін аларту, көзін қысу, көз тастау, көзін адырайту және т.б. фраземаларына тірек болып әр түрлі ситуацияда қолданылады.

Ернін шығару “мазақ ету, келемеждеу” мағынасында қолданылады. Көбінесе әйелдер мен балалар қолданады.

Қабак түйю “біреуді ұнатпаудың, бір істі жаратпаудың, ренжудің” символы. Ондай адамдар туралы “қабағы түйюлі ғой”, “қабағы түсіп кетіпті ғой” дейді.

Мандайын ұру “қатты өкіну, қателесу” мағынасында жұмсалатын фразема. Адамның өзіне-өзі берген қатаң жазасы болып табылады. Бір іске өкінген, қайғырған адам өз мандайын жұдырығымен соғады. Бұл көбінесе ер адамдарға тән әрекет.

Сонымен қатар дене мүшелері арқылы жасалған кинемаларға қолданылатын жаза, тыйым түрлері де бар. Мәселен, бүйріңді таянба, қолыңды төбеңе көтерме, саусағыңды беземе және т.б. Бұлардың барлығы ата-бабаларымыздың салт, сана, әдет-ғұрпындағы ғасырлар бойы жинақталған, дәстүрге еніп қалыптасқан халықтың, ұлттық бай қазыналарымыздың тармағы болып табылады.

Адамның басқа да дене мүшелері арқылы жасалған фраземалар ұлттық-мәдени белгілеріне ие, олар ұлттық дәстүрмен, таныммен байланысты туындайды. Қазақ салтындағы келіннің тізе бүгіп амандасуы, бас иіп тәжім етуі, ас қайырып, қол жаюы проксемикалық құбылыстардың этнос мәдениеті мен оның тілінің өзара байланысын көрсетеді.

□3.2 Зооморфтық фраземалар

Адамзат өміріне жануарлар әлемі өте етене таныс, жақындығы өркениеттің тарихи дамуы үрдісімен байланысты. Ертедегі адамдардың табиғат алдындағы дәрменсіздігі мен оған деген теріс түсініктері жануарлар культінен туындаған. Жануарлар әлеміндегі культтік таным адамзат творчествосының ең көне көрінісі болып табылады. Тіл мен мәдениет байланысын зерттеген ғалым В.А. Маслов пікіріне сүйенсек: “Культ животных – первая грань, которую древний человек проводит между собой и миром природы, признавая еще ее господство, но уже не отождествляя себя с ней” [В.А. Маслова, 1997; 122 б.]. Қазіргі уақытта рухани мәдениетте жануарлар әлемінің танымдық сипаты еш төмендеген

жоқ, сондықтан да анимализм тілдік және мәдени стереотиптер мен поэтикалық бейнелердің ұғымдық көрінісінің жалғасы болып табылады.

Жануарлар әлемімен байланысты туған культтік фраземалар мағынасының мифологиялық төркініне зер салу – тіл тарихының қатпарларына үңілуге мүмкіндік береді. Адамзаттың саналы ғұмырынан бергі кезеңде онымен біте қайнасып келе жатқан алуан түрлі мифтік дүниетаным қазыналарының фраземалар қойнауларында жатқаны белгілі. Тілде өмір шындығы, адамның өзін айнала қоршаған дүние туралы сан ғасырлар бойындағы таным түсінігі мен болмыс-бітімі мол жинақталған.

Адамзаттың алғашқы қауымында, яғни әлем заңдылықтарын танып білудің балаң кезеңінде жалпы халықтың жинақталған қиял жемісі – миф пайда болған. Миф – ертедегі адамдардың не жайлы ойлағаны, неге сенгені, бір сөзбен айтқанда, әр нәрсені белгілі бір сезіммен қабылдауының бірден-бір көрінісі. “Мифте айтылған аңыздар мен шарттар, жабайылық емес, ол мәдениеттің басқа бір саласына енетін бір шындықтың саңлақтары” [Е.М. Мелетинский, 1979; 34 б.] болып табылады.

Ежелгі архаикалық ұғымдар ойдың сөзбен берілген көрінісін мойындаған, сондықтан да тілдің көне құрылымы сол дәуірдің архаикалық дамуын бейнелейді. Фраземалар – ұлттық тілдің архаикалық формасы, ал мифологиялық фраземалар – фразеологияның ең көне түрі.

Қазақ мифологиясы – бүгінгі қазақ халқын жасауға қатысқан бірнеше мыңжылдық көшпелі ру-тайпалардың “орташа” алынған сөздері, дүние-ғалам, өмір туралы түсініктерінің елесті танымдарының бірыңғай жүйесі. Қазақта айқын, мөлдір сипатты мифология жоқ. Ол ауыз әдебиеті мұраларының, жырлар мен дастандардың, әр түрлі шежіре аңыздардың, ертегілердің жұмбақ пен мақал-мәтелдердің, фразеологизмдердің астарында, сондай-ақ қазақ тілінің сөздік қорының қойнауында жасырынып жатыр [С. Қондыбаев, 1995; 17 б.].

Қазақ тіліндегі фраземалар өзіндік мазмұны мен құрылымына қарай әр алуан болып келеді. Олардың көбісі халықтың тарихын, наным-сенімін, көзқарасын, дүниетанымын білдіреді. Осы ерекшеліктер фраземалардың бейнелі-реңктік негізін құрайды. Фраземалар – тілдің мазмұндық жағының сан ғасырлық дамуының нәтижесі, сондықтан олар бізді қоршаған нақтылықтың күрделі ұғым мен түсініктерді ең қысқа, ықшам пішінде, түсінікті, бейнелі және эмоционалды түрде бейнелеу қабілетіне ие.

Алайда, фраземалардың бұл жалпы мінездемесі әр нақты жағдайда бейнелі-реңктік негізіне байланысты өз дифференциясын табады. Фраземалардың бейнелі-реңктік негізін халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірін, рухани әлемі мен материалдық мәдениетін, тұрмыс-салтын, діни-мифологиялық наным-сенімдерін білдіретін факторлар көрсетеді.

Сол себепті фраземалардың пайда болуы мен жасалуына әр түрлі дәрежеде ықпал ететін экстралингвистикалық факторларды ұмытпаған жөн. Мысалы, егер Қиыр Солтістік пен Сібір түркі халықтары тілдерінің лексика-фразеологиялық категориялары бұғы шаруашылығының немесе тайгадағы аңшылық кәсібінің ерекшеліктерін бейнелесе, ал Орта Азия халықтарында мақта шаруашылығы, Поволжье халықтарында балық аулау кәсібінің, ал қазақтарда мал шаруашылығының ерекшеліктерін көрсетеді.

Мұның бәрі үй жануарларын өсіру мен күту, көлік, күнкөріс есебінде пайдалану, сол сияқты киім мен үй жабдықтарын жасау шикізаты ретінде пайдаланудың сан ғасырлық тәжірибесі тілде көрініс таппауы мүмкін емес еді. Қазақтардың көшпелі тұрмысының бұл ерекшеліктері, ең алдымен, фраземаларда орын алады.

Негізгі өмірі мал шаруашылығымен тікелей байланысты болған қазақ халқы үшін төрт түлік малдың орны ерекше. Қазақта түйе, жылқы, қой, сиыр малын қосып төрт түлік деп атайды. Ертеде дәулетті, ауқатты адамды төрт түлігі сай екен дегеніне қарағанда, байлық мал санымен есептелген болу керек. Төрт түлікті жеке-жеке атағанда түйе малы, жылқы малы, қой малы (ешкі малы),

сиыр малы дейді, ал бұлардың бәрін қосып тұяқты мал деп атаған да, әрқайсысының иесі, пірі бар деп есептеген.

Төрт түлік малға қатысты фраземаларды сөз еткенде, жануарлар әлемін қоғамға ауыстырудың өзіндік тәсілі алдыңғы қатарға шығады. Қазақ тілінде фраземалар төрт түлік малдың сыртқы пішіні, мінез құлқы, әдеттеріне сәйкес адамның ерекшеліктерімен бейнелі және визуалды салыстыру, қатар қою негізінде пайда болған. Бір жағынан, жануарлар әлемін бақылау негізінде, екінші жағынан, адамдардың қоғамдағы қарым-қатынастары мен әр түрлі өмірлік жағдайлардағы іс-әрекеттеріне байланысты туған ассоциациялық параллельдер тілде көптеген ортақ немесе ұқсас көріністерді тауып фраземалардың бейнелі-реңктік негізінің тууына қызмет етеді.

Қазақ тілінде сиыр сипағанды білмейді деген фразема жақсылықты, ізгі сезімдерді түсінбейтін, бағаламайтын адамдарға қатысты қолданылады. Бұл жағдайда сиырдың физиологиялық қасиеті соған ұқсас адамның мінезі немесе психологиясына ауысқан. Мысалы: жылқы мінезді фраземасы адамды жағымды жағынан көрсетеді, яғни бұл жерде төзімді, кеселсіз, күшті адам сөз етіледі. Көшпелі халқымыз жылқыға тән бұл қасиеттерді өте жақсы сезініп, түсінген және адам бойына бағалы қасиет ретінде ауыстырған.

Мал шаруашылығына байланысты фраземалардың ортақтығы мен ауыспалылығы түркі тілдерінің синхрондық дамуында байқалады. Қазіргі түркі тілдерінің әр алуан топтары мен аймақтарында ортақ немесе фраземалық варианттар арқылы көрініс табады. Бұл фраземалардың фонеморфо-семантикалық ауытқулары мен кейбір құрылымдық модификациялар – халықтардың бір генетикалық типтен таратылғандығын, тұрмыстық-салтындағы ұқсастығын немесе тарихи дамудың әр алуан кезеңіндегі тіларалық ауысулар мен саяси-экономикалық қатынастардың айғағы.

Мысалы: қазақ тілінде ат жалын тартып міну, қырғыз тілінде ат жолын тартып міну “есею, жігіт болу”, қазақ тілінде қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған кез, қарақалпақ тілінде қой үстінде

торғай жұмыртқалау “тыныштық кез, жанға жайлы кез” мағыналарын береді.

Түркі тілдерінде ортақ фраземалардың сақталуы олардың ұқсас, ортақ бейнелі-реңктік негізін көрсетеді. Төрт түлік малдың қатысуымен жасалған фраземалар адамның әр түрлі көңіл-күйін, мінезін, әлеуметтік және саяси қатынастарын және т.б. қасиеттерін білдіреді. Мысалы:

– бәр нәрсенің түр-түсі мен пішінін айқындау адамға тікелей салыстырып ауыстыру тәсілімен жасалған фраземалар: қойдан қоңыр, жылқыдан торы, көк ала қойдай, нар атандай және т.б.;

– уақытты, көлемді, қашықтықты, биіктікті т.б. анықтаудың халықтық қарапайым әдістері ретінде қолданылатын, салыстыру не салғастыру негізінде туған фраземалар: қой өрісіндей жер – 5-6 шақырым; тай шаптырым жер, қозы көш жер – 6-7 шықырым; құнан шаптырым жер – 8-10 шақырым; бір көш жер – 10-15 шақырым; ат шаптырым жер – 20-35 шақырым; түйенің табаны түсер жер; Мекке қажылыққа барар өте алыс жер; ат басындай алтын; ат бойы; сиыр бәсеке; бес биенің сабасындай; бие бауырындай жер, бие сауымдай уақыт; бұзау салмағындай уақыт; кәрі қойдың жасындай және т.б.

– адамның нақты өмірлік жағдайдағы мінезіне, психологиясына, қоғамдағы қарым-қатынастары мен іс-әрекеттеріне байланысты ерекшеліктерін бейнелі не ассоциациялы негізде салыстырудан туған фраземалар: қой ауызнан шөп алмайтын, түйе үстінен сирақ үйіру, түйе шешкендей ету, тойған қозыдай томпию, егінге түскен сиырдай жайпау, боз інгендей боздау, бөрі көрген сиырдай мөңіреу, қолынан қой жарысы келмей, тұлпардай делебесі қозу, ат үстінде күн көру, ат арылту және т.б.

– адамның төрт-түлік малға қарым-қатынасын, көшпелі өмірдің мән-маңызын, биологиялық, физиологиялық өзгешеліктерін көрсететін фраземалар: нарым әрі жүкті, әрі сүтті, әрі күшті, мал құлағы саңырау, ай мүйізді қошқар, төрт түлігі сай, құнаннын

құдайындай, тайын тәңіріндей, нар атандай, нар еді ердің құны, нардың пұлы, ауызына май, астыңа тай және т.б.

Қазақ тіліндегі фраземаларды жіктеп талдау, көшпелі халықтың төрт түлік мал туралы ұғым-түсініктері бейнелеу немесе ассоциациялы салыстырулар түрінде тілдегі фраземаларда сақталғанын көрсетеді. Мұндай ассоциациялы салыстырулар мен ұқсатулар бейнелі-реңктік негіздер арқылы жүзеге асады. Сондықтан фраземалардың күрделі табиғатын анықтаудың кілті тілдің бай фактілерінде – халықтың рухани байлығының сақтаушысы.

Фраземалар халықтың өмір-тіршілігімен, жалпы қоғаммен, тарихпен, материалдық және рухани мәдениетімен тығыз байланысты болып келеді. Бұл байланыстар бүгінгі тілдік қолданыста ұмытылған, тек олардың астарлы, бейнелі мағыналары ғана сақталған. Қазақ халқының күнкөрісі, тұрмыс-тіршілігі төрт түлік малға байланысты. Жесе – азық, кесе – киім, мінсе – көлік дегендей, көшпелі жағдайда өмір сүрген қазақ халқы үшін төрт түлік мал тіршілік тірегі болды.

Өзінің тұрмыс-тіршілігінде осындай ерекше орын алған пайдасы тиіп, қызметі сіңген төрт түлік мал жайында қазақ халқы ерте заманда-ақ неше түрлі әңгіме, жыр, аңыз, өлеңдер шығарған. Бұлардың бәрінде де мал арманы, тілек-мүддесі көрініп отырады. Қазақ мәдени өмірінде адамдар жаратылыс сырын түсіне алмаған кездің өзінде-ақ төрт түлік малға байланысты шығармалар туа бастаған.

Ш. Уәлиханов “Шамандықтың қазақтардағы қалдығы” дейтін еңбегінде төрт түлікке байланысты шығармалардың алғашқы үлгілері ертеден адамның ой-өрісі төмен сатыда тұрған кезінде шыққандығын айтады. Жаратылыс сырын түсіне алмаған ол кездегі адамдар әлем дүниесіндегі әрбір құбылыстарды өзінше жорыған, бұларда жаратушы күш бар деп сенген, соған табынған.

Төрт түлік мал жайындағы өлең-жырлардың алғашқы үлгілері осындай ескі наным-сенімдерге байланысты туған. Онда әрбір

түліктің жаратушы құдайы бар деп білген. Мәселен, қазақта “Қазығұрт тауы” деген әңгіме-жыр бар. Осы жырда халық төрт түлік малдың қалай пайда болғанын ескі діни ұғымдарға байланыстыра былай баяндайды: Баяғы бір заманда дүние жүзін топан-су қаптап кетеді. Тек Қазығұрт тауы аман қалады және осы таудың ығына Нұқ дейтін әулиенің кемесі тұрады. Топан-су қаптаған кезде жан-жануарлар осы кемеге тығылады. Кеме ішінде төрт түлік малдың әрқайсысынан тұқым бар. Бұл түліктерді сақтап қалған олардың жаратушысы, иелері болады. Жылқының иесі – жылқышы ата (Қамбар ата), қойдың иесі – Шопан ата, түйенің иесі – Ойсыл қара, сиырдың иесі – Зеңгі баба, ешкінің иесі – Сексек ата деп әрқайсысына жекелей ат қояды [М. Ғабдуллин, 1974; 37 б.]. “В так называемый магико-мифологический период развития этноязыковых общностей люди глубоко верили в чудодейственную силу слова, они или с благовоением или со страхом говорили о технологических, мияологических понятиях и усматривали в названиях предметов и явлений нечто таинственное. В силу этой веры любой мог обратиться к Зенгибабу (покрывателю рогатого скота), Ойсылқару (покрывателю верблюдов), Камбарату (покрывателю лошадей), Шопанату (покрывателю овец), Шекшекату (покрывателю коз) с просьбой оберегать его скот от падежа и других стихийных бедствий” [Ә. Қайдаров, 1998; 44 б.]. Төрт түлік малдың өз алдына иелері болуына, әрқайсысына жекелей ат қоюына қарағанда, “Қазығұрт тауы” сонау ерте заманда, көп құдайға табынған шамандық дәуірде туған деген жорамалдар бар. Бертін келе, қазақ арасына ислам діні тарап, көп құдайға табынушылық біртіндеп жойыла бастайды. Өйткені ислам дінінің шарты бойынша, жаратушы құдай біреу ғана деп айтылады. Бірақ қазақтар ислам дінінің шартына да жан-тәнімен беріліп кете қойған жоқ.

Қазығұрт тауы туралы ел арасында мынандай аңыз сақталған: Дүниені топан су қаптағанда, Нұқ пайғамбар жан-жануар, жәндіктердің барлық түрінен тұқым алып, кемесінде сақтап қалған. Нұқтың кемесі аңыздарда Қазығұрт тауына келіп іліккенін айтады. Ал жоғарыда аталған төрт түліктің иелері мен иесінің

аттары да осы Нұқ сақтаған малдың төлдерінен шыққан екен. Ол туралы халық аузында мына жолдар сақталған:

Қазығұрттың басында кеме қалған,

Ол киелі болмаса неге қалған?

Ішінде екі қозы болған екен

Шопан ата деген сөз содан қалған...

Ш. Уәлиханов қазақтар ислам дінін, оның шарттарын мойындай отырып, нағыз діндар халық болмаған. Сондықтан олар бұрынғы шамандықты да, кейіннен енген исламды да бірдей қолданғанын айтады. Бұның дәлелі – төрт түлік мал жайындағы аңыз әңгімелер, өлең-жырлар мен ырымдар, халық санасындағы жоққа нанушылық, соқыр сезімге салынушылық, әр түрлі иелерге табынушылық ертедегі адамдардың ақыл-ойы мен танымының көздері болса, сол тілдік фактілер негізінде адамдардың хал-жайын, ой-санасын, дүниеге көзқарасын түсінуімізге көмектеседі.

Жер бетіндегі тіршілік иелері арасында жануарлар дүниесі адамға ентене жақын келеді. Адамзат өркениеті, тіршілік санасы жануарлар дүниесімен тығыз байланысты. Жалпы қоғамның алғашқы синкреттік ойлау сатысында, адам мен жануар арасында шектеу болған. Жануарлар әлеміне (культіне) сыйына отырып, адам мен жануар арасында ешқашан теңдік белгісі қойылмаған. Мифологияда жануарлар поэтикалық образ ретінде келтіріліп, әр халықтың танымына, тіршілігіне, ойлау менталитетіне қарай жануарлар образының берілуі де әр қилы.

Өмірі мал бағып өскен, мал сырын жақсы білген қазақ халқы төрт түліктің әрқайсысына тән қасиетін, мінезін айқындаған. Мысалы: қойдан қоңыр, жылқыдан торы, қойдан жуас, тайдай тулау, сиыр мінезді, өгіздей өкіру, бұзау салмағындай, тойған қозыдай томпию деген фраземалардан төрт түлік мал мінезі мен қасиеттерін білу, суреттеу арқылы адамға тән мінез бен қасиеттерді тану болып табылады.

Қазақ халқының ертедегі күн көрісі, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы төрт түлік малға байланысты болғандығы

халықтың психологиясына, сезім дүниесіне, әсіресе тіліне де қатты әсер етті. Белгілі әдебиетші ғалым

Б. Кенжебаев былай дейді: “Қазақ халқы – малға сыр мінез. Адамның келбетін, түсін, сиқын жақсы-жаман мінезін, қылығын айқындап көрсету үшін, оны малдың мүшелерімен, мінезімен салыстырады, сөйтіп, әр түрлі теңеулер жасайды” [Б. Кенжебаев, 1958; 39 б.].

Қазақ баласын жақсы көргенде, айналып-толғанғанда құлыным, қозым, ботам дейді. Бұл сөздер бейнеге (образға) айналған. Сұлу қызға Ботакөз деп әдемі теңеумен теңеп, ат қояды, көңіл-күйін білдіруге келгенде ботадай боздады, қозыдай шулады, адам тұлғасын сипаттағанда жігіттің нары екен немесе бой жеткен сұлу қыздар жайында айтқанда жез бұйдады нар тамақтай деседі. Бәрінің де оғаштығы жоқ адам ойына келген образды сөздер. Олардың қайсысы болса да, ерте заманнан бері төрт түлікпен кәсіп еткен халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты туған және адамдардың мал жайындағы ой-сезімдерінен туындаған.

Қазақ халқы түйені ардақтап, сөз етуі – тек еті, сүті, жүні пайдалы болғандығынан ғана емес, оның күшті, төзімді көлік екендігінде. Көшіп-қонып жүрген жағдайда қазақ халқының негізгі көлігі түйе болған. Түйе жемге, шөлге төзімді келеді. Сондықтан да шаруа адамы түйе малын аса қадірлейтін болған. Бұның дәлелі – “Бозінген” ертегісіндегі түйенің асыра мақталып жырлануы. Егер ұзақ сапар, асу бел, бағыт-бағдарсыз жолды төс табаны төрт елі, атан жүрер жер екен, түйе табаны түсер жер екен деп суреттесе, күштілігі – нар жолында жүк қалмас, атан жілік жігіт деп, сұлулығын – бота көзді боз жігіт, бота көз ару деп суреттейді.

Түйе малының атан, інген, нарша, тайлак, бота, бура буырша, нар деген түрлері бар. Қазақ тілінде осы атауларға қатысты фраземалар көптеп кездеседі. Мысалы: атандай, нар атандай, нар еді, мұрнын тескен тайлақтай елпендеу, қаңтардағы бурадай тісін қайрау, нар бурадай шабынды, жаңа аяқтанған ботадай, бота тірсек, шоқ басқан тайлақтай т.б.

Түйе малында болатын қимыл-әрекет атаулары да фраземалардың жасалуына ұйытқы болған: ботадай боздау, ботасы өлген түйедей боздау / бақыру, бақырауық сары атан, кәрі түйедей бақырауық, күркіреді, күркіреуік, жараған бурпадай күркіреп, тісін қайрады, шабынды т.б.

Табиғатта ақ түйелер сирек кездеседі. Сондықтан ақ түсті аруана, ақ інген, ақ буралар қазақ дәстүрінде киелі, қасиетті саналған. Ақ түсті түйені сою – тек бір ырымға байланысты істелген дәстүр болған. Соған байланысты ақ түйенің қарны жарылды деген фразема сирек болатын, таң қаларлық істі, молшылықтың символын білдіреді. Ал нардың ерекше саналғанын ердің құны, нардың пұлы деген фраземадан байқауға болады, ал түйе етінің молдығына қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің деген фразема іс насырға шапқанда айтылатын сөз.

Түйе малын киелі санаған қазақ халқы ұғымында шаңырақ түйе дәстүрі болған. Ұзатылған қыздың және оның жанындағы әйелдердің (анасы, жеңге-сіңлілері) мініп келе жатқан көлігі шаңырақ түйе деп аталған. Жас келін үшін ол ыстық, қасиетті мал болып саналады. Жолшыбай кездескен бөтен адамдар мінбейтін болған. Міне қалған жағдайда, оны көрген жұрт “пәленше келіннің шаңырақ түйесіне мініп келіпті” деп келемеждейтін болған. Халық салты бойынша, үлкен шаңырақ жеке түйеге артылып, көш алдында жүреді екен. Оған адам мінбейді, атпен жетелейді, “шаңырақ түйе” ұғымы осыдан сақталған.

Төрт түлік малдың ішінде қазақ халқы ерекше құрмет тұтатыны – жылқы малы. Жылқының ең басты қасиеті – ел қорғау жолында келтірген зор пайдасы. Қазақ халқының ауыз әдебиеті мен тарихи шежірелерінде батырларға қызмет еткен сәйгүлік, тұлпар аттары сүйсіне жырлап, өзіне лайықты ат берген. Ер Төстіктің Шалқұйрық аты, Керұғлының Қыраты, Алпамыстың Байшұбары, Қобыландының Тайбурылы, Қамбардың Қарақасқасы, Төлегеннің Көкбозы, Қараманның Қарақасқасы, Қараманның Сандалкөгі, Шатайдың Ақтабаны т.б. жержүйріктерге бұл аттардың қойылуы олардың түр-түсі, мінез ерекшелігі, бітім-болмысы себеп болған.

Жүйрік аттардың дене бітімін суреттеу арқылы жасалған, тілде өзіндік орын алған әдемі теңеуге айналған фраземалар да бар: қой мойын, қоян жақ, бөкен қабак, ой желке, теке мұрын, салқы төс, тақыр бақай, жұмыр тұяқ, тар мықын, күлте құйрық, шақпақ етті, бота тірсек (Абай). Ойық желке, кекшіл бас, құлжа мойын, наз бедеу (О. Бөкеев). Күдерлі бел, күпшек сан (О. Бөкеев).

Жылқы малының тұқымына, жүріс-тұрысына т.б. қарай бірнеше түрлері кездеседі: арғымақ, қазанат, текежаумыт, бедеу ат, қазақы ат, пырақ, дүлдүл, тұлпар, жабы т.б. Жылқы малының жасына қарай байқалатын мінезіне ұқсатып жасаған төмендегідей фраземалар да бар: құлындай құлдырау, құлындай даусы шығу, бесті айғырдай азынау және т.б.

Жылқы малында болатын құбылыстарды білдіретін фраземалар: үйірге түсу, үйірін қуу, құлағын біздей қадау, бүйірінен жарады, кекілінен қарады, қанжардай қатып жарады, ішін тарту, сүмбідей жарады, мейіздей қатып жарады, шаңына ілестірмеу, аса шабу, ақ бөкендей ойнау, топ жарған, сауға салған, қанаттыны қаққан, аузымен құс тістеген, бәйге бермес т.б.

Жылқы малы мен адамның ара қатынасын білдіретін фраземалар: ат салысу, аттан салу, ат ұстар, ат ұстатар, ат байлар, ат құйрығын кесісу, ат сауырын беру, ат құлағы теңесу, ат басын тіреу, ат басы бір кезеңге теңесті, жылқыға жау тигендей, ат сабылту, ат құрғатпау, ат айдауы, ат қосу, ат тарту, ат қайту, құйрық тістесіп кетуі т.б.

Қазақ халқының ұғымында ат мінгізіп, шапан жабу салты сақталған. Құрметті қонаққа, ақын-жырауларға, халық батырлары мен елге еңбегі сіңген ардақты, айтулы азаматтарға – ат мінгізіп, шапан жабу ертеден келе жатқан ата салты. Өмір талабына сай бұл ұғым марапаттау, мадақтау (награда) құрметтерімен жалғасын табуда.

Негізгі тіршіліктің, өмір сүрудің көзі мал болып табылатын қазақ халқы үшін мал-жанның қыстан аман шығуын үлкен қуаныш санаған. Қыстан қысылып шыққан ел қар кетісімен сәуір айында

кең жайлауға шығып, малын төлдетіп, қуанышқа кенеледі. Әсіресе, биелері аман құлындап, ол қарақұлақтанғаннан кейін жұрт асыға күткен ырыс пен береке дәстүрі “биебау”, яғни бие байлап, қымыз сауу басталады. Дәстүр бойынша әр отбасы ерте дайындалып, қажетті саба, күбісін, ыдысын, ноқта желісін әзірлеп қояды. Бие байлап, оны салтанатпен сауу ырымын жасау, “қымызмұрындыққа” шақыру қазақ үшін үлкен той, мәжіліс болған.

Қазақ халқының “биебау” салтына этнографиялық тұрғыдан талдау жасай келіп С. Кенжеахметұлы былай дейді: “Биебау” дәстүрінде желі басына жұрт жиналып, бие желініне май жағып “құтты бол”, “сүтті бол”, “өсімтал бол” деген тілек, бата жасайды. Содан кейін бие сауу басталады. Жылқыны жоғары бағалайтын қазақ бие байлаған кезде, бие сауым, бие ағытар кезде деген уақыт мөлшерін де белгілеген” [С. Кенжеахметұлы, 1998; 102 б.].

Төрт түліктің бірі – сиыр малы туралы да тілімізде фраземалар едәуір: сиыр мінез “мінезі теріс, шадыр кісілер туралы”, сиыр бүйректеніп “ынтымақсыз, бөлек болу”, мүйіз дескен сиырдай “жанжал, өзара қақтығысу”. Сиыр малын жасына қарай бұзау, торпақ, тана, баспақ, тайынша деп бөледі. Бұларға қатысты фраземалар: құлыққа ұрған танадай, өгіздей боп, өгіз сияқты, өгіздей өкірді, өгіз олжа, бұқадай шықты, бұқаға салды және т.б.

Қой малы да – төрт түліктің бірі. Қой жуастықтың, момындықтың, бейбіт жағдайдың символы ретінде танылып, тілде осы мағынаны білдіретін өте көп фраземалар жасалған: Қой баласын сүйеді қоңырым деп, Еш нәрсені білмеген момыным деп (Қ. Мырзалиев).

Осыдан келіп, адам момынын: қойдай қоңыр, жылқыдан торы, қой аузынан шөп алмайтын, қойдан жуас деп атайды. Ал, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған; қойы өрісте түнеген; жатып қалған бір тоқты жайылып мың қой болған жұрт деп бейбіт өмірді, берекелі елді, құт мекенді айтқан. Адамдардың сағынып табысуын – қойдай маңырап дуылдап, қойдай маңырап, қозыдай жамырап деп, ал жұрттың тұйыққа тіреліп, сасқан шағын – ұйлыққан қойдай

камалды деп суреттеген, тату балаларды – егіз қозыдай деп теңеген.

Төрт түлікте қоймен қосылып айтылатын мал – ешкі. Оны Сексек/Шекшек ата баласы деп те атаған. Ешкіге қатысты мынандай фраземалар бар: ешкі көзбену, ешкінің асығындай, ешкі болсын, теке болсын, балаларға сүт болсын, көгендейлі лақтай, текені әке, ешкіні шеше ету, лақтай секіру. Ешкінің серкесін мал баққан жұрт қатты құрметтейді: серкесіз қой болмайды деп қоралы қойға басшы ретінде серке қояды да, оны көсем серке дейді. Ат мүйізді ақ серке қойды бастар жар-жар-ау" – осының дәлелі.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде, әдет-ғұрпында, салт-санасында амандықты тілейтін мал-жан аман болсын! фраземасының құрамындағы жан сөзінен бұрын мал сөзін алуының өзі малды қатты қадірлегендіктен айтылғаны анық.

Әйтсе де, малды бағу, күту онша жеңіл болмаған, мал өсіру, оны қысы-жазы бағудың ауыр бейнетін халық көтерген. Бұрынғы қасиетті деп аталатын мал иелеріне арлаған қарғысты адамдар мал ауруларымен байланыстырып қарғаған. Мәселен, жылқы ауруы – жамандату, қой ауруы – қарасан, түйенің – сусамыр, ақшелек, қойдың – топалаң, ешкі ауруы – ыза, шешек болған. Еңбектің ауыр азабын тартқан адам: қарасан келгір!, жамандатқыр!, сусамыр болғыр!, топалаң болғыр!, кебенек келгір!, ала өкпе болғыр! деп қарғайтын болған.

Негізгі шаруашылығы мен күнкөріс тіршілігі малмен байланысты болғандықтан жыл мезгілдерінің рақымды болуын, малға жайлы болуын тілеген өлеңдер көп-ақ. Солардың бірі:

Ұлыс күні қазан толса,

Ол жылы ақ мол болар.

Сонда олжалы жыл болар.

Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын! (Ауыз әдебиетінен) деп наурызда айтылатын тілектер.

Қазақ тілінде малға байланысты көрініс тапқан тілдік фраземалар өте көп. Сондықтан ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын фраземалардың әлемнің тілдік бейнесін жасаудағы орны ерекше болса, оны танымдық тұрғыдан талдау – қазақы өркениеттегі ұлттық мәдениеттің табиғаты мен бітім-болмысын ашуда үлкен мүмкіндік береді.

Адамның өмірі басқа жан-жануарлар, жәндіктермен де тығыз байланысты болғандықтан, ит-құсқа, басқа да ұсақ жәндік атаулы тіршілік иелеріне қатысты фраземалар бар.

Ит – жеті қазынаның бірі саналатыны белгілі. Түркі тілдерінің көпшілігінде, соның ішінде қазақ тіліндегі ит-құс – қасқыр және бөрі сөздерінің орнына қолданылған табу. Түркі тілдеріндегі табу және эвфемизм мәселелерін зерттеуші ғалым, профессор Ә. Ахметов ит-құстың ішкі формасы, уәжі туралы былай дейді: “Қазақ балаларына қасқырдың атын атауға болмайды, қасқыр малға шабады деп сендірген. Өйткені олардың астарында дәстүрлі наным-сенімдерден туындайтын атын атаса ит-құс малға шабады немесе адамға қастандық істейді деген этнографиялық ұғымдар жатыр. Ит-құс атауымен бірге қара құлақ, ұлыма, серек құлақ, теріс езу секілді жанама атаулардың бәрі сөз магиясына деген нанымның салдарынан туған эвфемизмдер” [Ә.Ахметов, 1995; 132 б.].

Қазақ тілін басқа түркі тілі материалдарымен салыстыра зерттеу нәтижесінде ит-құс сөзінің этимологиясы айқындала түседі. Қазіргі кезде тілде қос сөзге айналып кеткен қасқыр деген бір ұғымды білдіретін ит-құс о баста бөрі және бүркіт деген табу сөздің орнына қолданылған ит және құс деген дара эвфемизмдер екеніне көз жеткізуге болады. Бұл мәселе жөнінде түркі тілдеріндегі киноморфизмдерді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеп жүрген жас ғалым С. Бектемірованың еңбектерінде жан-жақты талданған.

Қазіргі қазақ тілінде балағаттау, ұрысу сөздерін тура айтпай, эвфемистік түрдегі фраземаларды қолдана аламыз: ит терісін басына қаптау, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығу, иттің етінен жек көру, аш иттің артын сұқ ит жалайды және т.б.

Қазақ халқының дүниетанымында киелі саналатын құстар да болған. Солардың бірі – қарға. Ескі жылнамаларда жазылған аңыздар бойынша көне түркілердің Ашина тайпасын жау шауып, жаппай қырып кетеді. Сонда жалғыз бала аман қалады. Баланы қасқыр емізіп, аспан әлемінің елшісі – қарға әкеліп асыраған. Осы баладан түркілердің ұрпағы тараған екен деседі [Қ.Сартқожаұлы, 1984; 19 б.]. Сондықтан көк бөрі түркілердің символы ретінде соның ұрпағы саналса, қазақта “қарға тамырлы” деген тіркестің төркіні осыдан болар.

“Қаны бір қазақпыз” деп бүкіл үш рудың азаматын, “түбі бір түркіміз” деп қырғызды, башқұртты, ұйғырды да, “өзбек – өз ағам” деп оларды да бауырына тартқан. Қазақ халқы кімде де, қай ұлтты да сыртқа теппеген, қайта жақын тартып жанаса жүрген. Өз кандасын “қанына тартпағанның қары сынсын” деп барын ортаға салып, туысқандықтың туын, ел намысын жоғары ұстай білген.

Қазақ халқында қарғаны киелі құс санағаны жөнінде деректер аз емес. Біздің де қолымызға қарға тышар, қарға тамырлы қазақ, қарғам-ау деген сөз қарағым, қалқам мағынасында қолданылуы, “қарғам, қарашығым, қарғатайым” деп қарттар немерешөберелерін еркелеткені, қанша балаң бар деп сұрағанда, әдетте бірнеше қарғам бар деп жауап қайтарғаны осы қарға ұғымындағы киелілік сенімінен қалған болуы керек. Якут шамандарының ең қуатты пірі де қарға болған.

Қазақ тілінде адамға қатысты қолданылатын зооморфизмдердің коннотативтік мағынасында халықтың мәдени-тарихи тәжірибесімен байланысты туған бірқатар фраземалардың бар екені жинақталған деректерден көзіміз жетті. Мысалы: арадай талау “барлығына бірдей тұс-тұстан жабылып жеп жібере жаздады”, аузын бақадай ашу “қатты қорқыту, зәресін ұшыру”, ала жылан аш бақа “ел ішіне іріткі салушы”, бақа қыбыр “жай, баяу

қозғалыс”, сең соққан балықтай “есеңгіреп, сандалып қалу”, балық бақты (диалект.) “балық шаруашылығын кәсіп етті”, жапалақ ұшпас жапан “айдала, мидай дала”, жылан жалағандай “еш нәрсе жоқ, түк қалдырмай, тым-типыл қылған”, жылан жүріс “ізін білдірмейтін, зымиян әрекет иесі”, жылан қарағы жоқ “арық қатықсыз кеспе”, кенедей қадалу “жабысы кету”, кірпідей жиырылу “жақтырмау, тымсырыну”, қарға тамырлы “іліс-шатысты, туысқандық қарым-қатынасты”, қарға адым жер “өте жақын қашықтық”, дүние қоңыз “дүниеқор, пасық, малқор”, құмырсқадай қайнау “толып кету, өріп кету, қаптау”, құлақ құртын жеу “ешкімге тыныштық бермеу”, мысық тілеу “арамдық, жамандық ойлау”, сіркесі су көтермеу “ештеңені көңілі жақтырмау”, тасбақа жүріс “тым баяу қимылдау”, тасбақаның аузынан шөп алу “өте айлалы, тапқыр, жолы болғыш”, түлкі бұлаңға салу “жалтартпа қулыққа салу”, түлкі құйрықтандыру “алдау”, тышқан мұрнын қанатпау “мал соймады, өте сараң”, шыбын жан “өмір, тіршілік”, шыбын шаққан құрлы көрмеу “менсінбеу”, көзіне көк шыбын үймелету “азаптау, қинау” т.б.

Қорыта келгенде, зооморфтық атаулардың қатысымен жасалған фраземалардың тілімізде көп ұшырасатынына көзіміз жеткенмен, ары қарай танымдық, тілдік тұрғыдан талдауды болашақтағы жұмыстардың үлесіне қалдырдық.

□ 3.3 Алғыс және қарғыс фраземалар

Қазақ тіліндегі (мелиоратив) коннотацияның негізінде пайда болған алғыс мәнді сөздер мен мотивінде жағымсыз (пейоратив), ұнамсыз мән жатқан қарғыс сөздер адаммен, оның дүниетанымымен, көзқарасымен тікелей байланысты, яғни достық пен дұшпандық, жақсылық пен жамандық, өмір мен өлім сияқты қарым-қатынастарының өрісінен туындаған.

Жалпы тілдегі алғыс және қарғыс мәнді ұғымдар өте ерте заманда, адамзат қоғамының, сана-сезімінің төмен, сәбилік кезінде пайда болған. Бұл ұғымдарды мифтік дәуірмен, діни сенімдермен

тікелей байланысты деуімізге болады. Ауыздан шыққан алғыс пен қарғыс адам баласының өмір тіршілігін жеңілдететуге немесе қиындатуға, ұзартуға немесе қысқартуға болады деген ұғымнан келіп туындаған.

Алғым және қарғыс мәнді сөздердің пайда болуы адамзат тарихымен, рухани дамуының “сәбилік” сатысындағы дүниетанымымен, дінге дейінгі қарапайым танымымен тығыз байланысты. Түркілер көне діннің символы көкке, тәңірге табынып, жалбарынған. Аспандағы жарық беретін күнге, айға, жұлдызға бас иіп, көкті тәңірі деп түсініп, көктің күші отта, найзағайда деп білген. Сондықтан да күннің күркіреуі, найзағайдың жарқылынан қорыққан, тәңірге сиынып, жалбарынып, ырымдар жасаған немесе сол тәңірінің қаһарымен айбат көрсеткен. Мысалы: тәңірден тапқыр!, тәңір алғыр!, төбеңнен жай түскір! Немесе тәңір сөзінің қатысымен жасалған алғыс мәнді фраземалар: тәңірі пана болсын!, тәңір жарылқасын!, тәңір жар болсын!, және т.б.

Адам баласы сонау отқа, суға, көп құдайға табынатын шағында-ақ талай заттарды киелі санаған. Әркімнің маңдайына біткен жұлдызы бар деген түсініктен жұлдызым жоғары болғай, жұлдызым оңынан туғай деген тілектер осындай наным-сенімнен туған.

Ертедегі мифологиялық түсінік бойынша тәңірі – ерекше күш. Оның рахымы түссе, адамға көмектеседі, қаһары төнсе, адамға сұмдық кәрісін төгеді деген. Адамдардың өздерінің бір-біріне жасаған жақсылық-жамандық әрекеттеріне жауап ретінде, осы күштерге байланысты фраземаларды қолданған. Сөздің күшіне, құдіреті мен сиқырына, оның магиялық қасиетіне сенген.

Қазақ-қырғыз халқының дүниетанымын зерттеген этнограф ғалым

Ш. Уәлиханов, айды мүмкін тәңірі деп түсінген болар, қырғыз халқы ай жаңасын көргенде, қара жерге маңдайын тигізіп, бас иеді. Жаз болса, сол маңдайын тигізген жердің шөбін алып, үйіне әкеліп, отқа тастайды деген ой айтады. Ай көрдім, аман көрдім!

Ескі ай, есірке, Жаңа ай, жарылқа! Шумақтары этнограф ғалым ойының жалғасы бола алады.

Космонимдерге, айдың, күннің, жұлдыздың қасиетіне сенуден пайда болған: Айың оңнан тусын!, Алдыңнан нұр, артыңнан күн тусын!, Жұлдызың жоғары болсын! фраземалар семантикасында осы уәждердің ізі байқалады.

Алғыс сөздерді әйелдер де, ер адамдар да қолдана береді. Қарғыс мәнді сөздерді ер адамдардан гөрі әйел адам көп айтады. Әйелдердің қарғысында онша зіл болмаған болу керек, себебі, тілде әке қарғысы – оқ, шеше қарғысы – боқ деген тіркес бар.

Қазақ тілінде алғыс мәнді сөздерден гөрі қарғыс мәнді ұғымдар басымырақ екен. І. Кеңесбаевтың сөздігінде алғыс мәнді – 108 фразема, қарғыс мәнді – 127 фразема тіркелген. Бұл сандар қазақ тіліндегі қарғыс-алғыс мәнді фразеологизмдердің түпкілікті көрсеткіштер деген ой тумаса керек. Тілдегі саны одан әлдеқайда көп.

Қазақтың ауыз әдебиетінде көп кездесетін ұғым – қарғыс. Ежелгіден тіл өнері дарыған қазақ халқы қарғыс айтуға да шебер болған. Қарғысты іштей:

- жалпы адамдарға арналған: Атауыңды іш! Аштан өлгір! Атаңа нәлет! Аузыңа қан толсын! Әруақ солсын! Басың көбеймесін! Жаның шықсын! Жағың қарыссын! Иттей ұлып қал! Ит өлімін берсін! Тілің кесілсін! және т.б.
- әйелдерге арналған: Бетің тіліңгір! Бетеге болғыр! Қараң жамылғыр! Қара бет болғыр! Байың өліп, бақытың күйсін! және т.б.
- балаларға арналған: Жетім қалғыр! Жер жұртқыр! Қарғыс атсын! Көктей сал! Қара шешек келгір! Жетпей желкең қиылсын! Қыршыныңнан қиылғыр! және т.б.
- жан-жануарларға арналған: Арам қатқыр! Жау алғыр! Кебенек келгір! (ешкіге), Ақшелек болғыр! (түйеге), Киенкі

болғыр! (жылқыға), Қара талақ болғыр (малға), Топалаң келгір! (қой, ешкіге) және т.б.

- дүние-мүлікке, заттарға арналған қарғыстар: Адыра қалғыр! Жау алғыр! Жау тигір! Қараң қалғыр! Опасыз дүние! Өрт тигір! Кебін болғыр! және т.б.

Қарғыс сөздер қиянат жасаған адамдарға өлім немесе сондай бақытсыздық тілеуден, діни ұғымнан, сенімнен туған. Қарғысқа зәрлі, қаһарлы, өткір сөздерді қолданған. Қарғыс сөздерді көбінесе әйелдер қолданған. Ер адамдар теріс бата бергенде қарғаған. Бұл “бата” деп атанғаны болмаса, қарғыстың қатты, жазаның өте ауыр түрі. Мысалы: Құнанбай қос қолын созып, алақанын сырт қаратып тұр... Бұл теріс батаның, қарғыс батаның белгісі (М. Әуезов).

Батаның бұл қарғыс түрі ел ішінде өте сирек қолданылған, ол атадан балаға ұмытылмайтын таңба болып қалған. Атаның теріс батасын алғандарды халық жек көрген. Қарғыстың ең ауыры – ананың ақ сүтін көкке саууы және атаның теріс батасы болып саналған.

Алғыс, қарғыс мәндегі сөздер экспрессивтілік пен эмоционалдық реңкте қолданылады. Өзінің табиғатына қарағанда халықтың әр кезеңіндегі тұрмыстық, әлеуметтік тәжірибесінің негізінде жасалып, ғасырлар бойында атадан балаға ауысып, сөйлеу тілімізде, әдебиетімізде сақталған элементтер. Қазақ тіліндегі алғыс және қарғыс мәнді сөздердің қолданылу ерекшеліктері туралы С. Түлекованың “Қазақ тіліндегі алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер” [С.Түлекова, 1975; 20 б.] атты кандидаттық диссертациясында қарастырылған.

Халықтың тұрмыс-тіршілігі, мәдени мұрасы және рухани байлығы, экономикасы мен қоғамдық саясаты көрініс тапқан фразеологизмдерде қандай да бір нақты құбылыстың, жағдайдың бейнесі ашық көрініп тұрады. Бұлар фразеологиялық бейнеге ерекше экспрессиялық нышан берілгендіктен, фраземалар идиомалануға анағұрлым “икемді” болып тұрады.

Қорыта келгенде, адамзат санасы арқылы табиғат пен қоғамның мифологиялық ізінің әр түрлі кезеңдерін сақтаған тілдің өзі көп қабатты миф болып табылады.

Номинативтік бірліктердің ішінде екіншілік мағына нәтижесі болып табылатын фраземалардың ішкі форма табиғатын ашу үшін фраземажасамға қатысушы лексикалық және грамматикалық сыңарларына ономаसेологиялық және семасиологиялық тұрғыдан талдауларды қажет етеді. Ономаसेологиялық концепция бойынша фразеологиялық номинацияның көзі болып табылатын фраземалардың ішкі формасының психологиялық негізі – қандай да бір заттың қасиеті туралы көзқарас немесе бейне. Беретін мағыналары (бейнелі) халыққа белгілі, тілдік бірлік болып қалыптасқан фраземалардың ішкі формасы фразеологиялық бейнелердің символы ретінде гнесеологиялық қызмет атқарады.

Ономаसेологиялық концепция бойынша фраземалардың ішкі формасы кезінде пайда болуына объективті шындық себепші болған, өз заманының өзекті құбылыстары мен қасиеттері жалпылама бейнелі тұжырымдар жасауға себепші болған, қазіргі тұрғыдан халық санасында бейнелі тіркестер ретінде қабылданатын тіркестер. Кейбір ғалымдар фраземалардың ішкі формасы оның генетикалық бейнесінің нәтижесі деген пікір айтады. Генетикалық бейнедегі фраземаның ішкі формасы көп қырлы бейнелердің біреуі ғана. Ішкі форма дегеніміз – “заттың бейнесі ғана емес, бейненің бейнесі” (А.А. Потебня).

Фразеологиялық мағынада көрінетін ақиқат шындықтың бейнесі олардың ішкі формасының сигнификативтік негізінде жатыр. Фраземалардың денотаттық және коннотаттық мағыналарының арасын байланыстырушы ретінде денотат туралы қандай да бір түсініктің жалпыламалық, абстракты қасиеті түрінде өмір сүретін нақтылы фразеологиялық коннотацияны қалыптастырады.

Қазақ тілінің фразеологиялық қорын бейнелі және бейнелілігі жоқ деп бөлуге болады. Бейнелі фраземалар ішкі форма негізінде ерекше семантика-стистикалық және экспрессивтік қасиеттермен байиды.

Тарихи даму барысында кейбір фразеологизмдердің ішкі формасы қандай да бір себептермен жойылуы мүмкін. Олардың мағыналарындағы мәдени коннотацияны экстралингвистикалық факторлардан іздеуге болады. Фраземалар мағынасындағы экстралингвистикалық ситуацияның көзін ашу, қандай жағдайда немесе қандай себептердің тұсында фраземалар пайда болды деген сұраққа жауап беруден туындайды.

Фразеологизмдер мен олардың ішкі формасының арасындағы тығыз байланыс уәждерін ашуға жасалынған талдаулардан дәлелін табуға болады. Қазақ тіліндегі біз талдаған фраземалардың уәждену көздері төмендегідей:

- адамның анатомиялық атаулары мен қимыл қозғалыстары байланысынан туған фраземалар;
- жануарларға байланысты пайда болған зооморфтық фраземалар;
- алғыс және қарғыс мәнді фраземалар;
- діни және мифологиялық фраземалар;

Этнос табиғатын толық танып-білуге қажетті тілдік фактілерді, тіл байлығының қабатында, астарында жатқан этнолингвистикалық деректердің “ізіне түсу, түп-тамырын қопару” арқылы сөйлетуге болады. Әрбір зат пен құбылыстың, ұғым мен түсініктің тура, айқын мағыналарын ғана емес, олардан тараған туынды мағыналардағы астарлы ойларға үңілу қажет. Тіл байлығы сөз санымен ғана емес, оның сапасымен, мағына тереңдігімен, ауқымдылығымен де өлшенеді.

Тілдік таңбаның ерекше түрі болып табылатын фразеологиялық бірліктерде ұлттың мәдени жемістері, халық ауыз әдебиетінің таусылмас арналар, діни философиясы, дүниетаным көздерінің іздері жатыр.

Пайдаланылған Әдебиеттер Тізімі

- 1 Авакова Р.А. Фразеосемантика. – Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 246 б.
- 2 Алдашева А. Аударматану: Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1998. – 158 б.
- 3 Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 175 б.
- 4 Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 с.
- 5 Воробьев В.В. Лингвокультурология (теория и методы). – М.: Издательство Российского университета дружбы народов, 1997. – 332 с.
- 6 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 320 б.
- 7 Ғабитханұлы Қ. Наным сенімге байланысты қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер: филол. ғылым. канд. автореф. – Алматы, 1995. – 27 б.
- 8 Древнетюрский словарь. – Л.: Наука, 1961. – 676 с.
- 9 Ержанов М. Лексико-семантическая группа слов, описывающих внешность человека: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1988. – 40 с.
- 10 Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы, 1998. – 112 б.
- 11 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966. – 362 б.
- 12 Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. – Алматы: Санат, 1998. – 256 б.
- 13 Кенжебаев Б. Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы демократтық жазулары. – Алматы: Казмамбасп., 1958. – 306 б.

- 14 Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы: Евразия, 1995. – 179 с.
- 15 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1974-1986. – I-X т.
- 16 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – 304 б.
- 17 Қайдаров Ә.Т. Тарихи лексикология және этнолингвистика // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы, 1998. – 30 б.
- 18 Қондыбаев С. Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы, 1995. – 410 б.
- 19 Лобок А.М. Антропология мифа. – Екатеринбург, 1997. – 318 с.
- 20 Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. – М., 1997. – 289 с.
- 21 Маслова В.А. Связь мифа и языка // Фразеология в контексте культуры. – М., 1999. – С. 159-164.
- 22 Мелетинский Е.М. Поэтика мира. – М.: Наука, 1979. – 407 с.
- 23 Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы, 1994. – 304 б.
- 24 Оңғарбаева Н.Б. Жұмбақтар сыры және халықтың дүние танымы // Қазақстан Республикасы ғылым академиясының Хабарлары, 1992. – №5. – 8-12 бб.
- 25 Русско-тувинский словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1980, 394 с.
- 26 Русско-якутский словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1968. – 720 с.
- 27 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, 1996. – 265 б.

28 Сағынова Б.Ұ. Қазақ тіліндегі интеллектісіне қатысты лексика: филол. ғыл. канд.автореф. – Алматы, 1999. – 27 б.

29 Сартқожаұлы Қ. Тас белгілері тіл катады // Білім және еңбек, 1984. – №2. – 19 б.

30 Сейсенова А.Д. Лингвистикалық мәдениеттану: этикет формаларына салғастырмалы талдау: филол. ғыл. кан. дис. – Алматы, 1998. – 121 б.

31 Слышкин Г.Г. От текста к символу. – М., Academia, 2000. – 145 с.

32 Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998. – 197 б.

33 Телия В.Н. Механизмы экспрессивной окраски языковых единиц // Человеческой фактор в языке. Языковые механизмы экспрессивности. – М., 1991. – С. 177-195.

34 Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М., 1996. – 289 с.

35 Тулекова С. Фразеологизмы со значением доброжелания и зложелания в казахском языке: автореф. дис. канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1975. – 30 с.

36 Ураксин З.Г. Фразеология башкирского языка. – М., 1975. – 158 с.

37 Хакасско-русский словарь. – М.: Гос. Изд. Иностран. и нац. Словарей, 1953. – 488 с.

38 Черданцева Т.З. Итальянская фразеология и итальянцы. – М., 2000. – 294 с.

39 Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1965. – 973 с.

БӨЛІМ 12

**ҚАЗАҚ ТІЛІ – ТАМЫРЫ ТЕРЕҢГЕ ТАРТҚАН
ЭТНОМӘДЕНИ КОД**

Жұбай Орынай

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ТАМЫРЫ ТЕРЕҢГЕ ТАРТҚАН ЭТНОМӘДЕНИ КОД

Жұбай Орынай

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессор м.а.,

филология ғылымының докторы

e-mail: alm-ornai@mail.ru

Тіл – таным құралы. Таным – ақиқат болмыстың ойдағы көрінісі болып табылады, сол арқылы білім қоры жинақталып, ақпарат қабылданады. Тіл таным нәтижесінде түзілген әлем туралы біліммен, оның адам санасындағы көрінісімен тығыз байланысты. Сана мазмұны – субъектінің таным әрекетінің (когниция) нәтижесінде жинақталған әлем туралы білімі. Сана – адамға ғана тән, сөйленіс әрекетімен тығыз байланыста болатын мидың әрекеті, онда болмыс жалпы, мақсатты түрде бейнеленіп, реттеліп отырады. Ақиқат болмыс адам санасында бейнеленеді. Сана субъектінің болмысты тануы арқылы қалыптасады. Санада қандай да бір ұғым қалыптасуы үшін оны тілдік таңба арқылы бейнелеу керек. Сол бейнеге ұқсату арқылы санада ұғым мазмұны көрініс табады. Адам айналасындағы заттар мен құбылыстарды өзіндік белгілеріне қарай бір-бірінен ажыратады, ол санада да, тілде де айқын көрініс табады. Адам қандай да бір нәрсе туралы ойлаған кезде оның санасында сол заттың бейнесі көрініс табады. Таңбаның бейнесі ойға негіз болады. Ой сөз арқылы көрініс табады. Білім алдымен тілдік семантикада кодталады.

Тілде көрініс таба отырып, білім адамның ойлау қызметінің нәтижесін көрсетеді. Ойлау әрекеті тіл арқылы жүзеге асады, ойымыз тіл арқылы жарыққа шығып, басқаларға жеткізіледі. Сол себепті А.Байтұрсынұлы: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау.

Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шамақадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек», – деп жазады [1, 343-б.].

Тіл – сөйлеушінің дүниетаным ерекшеліктерін бейнелейтін құрал, ерекше ұлттық ділдің көрсеткіші, мәдениеттің негізі. Ұлттық мәдениеттің семантикалық жүйесі, негізгі коды – тіл. Демек, тілден жалпыадамзаттық құндылықтармен бірге ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктер де көрініс тауып отырады. Сан ғасыр жинақталған білім қоры салт-дәстүр, дағды біліктер, ойлау ерекшеліктері, дүниетаным белгілі бір этникалық мәдени қауымдастыққа тән сипат алады. Әр тілдің болмысты қабылдайтын өзіндік тәсілдері болады, онда ұжымдық философия көрініс тауып, тілде ғаламның ғылыми бейнесінен бөлек бейнесі түзіледі. Тіл – ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігі, этномәдени код. Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, әр ұлттың ұлттық болмысын, дүниетанымын, ойлау жүйесін сипаттайтын жалпыадамзаттық құндылық. Тіл қоршаған орта туралы әсерді білдірумен қатар халықтың зерттеушілік, ізденістік ойларын да сақтайды, яғни тілде халықтың этномәдени, ұжымдық санасында қалыптасқан ғалам бейнесі көрінісін табады. Белгілі бір кезеңде тілде көрініс тапқан болмыс туралы түсініктерді зерттеу халықтың ойлау жүйесін айқындап, ғалам бейнесін қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Ғаламды сөзбен бейнелеуде адам санасындағы бейнесі, ұлттық ерекшеліктері айқын көрінеді, сол себепті әр халықтың өзіне ғана тән бейнесі болады.

Ғаламды сөзбен бейнелеуде грамматикалық категориялардың өзіндік орны бар. Грамматикалық категориялардың қалыптасуында адам болмысы, көзқарасы, коммуникативті актіге қатысушылардың, т.б. антропоөзекті сипаты объективті жағдаятқа қатысты болады. Нәтижесінде грамматикалық категориялар түрлі формада тілдік бірліктер арқылы тұрпатталады. Оған негіз болатын грамматикалық қатынастар санада мазмұндалады, сол себепті морфологиялық категорияларды таным әрекетімен, концептуалдау және категориялау үдерістерімен тығыз байланыста қарастыру қажет. Ғалам туралы, оның құрылымы туралы жалпы түсінік тілдік бірліктердің лексикалық және грамматикалық категорияларында

көрінеді. Адам үшін ерекше маңызды болатын концептілер грамматикада бейнеленген. Сол себепті грамматикалық категория лексикалық бірліктер арқылы көрініс тапқан концептуалды материалды айқындауға мүмкіндік береді. Адамның тілдегі көрінісі негізінен лексика мен фразеологияда айқын көрініс тапқан, сондай-ақ грамматикалық категориялардан да оның өзіндік ерекшеліктерін байқауға болады. Ол үшін грамматикалық категорияларды жеке-дара, оқшау қарастырмай, коммуникация мен когниция талаптарын ескере отырып, тілді когнитивті жүйе ретінде тұтас қарастыру қажет. Екіншіден, тіл мен адамды өзара байланыста қарастыру нәтижесінде адам грамматикалық категорияларды танушы және атаушы субъект ретінде көрінеді, концептуалдаушы, коммуникативті диттеміне байланысты коммуникация әрекетіне енгізуші, тілді тұтынушы тұлға ретіндегі қызметі айқындалады. Бұл орайда тіл – қарым-қатынас құралы, әлемді тану құралы, білімнің шоғырлану құралы, білімді жеткізуші құрал ретінде көрінеді.

Ғаламның сөзбен бейнеленуі адамзатқа ортақ және ұлттық сипатта болады. Барлық тілде де жіктеу есімдіктері бар, барлық тілде де етістік, сан есім, т.с.с. бар. Ол бүкіл адамзатқа тән. Ақиқат дүниені тану үдерісінде дүниетанымдық білім арқылы жалпыадамзаттық сана қалыптасады. Жалпыадамзаттық сана әлемдегі барлық халыққа ортақ болады. Алайда әр тілдегі есімдіктің, етістік, сан есім, сын есім, т.с.с категориялардың өзіндік ерекшелігі бар.

Тіл адам дүниетанымын білдіреді. Ғалам бейнесі – адамның түрлі сезім мүшелері (көру, есту, тері, дәм) қабылдайтын санасы арқылы түйсініп, ақпаратты өңдеу нәтижесінде түзіледі. Тарихи даму барысында танымның екі түрі – *сезімдік* және *логикалық таным* – қалыптасқан. *Сезімдік таным* адамның сезім мүшелері арқылы қабылдау, түйсіну қызметімен байланысты болса, *логикалық таным* ойлау нәтижесінде қандай да бір құбылыстардың мәнін, өзіндік ерекшеліктерін, заңдылықтарын айқындауға бағытталған.

Абай Құнанбайұлы қарасөздерінде (43-қарасөз) когнитивті лингвистиканың бірқатар мәселелерін сөз етеді: «Адам ұғылы екі нәрседен: бірі – тән, бірі – жан. Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы жибилі, қайсысы кәсиби – оны білмек керек. Ішсем, жесем демектің басы – жибилі, ұйықтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу,

бұлардың да басы – жибили. Ақыл, ғылым – бұлар – кәсиби. Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнәшік өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң оларды жайғастырып көңілде суреттемек. Ол – жанның жибили қуаты дүр» [2, 168-б.]. Шағын үзіндіден ақынның *сезімдік* таным мен *логикалық танымды* жан-жақты сипаттағанын байқаймыз.

А.Байтұрсынұлы дене көріністерін (сезімдік таным) деректі зат есім, жан көріністерін (логикалық таным) деректі және дерексіз зат есімдер арқылы түсіндіреді. «Тіл – құрал» атты еңбегінде ғалым таным түрлерін былайша сипаттаған: «Зат тегінде екі түрлі: біреулері – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіскелетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар, екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылмен ғана білетін дерексіз заттар. Сол деректі һәм дерексіз заттардың атын көрсететін сөздерді зат есім дейміз» [1, 199-200-б.]. Яғни А.Байтұрсынұлы еңбектерінде адамның сезім мүшелері түгел қамтылған. Ал қазіргі кезде деректі және дерексіз зат есімдерді танып, топтастыруда сезім мүшелері толық емес.

Мағжан Жұмабаев оларды «жан көріністері» және «дене көріністері» деп атап, әрқайсысының айырмашылығын, өзіндік ерекшелігін былайша көрсетеді:

«Жан көріністері мен дене көріністерінің арасында көп айырма бар:

1) сыртқы дүние заттарының бәрі, мысалы, қазан, дөңбек, құдық белгілі бір орын алып тұрады. Қандай зат болса да, оның орын алатыны бізге белгілі. Егерде бір заттың алып тұрған орнын өлшеген болсақ, пәлендей орын алып тұр дейміз. Өлшемеген болсақ, пәлен зат зор, не болмаса кіші, яки пәлен зат пәлен заттың не оң жағында, не сол жағында тұр дейміз. Сыртқы дүниедегі заттың өзі түгіл ол заттың ісі де белгілі бір орын алады, яғни белгілі бір орында болады. Мысалы, жүру – адамның ісі. Осы іс белгілі орында болмай ма? Әрине. Ал енді жан көріністері белгілі орын иелемейді. Мысалы, біз бір ойымызды пәлендей орын иелеп

тұр, яки пәлен ой пәлен ойдың оң жақ, яки сол жағында тұр деп айта алмаймыз. Жан көріністері жалғыз уақытпен ғана өлшенеді. Біз жан көріністері туралы, ой туралы пәлен уақытта болды, яки қазір ғана болып тұр дей ғана аламыз. Бұл – бір айырма.

2) Сыртқы дүние заттары һәм көріністері сезім мүшелері арқылы білінеді. Мысалы, бір малды көріп, бір иісті иіскеп, жылылықты сипап білеміз. Ал енді жан көріністерін сыртқы сезімдермен білуге болмайды. Мысалы, ұялу деп аталған жан көрінісін не көріп, не татып, қысқасы сезім мүшелерінің біреуімен біліп бола ма? Әрине, жоқ. Біз екінші адамда болып тұрған жан көрінісін өзімізді-өзіміз сынаумен ғана білеміз. Мысал үшін ұялу деген жан көрінісін алайық, қасымызда бір кісі бір орасан істі істеді де, қызарып кетті, біз осы кісиде ұялу жан көрінісінің болғанын біле қоямыз. Мұны қалай білдік. Ұят деген бір зат болып көзімізге көрінді ме? Яки иіс болып мұрнымызға келді ме? Жоқ, бірі де болған жоқ. Біз жалғыз-ақ қарсыда отырған кісінің бетінде кенет қызылдық көрдік, басқа еш нәрсе сезгеніміз жоқ. Олай болса жаңа қарсыдағы адамда ұялу жан көрінісі болды деген білім бізге қайдан келді? Мұның мәнісі мынау: күндерде бір күн біз де орасан бір іс істеп, жанымыз қысылып қалған, яки ұялған, жанымызда осы ұялу көрінісі болып қалған уақытта бетіміз дуылдап, қып-қызыл болып кеткен, сонда біз біліп қойғамыз: «Ә-ә-ә... жанда ұялу көрінісі болғанда бет қызарады екен» деп. Жаңа қарсымыздағы адам қызарғанда біздің оны ұялды дегеніміз осы. Яғни ана адамның бетінде қызылдықты көргенде, біздің өз басымыздан кешкен іс есімізге түсе қалды, яғни біз өзімізді-өзіміз сынап қойдық. Қысқасы, жан көріністерін адам сыртқы сезімдерімен біле алмайды, өзін сынап қана біледі.

3) Сыртқы дүниеде бірнеше заттар, яки көріністер бір уақытта бола береді. Мысалы, денеде қан жүру, дем алу сықылды дене көріністері бір уақытта болып жатады, біріне-бірінің бөгеті жоқ. Ал енді жан көріністері бір уақытта болмайды. Олар бірінің артынан бірі болады. Мысалы, біз бір уақытта екі ой ойлай аламыз ба? Жоқ. Дұрыс, кей уақытта ойлар бірінің артынан бірі нажағайдың жарқылындай тез-тез келгенде, бізге осы ойлар бір-ақ уақытта болған сықылды көрінеді. Бірақ бұл көрінуі ғана, шынында әрқайсысы әр уақытта, яғни бірінің артынан бірі келіп-кетіп жатыр... [3].

Мағжан сыртқы сезім әсерлерін 6-ға жіктеп (көру, есту, иіскеу, тату, сипау, ет сезімі): «Осы 6 сезім бізді сыртқы заттармен таныстырады. Яғни олардың түсі, түрі, дәмі, иісі һәм басқа сындарымен адам жанына түрлі білімді осы 6 сезім береді. Бұлар түгел болмаса, адамның жан тұрмысы түгел болмақ емес. Бұл алтаудың ішінде адамның жаны үшін аса қымбаттары – көру мен есту. Бұлардан соңғы – сипау. Сипау – ет сезімі. Ал енді иіскеу мен тату сезімі жан тұрмысы үшін аса қымбат сезімдер емес. Бұлар көбінесе дене тұрмысына қызмет қылады», – деп жазады [3].

Қазіргі кезде грамматикалар мен оқулықтарда көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын зат есімдер ғана деректі зат есім ретінде беріліп жүр. Шынтуайтында, бұл – бұрынғы материалдық көзқарасқа негізделген таным. Соның салдарынан дерексіз зат есімдер «адамның ойлауы арқылы ғана білуге болатын ұғым атаулары» деген сипаттамамен ғана шектеліп келеді. Ал Мағжан Жұмабаев жан көріністерін үшке жіктейді: білу яки ақыл көріністері, ішкі сезім көріністері һәм қайрат көріністері [3].

Бұлайша тану қазақ даласында ертеректе қалыптасқан. Абайдың қара сөзінде Ақыл, Қайрат, Жүректің таласып, Ғылымға жүгінуі бекер емес. Сол арқылы ақын жан көріністерін жіктейді. Мағжан жан көріністерін былайша сипаттаған: «Біз бір заттың яки көрінісінің сынын белгілейміз, заттар яки көріністер арасындағы байламды яки айырманы табамыз. Бұл – ақыл ісі. Біз қайғырамыз, қуанамыз. Бұл – ішкі сезім ісі. Біз бір істі істемекші боламыз, бір мақсатқа жетпекші боламыз. Бұл – қайрат ісі».

Мағжан Жұмабаев: «Адамның жан көріністері жоғарғы үш тапқа бөлінгенімен, бұл үш тап бір-біріне жуымайтын емес, бұл үш таптың арасында берік байлам бар. Яғни адамның жан тұрмысында бірлік бар. Екінші түрлі айтқанда, адам бір іс істегенде осы үш тап жан көріністерінің үшеуі де қатынасады. Мысалы, біздің бір саусағымыз ауырды. Сонда біз саусағымыздың ауырғанын сеземіз. Бұл – ішкі сезім ісі. Саусақтың ауырған себебін тексереміз. Бұл – ақыл ісі. Сол ауруды жеңілдетуге, бітіруге, жазуға ұмтыламыз. Бұл – қайрат ісі. Ал енді адамның әрбір ісіне осы үш тап жан көріністерінің үшеуі қатынасатын болғандықтан, сол ақыл, ішкі сезім, қайрат үшеуін бірдей тең тәрбие қылу – тәрбиешінің міндеті... Бір адамның осы үш тап жан көріністері тең

болмай, біреуі таразыны басып билеп кетсе, ол адам бақытты болмақ емес», – дейді. Бұл ойлары Абайдың қара сөзіндегі қағидаттарымен үндеседі. Әрі Мағжанның өзі де Абайдың

*Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды асық жүрек,
Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық,
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жекебіреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек.
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек, –*

деген өлең жолдарын келтіре отырып, «Бұл туралы данышпан Абайдың төмендегі сөзі – шын дұрыс сөз», – деп тұжырымдайды [3].

Нысандарды қабылдау тәсілдері әртүрлі болуына байланысты оның нәтижелері де әртүрлі болады. Морфологиялық концептуалдау жолдары мен тәсілдері тілдің онтологиясына байланысты болады. Себебі морфология тілдік репрезентация заңдылықтарының концептуалдану құралы болып табылады, ол синтаксиспен бірлікте тілдің ішкі мәні мен қолданыс ерекшеліктерін айқындайды. Морфологиялық жолмен берілетін концептілер жалпыұлттық деңгейде қалыпқа түседі. Морфологиялық жолмен берілетін концептілердің мазмұны барынша жалпылық сипатқа ие. Ол морфологиялық және лексика-грамматикалық мағыналарға негіз болып, семантика мен синтаксистің байланысын айқындауда маңызды қызмет атқарады.

Морфологиялық жолмен берілетін концептілер бірігіп, морфологияның концептуалды кеңістігін құрайды, ол тілдегі морфологиялық репрезентацияның когнитивті негізі болып табылады. Олар морфологиялық категорияларды түзеді. Морфологиялық тұрғыдан концептуалданып, категорияланып, концептуалды мазмұнға ие болады. Ол әр тілде өзінше көрініс табады. Тіл жүйесіне бағытталып, ғалам туралы білімдердің тілде

көрінуін бейнелейтін грамматикалық концептілер лексикалық жолмен берілетін концептілерге қарағанда, біршама тұрақты болады. Сол себепті грамматикалық концептілер жалпыұлттық деңгейде стандарттауға бейім болады. Морфологиялық категориялардың бұл ерекшелігін Қ. Жұбанов: «Тіл өзгереді, бірақ барлық саласы бір қалыпта өзгермейді. Грамматика құрылысы өте шабан өзгереді. Тоқтамай калейдоскоп сияқты өзгерсе, грамматика да болмас еді. Демек, грамматика дегеніміз – тілдің бір қалпының белгілі уақыт ішінде тұрақтауы, орнығуы. Осы арқылы ол дыбыс құрылысының өзгеруіне де кедергі болады. Сондықтан сөздер ұзақ замандар бойы дыбыс құрылысы жағынан бір-бірінен алыстап кетпейді. Бұдан олардың ұластығы байқалады», – деп көрсетеді [4, 258-б.].

Уақыт өте келе білім белгілі бір тәртіпке келтіріліп, жүйеленіп, көзқарастар жиынтығы, ортақ ұжымдық дүниетаным ретінде қалыптасады, ол белгілі бір тілде сөйлеушілердің бәріне ортақ сипат алады, адам өмірінде маңызды қызмет атқара отырып, білім мәдениеттің бөлшегіне айналады.

Көне түркі ескерткіштерінің тілін зерделеу нәтижесінде VII ғасырдың өзінде-ақ тілдегі категориялар әбден қалыптасып, тұрақтанып қалғанын байқауға болады. Көне түркі жазба ескерткіштері сол кезде таңбаланған тілдің дамыған, қалыптанған, жүйеленіп, бірізге түскенінен хабардар етеді. Зерттеушілер көне түркі тіліндегі табыс септігінің қосымшасы жазба ескерткіштер жазылғаннан көп бұрын-ақ грамматикалық форма ретінде қалыптасып қойғанын ескертеді [5, 12-б.].

Түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде ғалымдар жіктік жалғауының шығу төркінін жіктеу есімдіктерімен байланыстырады. Мәселен, А.Байтұрсынұлы жіктік жалғауларының жіктеу есімдіктерінен шыққанын айтады [1]. Яғни жіктік жалғаулары *мен, сен, ол* жіктеу есімдіктерінен шыққан. Соған байланысты I, II жақ жіктеу есімдіктері мен етістік әрдайым қиыса байланысады. Әрі жіктеу есімдіктері етістіктен (есім сөзден) кейін келіп, өзара қиыса байланысқан. Кейін қосымшаға айналып кеткен.

Субъектілі-предикатты қатынасты білдіретін негіз + I жақ жіктеу есімдігі түріндегі құрылымдар көне түркі жазба ескерткіштерінде молынан кездеседі:

k[adyr] jagyda jagyčy bän täzig käjkdä alp bän (E 44, 6).

kyrkyz ogly män (S, 2).

bälä tugma ärdi ogly bän (E, 15, 2).

Bilgä kagan atysy jolygtigin män...(Mh, X, 1).

bu atyмыз umay bäg biz (E, 28, 3).

biz az biz (O, 8).

tänsi män (IB, 1).

ala atlyg joltänri män (IB, 2).

Altun kanatlygtalymkara kuš män (IB, 4).

Korkmatimiš kut birgaj män timiš (IB, 3).

Жіктеу есімдіктері аналитикалық форма құрап, сөйлемнің соңында келген. Ол етістіктерге де, есімдерге де тіркескен. Мұндай қолданыс қазақтың кейінгі дәуірдегі дастандарының тілінде де сақталған:

*Ашып тонның ішінде
Бір суретті көрдім мен.
Ашық оты дерт болып,
Оған мұқтаж болдым мен.
Іздеуге атам қимас деп,
Тілсіз, сақау болдым мен.
Мұрадым хасыл болмаса,
Өмірімді жойдым мен («Қисса-
дастандар»).*

*Ботасы өлген түйедей
Енді боздай қалдым мен.
Құлыны өлген биедей
Өле жаздай қалдым мен («Қисса-дастандар»).*

*Ғараб құлға патша айтты сенейін мен,
Сөзіңе екіншілей ерейін мен.
Бақшаға бұлар кетсе хабар берші,
Анықтап өз көзіммен көрейін мен («Қисса-дастандар»).*

I жақ жіктеу есімдіктерімен қатар II жақ жіктеу есімдіктерінің де анайы түрі сөйлемнің соңында келіп, қиыса байланысуы көне түркі ескерткіштерінің тілінде де, қисса-дастандардың тілінде де жиі кездеседі:

Ötükän juş olursar bängü il tuta olurtaçy sän (Ktm, 8).

*Рухтары гүл, Таһирсің,
Ләгілдей мислі Таһирсің.
Көзден аққан жастарым,
Мехірбан қыл, Таһир сен!* («Қисса-дастандар»).

*Бұтағынан қайрылған,
Гүлдей солып қалдың сен.
Құстарынан айрылған,
Бақшадай болып қалдың сен* («Қисса-дастандар»).

*Ол бастан жарымаған шал едің сен,
Әлдекім мұнша ақшаны саған берген.
Япырым-ау, қайдан алдың, шыныңды айт,
Мата екен өмірімде мен көрмеген* («Бабалар сөзі»).

Сонымен қатар сыпайы түрінің де (жекеше, көпше түрлері) сөйлемнің соңында келуі жиі кездеседі. Оған көне түркі тілінен де, қисса-дастандардың тілінен мысал көп:

Ötükän juş olursar bängü il tuta olurtaçy sän (Ktm, 8).

Bödkä körügmä bäglär gü janyltaçy siz (Ktm, 11).

*Бұл түрде ағасы айтты: – Кетелік біз.
Бұл таудан тезден асып кетелік біз.
Және де аю, қасқыр мұнда болар,
Бұл таудан асығыспен өтелік біз* («Бабалар сөзі»).

*Көреміз ақша беріп қызды біздер,
Талапкер болғандарың жүріңіздер.
Онда бір ғажайып сурет көріп,
Ақшамен оны барып көресіздер («Бабалар сөзі»).*

*Молда келіп шәкіртіне айтады сөз:
– Неге тілің байланды, айтыңыз сіз.
Ата-анаң жолынан ауырырақ,
Жоқ па еді ұстаз хақын білуіңіз («Бабалар сөзі»).*

Мысалдардан байқап отырғанымыздай, жіктеу есімдіктері мен етістіктер өзара қиыса байланысқан. Келтірілген мысалдардағы жіктеу есімдіктері мағынасынан ажырай қоймаған. Ал *Тahirсің* – *Tahir сен* деген мысалдар тіл дамуының кезеңдерін нақты көрсете алады, яғни жіктік жалғауларының жіктеу есімдіктерінен шыққанын айғақтайды.

Бүгінде «Сен кімсің?» тұлғасында қолданылатын бірліктер қисса-дастандардың тілінде «Сен кім?» түрінде жіктік жалғауынсыз да ұшырасады:

*Қорадан тапыр-тұпыр қуып шықты,
Адымдап сасқанынан басты батыр.
Көшемен тарсылдатып келе жатса,
Алдынан «сен кім?» депті қасап бақыр.*

*– Жүгірген алаң-жұлаң сен кім? – деді,
Келе жатқан бақал айтты: – Менмін, – деді.
– Осынша қорыққандай, бақалеке,
Не қорлық сенің өзің көрдің? – деді («Бабалар сөзі»).*

Сонымен қатар мен есімдігінің жіктелген нұсқасы (*менмін*) да кездеседі. Бұл мысалдардан жіктеу есімдіктерінің жіктік жалғауға айналу үдерісін аңғаруға болады. Яғни, жіктік жалғаулары *мен*, *сен*, *ол* жіктеу есімдіктерінен шыққан. Соған байланысты I, II жақ жіктеу есімдіктері мен етістік әрдайым қиыса байланысады. Әрі

жіктеу есімдіктері етістіктен кейін келіп, өзара қыса байланысқан. Кейін қосымшаға айналып кеткен.

Жіктеу есімдіктері сөйлемнің соңында келгенде атау тұлғада ғана емес, басқа септік тұлғаларында да келген:

*Қақпадан сұлу қатын шыға кепті,
Кісідей түк қылмаған болып аңғал.
– Үстіңнен қазы алдына арыз түсті,
Шақыртып жатыр сізді, – деді, – хандар («Бабалар сөзі»).*

*Және бір тапсырық іс бар-ды сізге,
Жан балам, ырза болғын енді бізге.
Досыңмен өзің біліп ойнап-күлгін,
Дуадан дәйім бізді етпе кемде («Бабалар сөзі»).*

*Және айтқан жаздым сәлем, достым, сізге.
Ләззатпен құлағың сал айтқан сөзге.
Баладан бір хабарын білген болсаң,
Сіз де жаз мархабатты сәлем бізге («Бабалар сөзі»).*

Ерекше көзге түсетін нәрсе – қисса-дастандарда барыс септік тұлғасы жіктеу есімдіктеріне екі түрлі тұлғада жалғанған: бірінде қазіргі нормаға сәйкес *маған*, *саған* түрінде жалғанса, енді бірде *менге*, *сенге* түрінде жалғанған. Мысалы:

*Дүкенші: – Тиемісің, – деді, – менге.
Көңілім кетіп қалды, жаным, сенге.
Бір көрген көркіңіздің садағасы,
Табамын табан аумамай төрт жүз теңге («Бабалар сөзі»).*

*Ұстап бер бұл нәрсені, балам, маған.
Ол үшін ақша берем мен көп саған.
Не түрлі зат екенін көрмек дәркар,
Соның үшін айтамын, балам, саған («Бабалар сөзі»).*

Тіл дамуының өзіндік кезеңдерінде III жақта да есімдік пен егістік қиыса байланысқан: *bilgä toñukuk añug ol* (Тк, 34). *oguzu jämä tarkanč ol* (Тк, 22). Мұндай дәйектерді қисса-дастандардың тілінен де кездестіруге болады:

*Кімді балам дер енді,
Кімді мендей сүйер ол?
Біз есіне түскенде,
Жанған отта күйер ол.
Күйгеніне кез болсаң,
Сабыр айта көріңіз!* («Қисса-дастандар»).

*Көрген итің – дұшпан ол,
Арамызға түскен ол,
Екеумізді күзетіп,
Көп сырларды шешкен ол.
Сені менен айырар ол,
Қанатымнан қайырар ол.
Мұнды басты заріпке,
Көп залымдық айлар ол* («Қисса-дастандар»).

*Сағыттың ақша табар себебі бұл,
Жақсылар, құлық салып көңілді бұр.
Әуелде ол жүректі жеген еді,
Тауық еді қасиетті ол, емес құр* («Бабалар сөзі»).

*Дүнияның төрт бұрышына салды хабар,
Той тойлап, сауық құрып жатты олар.
Күн өткенін білмейді, түн өткенін,
Жиылып халайықтар ойын салар* («Бабалар сөзі»).

*Көп керуенді тоқтатып мейман қылар,
Керуеннің жолын тосты енді бұлар.
Өткен-кеткен һәммасы тек кетпейді,
Атты-жаяу болса да мейман болар* («Бабалар сөзі»).

Яғни, жіктеу есімдіктері ертеректе баяндауыштан кейін келіп, сөйлемнің соңында қолданылған. Қисса-дастандардың тілін талдау барысында жіктеу есімдіктері ғана емес, қаратпа атауыштар, зат есімдер де баяндауыштан кейін келе беретінін аңғарамыз:

*Айналайын, жан ана,
Бір айла тауып бер, ана.
Бұл нәрсені ұста деп,
Қорқытады мені, ана.
Бұл залымнан құтылуға
Бір айла тауып бер, ана («Бабалар сөзі»).*

*Сүннетін Пайғамбардың қылды патша,
Көп жасаумен ұзатып қызын патша.
Қырық түйе, қырық қашырға жүгін артып,
Және қырық піл, қырық қыз күң берді патша («Бабалар сөзі»).*

*Дұрыстап шыныңды айтшы енді, шалым,
Тапқансың қандай түрде мұның бәрін.
Қай түрлі Алла берді мұны саған,
Баян ет раушан етіп ахуалын («Бабалар сөзі»).*

«Biz az biz» (О, 8) деген сөйлем екі жақты өзекке құрылған: бір өзек – сөйлемдегі субъект, екінші өзек – предикат [6, 50-б.]. Мұнда сөйлемнің басында тұрған *біз* – субъект (тема, А.Байтұрсынұлының атауы бойынша – бас мүше), ал сөйлемнің соңындағы *біз* – предикат құрап тұр (рема, А.Байтұрсынұлының атауы бойынша – баяншы мүше).

Баяндауыштан кейін келген жіктеу есімдіктері уақыт өте келе жіктік жалғауына айналған. I, II жақтық жіктік жалғаулары жіктеу есімдіктерімен өзара ымыраласқан. Мысалы:

– Жусанды мен сатамын, балам, саған,
Пұлын бер базарқы сен де маған.
Ол жөйіт те пұлын беріп алды дағы,
Және айтты: – Сізге айтам маған қараң («Бабалар сөзі»).

Көргенім жоқ мұндай жан,
Көрдім сурет, болдым таң.
Мұны менен сұрама,
Мен білмеймін, тақсыр хан («Бабалар сөзі»).

Астарын ішіп тамам болды керуен,
Молда айтты: – Үйге әкеліп қылдым мейман,
Қойған тағам бәрі де текке қалды,
Суретке қарайсыздар сіздер неден? («Бабалар сөзі»).

Бас мүше мен баяншы мүше өзара ымыраласып, қиыса байланысатындықтан, тілдегі үнемдеу заңына сәйкес көп жағдайда бас мүше қызметіндегі жіктеу есімдіктері түсіп қалған: *bälä tugma ärdi ogly bän* (E 15, 2); *bilgä kagan atysy jolyg tigin män...* (Mh, X, 1); *bu atymyz umay bäg biz* (E 28, 3); *tänsi män* (IB, 1); *ala atlyg jol tänri män* (IB, 2); *altun kanatlyg talym kara kuş män* (IB, 4); *korkma timiš kut birgaj män timiš* (IB, 3), т.с.с.

Қисса-дастандардың тілінде де бұған мысал өте көп:

här тарапқа жүргенмін,
Талай жерді білгенмін.
Талай шаһар кезгенмін,
Өз елімнен безгенмін.
Керуен болып қыдырып,
Талай [дәурен] сүргенмін.
Ханға талай барғанмын,
Талай тарту алғанмын.
Мейман болып här жерге,
Талай да қызды көргенмін («Бабалар сөзі»).

*Қош, аман бол, атажан.
Қай уақытта келермін,
Жүзіңді қашан көрермін.
Өзім туып көрмеген
Жерлерде, ата, жүрермін.
Ата, аман бол көргенше,
Және айналып келгенше,
Жыл он екі ай болғанда
Бір хабарды берермін («Бабалар сөзі»).*

А.Байтұрсынұлы жіктік жалғаулары I, II жақта өзара ымыраласатынын, ал III жақта ымырадан шығып кететінін айтады. 1924 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезінде сөйлеген сөзінде ғалым: «I-жақтық жіктеу «сін» болмай «сің» болсын» деген қисынсыз: I-жақтық жіктеу, тәуелдеулер «м» болғанда ғана 2-жақтық жіктеу «ң» болады; I-жақтық жіктеу «мін» болғанда оған сәйкес 2-жақтық жіктеу «сін» болуға тиіс; «мін»-нің асылы «мен», «сін»-нің асылы «сен» болуға керек, бұлардың аяғындағы дыбыстары «ң» емес, «н», сондықтан «сін»-ді «сің» деп жазудың жөні жоқ. «Халықтың аузында бірсыпыра жерлерде «сін» демей «сің» дейді» деген – дәлел емес. Тілдің негізгі ережелерін бұзып, катадан айтылған сөз түріне еліктеу қисынсыз», – деп жіктік жалғауларының әу баста жіктеу есімдіктерінен шыққанын айтып [7], 2-жақтағы жіктік жалғауын - **сын/-сін** түрінде жазуды ұсынғанмен, көпшілік дауыспен **сын/-сін** түрі қабылданады. Бұл үдеріс тілімізде қазіргі кезде де сақталып қалған.

А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін терең пайымдап, өзіне дейінгі тіл білімпаздарының еңбектерін зерделей отырып, жіктеуді, ең алдымен, анайылық және сыпайылық жөнге жіктейді де оларды іштей жекеше-көпше түрге саралайды. А.Байтұрсынұлы жақты үшке жіктейді: «Жақ үшеу: 1-жақ – мендік яғни айтушы, 2-жақ – сендік яғни тыңдаушы жағы, 3-жақ – бөгделік яғни айтушы мен тыңдаушы екеуінен басқалардың жағы» [1].

Жақ категориясы әр тілде түрліше көрініс тапқан. Бір тілдегі ерекшеліктің бәрін басқа тілге тели беруге болмайды. Оған қазақ

және орыс тілдерін салыстыра зерттеу барысында да көз жеткізуге болады. Үндіеуропа тілдерінде, оның ішінде орыс тілінде I жақ көпше түрі (*мы*) «я+не я» түрінде жалпылық мәнге ие болғанмен, бұл заңдылық қазақ тіліне сәйкес келмейді. Қазақ тілінде «мен+басқалар» мәні *мендер* тұлғасында емес, *біздер* тұлғасында қолданыс табады. Сонымен қатар орыс тілінде *вы* есімдігі қазақ тіліндегі *сендер*, *сіз*, *сіздер* тұлғаларында қолданылады. Яғни, екінші сөзбен айтқанда, қазақ тіліндегі анайы көпше (*сендер*), сыпайы жекеше (*сіз*) және көпше (*сіздер*) тұлғаларының орнына орыс тілінде бір ғана форма (*вы*) қолданылады. *Мен*, *сен* есімдіктері сөйлеуге тікелей қатысын білдіреді. Мәнмәтін мен жағдаятқа байланысты *біздер мен*, *сен (сіз, сендер/сіздер)*; *мен, ол, олар*; *мен, сен (сіз), ол, олар*; ал *сендер (сіздер)* – *сен, ол, олар* болуы мүмкін. *Біздер* есімінің категориалдық мәніне *мен-мен* бірге тыңдаушы, бөгде жақ кіре алады. *Сендер/сіздер* – *сен-мен* бірге III жақ тұлғалары енеді.

I, II жақта сөйлесушілердің бір-біріне қатысы байқалады, олардың өзара ілтипаты, сыйластығы байқалады. Сондай-ақ дейксистік қатынас та көрінеді. Яғни *мен, сен, ол* деген кезде сөйленіс актіне қатысушылар көрсетіледі. Тіл арқылы қарым-қатынас ерекшеліктері де байқалады. Қазақ тіліндегі жақ категориясының анайы/сыпайы түрге жіктелуі ментальділіктің көрсеткіші бола алады. Бұл туралы А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Сыпайылап сөйлегенде, сөйлеуші өзін *мен* деудің орнына *біз* дейді, тыңдаушыға *сен* деудің орнына *сіз* дейді, бөгде кісіні *ол* деудің орнына *ол кісі* дейді. Сондықтан *біз* – 1-жақ, *сіз* – 2-жақ, *ол кісі* – 3-жақ болады» [1, 226-б.].

Қазақ тілін зерттеген орыс тілді ғалымдар көбінесе осы тұста орыс тілінің заңдылықтарына түсіп кетіп отырған. Мәселен, қазақтар арасында болып, олардың сөйлеу мәдениетімен жақын танысқан Н.Ильминский: «Относительно личных местоимений должен заметить, что сказать о себе *мен*, а другому *сен* было бы неприлично в разговоре с высшим или младшему со старшим. Скромность и вежливость требуют сказать вместо того: *біз, сіз*. Таким образом, эти два слова в киргизском языке должны назваться вежливым единственным числом», – дегенмен [8], қазақ тіліндегі жіктелу үлгісін беруде орыс тілінің заңдылығына түсіп кеткен. М.Терентьев, П.Мелиоранский, И.Лаптьев т.б. зерттеушілердің

еңбектеріндегі жіктеу үлгісі де осы сипатта. Яғни оларда анайы-сыпайы, жекеше-көпше жіктеу үлгілері өзара шатастырылып, *вы* есімдігінің қазақ тілінде үш түрлі тұлғада көрініс табатыны ескерілмеген.

Қазақ тіліндегі III жақ өз ішінен адамға да, затқа да қатысты қолданылуы бойынша жіктеледі де қазақ тіліндегі *ол* есімдігі жіктеу есімдігі ретінде де, сілтеу есімдігі ретінде де қолданыла береді. Мысалы, *Ол бүгін келеді* деген сөйлемде *ол* – жіктеу есімдігі ретінде қолданылса, *Ол ағашқа тиіспе* деген сөйлемде *ол* – сілтеу есімдігі.

Жіктеу есімдігі мен сілтеу есімдігінің арасында тұлғалық айырмашылық жоқ. *Ол* есімдігі *бұл, сол, анау, мынау*, т.б. есімдіктермен қатар сілтеу есімдігі ретінде қолданыла береді. Бұл басқа түркі тілдеріне де тән. Жіктеу есімдігінің 3-жақта *ол кісі* түрінде өзгеруі бұл есімдіктің осы ерекшелігімен байланысты сияқты. Себебі қазақ әдебіне сәйкес кісіге қол шошайтпайды, сыйлы, құрметті адамдарға қатысты сілтеу есімдіктерін қолдану әбестік болады. Адамға қатысты сілтеу есімдіктерінің қолданылуы көбінесе экспрессивті мәнде, жақтырмағандықты білдіреді. Сондықтан жіктеу есімдіктердің қолданысынан қазақ ділін (менталитетін) байқауға болады. Мұқағали Мақатаевтың

*Су сұраса, сүт берген, айран берген
Қартайып қалыпсың-ау, қайран жеңгем!
Қарғаның валетіндей едірейіп
Қасыңа **мына біреу** қайдан келген?*

деген өлең жолдарындағы *мына біреу* тіркесі сол адамды жақтырмағанын білдіреді.

Келтірілген деректер қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін, яғни орыс тіліндегі *мы, вы* тұлғалары қазақ тілінде де сол үлгіде қолданыла алмайтынын көрсетеді. Қазақ тіліндегі жіктелу жүйесін дұрыс түсіну үшін, ең алдымен, анайы жіктеу мен сыпайы жіктеуді өзара ажыратып алу керек. Сонда ғана жіктеу жүйесінің табиғаты толық

ашылады. Орыс тілінде «бірегейлік-жинақтылық» корреляты бойынша *я, ты* есімдіктері бірегейлік қатарында танылса, қазақ тілінде бірегейлік қатарында *мен, сен* (анайы жіктеудің I, II жағының жекеше түрі), *біз, сіз* (сыпайы жіктеудің I, II жағының жекеше түрі) есімдіктері қолданылады. О.Бетлингк **бvз, сvз** есімдіктеріндегі **-з** тұлғасын I, II жақ есімдіктерінің кірігуінен пайда болған, яғни **біз<би+си** (*мен+сен*), **сіз< си+си** (*сен+сен*) деп есептейді. Бұл пікірді А.В.Бондарко да қуаттап, **-з** көрсеткішін жақтық плюрализаторы деп есептейді [9, 96-97]. Қазақ тілі жалғамалы тіл болғандықтан, қопармалы тілдердің табиғаты қайшы келеді.

Сонымен, *мен, сен, біз, сіз* есімдіктерінің қазақ тіліндегі өзіндік ерекшеліктері:

- 1) ерекше референт болып табылады;
- 2) жекелік мәнде қолданылады;
- 3) тұрпат межесі бойынша адамзаттық қатынаста қолданылады;
- 4) мазмұн межесінде жақтық қатынаста қолданылып, өзара қарама-қарсы қойылады;
- 5) инклюзив/ эксклюзивтік қатынаста қолданыла алмайды.

Ал *біздер* есімдігінің құрамына келетін болсақ, ол, ең алдымен, «мен+сен» немесе «біз+сіз» болып, сөйлеуші мен тыңдаушыдан құралуы, сондай-ақ «мен+сендер/сіздер» және «мен+сендер/сіздер емес (*ол/олар*)» болып құралуы да мүмкін. Бұл қарама-қарсылық инклюзив және эксклюзив формалары арқылы көрініс табады. Қазақ тілінде инклюзив/эксклюзив контекст арқылы ғана ажыратылады. «Біздер=мен+сен/сіз» инклюзиві мен «біздер = мен+ол» эксклюзиві жұптық мәннің, ал «біздер = мен+сендер/сіздер» инклюзиві мен «біздер = мен+олар» эксклюзиві көптік мәннің формалары емес. Себебі мазмұн межесі бойынша, бұлар – әртүрлі референттердің жиынтығы. *Біздер* есімдігінің құрамы «мен+сен/сіз + сендер/сіздер+ол/олар» болып келуі мүмкін.

Сонымен қатар *біздер* есімдігінің құрамы *мен+сен /сіз + сендер/сіздер+ол/олар* болып келуі мүмкін. Осыған байланысты А.Байтұрсынұлы: «Бастауыш бір жақты болса, баяндауыш

онымен айтылған түрде ымыраласады. Бастауыш әр жақты болса, мәселен, бастауыш біреу емес, бірнеше болса жана әрқайсы әр жақты болса, онда баяндауыш басым жағымен ымыраласады. Бізге мәлім, бірінші жақ айтушы, екінші жақ тыңдаушы, үшінші жақ бөгделік болатыны. Бірінші, екінші, үшінші жақ қатар келгенде, айтушы сөзді өзіне орайлай сөйлегендіктен, бірінші жақ екінші, үшінші жақтан басым болады. сондықтан айтушы мен тыңдаушы екеуінің бірдей амалын, жайын, болмысын көрсететін баяндауыш о да бірінші жақпен айтылады» [52].

Сөйлеушінің сөзі тыңдаушыларға ғана емес, оны естімей тұрған басқа адамдарға да арналатындықтан, оның құрамы: *мен+сен/сіз+сендер/сіздер+ол/олар* бола алады. *Сендер/сіздер* құрамы да әртүрлі болуы мүмкін: 1) *сендер/сіздер* = «сен+сен»/«сіз+сіз»; 2) *сендер/сіздер* = «сен+ол»/«сіз+ол».

Қазақ тілінде көптік жалғау жіктеу парадигмасының II жағында ғана сөз байланыстырушылық қызмет атқарады. Басқа кездің бәрінде көптік форма сөздерді байланыстыра алмайды (*алма жеді – алмаларды жеді, оқушы келді – оқушылар келді*). Осыған байланысты Қ.Кемеңгерұлы, С.Исаев, А.Айғабылов еңбектерінде көптік тұлғасы жалғау ретінде емес, жұрнақ ретінде сипатталады [10].

А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерінде анайы жіктеудің I жақ көпше түрі жоқ екені айтылады. Қазақ тіліндегі жіктеу есімдіктерінің өзіндік ерекшелігіне сәйкес, *сен* есімдігінің көпше түрі *сендер* болғанмен, *мен* есімдігінің көпше түрі *мендер* бола алмайды. Ал кейінгі грамматикаларда көрсетіліп жүргендей, *біз, біздер* есімдігіне ауысса, ол сыпайы жіктеуге айналып кетеді. Анайы жіктеудің I жақ көпше түрінің *біз*-ге ауыса алмайтыны тәуелдеудің анайы-сыпайы түрін салыстырғанда, ерекше көзге түседі. А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерін зерделей отырып, ғалымдардың тәуелдеу мен жіктеуді, ең алдымен, анайы және сыпайы түрге бөліп алғанын көреміз. Анайы түрін іштей I жақ (мендік), II жақ (сендік), III жақ (бөгделік), сыпайы түрін I жақ (біздік), II жақ (сіздік), III жақ (оларлық) түрінде бөліп алған. А.Байтұрсынұлы *бала* сөзінің жіктелуін былайша көрсетеді:

Анайы жіктеу:

Ж е к е ш е:

К ө п ш е:

I ж. (мендік) баламын

I ж. (мендік) -

II ж. (сендік) баласын

II ж. (сендік) балаларсын

III ж. (бөгделік) бала

III ж. (бөгделік) балалар

Сыпайы жіктеу:

Ж е к е ш е:

К ө п ш е:

I ж. (біздік) баламыз

I ж. (біздік) балалармыз

II ж. (сіздік) баласыз

II ж. (сіздік) балаларсыз

III ж. (оларлық) бала

III ж. (оларлық) балалар

Сол сияқты тәуелдеу үлгісін көрсетуде де осы жүйе бойынша анайы-сыпайы түрге жіктейді. Мысалы:

Анайылық түрі:

Ж е к е ш е:

К ө п ш е.

I ж. (мендік) ата

I ж. (мендік) аталарым

II ж. (сендік) атаң

II ж. (сендік) аталарың

III ж. (бөгделік) атасы

III ж. (бөгделік) аталары

Сыпайылық түрі:

Ж е к е ш е:

К ө п ш е:

I ж. (біздік) атамыз

I ж. (біздік) аталарымыз

II ж. (сіздік) атаңыз

II ж. (сіздік) аталарыңыз

III ж. (оларлық) атасы

III ж. (оларлық) аталары

А.Байтұрсынұлы анайылық түр – оңаша тәуелдеу, сыпайылық түр – ортақ тәуелдеу болатынын айтады. А.Байтұрсынұлы тұжырымдарын кейін Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Басымұлдары да қолдап, оңаша тәуелдеу мен анайылық жөн, ортақ тәуелдеу мен

сыпайылық жөн бірдей айтылады деп түсінген. Ал І.Кеңесбаев, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев еңбектерінен бастап тәуелдеу онаша, ортақ түрге сараланғанмен, сыпайылық жөн ІІ жақпен ғана шектеледі. Бұл кейінгі еңбектерде де сабақтастық тауып, мектеп оқулықтарында, «Қазақ тілінің грамматикасында», А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі», С.Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» т.б. еңбектерде жіктеу мен тәуелдеудің сыпайылық жөні ІІ жаққа байланысты ғана түсіндіріледі. Жіктеуді анайы және сыпайы түрге сараламаудың нәтижесінде аталған еңбектерде І жақ анайы жіктеудің көпше түрі мен осы жақтағы сыпайы жіктеудің жекеше түрінің орындары ауысып кеткен.

Тәуелдік, жіктік жалғауларының сыпайы түрі тек ІІ жақпен ғана шектелмейтінін тіл фактілері де көрсетіп отыр. Ресми стильде *мен* орнына *біз* қолданылады. Қазақтардың сәлемдесу әдебі бойынша, жалғыз адам болса да, үлкен кісіге «Сәлем бердік!» деп амандасады. Яғни, сыпайылық сақтап, етістікті сыпайы тұлғада (*Сәлем бердім емес, Сәлем бердік*) қолданады. Келін сәлем салған кезде де дауыстап: «Сәлем бердік!» – дейді. Бұл орайда сәлем беретін – бірнеше адам емес, бір адам. Бұл қолданыс сыпайылықты білдіреді. Ендеше, тілдік қолданысымыздағы бар дүние ғылыми парадигмада да өз орнын алуы тиіс. Тіл – тұтас жүйе болғандықтан, оның әрбір мүшесі сол жүйеге бағынып тұрады. Сондықтан анайылық жөннің үш жақта көрінетіні сияқты, сыпайылық жөн де осы үлгімен берілуі қажет.

Морфологияға *идиоэтникалық сипат* тән болғандықтан, морфологиялық жүйе тілдің өзіндік ерекшелігін танытады. Грамматика *менталдылыққа* әсер етіп отырады. Қазақ әдебінде әке-шешесіне, ата-әжесіне қатысты сен есімдігі қолданылмайды. Алайда қазіргі кезде морфологиядағы ментальділік, яғни тілдің ұлттық тілге қатысына жөнді мән берілмеуіне байланысты үлкен кісілерге сен деп сөйлеу жалпы сипат алып барады. «Мұның не? Неге үлкен кісіге сен дейсің? Неге сіз демейсің?» деп сұрағанымызда: «Әке-шешем, ата-әжем т.б. – маған жақын адамдар, мен оларды жек көргеннен емес, өзіме жақын тартқаннан сен деп айтамын. Сіз деген алыстатады, жат етеді», – деген сылтау айтады. Шын мәнінде, бұл – орыс тілінің, орыс мәдениетінің ықпалы. Орыс халқында жақын адамына қатысты *сен* есімдігін қолдану, сыпайы түрде емес, анайы түрдегі тұлғаларды қолдану,

жақын тартқан адамына асбөлмеде шай беру т.с.с. қалыптасқан дәстүр бар. Алайда қазақта сыйласқан адамына, жасы үлкен кісіге қатысты, тіпті ғашығына, сүйген жарына, қарындасына, інісіне, дос-құрбысына қатысты да *сіз* есімдігі, сыпайы түр қолданылады. Дәйек ретінде қисса-дастандардан мысал келтірсек:

*Бүгіннен соң, жан досым,
Енді сізді көрмек жоқ,
Бұрынғыдай бірігіп,
Енді бірге жүрмек жоқ* («Қисса-дастандар»).

*Сізді мұнда жаратты,
Бізді онда жаратты,
Біраз зарлап жүрсін деп,
Арада дария жаратты* («Қисса-дастандар»).

*Ғаріп басы кесілсе,
Сіздің үшін кесілер,
Кеудеден жаны үзілсе,
Сіздің үшін үзілер* («Қисса-дастандар»).

*Бар екен күндер бізге бүйтіп жүрер,
Ешкім жоқ зарлансам да халім білер.
Асырап ер жеткізген әке-шешем,
Болар ма тағы сізді бір күн көрер* («Қисса-дастандар»).

*Бұл жерден сіз қайтыңыз!
Жұртқа сәлем айтыңыз!
Жалғызыңның сөзі деп
Бізден сәлем айтыңыз!* («Қисса-дастандар»).

*Деді абыз: – Бір Алладан білдім ізді,
Түсімде үш күн бұрын көрдім сізді,
Қарныңыз, сірә, сіздің ашқан шығар,
Дәм қойып сыйламақпын өзіңізді* («Қисса-дастандар»).

*Бозжігіт сонда таң боп қапты, – дейді,
Кім келіп, хабар беріп қайтты, – дейді.
Ешкімге жолыққаным жоқ еді ғой,
Кім сізге бұл хабарды айтты, – дейді* («Қисса-дастандар»).

Бұл – алыстату, жат санаудың белгісі емес, керісінше, ерекше құрмет, сыйластықтың нышаны. Сол себепті М.Балақаевтың: «Тілде әрбір халықтың ұлттық сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының нысаналары сақталады. Халықтың сондай ерекшеліктері, мәдениеті, әдет-ғұрпы, әдеби мұралары, оның психикалық қалпы тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады», – деген сөзін толық қуаттаймыз [11, 14-б.]. Тіл – сөйлеушінің дүниетаным ерекшеліктерін бейнелейтін құрал, ерекше ұлттық ділдің көрсеткіші, мәдениеттің негізі. Қазақ тіліндегі жіктеу есімдіктерінің анайы және сыпайы түрге жіктелуі басқа тілдерге ұқсамайды. Қазіргі кезде жіктеу есімдіктері *мен, сен, ол, біз, сендер, олар* түрінде келеді де сыпайы түр 2-жақпен ғана шектеледі: *сіз, сіздер*.

Грамматикаларда жіктеу есімдіктері қате берілгендіктен, жіктеу парадигмасы (қатары) да қате беріліп жүр. Төменде А.Байтұрсынұлының жіктеу үлгісі берілді.

Қазақ тіліндегі анайы және сыпайы түрдегі жіктеу үлгісі

Анайы жіктеу		
<i>жекеше:</i>		<i>көпше:</i>
I жақ	мен келдім	—
II жақ	сен келдің	сендер келдіңдер
III жақ	ол келді	олар келді
Сыпайы жіктеу		
<i>жекеше:</i>		<i>көпше:</i>
I жақ	біз келдік	біздер келдік
II жақ	сіз келдіңіз	сіздер келдіңіздер
III жақ	ол кісі келді	ол кісілер келді

Яғни анайы түр де, сыпайы түр де 3 жақ толық. Парадигма толық. Етістіктер де соған сәйкес жіктелуі керек. «Бозжігіт» дастанынан мысал келтіретін болсақ:

*Хан ием, алдыңызда арыз қылдық,
Айыпты мойынға алып, қарсы жүрдік.
Қылышың қолыңызда, біз алдыңда,
Ерік сізде не десеңіз, мойын сұндық («Қисса-дастандар»).*

Бұл жердегі *арыз қылдық, қарсы жүрдік, мойын сұндық* етістіктері – көптік тұлғадағы емес, жекеше тұлға, сыпайы түрдегі етістіктер. Етістіктің көпше түрі ертеректе **-лар/-лер** тұлғалы болған. Уақыт өте келе үнемдеу ұстанымына сәйкес ол көрсеткіш түсіп қалған.

*Сонда жендет кісенді байладылар,
Өлтіруге орнын сайладылар,
Төңірегінә қараса бәрі дұшпан,
Ғаріп жанын алуға қинадылар («Қисса-дастандар»).*

*Осылай сырлап болып берді хабар,
Үйді көре болған соң келділер.
Бірінен-бірі артық сырланғанын,
Баршасы тамаша етіп көрділер.*

*Ақыры патша болды жалғыз ұғылы,
Шат болды баршасының тегіс көңілі.
Молданың себебімен һәм қарияның
Ақылыменен таптылар олар мұны.*

*Шаһзада қырық құл, қырық күң бәріменен,
Сексен нар, алтын-күміс жасауларыменен,
Ойын-күлкі, сауықтың бәрін көріп,
Көңілінің келеділер нәріменен.*

*Падиша бұл сөзімен келді үйіне,
Бір қиял түсіп мұның және ойына.
Халқын жинап падиша той қылады,
Келділер көп халайық бұл тойына.*

Мұндай қолданыс қазіргі кезде татар тілі, түрік тілі, әзірбайжан тілі, т.с.с. туыстас тілдерде сақталып қалған.

Жіктеу есімдіктері адамға қатысты қолданылатындықтан (персонификация жағдайында ғана ауытқулар болады), әу баста жіктеу есімдіктері адамға ғана тән сөздерге жалғанғанын байқаймыз. Жіктеу есімдіктері жіктік жалғауына ғана емес, тәуелдік жалғауларына да негіз болған. Алайда уақыт өте келе қосымша мүлде түсіп қалған. Қазіргі кезде III жақ нөлдік тұлғада келеді: *мен студентпін, сен студентсің, ол – студент.*

Мен, сен жіктеу есімдіктері сөйлемнің соңында келіп, оған қаратпа мәнді **-а** қосымшасы үстелуінің нәтижесінде *мана, сана* тұлғалары пайда болған. А.Байтұрсынұлы мұндай тұлғалар (*барсана, тұрсана, жүрсана, қойсана, кетсана*) өтініш мәнін білдіретінін айта келіп, оны ызалы райға жатқызады. Ғалым бұл тұлғаның қолданыстан ығысып бара жатқанын, негізінен бұрынғы ертегілерде кездесетінін ескертеді [1].

Бүгінде тілдік қолданыстан шығып қалған *мана, сана* тұлғалары ауыз әдебиет үлгілерінде – «Алтын сақа», «Қара батыр» ертегілерінде, т.с.с. кездеседі. Мысалы:

Бала қарғаға айтты:

– Қарғалар-ау, қарғалар, қанды көрсе жорғалар, тұмарымды ал **сана**, біздің елге бар **сана**, сағынып жүрген әкеме, тұмарымды бере қал **сана** («Қара батыр»).

Сондай-ақ «Қыз Жібек», «Ер Сайын» жырларында, қиссаларда да кездеседі:

Келгін, балам, қайт **сана**,
Әкеңе сырын айт **сана**,
Патша қызын алсаң да,
Өз еліңе жат **сана** («Қыз Жібек»)

Тоқсан торқа ки **сана**,
Тогыз жорға мін **сана**,
Хан мен билеротырсын,
Ғақылмен ойлап біл **сана** («Ер Сайын»).

Қыз айтады: – Әй, үш бала, сыйла **сәна**,
Қиын жерде жатыр деп қылма **сәна**.
Сіздерге айтатұғын арызым бар,
Үшеуің құлақ салып тыңда **сәна** («Қисса Зейне
Зайуб»).

Жаяуым өлең айтып қақса **сана**,
Көшімді тер-тоныммен жақта **сана**.
Соңынан айқай салып қуыпжеттім,
Ұрлықты білмей қылсаң таста **сана** (Мәшһүр-Жүсіп).

Академик Р.Сыздықова «Едіге» жырынан:

Ай, Едіге сен енді қайт сана,

Қайтып Еділ өт сана.

Еңсесі биік боз орда –

Еңкейіп сәлем бер сана ...

Хан сарқытын іш сана ...

Үстіңе ала қара кіс

Тон береді, ки сана ...-

сияқты өлең жолдарын мысалға келтіре отырып, өлең жолдарындағы *сана* деген сөзді *сен-а* дегеннің қазақшаланған тұлғасы ретінде сипаттайды.

М.Томанов, Ғ.Мұсабаев, Е.Жұбанов, С.Исаев, Р.Сыздықова сынды ғалымдар *сана* тұлғасын «көптеген түркі тілдерінен, тіпті олардың поэтикалық дүниелері тілінен ығысқан «көненің көзі» ретінде таниды. Бұл орайда *сана* тұлғасының этимологиясын тануда ғалымдар екіге жіктеледі: М.Томанов, Ә.Ибатов т.б. ғалымдар *сана* формасын *сана* етістігімен түбірлес екенін айта келіп, оны көне түркілік *са* түбірінен өрбігенін (*са>сан>са>н>сан>са*), *сана* етістігі бұйрық райдың **-а** жұрнағы арқылы жасалғанын айтады [12]. Ал академик Рәбиға Сыздық *сана*, *мана* тұлғаларының *мен, сен* есімдіктерінің **-а** формантының ықпалымен өзгеріске түскен түрі ретінде сипаттай келіп, бұл тұлғаның Ясауи «Хикметтерінің» тілінде жиі кездесетінін айтады (*андын соңра дәріа болұб таиштұм мән-а* (47 б, 1-2); *һич ұхламай дидарыны көрдүм мән-а* (47 б, 11,12)). Тек *мән* емес, *сән* есімдігі де **а** көрсеткішімен келеді: *көб халайиқ айтадүр үибу киши бимәрмән дүр/ мән талибымны тапмадым мән зармән деп айт сән-а* (98 а, 1, 2, 3); *әгәр диуанасән тағдын өзүң ташла сән-а* (98 а, 9, 10).

Ғалым *мана*, *сана* құрамындағы **-а** элементін қаратпа сөзге, бастауыш, баяндауыш болып тұрған сөздерге көңіл аударту, олардың мәнін күшейте түсу сияқты қызмет атқаратынын айтады: «Зер сала қарасак, бұлайша тұлғаланған *мән*, *сән* есімдіктері I және II жақта айтылған етістіктері бар сөйлемдерде келеді: *бигам болұб йер астыгә кірдім мән-а* (38 б, 3, 4)... Мұндағы *мән* есімдігі – бастауыш, бірақ ол сөйлемнің соңында келіп тұр, ал өлең мәтінінде инверсия, яғни бастауыштың баяндауыштан соң келуі – кәнігі құбылыс. Демек, бұл жерде «*мән йер астыға кірдім, мән*

дәріа болұб таштұм» деген сөйлемдерді түсінеміз, сондықтан -а элементі есімдікке жалғасып, оны күшейту оған көңіл аударту қызметін атқарып тұр... Шылау сөздің немесе басқа бір толық мәнді сөздің аффикс қатарына өтуде оның орналасу позициясының, яғни инверсияланатын әрекетінің рөлі зор екенін айтқан зерттеушілер де бар. Мысалы, бір нәрсені (айтушыны не тыңдаушыны, мезгілді, қимыл амалын т.с.с.) баса көрсету үшін белгілі бір сөздердің сөйлемнің ең соңына көшіп, инверсияға ұшырайтыны айтылады. Бұған біз *мен, сен, ол* есімдіктерінің сөйлем соңында қайталануын мысалға келтіре аламыз. Хикметтердегі: *хуррам болуб йер астыға кірдім мән-а* деген өлең жолында *мән* сөзінің инверсиялануы осыны көрсетеді. Бұл жерде *мән* есімдігіне **а** элементін жалғауы арқылы оны баса көрсету әрекеті екі еселеніп тұр» [13].

Бұл орайда *мана, сана* тұлғаларының этимологиясына берілген профессор Р.Сыздықтың тұжырымы шындыққа жанасымды сияқты. Себебі *са, сан, сана* сөздері бір түбірден өрбісе, *мана* тұлғасы туралы не деуге болады? Бұл тұлғаның тілімізде болғанына жоғарыдағы дәйектер дәлел бола алады. Сонымен қатар бұйрық рай тудыратын **-а** формасы жоқ екені белгілі. Әрі мағыналық жағынан да, қызметі тұрғысынан сипаттағанда да, *сана, мана* тұлғалары әу баста I, II жақ тұлғалы жіктеу есімдіктерінен өрбігені байқалады.

-а қосымшасының көне түркі тілінде, әсіресе Енисей жазбаларында *мен, сен* жіктеу есімдіктеріне ғана емес, басқа да тұлғаларға (есімдерге де (*äzısım-a, äzıs-a*), етістіктерге де (*kadaşyma kinime adyrylytm-a* (E 10, 12); *sizimä küna aja azydym-a* (E 11, 1); *orunumig karamyg azydym-a* (E 11, 3); *jeti böri ölürdim-a* (E 11,10); *barsyg kökmäkig ölürmädim-a* (E 11, 10), т.с.с. жалғанады. Бұл дәйектер де **-а** қосымшасының назар аудару, күшейту мәнін үстейтінін айғақтайды. Бұл орайда Ы.Маманов төмендегі тұжырымдары әбден құптарлық: «Тілдің грамматикалық құбылыстары қалыптасқан жүйеге негізделеді. Қай тіл болмасын олардың грамматикалық құбылыстарды қалай болса солай, кез келген дыбыстардың жиынтығынан немесе кез келген сөздердің тобынан құрала бермейді. Әрбір грамматикалық құбылыстың тұрақты қалыптасқан жүйелі тәртібі бар. Әрине, грамматикалық құбылыстардың қалыптасқан жүйелі тәртібі әр тілде әр басқа.

Түркі тілдерінің грамматикасының қалыптасқан жүйелі тәртібін морфология тұрғысынан сөз таптары, түбір сөздердің тұлғалары мен сөз таптарының грамматикалық формалары белгілейді. Синтаксистік тұрғыдан, сөздердің бір-бірімен байланысу амалдары мен байланысу формалары, сөйлем түрлері, сөйлем мүшелерінің сөйлемдегі орын тәртібі белгілейді [14, 125-б.].

А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін терең пайымдап, өзіне дейінгі тіл білімпаздарының еңбектерін зерделей отырып, жіктеуді, ең алдымен, анайылық және сыпайылық жөнге жіктейді де оларды іштей жекеше-көпше түрге саралайды. Сонымен қатар ортақ, оңаша тәуелдікті жіктеу іштей тағы да анайы-сыпайы, жекеше-көпше түрге бөлініп, жіктеу үлгісі бірізділікпен, жүйелі түрде баяндалған. Бұл жіктеу кейін Қ.Кемеңгерұлы еңбектерінде де [15] сабақтастық тапқан. Қ.Кемеңгерұлы еңбектері орыс топтарына арналғандықтан, қолданған атаулары орысша болғанымен, жіктеу ерекшелігін танытуда А.Байтұрсынұлының еңбектерін басшылыққа алған. Сол себепті А.Байтұрсынұлы мен Қ.Кемеңгерұлы еңбектерінде біраз ұқсастықтар байқалады. Атап айтқанда:

- а) жіктеуді анайы-сыпайы жөнге ажырату;
- ә) анайы жіктеуді I жақ (мендік), II жақ (сендік), III жақ (бөгделік); сыпайы жіктеуді I жақ (біздік), II жақ (сіздік), III жақ (оларлық) түрінде жіктеу;
- б) қазақ тілінде анайы жіктеудің I жақ көпше түрі жоқ екенін көрсету;
- в) тәуелдеулі жіктеу түрлерін, олардың өзіндік ерекшелігін (қиғаш жалғануын) көрсету;
- г) жіктеулерді есімдерге қатысты да, етістіктерге қатысты да қолдану;
- ғ) есім жіктеулерінің е- көмекші етістігінің қатысуы арқылы да жасалатынын айту; е- етістігінің жіктелу үлгісі;
- д) етістік жіктеулерінің болымды-болымсыз түрлерін көрсету;

е) анайы жіктеудің I, II жақтарында сөздер өзара жекеше, көпше ымыраласып, III жақ көпше түрінде ымырадан шығып кететінін көрсету.

«Жіктеу» жалғаулары дегеннің орнына «айқындық» жалғаулары деп қолданғанмен, Қ.Басымұлының еңбектері де жіктеулерді анайы-сыпайы түрге бөлуі жағынан А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерімен сарындас. Т.Шонановтың «Самоучитель казахского языка для русских» деген еңбегіне пікір жазушы Байменов пен Қасымов та автордың жіктеудің көпше түрі етістік түбіріне **-ыңыз** қосымшасы жалғану арқылы жасалады (*алыңыз*) деген тұжырымына қарсылық білдіріп, *алыңыз* деген сөз сыпайы жіктеудің жекеше түрі болатынын, *ал* етістігінің анайы, көпше түрі, *алыңдар* болуы керектігін айтады [16, 45-б.].

Т.Шонанов тәуелдік жалғауларын түсіндіруде М.Терентьев, П.Мелиоранский, И.Лаптев, Н.Созонтов еңбектерін басшылыққа алады да көпше түрі **-ыз/-із** қосымшалары жалғану арқылы жасалады деп (*баламыз, қаламыз*) түсіндіреді [10]. Осы үрдіс кейіннен І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев еңбектерінде жалғасын тапқан. А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Басымұлы оңаша тәуелдеу мен анайылық жөн, ортақ тәуелдеу мен сыпайылық жөн бірдей айтылады деп түсінсе, І.Кеңесбаев, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев еңбектерінен бастап тәуелдеу оңаша, ортақ түрге сараланғанмен, сыпайылық жөн II жақпен ғана шектеледі. Бұл кейінгі еңбектерде де сабақтастық тауып, мектеп оқулықтарында, «Қазақ тілінің грамматикасында», А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі», С.Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты», т.б. еңбектерде жіктеу мен тәуелдеудің сыпайылық жөні II жаққа байланысты ғана түсіндіріледі.

Қазақ тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңде А.Байтұрсынұлы жолымен Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Басымұлы, Байменов, Қасымов сияқты ғалымдардың жіктеулерді анайы және сыпайы түрге ажыратқанын көреміз. Алайда кейіннен бұл ғалымдар назарынан тыс қалып, сыпайы түрі екінші жаққа ғана қатысты сөз бола бастайды. Ондай еңбектердің қатарына І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, С.Исаев еңбектері мен «Современный казахский язык», «Қазақ тілінің грамматикасы» т.с.с. жинақтарды жатқызуға болады. Жіктеуді

анайы және сыпайы түрге сараламаудың нәтижесінде аталған еңбектерде I жақ анайы жіктеудің көпше түрі мен осы жақтағы сыпайы жіктеудің жекеше түрінің орындары ауысып кеткен.

Формальды жағынан қарастырғанда, жақ грамматикалық категориясы етістік жақтарының алты мүшелі қатарын білдіреді. Сөйлеуші ақиқатты өз деңгейінде қабылдап, түрлі тілдік тәсілдерді қолдана отырып, сөйлем құрайды. Яғни адам сөйлеуші жақ ретінде, сөз болып отырған болмыстағы басты әрекет иесі ретінде де қызмет атқарады. Жекеше I жақтық қатынас **-мын/-мін, -ым/-ім, -айын/-ейін** жіктік жалғауларының грамматикалық мағыналары арқылы беріледі. Бұл көрсеткіштер *мен* есімдігімен байланыс құрап, ол сөйлемде үнемі бастауыш болады. Бұл есімдік-бастауыш сөйлемде міндетті түрде ашық келе бермейді, ол көбінесе іс-әрекет иесін нақты көрсету, соған назар аударту сияқты стильдік қажеттілік болмас, негізінен жасырын келеді. Бұл сөйлемнің жақтық мағынасына, сөйлемге нұқсан келтірмейді, ол жақтық аффикстер арқылы білініп тұрады. Бұл жақ формаларының шығу төркініне байланысты.

Анайы жіктеудің I жақ көпше түрі (*мендер*) жоқ болғандықтан, А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерінде етістіктердің жіктелу үлгісінде де осы ұстаным сақталған. Оны бұйрық райдың жіктелу үлгісінен де байқауға болады.

*А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектеріндегі
бұйрық райдың жіктелу үлгісі:*

Анайы жіктеу		
жекеше:		көпше:
I жақ	-йын/-йін	-
II жақ	етістік түбірі	-ндар/-ндер
III жақ	-сын	-сын /-сін
Сыпайы жіктеу		
жекеше:		көпше:
I жақ	-йық/ -йік	-лық/-лік
II жақ	-ңыз/-ңіз	-ңыздар/-ңіздер
III жақ	-сын/-сін	-сын/ -сін

Байқап отырғанымыздай, бұйрық райдың анайы, көпше түрінің I жағы жоқ (дұрысында да, *сен айт* дегеннің көпше түрі *сендер айтыңдар* болғанмен, *мен айтайын* дегеннің көпше түрі ретінде *мендер айтайындар* деген қолданыс тілімізде мүлде жоқ). Қазіргі грамматикаларда I жақтың көпше түрі ретінде көрсетіліп жүрген -**йық/ -йік** жалғауы А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерінде *сыпайы жіктеудің I жақ көпше түрі* ретінде берілген, ал А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы жіктеулерінде сыпайы жіктеудің I жақ көпше түрі ретінде -**лық/-лік** тұлғалары берілген.

Дастандар тілінен нақты мысал келтірсек:

*Көпті көрген кәрімін,
Біраз жырды жырлайық.
Аспандағы торғайдай
Алдыңызда зарлайық! («Қисса-дастандар»).*

Мұнда ханның алдына келген жырау «біраз жырды жырлайық, аспандағы торғайдай алдыңызда зарлайық!» деп сөйлейді. Бұл жердегі *жырлайық, зарлайық* етістіктерінің жекеше тұлғада қолданылып тұрғаны «көпті көрген кәрімін» деген сөзінен де аңғарылады.

Сол сияқты:

*Неше жыл жапа шекті отын тасып,
Сарғайды нұр сипаты қайғы басып.
Бір күні енді үшеуі кеңес етті:
«Өлсек те кетелік – деп, мұнан қашып» («Қисса-дастандар»).*

*Сұралық енді хабар сонан барып.
Қытайға бұл сөзбенен қойды бетті,
Бес-алты ай, жол түзік боп жүріп кетті.
«Бір хабар бұл шаһардан алалық», – деп,
Қытай жұрты Чин ханға барып жетті («Қисса-дастандар»).*

*Патша айтты: «Сөзіне наналық біз.
Қасына дәруіштің баралық біз.
Тегінде мына сөзі бекер емес,
Мұның да фатихасын алалық біз.
Көрелік ықыласпен дұға қылса» («Қисса-дастандар»).*

деген өлең жолдарындағы «өлсек те кетелік, сұралық, бір хабар бұл шаһардан алалық» сияқты етістіктердің көптік тұлғада қолданылғаны «Бір күні енді үшеуі кеңес етті» деген өлең жолдарынан да байқалады. Сонымен қатар «Сөзіне наналық, қасына дәруіштің баралық, мұның да фатихасын алалық, көрелік ықыласпен дұға қылса» деген сөздері – жеке өз атынан ғана емес, қасындағы уәзірлері мен жиналған қауымның атынан айтылған сөздер. Қисса-дастандардан мысалдарды көптеп келтіруге болады:

*Береді мені көріп әркім теңге,
Теңгені телегей қып табайын да.
Жан сақтау қиын болып бара жатыр,
Айтпалық сырымызды ағайынға («Бабалар сөзі»).*

*– Әй, бәйбіше, құлағың сал мына сөзге,
һеш жақсы адам көрмедік сенен өзге.
Біз тараптан қалаған нәрсең бар ма,
Арманың жеткізелік, айтшы бізге
(«Бабалар сөзі»).*

*Бұл түрде ағасы айтты: – Кетелік біз,
Бұл таудан тездеп асып кетелік біз.
Және де аю, қасқыр мұнда болар,
Бұл таудан асығыспен өтелік біз («Бабалар сөзі»).*

*Осымен енді сөзді ұзартпалық,
Кемпірге бала болды Сағыт барып.
Бала боп бұл кемпірде тұра тұрсын,
Көрелік туған елден хабар алып («Бабалар сөзі»).*

*Патшалық салтыменен мұны апарып,
Жасынан кемдік көрген осы заріп.
Бізге арнап сәлемнама жіберген ед,
Сол үшін бір жақсылық біз қылалық.
(«Бабалар сөзі»).*

Бұл мысалда тағы бір назар аударатын жайт – *біз* есімдігі жекеше тұлғада емес, көптік тұлғада қолданылған. Ол **-з** қосымшасының ерекшелігіне байланысты. Ғалымдардың тұжырымдауынша, **-з** қосымшасы әу баста көптік мәнді білдірген. Оған *көз, мүйіз, тізе*, т.с.с. сөздер де мысал бола алады. Алайда тілдің дамуына байланысты **-з** қосымшасы қазіргі кезде түбірмен кірігіп, біртұтас сөз ретінде танылады. Сол себепті ол сөздердің үстінен тағы да көптік қосымшасы жалғана алады. Дегенмен мұндай сөздер жеке тұрып та көптік мәнді білдіре алады.

Абай шығармаларының тілін жан-жақты зерттеген академик ғалым – Рәбиға Сыздық осы күнгі прозамызда, әсіресе қоғамдық-саяси, ғылыми-публицистикалық стильде **-йық** вариантында қалыптасқан I жақтық бұйрық райдың көпше түрінің аффиксі Абайда дәйім **-лық** қалпында қолданылғанын, бұл – оның жалғыз прозасына ғана емес, өлеңдерінің тіліне де тән екенін айта келіп, Абайдың кейбір өлеңдері («Бір дәурен кемді күнге бозбалалық») тұтасымен **-лық** ұйқасына құрылғанын ескертеді:

*Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық,
Қартаймастай көрмелік, ойланалық.
Жастықта көкірек зор, уайым жоқ,
Дейміз бе еш нәрседен құр қалалық.
Бар ойы – өлең айтып, ән салалық.
Біреуді қалжың қылып, қолға алалық.
Қызды ауылға қырындап үйір болса –
Көңіліне зор қуаныш бір бадалық.
Демеңдер өнбес іске жұбаналық.
Ақыл тапсақ, мал тапсақ, қуаналық...*

Ғалым Ясауи тілінен бастап, Қадырғали би Қосымұлының «Жами`ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы») атты еңбегінде, Абай шығармаларында қалау рай мағынасы жекеше I жақ үшін **-ай+ым/-ей+ім** (*сені алайым*) және **-ай+ын/-ей+ін** (*дос тұтайын*) жұрнақтары, көпше түрі үшін **-лық** және **-лы** жұрнақтары арқылы берілгенін нақты тілдік дәйектермен дәлелдейді.

Мұндай мысалдарды қисса-дастандардың тілінен де көптеп ұшырастыруға болады:

*Түсімде жарым: «Мені ізде», – деді,
«Үмітті таппасын деп үзбе», – деді.
Сол үшін не қатерге бас та тіктік,
Жазғанын Жаратқанның біз көрелі («Қисса-дастандар»).*

*Қолыма қалам алдым хат жазғалы,
Бірталай заман болды жұрт азғалы.
Бүгін көрген таңда жоқ болып жатыр,
Азырақ хикаят қылып сөз қозғалы («Бабалар сөзі»).*

*Ақша бергін, жан ана,
Сізге болдым мен бала.
Осы ақшаны бермесең,
Мұнда тұрмайым мен және («Бабалар сөзі»).*

Бұл парадигма А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерінде де толық көрсетілгенмен, кейінгі грамматикаларда (Т.Шонанов еңбектерінен бастап) **-лық/-лік** қосымшасы мүлде көрсетілмеген. А.Ысқақов, С.Исаев сынды ғалымдар жіктік жалғауының көпше түрі кейде **-лық/-лік** тұлғасында қолданылатыны туралы айтып кетеді. Мысалы, А.Ысқақов Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев өлеңдерінен мысалдар келтіре отырып, қазіргі көркем әдебиетте **-лық/-лік** формасы қолданыла беретінін айта келіп: «Бірақ әдеби тіліміздің қазіргі бағытында бұл формадан гөрі **-йық/-йік** формасы көбірек қолданылып, бірте-бірте негізгі нормаға айналып бара жатқан сияқты», – дейді [17, 73-б.].

-лық/-лік қосымшасы қазіргі кезде тілдік қолданыста әлі де бар. Жергілікті өңірлерде, Қытай қазақтарының тілінде **-лық/-лік** қосымшасымен қатар **-лы/-лі** қосымшасы да жарыса қолданылады. Бұл қосымша дастандар тілінде де сыпайы жіктеудің I жақ көпше түрі ретінде қолданылады:

Екінші сөзбен айтқанда, тілімізде бұрыннан бар, әлі де қолданылып келе жатқан **-лық/-лік (-лы/-лі)** формасы бүгінгі таңдағы грамматикаларда жіктеу парадигмасынан өз орнын таппай келеді. Оның себебі – анайы-сыпайы жіктеуді қатаң сараламаудың салдарынан және анайы жіктеудің I жақ көпше түрін шатастырудан деп ойлаймыз.

Тілде үнемдеу құбылысы – үнемі үздіксіз жүріп жататын үрдіс. Сондықтан басы артық нәрсе онда көп тұрақтана алмайды. Ал **-лық/-лік** формасының жойылып кетпей, әлі де қолданыла беруі – тілімізде бұрыннан бар және өзіндік қызметі, мағынасы бар, яғни өзіндік орны бар тұлға болуына байланысты деп ойлаймыз.

Бұйрық райдың жіктеу парадигмасының II жағының өзіндік ерекшелігі бар. Мұнда екінші жақтың көпше түрінде дәнекер **-ын/-ің** буыны пайда болғандай көрінеді. Алайда тіл дамуына назар салсақ, бұл қосымша әу баста бұйрық райдың II жақ жекеше тұлғасының өзіндік көрсеткіші болғанын байқаймыз. Оған дастан жолдары да дәйек бола алады:

*Есімнен өле-өлгенше ұмытпайын,
Осыны сездірместей айла табың!
Біңғайлы өзі пана жерің болса,
Тезірек жасырудың ойла қамын.
Кіруге қара жердің тесігі жоқ,
Бетімнің беті құрсын, – деді, – жабың («Бабалар сөзі»).*

*Қақпадан қорасына енгізбеді,
Қатыны бажалаңдап: – Кетің, айда!
Үйде жоқ қасапекең, кетің, – депті, –
Қылғалы кеше кеткен сыртқа сауда («Бабалар сөзі»).*

*– Жусанды мен сатамын, балам, саған,
Пұлын бер базарқы сен де маған.
Ол жөйіт те пұлын беріп алды дағы
Және айтты: – Сізге айтам, маған қараң («Бабалар сөзі»).*

*Балларын айтуға ана көзі қымай,
Көлдетті көздерінен жасын тыймай.
Балларым еркелікпен алып еді деп,
Жөйітке «рақым етің» кешірім сұрай («Бабалар сөзі»).*

Бұл қолданыстар қазіргі кезде Қазақстанның батыс аймағында, Маңғыстау, Ақтөбе қазақтарының тілінде сақталып қалған.

Қазақ тілі – жалғамалы тіл. Сондықтан қосымша жалғанған кезде түбір қопарылып, түр-тұрпатын түбегейлі өзгертіп жібермейді. Орыс тілінде *ребенок* сөзінің көпше түрі *дети, человек* сөзінің көпше түрі *люди* болып, қопармалы тілдің өзіндік ерекшелігіне сәйкес түбірдің тұрпаты өзгере береді. Ал қазақ тілінде түбір мен қосымшаның арасы анық көрініп тұрады: *бала – балалар, адам – адамдар*, т.с.с. Осыған байланысты қазақ тілінде жекеше тұлғада *бар, кел, отыр, ал, баста*, т.с.с. етістіктердің көпше түрі *барыңдар, келіңдер, отырыңдар, алыңдар, бастаңдар*, т.с.с. болады. Мұндағы **-ың/-ің** қайдан пайда болды? Бұл етістіктер (*бар, кел, отыр, ал, баста*, т.с.с.) бұйрық райдың II жағында *барың, келің, отырың, алың, бастаң*, т.с.с. түрінде қолданылған. Тілдегі үнемдеу заңына сәйкес уақыт өте келе **-ың/-ің** қосымшасы түсіп қалған. Алайда көпше түрде жіктеген кезде ол анық көрінеді. Сондықтан белгілі бір өңірде сақталып қалған мұндай ерекшеліктерді тілімізді бұзатын, нормаға қайшы келетін элементтер ретінде ғана қарастырмай, тіліміздің даму ерекшеліктерін көрсететін байлық ретінде де тануымыз қажет.

Бұл қосымша тіл дамуында **-ғын/-гін** түрінде де қолданылғанын байқауға болады:

*Және бір тапсырық іс бар-ды сізге,
Жан балам, ырза болғын енді бізге.
Досыңмен өзің біліп ойнап-күлгін,
Дуадан дәйім бізді етпе кемде («Бабалар сөзі»).*

*Сұлуға деді қазы: – Қынжылмағын,
Мың теңге керек болса, міне, алғын!
Сіздің үй, өмір берсе, біздің мүлік,
Екеуміз бір тілекте болдық, жаным! («Бабалар сөзі»).*

Сарғайып жолаушының жолын күтпей,
Біреуге тисем деп ем енді ертерек.
Ескеріп есіңізге ала жүргін,
Көзі ашық жігіт болса көңілі зерек («Бабалар сөзі»).

Енді зыт, бекер қарап тұрма мұнда,
Қашумен құтылады әрбір пенде.
Көрінген анау тұрған қалың орман,
Көрінбей жасырынып тұрғын сонда («Бабалар сөзі»).

Бақалдың зар-иманы қалмаған соң,
– Беліңді тәуекелге буын, – деді.
Отынды жамылғы қып жата бергін,
Табармын бір айланың ығын, – деді («Бабалар сөзі»).

Қисса-дастандардың тілінде **-ғын/-гін** тұлғасымен қатар **-ғыл/-гіл** тұлғасы да жарыса қолданылғанын байқаймыз:

– Сырлаймын мен үй, жанмын сырлай жүрген,
Талай үйді мен бұрын сырлап көргем.
– Ақына не аласың, сыршы, айтқыл,
Аласың оның үшін қанша менен? («Бабалар сөзі»).

Су іше келген киік лақтардың,
Ағыны қатты екен бұлақтардың.
Суга кетіп барады екі лақ,
Жамағат, салғыл бұған құлақтарың («Бабалар сөзі»).

Мен бұздым бүгін енді уағдамды,
Ол қабыл жұптылыққа көрсе мені.
Жақында болса, сыршы, айтқыл маған,
Келейін барып көріп, келсе жөні («Бабалар сөзі»).

– Олай болса шаһыңа айтқыл мені,
Барайын бүгін оған жарым түні.
Барып айт, шаһзадаға келеді деп,
Айтамын өз кісімдей көріп сені («Бабалар сөзі»).

Алайда қазіргі кезде **-ғыл/-гіл** тұлғасы тілімізде мүлде қолданылмайды. Бұл форманы көне дастандардың тілінен ғана кезіктіруге болады.

Грамматикалық категорияларда ұлттық тілдің өзіндік ерекшеліктері көрініс табады. Морфологиялық категорияларда ұлттық болмыс, ұлттық дүниетаным, адамдар арасындағы қатынас айқын көрінеді. Морфологиялық бірліктердің когнитивті қызметі ойлау үдерісімен, ұлттық ділмен, ақпаратты өңдеу, сақтау, жіктеу ерекшеліктерімен байланысты болады. Белгілі бір этнотілдік қауымдастықтың мәдениеті, білімі мен тәжірибесі тілде көрініс тауып, менталитет түзеді. Білім қоры тіл семантикасында көрініс тауып, белгілі бір тілдік ұжымның ұлттық, мәдени мәдени тәжірибесін көрсетеді. Қазақ тіліндегі жақ категориясының анайы/сыпайы түрге жіктелуі ұлттық ділдің, ментальдылықтың көрсеткіші болып табылады. Морфологияға идиоэтникалық сипат тән болғандықтан, морфологиялық жүйе тілдің өзіндік ерекшелігін танытады.

Сонымен, тілдік семантиканы зерттеу арқылы халық түзген, тіл иесі субъект жасаған ғаламның тілдік бейнесін қалпына келтіруге (реконструкциялауға) болады. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілін зерттеу арқылы қазақ тіліндегі грамматикалық тұлғалардың қалыптану, тұрақтану жолын, халықтың адамның когнитивті (таным) тәжірибесі мен ғаламды түйсіну тәсілдерін, ойлау құрылымдарының (концепт, концептуалды жүйелер мен категориялар) қалыптасуын, тілдік құрылымдарға (тілдік таңба мен категорияларға) жіктелу ерекшеліктерін анықтауға болады. Этнос үшін ерекше маңызды, ұлттық кодтың негізі болатын категорияларды ғаламның концептуалдануы тұрғысынан қарастырудың мәні зор. Бұл морфологиялық категориялардың ерекшелігі мен қолданысын сипаттап, оған негіз болған концептуалды құрылымдарды анықтауға, сол арқылы морфологияның концептуалды кеңістігінде көрініс тапқан тілдің концептуалды жүйесін сипаттауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана, 2017. – 740 б.
2. Абай Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы:

Жазушы, 2016. – 632 б.

3. Жұмбаев Мағжан Шығармалар жинағы. - 3-том. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. - Алматы: Жазушы, 2008. – 97-187-б.

4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.

5. Гузев В.Г. О функциональных особенностях родительного и винительного падежей в староанатолийско-тюркском языке // Востокведение: филологические исследования. - Вып.18. - Л., 1976. - С.8-12.

6. Гаджиева Н. З. Основные пути развития синтаксической структуры тюркских языков. - М., 1973. - С. 50.

7. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Орынбор, 1925. – 144 б.

8. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1860. – 172 с.

9. Бондарко А.В. Теория функциональной грамматики: Введение. Аспектуальность. Временная локализованность. Таксис. – Л., 1987. – 352 с.

10. Жұбаева О. Қ.Кемеңгерұлының тілтанымдық мұрасы және лингвистикалық тұжырымдары: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2002. – 152 б.

11. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 592 б.

12. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. - Алматы: Мектеп, 1988. - 264 б.

13. Сыздық Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 740 б.

14. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.

15. Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Алаш, 2006. – 2-том. – 262 б.

16. Орталық Мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 1313-іс. - 43-46-б.

17. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 382 б.

Бұл туынды Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына тарту ретінде дайындалды. Еңбек қазақ тіліне қатысты түрлі тақырыптағы зерттеу мақалалардан тұрады. Туындыдағы он екі мақаланың барлығы да Қазақстанның белгілі түркітанушы ғалымдарының қаламынан туған. Тіл білімінің заманауи үлгісі болып табылатын бұл мақалалар қазақ тілінің бүгінгі таңдағы өзекті мәселелеріне арналды. Кеңес Одағының ыдырауымен Орта Азиялық түркі халықтары өз тілі, әдебиеті, тарихы, халық мәдениетімен байланысты зерттеулерге көбірек мән берді. Зерттеулердегі негізгі объектив, оның қайнар көзі еркін қоғам еді. Өңгімелерде, романдарда, поэмаларда еркін тақырыптар қозғалып, әлем әдебиетін жақынырақ тануға мүмкіндік туды. Дәл осы жағдай тілтануда да көрініс тауып, батыстық танымда лингвистика саласын зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Кеңес өкіметі озбыр билігінің жойылып, тәуелсіздіктің орнауы тілде, сонымен қатар әдебиетте көрініс тапты. Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына тарту ретінде дайындаған бұл еңбегіміздің түркологтар қауымына пайдасы мол болса екен деймін.

Тәуелсіздігіміздің мәңгілік болуын, болашағымыздың бейбітшілік мен келісімде өтуін тілей отырып, тамырлас Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығын шын жүректен құттықтаймын. Бірлігіміз, тілрлігіміз бен қуатымыз мәңгілік болсын.

Экрем Аян
Редактор